

Жиенгали
Тілепбергенұлы

ТАНБАЛЫПАР



ЖИЕНГАЛИ ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ

1895 — 1933

Әл-Фараби атындағы Қазақ университеті қазак әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасы және Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті қазак әдебисті кафедрасы.

ЖИЕНГАЛИ ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ

1895—1933

ТАҢБАЛЫЛАР

(таңдамалы шығармалар)

Ақтөбе — 1997

Жинақты құрастыруышылар:

профессор Т. Қекішев,

Ф. Ниязова, Н. Жиенғалиев.

Ғылыми түсініктерін жазып
баспаға әзірлеген Ф. Ниязова.

ТАҢБАЛАЛЫР

1991—2001

ТАҢБАЛАЛЫР

(ғылыми китап)

Жиенғали Тілепбергенұлы «Таңбалылар» 2 бөлімнен тұратын шыгармалар жинағы — Ақтөбе «Полиграфия».

I б. Повесть, роман, пьеса, әңгімелер. (Жауапты шыгарушы Г. Ниязова. 1997—300 бет. (Әл-Фараби атындағы Үлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасы және К. Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті қазақ әдебиеті кафедрасы)

Ж. Тілепбергенұлының 2 бөлімнен тұратын 1-кітабына 1915—1933 жылдар арасында жазған шыгармалары енген.

ISBN 5-7667-4373-4

1991 — әдебілі

Көрнекті қаламгер

«Ілияс, сенің жіберген хатынды алып, бірсыпра бойым көтеріліп, науқасым сергіп қалғандай болды.

Бейімбет «арықтаса» арықтаған шығар. Өйткені ол хат жазуын тоқтатты, Бәлкім «бір түнгі енбегіне жабысып бәле қылар» деп басын алып қашып, бойын аулақ салғысы келген шығар. Сенен ғөрі екеуміз жақындау едік, қазір ол құдай үрганға сәлем айт, олай қорықпасын, хат жазарлық достығынан айырылmasын! Тағы да хат жаз! Істеп жатқан күрделі істерінді айт, ең болмаса өлгенімше естіп жатайын. Жай-куйінді айт!».

Қазақ әдебиетінің классиктері «жана мәдениетті өрге сүйрелеуші Ілияс Жансүгіров пен Бейімбет Майлинге осынша еркін сөйлеп, жүрек жылыштырып танытып жатқан кім? Өнер жағынан алдарына жан салмайтын майталмандарға өктемдік жасап «үйт·бүйт» деп бүйірып жатқан кім? Ол Жиенғали Тілепбергенов. Оны білетіндер қазір аз, білмейтіндер көп. Өйткені насихаты жетіспей жүрген дарынды таланттың бірі осы - Жиенғали.

Ж. Тілепбергеновтің өнерпаздығымен таныстырылардан бұрын Ілияс Жансүгіровке 1933 жылы 30 кантарда қайтарған осы жауабындағы адам жаны түршігетін жайға назар аудара кетейін.

«Отыз үшінші жылдың гинуарының басынан бері тағы төсек тартып жатырмын. Қан түкірем, жөтелем, ентігем. Әлі де өмірден дәмете берем.

Бәрінен де маған киын соғып түрган жері—аурудан өлмей, аштан өлу. Тырмысуға дәрмен жоқ, табылса жеймін, табылмаса жоқ, біздің хал осылай жолдас·құрдас!» дегенің кайғылы қасіреттің көрінісі ғой. Жан азабы аздай аштықтың жағадан алып, тән азабын косарлағанын байқаймыз. Тепсе темір үзетін шағында, яғни 38 жасында «мені жазушылардың бірі деп танысан, өлгенше қайыр сұрамайтын, аштан өлмейтін етіп, Жазушылар Одағы атынан, оның корынан, соның күшімен маған дүниелік жәрдем колдарынды созындар. Өлгесін катын-балама қарасам дегендерінің маған қажеті жоқ. Қарассандар, қазір қарасындар! Бұған дейін бұл сөзді айтуға да арланып, «өлсем·жайыма өлейін» деп жүр едім. Одақ басында сен отырғасын айтып жатқан әрі сырым, әрі мұңым ғой. Айыптамассың!»

Қазақ елін қынадай қырып, жартысына жакынын, яғни 49 процентін 2 миллион 200 мынын жер жастандырып, 25 процентін босқындыкка ұшыратып жаткан аштыкты көзімен көріп отырған Ілияс Жиенғалидің мынадай жай-күйін білгеннен соң қандай күй кешті екен дег тіпті қазірдің өізінде катты қиналасын. Жанын түршігеді. Иманың касым болады. «Өткен өтті» деген өксіктің өзі қаламына тежеу жасағанымен, талант тағдыры еріксіз алға сүйрелейді. Айтып, жазуыңды қалайды.

Жиенғали Тілебергеновтің жарық дүниеге келгеніне 100 жыл толуын туған өлкесі атап өткелі жатыр. Еніреп өткен ерін елеген елдің жұлдызы әр қашан биік кой.

Тілебергенов Жиенғали 1895 жылы Ақтөбе облысы Темір ауданының бұрынғы 47-ауылында Әділ деген мөмін шаруаның жанұясында туған. Әлсіз атанаң тұқымынан болған соң маңдайға жазғанды көрмек болып, байларға жалданып жүрген жерінен жадидшіл мұғалім нағашысының «азғыруымен» Орынбордағы «Хұсайния» медресесіне түседі. Онда болашакта атақты ғалым болатын Құдайберген Жұбановпен бірге оқиды да, онан әрі Уфадағы «Фалия» медресесіне жалғыз кетеді. 1918 жылы жана үлгідегі мұғалім атағын алып, елге оралады. Қандығаш мектебінде сабак беріп, 1920 жылы Конжарда төрт айлық мұғалімдер курсын ашады. Онда қазак тілі мен оқыту әтістемесінен дәріс береді. Кейін Темір оку бөлімінің әуелі нұсқаушысы, кейін менгеруші болады. Бір жағынан мектепте сабак беруін тоқтатпай жүрген Жиенғали 1925 жылы Қазакстанның озат агарту қызметкерлерінің бірінші съезінде делегат болып келгеннен кейін облыстық «Кедей» (қазіргі «Ақтөбе») газетіне жауапты редактордың орынбасарлығына ауыстырылады.

РКП (б) Өлкелік Комитетінің шешімімен 1926 жылы қазіргі «Солтүстік Қазакстан», бұрынғы «Бостандық туы» газетіне жауапты редактор болып тағайындалады. Қазақтың тамаша дарындары баскарған дәстүрі мол газет болатын. Мұқан Әйтпенов, Сабыр Айтқожин, Әбдірахман Айсарин, Мұхаметжан Бейсеновтерді айтпаған күннің өзінде әуелінде Мағжан Жұмабаев, кейіннен Сәбит Мұқанов сынды ұлыла-рымыз жетекшілік еткен алтын ұяда қызмет аткарудын өзі, Жақын Сыздыков, Ғалым Малдыбаев, Шахмет Хұсайынов сынды көрнекті ақын-жазушылармен достасып, дарын куатын шындауы Жиенғалидің шығармашылық дариясында ер-

кін жүзуге мүмкіндік берген еді. Білімді кадр зәрулігін жою қажеттігі Жиенғалиға әуелі Қызылжар педагогика техникимын, кейін Қызылорда ағарту институтын басқартты. Журналистік айбынды қаламның күш-куаты Жиенғалидың кайтадан баспасөз өніріне тартып, «Сыр бойы» газетінде, Қазақстанның мемлекеттік баспасында, Темірдегі «Социалистік майдан» газетінде редакторлық міндетті аткарты.

Жиенғалидың қаламгерлікке орала беруінің алғашкы бастауы әрі құнарлы, әрі мөлдір еді. 1915-1918 жылдары «Фалия» медресесінде оқып жаткан талапты қазақ жастары Бейімбет Майлін, Жиенғали Тілепбергенов, кейінірек Хажым Бәсімовтың басшылығымен колжазба «Садак» журналын шығарып, өздерінің өнімді де алғыр қаламдарын басықтырып алғандары шығармашылықтың ұлы арнасынан шығармай қойған болатын. Сөз өнері дерптің ең үлкені екенін сезген, оған жетер байлық жок екендігін айқын білген Жиенғали Тілепбергенов казақтың социализм дәүіріндегі әдебиетінің каз тұрып, үлкен адыммен өрлеуге өзінің үлесін кости.

Халықтың жаңа үрпағы өсіп-жетілгенше, жан-жағына карап, оны мен солын танығанша қытымыр коммунистік идеологияның уысынан жырылып шығу оңай болмады. Қебін үмытып үлгердік. 1954 жылы Жиенғали Тілепбергенов жөнінде «Әдебиет және искусство» журналында көлемді мақала жариялаганымда «қайдағы біреудің кайдан тауып алғып журсін, алаш шығар өзі» деген мәнгүрт тарихшылардан Жиенғалидің жерлесі академик Сақтаған Бәйішев қорғап қалмағанда, бүгін қай сайда жүрерімізді бір құдайдың өзі әзер шамалар еді.

Дер кезінде үәлі ауыздан алған жәрдем-қолдау аркасында Жиенғалидың азды-көпті енбегі «Қазақ әдебиеті тарихының» 1967 жылғы ушінші томында, кейіннен кейір зерттеулер мен оқулықтарда ішінара аталып келіп, менің құрастыруыммен 1969 жылы «Жазушы» баспасынан «Ізбасар» деген атпен таңдамалы шығармалары шыкты. Оның үстінен медресе «Фалия» шәкірттері шығарған колжазба журнал негізінде қазақтың интеллектуалдық қуатын іздеген «Садак» атты әссе-хикаямның басты кейіпкерінің бірі Жиенғали болды. Осымен менің парызым орындалған шығар дегендіктен емес, өмір мен ғылымның өзекті де тартымды салалары өзіне тартып кеткендіктен Жиенғалидан көп жыл көз жазып қалғаным рас. Жиенғали дүние салғанда іште қалған, Ташкенттің

өнер институтын бітіріп талай жыл режиссер, мәдениет саласындағы әкімшілік қызметте болған, казір әрі үстаз, әрі зейнеткер Нұраш Жиенғалиев онша көп жәдігерлік таныта қоймағанын базына қылып айтуға тиістімін.

Әдебиетке келгендердің бәрі бірдей генерал бола бермейді. Ол жасақтың офицерлері, сержанттары да, қарапайым солдаттары да болады. Әрқайсының сінірген еңбекіне қарай әдебиет тарихы өзінің бетінен елең-екшеп орын береді. Солардың ішінде Жиенғали Тілепбергеновтің әсем орны, биік сөресі бар.

Жиенғали казақ прозасын өркендету саласында қайраткерлік көрсетті. Қарапайым суреттемеден повеске дейінгі қарасөз жанрларының бәрін игеріп, көркемдік шеберлік таныткан дарын.

«Садақ» журналы мен «Қазак», «Алаш», «Бірлік туы» газеттерінде жарияланған он бес шақты хабар-ошарлары мен суреттемелерін былай койғанда, 1918 жылы «Абай» журнальында басылған «Қайран, елім-ай» атты көркемдік жағынан бүгінгі күннің ашы шындығын канын сорғалата айтып-жазып берген сыйышыл реализм дәстүріндегі тамаша әңгімесін айрышка атауға тиіспіз. Аумалы-төкпелі заманның қазакқа әкеle жатқан сорының алғашкы хабаршысы сұсты суреттеді. Оны еске алғанда «1918 жылы Түркістан казақтары ашаршылыққа ұшырады. Ақтөбе, Орынборға қарай босып кетті. Ашаршылықтан ісіп-кеуіп қырылып жатты. Пысықтардың аштарға істеген айуандық ісінен, қыз-катынмен алыпсатарлық еткені жайынан бір әңгіме жазды. Мұны бай құлактар мен саудагерлердің айуандық ызысы еріксіз жаздырып еді» дегенін ескерер болсақ, әңгіменің шындықтан туғанын біліп кана қоймай, Жиенғалидың азаматтық және қаламгерлік позициясын айқын анфарамыз.

Ж. Тілепбергенов жақадан канат қағып келе жатқан қазақ қарасөзінің майталман шебері деңгейіне көтерілгенде прозаның шағын түрлерінің ешкайсын аттап өткен жок.

Қай шығармасы болмасын Жиенғали өте бір қызықты детальдан бастап, үлкен ойға жетелейді, болмашиның өзін кесек көрініске айналдырып жібереді. Сол кездегі өмір шындығынан туғандықтан кейде нақты кісілердін аты аталып кана қоймай, жанды кейіпкерге айналып кететіндері жін кездесті. Тіпті одан автор зардал та шеккен кездері болды.

Жиенғали жаңадан өркен жайып келе жатқан драматургия саласында да өнімді еңбек етті. Оның қаламынан

туған «Тендік», «Күнжан—кедей қызы», «Еңбек ата» «Тілші», «Перизат—Рамазан» пьесалары 20 жылдары өнерпаз жастардың ауылдық саҳнасында ғана емес, қазіргі М. Эуезов атындағы академиялық драма театрының репертуарында болды. «Тілші», әсіресе «Перизат - Рамазан» талай уақыт саҳнаға койылып, елге көрсетіліүі, сөз жоқ автографы үшін, зор аброй болғаны өзінен өзі түсінікті.

Осы реттен келгенде біздің қазіргі режиссерларымыз өткен дәуірде туған шығармаларды әрқашан елеп-екшеп отырмайтындары өкіндіреді. Әсіресе қазақ каламгерлері өресі биік репертуарлық дүниелерді едәуір жасап кеткен болатын. Ақтөбе театры «Перизат - Рамазанды» Жиенғалидың мерейтойна қоймақ талапта көрінеді. Илланимда, қадамдары сәтті болып, Алматы, Тағы басқа жерлердегі театр ұжымдарына үлгі болса, ой салса екен.

Жиенғалидың артында қалған елеулі мұрасының негізгі кейіпкері - Қалман. Оның өнегелік сипаты бар. Егер өзімен бірге медресе «Фалияда» оқыған Бейімбет Майлин поэзияның қуатты да сикырлы күшімен Мырқымбайдың жанды образын жасай бастаса, Жиенғали оны көрмей, білмей оқымай отырған жоқ. Сол өнімді тәсіл оған әсер етіп, Жиенғали өз прозасының негізгі кейіпкерін іздеді. Тапты. Кейіпкердің жан-дүниесін әр киң кезеңдерде ашып отырудың амалын тапқаннан кейін қазақ әдебиетінде Қалман бейнесін едәуір өрелі биікке жеткізіп, окушының таныс бейттанысына айналдырыды. Оған мықты көркемдік дәлел - Жиенғалидың 1930 жылы жарияланған повесі «Таңбалылардың» негізгі кейіпкері - өзінің бар іс-әрекетімен, жансырымен көрінетін Қалман.

«Таңбалылар» - ауыл шаруашылығын ұжымдау дәуірінде шыққан көлемді де мәнді шығарма. Повесте еңбекші бұкараның ұжымдық шаруашылыққа мойын бұруы, колхоз козғалысындағы партия саясатын шолак белсенділердің бұрмалағандықтары суретtelіп, ақырында басталған істің тиянақталғандығы көрсетіледі.

Автор жалаң баяндаудан безіп, кейіпкердің ішкі жансырын ашуға ұмтылған. Сондықтан да көптеген психологиялық ірімдер өте орынды да тартымды суреттелген. Қалманың түрме есігін ашардагы келбеті, алай-дүлей болған сезімдері ойлану процесі арқылы берілген. Осы тәсілдің өзі жас прозамыздың сапалылық дәрежеге көтеріліп жатқан кезеңін аңғартқандай. Өйткені 20 жылдардың бас, орта ғашенинде жазылған әңгімелер көбіне мазмұнның маңыздылығымен көрін-

се, баяндау басым болса, енді окиға сырын жан тебіренісі арқылы ашуға, оған катысушы кейіпкердің ішкі дүниесін психологиялық наымдылықпен көрсетуге талаптану толыса бастаған қalamгерліктің дабын танытады.

Жиенғали пейзаж жасауға шебер. Оның әңгімелері мен повесінде кейіптердің көңіл-ауанын ашатын, сезім қылын дөп басатын пейзаждық көріністер жиі кездеседі.

«Танбалыларда» лирикалық шегіністер көп колданылып, оның мотивировкасы дұрыс табылып, даму, өсіп-өрлеу логикасы үзілмейді.

Осы повесте негізгі идеяны ашуға септігін тигізетін Ақмырза оқиғасы казактың детективтік прозасының алғашкы үлгісі деп есептеуге жарайды. Эрі-беріден соң окушы көпшіліктің «ұрының өмір корытындысын» мөлдіретіп айтып беріп отырған Ақмырзаға іш тартып кететін сәті де аз емес. Бір өкініштісі, осы «Танбалылар» повесі кейір кейінгі «өзімшіл қықым классиктердің» кесірінен 1969 жылғы жинаққа кірмей қалды. 1930 жылдан кейін қайта жарияланған жок. Мұндағы көркем шығармаларды есімізді енді жинап жаткан кезде архив шаңынан аршып алышп, ел-жүртка ұсынуымыз керек.

Казақстан жазушылар Одағының үйымдастыру комитеті 1933 жылы 28 сәуірде жазған азасөзінде «Жоллас Жиенғали жаңа әдебиетіміздің жақсы қalamының бірі еді. Жиенғалидың өлімі бізге ауыр жоғалту болды» дегенін республиканың аға газеті «Социалды Қазақстан» редакциясы Алматыдағы ақын-жазушылар мен журналистерді жинап, Жиенғалиды еске түсіру кешін өткізіп жана дәстүр бастаған еді. Ал мұндағы күрмет кім көрінгенге жасала бермейтіні белгілі.

Сонымен Жиенғали Тілебергенов казактың социализм заманындағы жаңа әдебиетінің туу, қалыптасу дәуірінде өнімді енбек етіп, профессионалды сөз өнеріміздің іргесін калауға өзінің комакты улесін кости. Азамат ретінде жаңа қоғам құру ісіне белсене араласса, қalamынан туған шығармаларды сол дәуірдің өзекті мәселелерін өрелі көркемдік шеберлікпен суреттеп берді, әсіреле қазак прозасының өркендеуіне, мадқаюна қомектесті. Артына өшпес мұра қалдырыған әлуэтті дарын әрқашан әдебиет тарихынан өзіне лайықорын алары хак.

Тұрсынбек КӘКІШЕВ,
Халықаралық Жогары мектептер ғылым академиясының
Күрметті академигі профессор.

ТАҢБАЛЫЛАР

Қалман түрменің есігінен кіріп келе жатканда мықтап корыкты, түрмені ол сұық сарайдан да сұық шығар, неше түрлі азаптың үясы шығар деп ойлайды. Түрмеге қарағанда кешегі жиырма шакты кісі қамалған сұық сарайды оған кірерде өкілден жеген таякты, Жұмат белсендінің тұнімен төбесіне құйып түрган сұық сұын—ол ойыншық есебінде ойлады. Ол өзін су түбіне кеттім деп ойлады. Бастап жабыларда, үйінен келіп милиция айдал кеткенде, бұрын мұндайды көрмегендіктен қатын-баласының шулап жылағаны есіне түсіп, өзіде жылағысы келді. Ауылга келген өкіл сняқтанып, бірдеме десе, қасындағы қалалық милиция салып жіберетіндей, бас салып сабайтындағы көрді. Сондықтан қозінен жас шығармасқа, түсін бұзып, жүрісін өзгертуеске тырысты. Қен кораның ішінде бір үйге кірді. Үйдің алдыңғы бөлмесінде түрменің кенесі екен, оған кіргенде ондай корыққан жок. Өйткені, ол бұрын талай қаланы, талай кенселерді көрген. Олардың бәрінде барып талай ауыз айткан. Талай кенсе бастықтарынан жылы да сөз естіген, талайынан жәрдем де көрген, бұрын милициялардың да талайымен шұрқырасып сойлескен. Оларға да өзінің мұнын талай айткан. Бәрінен де корыкпаушы еді. Өзінің осы құнгі кім болса содан корыкканына, үріккеніне таң қалғысы келді. Бірак ондай таңданған жок. Кешегі көрген корлық-зорлықтары алі есінен шыккан жок. Сондықтан корыкпасқа болмайды.

Қасындағы милиция қолындағы қағазын түрме бастығына көрсетті де, бір-екі ауыз гана қыска-қыска орышаласты да, Қалманды әрі қарай алып жүрді. Түрменің қараңғылау коридорымен алып келе жатканда тагы корку кірді. Бұл сапардағы корку—кешегі өкілдердің «белсенділердің» азуы батканлығы емес—Қалман бұрын түрмені көрген жок еді. Сондықтан ол түрмені пәлендей нәрсе шығар, іші сондай болатын шығар деп, әзірше ешбір шамалаган емес еді. Оған ақылы жетпейтін еді де, әйтеур бір азаптың үясы шығар деп ойлайтын да коятын. Ана жылы алты ай түрмеге түсіп шыккан Иманбай қаракшы үрүнин:

— Ой, түрме дегенін әншнейін-ак бір үйден айырмасы жок. Өзіміздің үйлерімізден артық. Мезгілімен тамақ береді, мезгілімен далаға серуенге шығарады. Тіпті бөтен ештеңесі жок. Тек түрмеде жатыр деген атағы, одан соң басында ерік

жок,—деп түстеніп отырып Құрманбайға айтып отырғанын естіген. Бас жағын жуып-шайып жеңілдетіп айтса да, аяқ жағын қабағын кіржитіп, көнілсізденіп, жаратпаған пішінмен айтканын көріп «әй, несі жаксы болсын?» деген пікірге келген. Иманбай қадакшының женілдетіп сөйлегеніне сенбейінің бір себебі—баяғы Николай заманындағы айдауға айдалып, түрмеге түскен кісілердің жайларын кейбір шалдар ертең сияқты сөз қылғанда:

— Аяғында кісен, мойнында бұғау, қолында колеткі болады еken. Тырнак, шашын алғызбайды еken, күніне бір кесе қара су мен жарты тілім наннын күйігін береді еken.—дегендегін талай естіген. Әсіреке түрмеде жатып өletін Батақтың Сарысының өлеңін жүрттың бәрі айтады, оның өлеңіндегі:

«Баласы мен Батақтың атым Сары,
Құрысын мендей болса жүрттың бәрі.
Он екі ай абактыда жатканымда—
Қара шай бір қайнатым болды дәрі...»

деген сөздері түрменін халінін нашар екенін, ондағы өмірден өлімнің артық екенін сипаттайтын. Калманның көніліне де осындаллар елестеп корқып келе жатканы еді. Коркумен қабат бір жағынан ыза көрнеді. Өзіне тендік әперген, өзінің сеніп, арқасын тамға сүйегенлей болып жүрген кеңес үкіметінен мұндайды көргенінің мәнісін түсіне алмады.

— Не де болса, тәуекел! Басқа түскенде көрермің,—деп қайратқа мінседе, бір жағынан тамак келіп есіне түсті. Аштан өлмесем болар еді деп қайғырды. Астық науқаны кезінде астығын жасырғандыктан түрмеге түскен Құрманбайдың інісі мен баласы қалаға кезек барып тамак беріп тұрды дегенді естіген, соған қарап өз тамағы болмаса, тамак бермейтін шығар деп ойлады. Калтасында акшасы да жок. Үйінен тамак әкеліп беріп тұратын туған-тысықаны да жок. Қатыны болса жалғыз, кішкене бес жасар Ақырабы мен бір жасар Қунтуғаның асырап отырса да аз емес. Бір жағынан қаладан 50 шақырым, жер қашық.

Жеген таяқ, көрген қорлық, азап алдындағы қорқынышты түрме, тамак, катын, бала... барлығын азғана уақытта ойланып болды. Оларды тек ойлағаны болмаса, алдын болжап қайсысына да шығыс таба алған жок. Одан әрі терең

ойлап тұруға уақыты да болған жок. Коридордың екі бетінде жабулы есіктер көрінді, соның арғы түбіндегі бір есікті ашып, Қалманды соған кіргізді.

Қалман кіргенде тұрмедегілер үйір-үйір болып отыр еді. Біреулер бір кісіге құмалак салдырып, бірсыпырасы өздерінің жайларын әңгімелеп, бірсыпырасы ертек айтып, басқалары оны тыңдал, біреулер етігін, біреулер киімін жамап, біреулер біреуге қағаз жаздырып, біреулер газет, біреулер өлең кітап оқып, бірер қу жігіттер күлдіргі әңгіме айтып...—әйтеуір бәрі де жайбаракат өзді-өзімен болып отыр еді. Бәрі де құлімдеп Қалманға қарай қойды. Тұрмеге жақадан біреу келе қалса, қоңілденіп қалатын ондағылардың қашанғы әдеті еді. Жаңа кісі келсе, тұрмеге де жаңалық кіреді, жаңа хабар естітеді: жаңа келген кісімен қашан танысқанша, оны кейбір кулар әжүа қылады, танысқан соң мәні-жайын естітеді, әйтеуір бірсыпыраға дейін ермек болып қалады. Бұлардың Қалманға күле қараганы да сол еді. Болмаса, оның өздеріндегі бір кісінің тұрмеге түсіп, еркінен айрылғанын жақсы көргендік емес, яки Қалманды мысқылдан табалағандық емес еді.

Қалман алдымен осы толып отырған өңкей қазакты көрді. Бұрын өз ойынша, тұрмеде өңкей қазак емес, әлде кімдер, кісі жейтіндер, кісі өлтіретіндер, кан ішерлер, тусі адамға үқсамаған әлденендей кісілер, орыстар, жөйттер, жүліктер, тағы сондайлар болатын шығар деп ойлап еді. Өңкей өзіндегі қазакты, олардың күле қараған көздерін, ажар-жылы шырай берген жұздерін көріп қөнілі қөншіп кетті.

Бірнеше күн ауылда сұық сарайда камалып, жөнді тамак ішпей қарны ашып, ыза мен ашу, корку, қайғыру бәрі қабатынан қысып, бір жағынан аяқ тоқсан—февральдің үскірік-ызығырығы жұқа-жыртық киімге күле кіріп, ішінде ойнақ салып тоңдырып, қалтыратып, жүзі көгеріп, бетінің қаны қашып, қабағы қатып, еңсесі түсіп, жак жүні үрпіп келіп еді. Бірден бетіне өң кіріп, ажарланып сала берді. Одан соң айнала қарап, үйді көзімен шолып өтті. Үй кәдімгі үй секілді. Бұрын тұрменің іші қараңғы зындан шығар, азынаған көр сияқты шығар, ішінде құрт-құмырысықа, бақа-шаян бар шығар, ішіндегі адамдар ыңыранып азап тартып жататын шығар, сәулө-жарғы жок шығар, әлде от, әлде судың ішінде жататын

шығар деп қиялданушы еді. Ол түгіл ауылдағы жатып шықкан сұық сарайдай емес кәдімгі үй. Айнала терезесі бар, көреге көз темірі барлығы болмаса, ауылдағы Құрманбай байдың терезесінен де жаксы. Жерге төсөлген тақтай, оның үстіне төсек салмай-ак жата кетуге болмас па? Ішіндегілер ол тақтайдың үстінде де отырған жок. Тізе бойы сәкі төсөліпті. Жұрт соның үстінде талтайып-ак отыр. Қейбіреулері төсегін салып алыш, аяқтарын көсліп тұрып көлбеп отыр. Біреуінің де аяғында кісен, мойныңда бұғауы жок, бәрі де тойға жиналған кісідей емін-еркін-ак отыр.

Милиция Қалманды кіргізді де кетіп қалды. Қалман есіктен кірген күйі азырак тұрып қалды. Тұрменің мұндай үй екеніне, ішіндегі жатқан кісілердің өзі сияқты кісі болып, еркін отырғанына, милиция кіргенде оларға жәбір-жапа берменіне, олардың да милициядан айылын жимастан отырып қалғанына, үйдің ішінің жып-жылы болып, сәске тұс кезіндегі күн сөүлесінің терезеден кәдімгідей күле қарап түсіп тұрғанына таңданып, куанған іспеттеніп, бір жағынан өз көзіне өзі сенбей, тұрме туралы ескі ойы мен кәзіргі көргені арпалысып тұрғаны еді.

Милиция кеткесін сәкінің сол жақ шетіне таяу екі-үш кісіден жоғары етігін жамап отырған, орта жасқа келген сақалтай қара кісі басын көтеріп бір көзін қыса қарап, мысылдай күлімдеп:

— Е, неғып тұрсың? Біздің үйімізді менсінбей тұрсың ба, жоғары шық. Бері, өз қасыма кел! — деді. Қалман өзінің орынсыз тұрып қалғаны есіне түсіп сасыңқырап, азырак езу тартып, әлгі қара кісінің қасына келіп, сәкінің шетіне артын койып отырды.

Әр жердегі үйір-үйір отырған кісілердің ішінен жас жігіттер бірінде келіп, Қалманның қасына жақындаій берді. Ешкім үндемегесін Қалман да үндемей отырды. Кіржиген бір сары жігіт келіп:

— Мынау өзі кімге өкпелеп отыр, әй, неге үндемей отырсын? — деп бүйірге түйіп қалды. Қалман да бір кісінің тәлке-гіне көне қоям, бір кісіден таяқ жей қоям деп жүрген жок еді. Балғадай бармақтарын бүріп, тоқпақтай жұмырығын түйіп:

— Е, маған құда түсейін деп пе едін?—деп қолын көтеп алғанда, мына жағында тұрған қапсағай қара жігіт арт жағынан қолын ұстай алды. Қалман енді жұлқынбады. Мұндағы жігіттердің аузы бір екенін сезді де қайтерге білмей сазарып, үндемей тұрды. Орталықтағы ақ сақалды, имек мұрын, атжакты қара шалдың қасында отырған шоқша сақал акты көз сары кісі, көзін ақырайтып қарап:

— Мынау өзі жүген-құрық көрмеген, енесін үрган не қылған асау неме? Жігіттер, әрі-бері қамшылап алындар өзін-деді. Әлгі түкті сары жігіт тағы қойып кетті. Қалман кіржиіп:

— Ойбай,—деді де «маған кім жәрдем береді?»—деген кісіше жалтандаپ жан-жағына қарады. Әлгі сақалтай етігін жамаған күйінде күлімсіреп:

— Ау, біздің тауарышқа тимендер?—деп қыздыра түсті. Оның төменгі жағында қөлбеп жатқан сары тонды жігіт Қалманға қарап ернін тістеп, көзін қысты. Қалман жуасып, қарсы тұрғысы келмеди.

Төрде отырған ақ сақал:

— Жігіттер, қоя тұрындар! Алдымен өзін сөйлетеік, болмаса сот құрамыз,—деді. Жігіттер үрганын қойып тұра қалысты, жұрттың бәрі де Қалманнан сөз жауап күткендей Қалманның аузына қарай қойды. Қалман жұрттың денін анықтанағаса да, әйтеір бәрінің ойының бір екенін сезді.

— Ағалар, маған не қыл дейсіндер? Осы келгенде көрмеген қорлықты көріп келіп тұрмын. Қалғанын сіздер толықтырмай тұра тұрыңыз, еш пендеге жазығым жоқ еді, әйтеір осында болдым ғой, маған не қыл дейсіздер? Істе дегендеріңнің бәрін де істейін, айтыңызы!—деді.

Ақсақал күлді.

— Е, бәс! Жөні түзу жігіт шығар деп «кой» дегенім сол еді.—деп көнілденді де Қалманға қарап:

— Шырағым, атың кім?—деді.

— Атым — Қалман.

— Қалман, біздің жігіттердің жаңа келген кісілерден алатын жолы болады, соны бермесең сот құрамыз, онда жақсы болмайды. Жолыңа кәзір 10 сом ақша берсең жігіттерге қойдырайын.

— Қалтамды қарасандар да ырзамын, бір тыйын ақшам жок, түкүм қорына деп көк тыйынымды қалдырмastaн сауып келіп отырмын. Болса берер едім.

— Ендеше, үш күннен қалдырмай үйіннен бір кой алдырып сойып, шүлең тарқатасын.

— Болады. Өзіммен бірге жатқан кісіден аямаймын, 25 қадақ бидайға сатылып кетіп жатқан қойды сіздерден несін аяйын, үш күн демеңіз, ауылдан кісі қатынауға қараңыз, қалаға еріп келген кісім жок. Қатынаған кісі болса, өзіме де азық керек ғой, әйтеуір кідіртпейін,—деді Қалман.

— Е, болды, жігіттер, жіберіндер енді! Шаршап келген шығар, тынығып демін алсын.

Жұрттың бөрі қарқылдаپ күліп мәз болып қалды. «Оңай құтылдым ау» деген кісіше Қалман да мәз болып қалды. Әлгі Сакалтайдың сол жағынан 2 кісіге жалғас сәкінің үстінен орын алды. Жаман тошын шешіп, женілденіп, өз үйіне келгендей-ақ жайланды да қалды.

Кусынып отырған сақалтай қара да, ақырандаپ ақыратын ақты көз сары да бастап келген кезде түрменің түрғын халқынан ақсақалдық билік сот құрылып, келістіріп киім киген кісілер еді. Сонынан осы жұмыста «белсенділік» көрсеткендігінің арқасында ақсақалдың оң тізесінен орын алып, орынбасарлыққа жарап еді. Әсіреле сақалтай қара қисықтық қылып, бұлардың әжуасына көнбеймін деп, түрме бастығына арыз айтамын деп таяқ та жеп, екі есе үкімделіп әрен жуасып еді. Надзирательге де, начальникке де бір ауыз арыз қылмаска тәубе қылып еді.

Келген кісіні соттау әдісінің неше түрлі атасының ұлын білетін ақсақал. Түрме халқында одан озған кісі жок. Ақсақалға бұл түрме белгілі коныс болған. Жазасын өтеп шықса да, түрмеге кайта келуі жылдам-ақ. Сондықтан оның бос жүрген өмірінен түрмеде жатқан өмірі көп. Түрме түрмисында оның алған тәжірибесі мол, сабағы көп, сондықтан оның білмейтіні жоқ.

Ақсақалдың аты—Ақмырза, бұрын жас кезінде белгілі бауекспе ұры болған, кайратты, қарулы болған. Қазір жасы 60-ка келген. Соңғы кезде ұрлықты қойып, қалаға келіп тұрып, бір жағынан жалдаптық, саудагерлік қылып, бір жағынан қалтаман-қарманшыларға (шпаналарға) батагей болған. Осы «еңбегінің» арқасында түрменің тұз-дәмін көп татқан кісі еді.

Түрменің бұл әдеті-ескіден келе жатқан әдет. Әсіреке са-
марлық-карманшықтардың дағдылы кәсібі. Содан біреуден-
біреуге жұғып, мирас болып келе жатқан нәрсе. Осы әдettің
арқасында орыс-қазақ екі жақ болып, арасында алакөздік
күштейген, ретін тапса орыс қазакты жүндейді, қазақ орысты
жүндейді. Бірімен бірі итше ырылдасатын әдетке ұшыраған.
Сейтсе де соңғы кезде бұл әдettі жоятын шаралар істеліп,
ондайды көп істейтіндер карманшықтар камерасына (бөлме-
сіне) бөлек камалып, сауатсыздық жоятын мұғалімдер үгіт-
теп, қызыл бұрыш (окухана) бөлімінің бастықтары түрлі
саяси үйірмелерге тартып, жоғарғы әдет азайтылған. Орыс—
қазақ болған скі жақтық та жойылған. Элгі аксакал да он-
дай әдettі койдым деп уәде беріп карманшықтар камерасын-
дан шыбын осында жататын. Сондықтан жоғарғыдай жеңіл
бітім мен ырымын істеп қол салатын болған. Бұл әдет көбі-
несе, байлар келгенде ғана ет үшін істелетін болып калған.
Түрме халқы түрмеде жатқандығы болмаса «бай-кедей» де-
генді олар да жақсы біледі. Сондықтан байларды, жуан қа-
рындарды көбірек әжуалайды. Қалман сияқтыларға салын-
ған үкім реті келсе орындалып, реті келмесе орындалмай да
қалып коя беретін.

Қалман шешініп отырғасын, жұрт елдің жайын сұрап
білді. Қыстың жайын сұрады. Өзінің не жайлыш түрмеге ту-
сіп отырғаның қыскаша ғана сұрасты да, әркім өз әңгімесіне,
өз жайына кетті. Қалман тонының жартысын тәсеп, жарты-
сын жастық қылып, үстіне шапаның жамылып қисайып еді.
көзі ілініп, рахат үйкіға кетті...

II

Қалман бір жұманың ішінде түрменің түрмисына әбден
үйреніп алды. Қезекке тұрып тамақ та экелетін болды. Ке-
зегі келгенде түнде дәрет еткен шелекті де төгетін болды. Серуенге шыққанда қызыл мүйіске барып газет оқығанды да
тыңдады. Бір күні үйықтап жатқанда сұық тиіп жөтеліп
шығып еді, сол түрменің больничасына барып дәрі алып, оны
да көрді. Бірге жатқан кісілермен де шүркірасып кетті. Ер-
тегі, әңгіме айтудан да қалысқан жоқ. Эйтеуір түрме ғана
өзінің бұрынғы ойлағанындақ құбыжық көрінген жоқ. Адам
баласын түзейтін, тәрбиелейтін мектеп сияқты көрінді. Қал-
манға бәрінен де ұнағаны сауатсыздық жоятын оку болды.
Түрмеде жатқандарды—сауатсызын, шала сауатсызын екі

бөліп, оқытатын мұғалім бар еді, соған жазылып Қалман да жаңа әліппе оки бастады. Оқығанның, хат танығаннның пайдалы екенін бүрүн да сезетін. Ауылға келген мұғалім талай «окы» деп айтқанда жалғызлікті болғандықтан оки алмай бармағын шайнап жүретін.

Бір күні түске жақындағанда, мұғалім оқытып жатыр еді, надзиратель келіп есікті ашып:

— Шатығұлов Қалман! Сені бір кісі жолығуға шақырады,—деді.

Қалман қуанып кетті. Өйткені бір жұмадан бері үйінен ешбір хабар, ешбір қатынаған кісі болған жоқ еді. Бөлмесін шығып барса, өзінің ауылындағы Таңатар деген кедей көршісі екен. Ұзак сөйлестірмеді. Амандасуға ғана рұксат еткен. Таңатар өз шаруасымен қалаға келген екен де Қалман үйінің хабарын айтып, амандығын біліп кетуге келген екен.

Таңатар Қалманды көріп амандасты да, бір-екі ауыз сезебен үйінің хабарын айтты. Оның бүге-шігесін сұрап тұруға Қалманда уақыт болмады. Қалман шошып кетті, түсі бұзылып кетті. Екі нығы солбырап камерасына қайта кірді.

Мұғалім кетіп, сабак бітіп дежурный түскі тамакты әкелип ортаға қойып, бөліп жатыр екен. Қалманның да сыйбағасын бөліп берді. Жұрт жапырласып ішіп жатыр, жеп жатыр. Мәз-мәйрам болып қалжындастырып отыр. Бірақ күнде-гі жарқын жұз Қалман бүгін ажарланбай отыр. Қүнде тамак ішкен сайын «пәлен байға тиे берсін» деп бір байға арнап ішіп, жұртты күлдіріп отыратын еді. Бүгін бай жайына қалды. Қасық аузына әрең барады. Тұнжырап отырып тамак ішкен болады. Ішкенмен ішкені ірін, жегені желім болып, жүргегіне ас батпай отыр еді. Тамағын ішіп бола келген Ақмырза аксақал бір кекіріп қойып, мандайының терін орамалымен сұртіп жатып:

— Қалман, сен бүгін тамакты қай байға тие берсін деп іштің? Әлде ұмытып кеттің бе?—деді де Қалманның көңілсіз отырғанын көріп:

— Эй, сен не қып тұнжырап отырсың? Айтқандай жаңа бір кісі шақырды деп еді-ау, кім екен, не айтады? Әлде бір жаман хабар айтты ма?—деді. Қалман қапелімде үндей қоймаған соң:

— Ай, осы заманың жастары, не болса соған жаси кояды екен. Баяғыда біздер атқа мініп үрлік қылып жортуылда жүрген кезімізде астымызыдағы атымызды жауға алдырып, жаяу қалғанда да жасымайтын едік. Аттанған сапарымыздан жолымыз болмай қайтканда да қайғырмайтын едік...— деп, өзінің қын-қыстау жерлерден құтылғанын, ерлігін, қайратын, істеген кулықтарын айтЫП жүртты бір серпілтіп тастады. Қалман да едәүір қайрattанды.

Ақсакалдың сөзін аяқсыз қалдырмайын деген кісіше, акты көз сары:

— Ия, Қалман, сонымен әлгі жолықкан кісі не хабар, не жақсылық айтады?—деп Қалманнан тағы сұрады.

— Құрсын, жаксы хабар айтпады. Таңатар деген өзіміздің ауылдағы бір көңілдес кісіміз екен келген. Қөп сөйлесе алмадым, айтқаны—менің үйімді, мұлкімді елге шыққан өкілдер саттырып жіберіпті. Аз ғана 5—6 қарамызды колхозға алыпты. Қатын-балам үйсіз, мұліксіз, азықсыз қалғасын олғы Таңатар төркініне апарып салыпты. Басқасы не болса да құрсын, болар іс болғанды. Қатын-баламның далада қанғырып қалмағаны әйтеуір жаксы болған. Соған қуанып отырымын,—деді.

Кейбіреулер «о несі» деді, кейбіреулер «күнәң күшті болған ғой» десті. Әркім өзінше жорыды. Төмен қарап ойланып отырған ақсакал:

— Осы мен саған түсіне алмай жүрмін? Не себепті түрмеге түскенінді анықтап айтшы?—деді. Тамак ішіп жайлайып алған жүрт жантайып жатып әнгіме тындауға жалық-пайтынын білдірді.

— Неге түскенімді өзім де білмеймін. Менің түк жазығым жок, мені бассалып жазықты қылып жүрген Жазықбаев деген өкіл. Қалай жазықты қылып жүргенін де, оның мәнісін де білмеймін. Ол Жазықбаевтың қай Жазықбаев екенін де білмеймін,—деді де аксақалдан насыбай атып алып, әңгімесін басынан айтуға кірісті.

III.

1930 жылдың февралының бас кезі еді. Күн бірде ашық, бірде боран, болмағаның өзінде теріскейден соккан жел лебі бет каратпай қызыл шұнақ ысқырық болады да тұрады. Жарлы-жақыбайлардың жамаулы терезесі мен есігінен жел уйлдейді де тұрады. Қыс аяғы жақындал, жүрттың жаздан

үміті болып, шөптің азайғандығынан аз ғана қара-құрасы да жүдеп-жадап жілігінің майы азайып тұр. Онымен қатар азық пен отын шағындалып, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілуге таянып тұрган кезі. Қыскартып айтканда—ел астық науқанын аяктап, қыстың да ортасынан ауып, демін алған кезі.

Күн бата Қалман 5—6 қарасын, 10 шақты ешкі-лағын коралап жайғастырып болып, енді үйіне кірейін деп тұрғанда, Құрманбай ауылы жағынан салт атты біреудің Таңатар-дікіне келіп түскенін көрді.

— О кім екен? Не хабары бар екен, білейін,—деп Қалман да сол үйге барды. Қалман барғанда айналадағы үйден де 4-5 кісі әңгіме естүге келген екен.

Салт атты қадімгі Орынбай екен. Қалман оны жаратпай калды. Әйткені, Орынбайдың өз болғалы бір онды сөз шығып көрген емес. Айтатыны өңкей өтірік пен осек. Әсіресе, соңғы кезде, оның ішінде науқан кезінде кедей-батрактар оған «байдың құйыршығы» деп ен таққан. Сөйтіп Орынбайдың өтірік-өсегі—байлардың осегі екені жүртқа айқындалған. Өсек айту, көрмегенді көргендей, есітпегенді естігендей етіп қырық құлпырту, біреудің сөзін біреуге тасу, ауыл-үйдің арасына от салу оның қашанғы қәсібі, осы қәсібімен біреуге қоюп, біреуге түстеніп тамак табу да оның дағдысы. Осы әнерімен Құрманбайдан жылына бір тайдың майын мінеді. Тамағы мен тайынан басқа табатыны жоқ, үйінде малы да жоқ. Қатын, баласында бүтін көйлек те жоқ. Тек сол бір ауылдан бір ауылға жүргені—жүрген.

Төмен қарап жымия түсті де Орынбайға қарап:

— Е, Ореке, кайдан келесің, не естіп білдің? Жүрген жерін аман ба?—деді.

— Бөтен сөз жоқ,—деп бастады Орынбай. Орынбайдың өзінше маңызды көріп, бір әңгімені елеулі қылып айтпақшы болғандағы «Бөтен сөз жоқ» деп бастайтын әдеті еді. Бұл сапарда да сөзді женіл-желпі қылмай, бетіне салқын шырай беріп, «бөтен сөзім өтірік болса да, бұнымда жалғандық жоқ» дегендей дауысын қоңырлатып, шырт түкіріп қойып әңгімесін айта берді:

Бөтен сөз жоқ. Құрманбай кеше қаладан қайтып келді, Біржола құтылып келіпті, күнсіде шамалы көрінеді. Өкіл болып келетін шашты қараның қонақасыға өкпелеп қаралғаны екен. 200 пұт астықты әуелден-ақ берем дегенін,

оған шыдамай жапқанын айткан екен, босатыпты. Түрмеде болғаны 33-ақ күн жатыпты. 15 күндей қалада жұмысының жөнінен жатқан көрінеді. Жөн білетін азаматтың өзі округте көрінеді ғой. Соттың бастығы «Құреке» деп астына орындық қойыпты. Інісі мен баласы астығынан әнеугіде-ақ құтылған ғой. Көшеде кезі келді, шашты қараның өзі де «Құреке, менен бір білместік болды» депті. Сонымен:

— Қойсаманов Құрманбай ағарды. Оны ешкім әурелемесін—деген қағаз алып қайтыпты.

Оттың аузында, қазандыққа сүйеніп отырған Ысқақ деген салпы ауыз жігіт ернін салпылдатып:

— Құрманбайдың әнеуқуні Малдыбаймен керіскенде «20 жылда да 20 пүттән артық астық төлемеймін» деп жатқаны қайда? Екі жұз пүт астықты не қып төлеген?—деп кекете күлді.

— Ой, обалы не керек, Құрманбай әуелде-ақ астық тартпаймын деген жок кой, ол сөз Малдыбайдың кәдімгі мазағы ғой,—деп Орынбай жаратпай қалды.

Орынбайдың сөзіне «дұрыс-бұрыс» деп жауап қайырмай отырған Қалман:

— Е, не болса да, түрмеден шығып келгені жақсы болған. Құракаң қаладан не хабар айтады,—деді.

— Бөтен ештеге айтпайды,—деп Орынбай тағы бір әңгіменің иісін шығарды.

«Мынау тағы қандай өтірікті сұша сапырап екен» деген кісіше жұрт тыңдай қалды.

— Бөтен әнгіме айтпайды, қаладағы үлкен әкімдердің бірсыпрасынан естіпті, әлгі Кәрімнің Балтабайынан естіп-ті: үкімет халықтың қолындағы бар астығын алып болды, енді малды тегісінен қазынаға алатын көрінеді. Жұрттың бәрін бір жерге ірір, бір тәсекке жатқызып, қазанды бірге асқызып, «сенікі-менікі» дегенді жок қылып, еншіні костыратын көрінеді. Соған ауданнан ауылдарға өкіл кетіпті,—деп Орынбай сөзін тауыспай демін бір алды. Асығыс сөйлейтін әлгі салпы ауыз Ысқақ:

— Онда бәрінен де жақсы болған екен: Құрекенің бәйбішесі Тасбикеден ала қыстай бір қазы жей алған жоқ едік. Енді қалған қазысын бөліп жейді екенбіз ғой,—деп тағы күлді.

— Онда саған қазы жегізіп қоя ма? Тамақты қазынадан талонмен ішкізетін көрінеді ғой. Құдай сақтасын, рас болса, әйелге де иелік жойылып, оған да талонмен жатқызатын көрінеді,—деп Орынбай тағы шынымен қынжылғандай болды.

Ісқактың күлкісін костайын дегендей, төмен отырған сары тонды Сарман деген:

— Мұнысы бәрінен де жақсы болған екен, Қүрекендердің жас тоқалы біздің катыны өлген Құсайындікі десейші!— деп бұ да күлді.

— Солай сок, Ореке! Тағы қандай әңгімең бар?—деп Қалман мыскыл пішінмен төмен қарап күлімсіреді.

Орынбайдың айтайын деген әңгімесі аяқталмаса да, жүрттың бәрі күлкіге шаптырып бара жатқан сыңайын байқап:

— Қайдам, әйтеуір естіген құлакта жазық жок: өзі бір келісі жок әңгіме, елге енші қосатын «кәлек» деген бір сүмдүк шығайын деп жатыр, дейді,—деп Орынбайдың өзі де салқын қанмен отырған дүзін өзгертип, өтірік күлген болды.

Отырған жүрттың біреуі олай деп, біреуі былай деп, әңгіменің аяғын әркім әртүрлі кеңеске бұрып кетті.

Одан үш күн өтіп еді. Бүгін де күн алай-түлей боран еді. Жана жауған жұмсақ қарды аспандатып, қатқан қарды үтіп алып, кырышықтатып жермен боратып кора-қопсының қуыс-қолтығына тығып түр еді. Арықтаған малға да, жыртық-жамау киімге де дұрыс ықтасын бермей, оған шара көрге шаруаға мұрсат бермей тұрған күн еді.

Сәске болып, жүрт малын шығарып, малын азын-аулақ шөбін салып жатқанда, борандатып, шабуылдан Құрманбай ауылы жағынан бір кісі келіп, есік алдында Қалманға жолықты.

Құрманбай ауылында жиналыс бар, ауданнан келіп жатқан өкілдер мен ауылнай бар, комсомол мен белсенді бар. Соған осы ауылдан үй басына бір еркек, бір әйелден жинап барасың. Мұны орындау осы ауылдағы белсенді—Таңатар екеуіне міндеп. Орында масаң жазалысын, — деп түйдектетті.

Күннің борандығын, әркім басымен алысып, шаруашылығын істеп жатқанын, бір үйден бір кісі барса да болатын болмайтындығын, оның жәй-мәнісін айтып, сұрап қарап еді, Қалманның айтқанына ол жөнді құлақ аспай:

— Басқаны білмеймін, менің де басым екеу емес, бұл бурынғымен тен емес, бұны шығарған мен емес, оны тексеретін сен емес,—деп қыска-қыска тойтармалы жауап берді де, келген кісі бейне бораннан кем емес, үй жығатын дауылдай, атын борбайға бір салып құйындастып ала жөнелді.

Қалман малына шөбін салып бола салып, Таңатарға барып осыны айтты. Шақырушы аптықса да, Таңатар оған саса қойған жоқ. Сөйтсе де, оны аяқсыз да қалдырыған жоқ. Екеуі кенесіп, сол ауылдағы 10 шакты үйдің адамдарымен сөйлесіп, 5—6 кісі Құрманбай ауылына қарай жүріп кетті...

Түске дейін борандатып әр ауылдан оннан, бестен кіслер келіп, ауылнай қол асты тегіс жиналып болды. Құрманбайдың кең корасының ішіне жұртты жинап қойып, үйден конактар Қүрекенмен бірге шыкты. Ауылнай мен комсомол ере шыкты. Қолында қара былғары дорбасы бар, белінде байлаған мылтығы бар, жылтыр қара етігі бар өкіл ортаға келіп:

— Жырымасыншы ауылдың жиналысы ашық деп санаймын,—деді. Жұрт үйіп тыңдай қойды. Бұл жиналысты әркім өзінше әртурлі ойлады. Біреу былай, біреу олай жорыды.

— Елден мектеп ашатын шығар.

— Елдің астығын алғасын шай-шекер беретін шығар.

— Әлде тағы алым алатын шығар.

— Әлде су басқаратын мұрап сайлайтын шығар, жаздың камын түсіндіретін шығар.

— Әлде бір үлкен мейрам болып, соны түсіндіре келген шығар.

— Әлде... —деп ішінен ғана ойлағаны болмаса, «шырағым, не жайлыш жиналыс жасап тұрсың» деп сұраған ешкім болған жоқ. Құлакқа ұрған танадай тым-тырыс болды. Өкіл керілінкіреп тұрып:

— Жолдастар!—деп дауысын қаттырақ шығарып, сөзін бастады. Өкіл көп сөйледі. Оның сөзінен жұрттың түсінгені мыналар болды:

— Бір үй қалмастан барлық мал-мұлікті ортаға салып, колектив болып енші қосасындар, оған кірмеген кісі жер-судан айрылып, өзі конфиске болып, жер аударылады. Үкіметке қарсы болады.

— Егінді былтырғыдан екі есе, уш есе көп саласындар, оның үшін бір түйір дән қалдырмастан үй басына тұқым корына астық жиясындар, үйге салынған тұқым астықты төлемеген адам тағы жазалы болады.

— Егін салатын машина алуға сайман пұл, трактор алуға ескі-кусқы, сүйек-саяқ, үй басына колектив пұл, облигация пұл, үй басына пішен пұл, үй басына газет пұл, жан басына кооператив пұл... жиясындар.

— Жиятын нәрселерді ауылдық кенес пен комсомол, белсенділермен отырып үй басына саламыз, өзіне түскен нәрсеге ешкім бір ауыз сөз айтпастан орындалды, орындаған кісі—жазалы.

— Ауылдың жартысы Қызылқұмда көшіп жүрген көшпелі. Оларды осы айдың ішінде көшіріп әкеліп мал-жанын ортаға салу керек: алғи жиятын нәрселерді өндіру керек. Ол үшін ауылдық кенес кісі жібереді.

— Букіл бай біткенді құртамыз, малын колхозға алып, өздерін айдаймыз.

— Бұл сөзге «бұл қалай» деп ешкім ешнәрсе сұрауға болмайды. Айтылған сөз сөзсіз орындалады.

— Ауданға округтен дәкей өкілдер, тығыз бұйрықтар, екпінділер, жедел бригадалар келіп жатыр. Олар да осында келіп осы жұмыстарды орындаласады...

— Осымен мәжіліс жабық деп санаймын, — деп өкіл үйге кіріп кетті.

— Шырағым, бәріміз қазактың баласымыз, мынау біз бұрын естімеген жаңа жұмыс екен, мәнісін түсінейік те?!-- деп бірер шаруа сұрағысы келіп, түсінгісі келіп күнкілдеп еді, өкіл үйге кіріп бара жатып, артына қарай қолын бір-ақ сермеді.

Жүрт «бұл қалай» деп, таң-тамаша қалып, иықтары салбырап, жүндері жығылып, аттарына әрең мініп, салы суға кеткендей тамсанып, ауыл-аулына тарады. Бұл айтылғанға біреу наанды, біреу наңбады. Өйткені—бұрында талай жынын, талай жиналысты, талай өкілдің сейлегенін көрген. Ол түгіл астық науқанын да өткізген. Бірақ мұндаиды көрген жоқ еді. Түсінбегенін сұрайтын еді. ойынлағысын армансыз айтатын еді. Өздері қаулы шығарып, өздері бірігіп істейтін еді. Өкілдің де бундайын, әнгіменін де ондайын көрген—естіген жоқ еді. Сондықтан көбі нанбады. Таңатар, Қалман сияктылар:

— Мынау дені сау кісінің сөзі емес, бір есерсок шығар, дұрыс біреуі де келер, кезінде анығын ашармыз, — деді де койды.

— Бұдан бір жұма өтпей-ак әнгіме, хабарлар күнде бір жаңарап, ауыл-ауылға түрлі-түрлі болып тарай басталы. Барған сайын құбылып, негізі шынданып барады.

— Пәлен байды, түген байды конфискелепті.

— Қызыл құмдағы ауылды қөшіріп келуге сабаудай сегіз кісі аттаныпты.

— Пәлен ауылдар, арқан түтіп, аттың құйығын, жалын кесіпті. Сиырдың жүнін жулыпты. Ит сойып, арық малын сойып, өлімтігін казынаға беріпті. Үйінің құрым кізін, шүлғауларын жинап беріпті.

— Пәленшеші, түленшеші қамапты. Астық таппағанын аяқ-табағын саттырыпты.

— Ережейлінің тұқымын асылдандыруға, қазактың қыздарына салыпты. Пәленшеші катынын түгеншеге алып беріпті.

— Ораза ұстағанға, намаз оқығанға штраф салыпты, пәлен мешітті жауып, молданы айдал кетіпти.

— Пәлен бай мен түген бай қашып кетіпти.

— Пәлен ауыл еншісін қосып, қырық құлаш көрпенің астына жатыпты...

Міне осы сияқты хабар күнде дүңкілдеп жатты. Ауылда күнде шабуыл, күнде жиылыш болды да жатты. Өкілден сон өкіл келлі, бірімен кабат бірі келді. Біріне бірі ере келді, бірінен бірі асып түсті. Бірінен бірі екпінді келді. Текенде темір үзіп, түсі қашыңқы, кабағы жабынқы келді. Қайраты қарша борап, каркынды келді. Аттан ат калмады, астан ас калмады, мінілді, ішілді...

Осылардың ішінен жүрттың саралап қолға ұстап, анық түсінгені мынау болды:

— Мал-мұлікті ортаға салып жаппай коллектив болады. Қолдағы барлық астықты тұқым корына деп ортаға жинайды. Ескі-құскы жинайды, жұн жинайды. Түрлі-түрлі пұл жинайды. Жаз шыға егінді бірігіп көп салады. Эйтеуір жүрт осыларға анық сенді.

Бір күні тағы жиналысқа шақырды.

— Ауданың ең үлкені Жазықбаев деген келіпті. Бидайықша қуырып барады. Ауылнайлар сасулы, — десті. Қалмандар 5-6 кісі болып тағы барды.

Жиналысты Жазықбаев өзі ашты.

— Жазықбаев деген аудандағы ең үлкен, ең күшті жайсаның мен болам!—деп сөзін бастады. Бірден жиналған жүртқа ашуланып, қаһарланып, үрса бастады:

— Сіздер әлі айтылған сөз, шығарылған қаулыдан басқа іс жүзінде түк бітірген жоксындар, тұқым тағы басқа нәрселерді әлі жинап болған жоксындар. Сіздердің бәрінізде шетінізден жауып коюға болады. Әсіреле ауылдың белсенділерін жауапка тартуға болады. Ендігі айтылатын сөз мынау: сіздер тұқымды, тағы басқа нәрселерді үй басына дұрыс бөлмей кем бөліп, кем салыпсыныз, оны біз ауылнайлармен бірге отырып, қайта бөлдік. Әркім өзіне түскен нәрсені 24 сағат ішінде, ертең түсте бесінде жинап әкеліп тапсырады. «Жок» деп сұлтау айтуға болмайды, жерден қазса да, үй мүлкін сатса да табуға міндettі. Бірақ мал сатуға болмайды, ол мал қазынаныкі. Кім де кім орында маса, үкіметке қарсы деп есептеліп аяусыз жазаға тартылады.

Осылайша сөзін бітірді де тұқым, тағы басқа нәрселерді үй басына бөлген тізімді оқытты. Ауылнайлардың хатшысы оқып шықты.

— Қалиға, Эли мен Оспанға, Асан мен Үсенге, Таңатар мен Аязбайға, Ералыға, Сералыға, тағы-тағыларына— 5 пүттан тұқым, бір пүттан сүйек, жарты пүт қыл мен жүн, бір пүттан құрым, 25 сомнан түрлі пүл.

— Қалманға 35 пүт тұқым, 3 пүт сүйек, бір пүт қыл, 3 пүт құрым, бір пүт көне, 150 сом түрлі пүл.

— Құрманбайға 50 пүт тұқым, 3 пүт сүйек, бір пүт.... — деп тізімді оқып шықты.

— Сөйлейтін кісі бар ма?

— Мен сөйлеймін,—деп Қалман колын көтерді.

— Ал, сөйле, бірақ қыска сөйле!

— Біздер —кедейлер, жалышылар үкіметтің қандай ісінен де бастартпаймыз. Өйткені кенес үкіметтің өзіміздікі екенін, колымызды тендікке жеткізгенін жаксы білеміз. Өз басымызға түскен нәрсені ғана емес, белсенділік етіп, қандай науқанды жұмыс болса да бітірісуге жәрдем етіп

келдік. Астық науқанында да өзіміздің азын-аулак артылған астығымызды бергеннің үстіне, елден астық жинастық. Талай байлардың жасырған астығын тауып бердік. Бұдан біз әлі де тартынбаймыз. Үкімет пен партия бізге «коллектив пайдалы» деген екен—коллектив боламыз. Бірігіп істесек, шаруамыздың көркейетінін әнеугіден бері жақсы түсіндік. Ортаға салуға кимайтын малымыз жоқ. Тұқым десек, ол—өзіміз жазғытуры егу үшін өзімізге жинайтын нәрсеміз. Барлық астығымызды беруден бастартпаймыз. Бұндайдан кашса—байлар қашар. Өйткені олар бізге, біздің кенес үкіметіне дос емес.

Бірақ, мына жасалған тізімде дұрыстық жоқ. Мәселен өзімді алсам, өмірімде байдан корлық көріп, кеңес үкіметінің аркасында әрен тендік алыш, әрен үй болып отырған жалшымын, маған байлармен қатар салыныпты. Мен әнеугі жиылышта-ақ айтқанмын! Үйімде бес пүт астығым бар, ішпесем де соны тұқымға саламын. Қазір әкеліп бер десен, кәзір әкеліп беремін. 35 пүтті мен қайдан табамын? 150 сом ақшаны қайдан табам? Барлығы да артық салынған. Жоқ та болса, өзіммен қатар кісілермен бірдей тартсам арманым болмас еді, жүрттап ала-бөле не жазығым бар?—Барға барша, жокка—жокша салынын,—деді.

Отырған жұрт:

— Дұрыс-дұрыс! Қалманға орынсыз артық салынған, дұрыстап қайта салу керек. Бар астық жиналсын да, жоқты тап демесін!—деп шулады.

— Тише, жолдастар! Енді ешкімге сөз берілмейді. Қалман сиякты бұзық адамның сөзіне ермей, 24 сағат ішінде орындаңыздар. Жиылыш жабық!—деді Жазықбаев.

Жұрт тарады..

Жұртпен бірге Қалман да үйіне қайтты. Айтканы ем болмай, орынсыз астық пен ақша, құрым мен қыл тартпақшы болып, қалай табарға білмей сасып келді.

Үйіне кіргені-ақ сол еді. Іле-шала бір милиция кіріп келіп:

— Қалман, әйда!—деді.

Қалман:

— Қайда?—деді.

— Сен арестовать боласың, үкіметке карсы болдың, әйда!

— Не жазығым бар?

— Жазығынды Жазықбайдан сұра!

Катын-баласы үрейі үшіп, шулап жылап коя берді.

— Корыкпандар, мен қайтып келем, мениң жазығым жоқ қой, әншейін шакырған шығар,—деп Қалман катын-баласын жұбатты да милициямен бірге Құрманбай ауылына қарай жүріп кетті.

Қалманды Жазықбаев өзіне жолықтырған да жоқ. Суық сарайға каматты да салды. Көп үзамай бір байды экеліп үстіне тағы қамады. Баймен дәрежесі бірдей болып, бірге қамалғанына ыза болып жатты. Кешке қарай бір «белсенді» шакырып алыш:

— Қанша астығың бар? Шыныңды айт, жасырған астығынды айт!—деп қамшымен жонын жостырып та алды.

«Тунде үйқітап қалмасын»,—деп бір «белсенді» төбесінен әлсін-әлі суық су да құйды. Айтысып қараса да, көнбей қараса да болмады, өйткен сайын азабы аса берді.

Сол сарайда уш күн, уш түн жатты. Жөнді тамақ та бермеді, тоңып та қалды. Құрманбайдың токалы үрлап тамақ бермегендे өліп те қалар еді.

Уш күннен соң ешбір жауапсыз, іштеңесіз Қалманды қаланың түрмесіне жіберді де, байды ауданға жіберді. Бір күндері әлгі суық сарайда 20 шакты кісі жатса да, олардың бәрі де ертеңіне босатылды.

— Мені де босатар,—деп дәмеленсе де болмады. Үйіне жолықтырмastaн қаланың түрмесіне айдал жіберді. Өзінің жазығының анық не екенін, Жазықбаевқа не жазғанын біле алмады, сол білмеумен түрменің табалдырығын аттады... Қөрген-бакканы осығана еді.

Қалман түрмедегілерге әнгімесін айтқанда міне, осыларды айтты...

IV

Жарты ай жатқанда Қалман түрме түрмисына әбден жаттырып кетті. Ондағылар өзара бір ауыл, бір қауым сияқты болып кетті. Қалман да ондағылардың қадірлілерінің катарына барып қалды. Қазынаның тамағы жетерлік болса да, казақ сут құйған кою қызыл шайды жаратады. «Бес бармақ» деп жейтін етті жаратады. Сондыктan онда жатқандардың көбіне ауылдарынан, үйлерінен азық келеді. Акшасы барлар шай, сут сатып алыш тұрады. Темекі, насыбай алыш тұрады. Ондайды сататын түрменің өзінде

кооператив дүкенінің бөлімі бар. Бірақ, Қалманның азық сатып алатын ақшасы да жоқ, азық әкелетін үйі де жоқ. Солай да тұрмеде жатқандар—бауырмал, аузы бір келеді. Көбі қолына түскенін бөліп жейді. Біздің Қалман да олардың күн сайын біреуіне қонақ болады. Олардың үйлерінен келген шай-сұын бөліп жеп, бөліп ішеді. Барған сайын олардың арасында Қалманның қадірі артып барады, Өйткені Қалман отырган жер көнілді. Өйткені Қалман көнілді әңгімені көп біледі. Өйткені Қалман әңгімені көп біліп қана қоймайды, майын тамызып, бабын келтіріп айта біледі. Өйткені Қалман жас ортасына келмесе де, тұрмыстан алған тәжірибесі мол, тұрмыстың ашы-тұшысын, ашысынан да тұшысын, тұшысы емес-ау ашысын көп татқан. Тұрмыс талқысына көп түсіп, оның соққысын көп көрген; көп көрген емес, жеп көрген. Қойши болып жүріп, қойши мен қасқырдың айтысқанын, жетім қалған кара лақпен өзінің айтысқанын біледі. Жылқышы болып жүріп, жылқышы мен құрықтың айтысқанын, жылқышы мен ұрының айтысқанын, бай мек жылқышының айтысқанын, алты тазшаның алпыс ертегісін, жеті кемпірдің жетпіс ертегісін, қалашының қырық ертегісін біледі. Әсіресе өмір ертегісін көп біледі. Көрген білгенді бек біледі. Жалшы-малшылардың қын-қыстауда тапқан амалын, көрсеткен қайратын, істеген ерлігін, олардың неше түрлі қуақылық әңгімелерін бәрінен де жақсы біледі...

Сондықтан тұрмедегі тұтқындардың түнде біреуі, күндіз біреуі қонақ қылып әңгіме айтқызады.

Бір күні ойда жоқ жерден тұрме халқы бір үлкен әңгімеге жолықты, екі-үш күндей қызырына молықты. Сабак беретін мұғалім келіп кетіп, қызыл мүйіске барып, газет сөзін тыңдалап келіп, кешкі шайын ішіп болып, жұрт көнілденіп, ертеңгі сабактарына дайындалып жатыр еді. Етбеттеп дәлтеріне жазу жазып жатыр еді. Түк сары жігіттің үндеңій істейтін құлғығы бар, сонысы ұстады ма, әлде көзі көргесін көнілі қызығып кетті ме? Әйтеуір жоқ жерден бір күлкі істеді: бір жаман қағазды алып ширатты да, бір ұшын Қалманның шекесіндегі жарықтың куысына тығып, бір басын жоғары қақайтып қойды. Оны Қалман қағаз жазып жатып сезбеді де, Қалманға білдірмей шырлы шағып қағаздың басын жандырды.

Өзі кейін шегініп тұрып:

— Қалман, қағазды көзің көрмей, басына шам жағып қойғаның ба? Қолынан келген кісі шамды кайда жағайын десе де, еркі бар емес пе?—деді.

Жұрт жалт қарап, ду күлді. Қалман жұрттың неге құлгениң білмей дағдарып қалса да, катардан қалғысы келмей басын қөтеріп қүле бергенде, шекесі қызып бара жатқасын, шошып кетіп ұшып түргеліп, қолымен қағып кеп жіберді. Сонда барып не екенін білді. Жұрт та күлді. Шынымен Қалман да күлді.

Күлкі басылғасын ақсақал:

— Қалман, басынды кіммен төбелесіп жарып жүрсін?
— деді. Қалман басын сыйап койып:

— Бұл бас не көрмеген бас. Жеті жыл жынды болып, сегіз жыл сергелденге түскен бас. Жасымда байларға жалшы болып өмірім өтсе де, баймен ұстаспай жүрген жылым шамалы ғой. Бұл—сондағы байдың салған мәңгілік таңбасы ғой. Басымдағы таңба сүйегіммен кетсе, байға қарсылығым өміріммен кетеді. Таңба жоғалмаса, байларға дұшпандығым, кеңес үкіметіне достығым жоғалмайды. Тек Жазықбаевқа жазып тұрмын,—деді.

— Өзінің тұрмеге түсіп отырып, үкіметті жақтағышын қарашы!—деп сақалтай қара мысқылдай күлді.

— Жазықбаевқа жазықты болдым, деп үкіметтің бәрін де жамандайын ба? Асықпасаң кімнің ак, кімнің қарасы ашылар, оны үкімет те көрмей қоймас,—деп Қалман сақалтайды бастырмалатып тастанды. Қапсағай қара да, үрпек сары да, сары тонды да:

— Қалмандікі дұрыс, тұрмеге түстік деп үкіметтен күдер үзіп отырғанымыз жок. Жазықты болсақ, жазығымызға қарай жатқан шығармыз, нақақ болсақ, оны үкімет көреді деп, күнде арыз айтып отырғанымыз жок па?—десіп бұлар да сақалтайға дүрсе коя берісті. Ақсақал тұрып:

— Басқаны қойыңызшы, бәрінен қызығы: Қалманның кай жерін бассаң, сол жерінен бір жаңа әңгіме шығады. Бұның тұла бойының бәрі тұрған бір өзі сөйлейтін грамофон. Сіздер басқаны қойыңыз, Қалманның енді шекесін сөйлетеік,—деді. Жұрт:

— Болады, болады, ал Қалман!—десті.

— Ой бұл шекемнің әңгімесі, үзак сонар, үлкен қыға, 13 жыл бойына созылған жұмыс. Бұның әңгімесі қызық болғанмен бір мезгілде біте қоятын әңгіме емес, — деп Қалман күрсінді.

— Ой, бәлденбей айта берсейші. Қөп болса, бірнеше күнге созылар, кайта ол бізге ермек болар, онсыз да істеп жаткан жұмысымыз шамалы емес пе? — деді акты көз сары.

— Айта бер, ерінбейміз, — десті өзгелер.

— Бәлденіп не қылайын, айт десендер, үш күнге созылса да айтып берейін, — деді Қалман.

Қалманның бір соны әңгіме айтуға кіріскенін естіп, бір бөлек қолдан жасап карта ойнап отырғандар, картасын төсектеріне тығып, құлактарын түрді. Тұрме бастықтары карта ойнауға рұқсат етпейтін. Қейбіреулер оған болмай-ақ қағаздан карта істеп алып ойнайтын. Қалман оларға «ойнамандар» деп айтпаса да, ойнағанын жаратпайтын. Сондықтан олар карта ойнай койса, Қалман оларға кас қылып бір күлкі әңгіме айта қоятын. Соның олар картасын еріксіз тастанап, әңгіме тындаитын. Бұл жолы Қалман әңгімесін олар үшін айтпаса да, карташылар тындауға кірісті. Жұрт айнала Қалманды қоршай отырып алды. Қейбір сәкіге сыймағандар, сәкіден түсіп, түргеліп қарсы тұрды.

Қалман терен сырлы төрт сүйектің әңгімесін еже басынан бастап кетті...

V.

Қалман туғаннан-ақ жұмыска қайым шоқпак қара болып, омырауы есіктей, ойынды еті бесіктей болып туды. Осы елдің ішіндегі кірме қыпшақ деген аз рудан еді. Оның үстіне әке-шешесі өліп бала жігіт күнінде жалғыз қалды. Сол елде белді атанаң ұлынан, әрне келген қолынан, азуы алты қарыс Тұяқбай деген бай болды. Төрт тұлігі сай болды. Не тілесе де соны істеп, көңілі оның жәй болды. Аз атала қыпшакқа айтқанын істетіп, атқанын тигізетін болды. Бір үйді Сыр бойында қалдырып, оған егін салдырып, өзі құмфа көшіп, малын айдайтын еді, туу қызылдың құмын жайлайтын еді. Тұяқбай бай осы айтқаны болып, атқаны тиіп жүрген кезінде, аз атала қыпшактан Мәрия деген қызды тоқалдыққа алды. Дәндеген қарсак құлағымен ін қазып, дәндеген Тұяқбай қыпшактан Бибігүл деген қызды кіші то-

Калдыққа тағы алды. Сөйтіп қыпшаққа қатым-қарыс қатынап жүргенде Қалманға кез келіп:

— Өзім қатын алып берем, басыңа үй көтеріп берем,— дед алдан-сулап жалшылыққа оны алды. Қалманның 10 шақты ешкісі мен жалның атын қоса алды. Тоқалға толысып, малайға мастанып, төрт жағы құбыла шаттанып, Тұяқбай Қызылқұмды жайлай берді. Қалман да бай шаруасын өз шаруасында жайлай берді....

Бұл бүгінгі кеңесті заман емес—кешегі кесірлі заман; кешегі емес—бәз-баяғы патша кезіндегі бұзық заман. Құндерден күн өтті, жылдардан жыл өтті. Қалманның оған жүргеніне он жыл өтті. Сонымен күнді күн қуып, ай қуып, жыл артынан жыл жетіп, бағзы ел ауа болатын, ат басына күн туып, ауыздықпен су ішетін, ер басына күн туып-етігімен су кешетін 1916 жыл жетті. Міне, сол ауырмалдық жылы арамдық пен ададықтың алышатын, бай мен малайдың арасына жік түсіретін кішкене ғана бір іс болды, ол іс Тұяқбай мен Қалман құлдың арасына тартыс түсіруге туы болды.

Ол жылғы патша жарлығы—елге ылаң болды, ел арасы бұлан-талан болды. Ел мал қамын ойламады, бас қамын ойлады. Шаруашылық адыра қалды. Қора-қора қой бағусызыңдың қырда қалды. Ел сөйтіп әбігер болып жатқанда, Қарақалпақ елі Әлмен ұлы дегеннің 70 қойы желдеп кетті. Желдей-желдей 90-ға жетті. Тоқсан қой тобымен келіп, Тұяқбайға тап болды, Тұяқбай оған шат болды. Тұяқбайдың окопқа баратын баласы жоқ, жұрттың не болғанымен жұмысы жоқ, Қызылқұмын жайлай берді; тоқсан қойын қосып алып айдай берді. Тұяқбайдың түпсіз бұзық екенін көрседе, Қалман амалы жоқ бай шаруасын үндеместен жайлай берді.

Құндерде бір күн, окопқа баратын азamatқа да күрбан-дық шалуға кой керек, әркім әр жерге иесіз кеткен малын іздеді. «Ел құлагы елу» деген, біреуден біреу хабарланып, 90 қойдың иесі Тұяқбайға келді. Қасына бір бек пен бір молданы бетке ұстап ертіп келді.

— Тұяқбай бай, 90 қойымды бер!—деді. Тұяқбай оған:

— Ойбай көргеніміз жоқ, міне иман, міне жан!—деді. Бұл сөзімде күмән жоқ, шұбәсіз оған нан!—деді.

— Ендеше ант бересің!

— Ал, берсем—беремін, кімді ұстайсың?

— Ата куаламай-ак қоямын, антқа Қалман шықса тойымын Күнәмді сенен жоямын — деді қой иесі

Тұяқбай, аналардың ата куаламай. Қалманды ұстағанына катты куанды. Келіп Қалманға қолқа салды:

— Осы қоймен саған қатын алып беремін деп жүр едім, ештеңец кетпес, антиң шыға қой, сөйтіп оларды ырза қылағой! — деп өтінді, жалынды. Бірақ, ақ ниет, адад жүрек Қалманның қайырымы оған келмегі, намысы оған сенбеді, айтқанына көнбеді, нақақ антты бермегі, алдағанына ермегі...

Амал жок, қой мойынға түсті. Сейтсе де Тұяқбайдың амалы одан да күшті. Бек пен молданың ауызына 400 сомнан тығын тықты, сөйтті де тендік бермей құтылып шықты. Бірақ Қалманның қаттылығынан дүшпанға таба болды. Койды төлемегенмен бір талай шығын-қаза болды. Осыдан бастап Қалман мен екі арасы сұзып сала берді.

Міне, әңгіменің түпкі тарихы осыдан басталды.

VI.

Осы 16—жыл.

Ауыл азан-қазан көшіп жатыр, түйелер бақырып-шашырып. Тұяқбай бір жағынан акырып, інген боздап, бота шырылдап, уық-кереге сарт-сұрт, жүк артылып жатыр. Ком комдалып, тең теңделіп, тарту тартылып, байлау байланып, жүктің үсті балаға жайланаңып жатыр. Мұрнынан шашылып малай, қара тер болып қатын, тыным таппай тоқал жүр.

— Ана ботаны жайластырып сал! — деп Тұяқбай байдың ат үстінен ақырған әмірі Бибігүлге бүйірылды. Жаңа аяқтанып келе жатқан жас ботаға, екі көзі тостағандай нар ботаға, бір кісінің шамасы келу де қын. Сейтсе де күдайдан, байдың бүйірығынан күшті ємес; Бибігүл ботаны жығып, жабуға орап, түйенің үстіне көтеріп сала бергенде бота жерге торс етті. Бірақ, балдырған сүйек жас ботаның ештеңесі кеткен жок. Ештеңесі кеткен-кетпегеніне қараған да жок:

— Қыпшақ біткеннің бәрі кас, сен де Қалмандай қастық қыласың, сен қыпшақтардан-ақ өлетін болдым-ау! — деп Тұяқбай бай жерде жатқан бір казықпен тас төбеге салып кеткенде Бибігүл бірден күлады.

Ол құлап, басынаң, қолаң шаштың астынан қара қан ағып жата берсін. Онымен ешкімнің ісі болған жок, бойлайын десе де мұрсаты болған жок. Басына жастық, аузы-

на сусын болатын кісі табылған жок. Сөйтіп жатқанда жүк артылып болып, бір түйеге ботаны, бір түйеге Бибігүлді салып көш жөнеліп кетті. Қөшті апарып қондыруды Қалманға тапсырып, бай бошалаған түйелерінің сонынан, торы жорғасын тенсeltіп жүріп кетті.

Бибігүл талмаусып жүре алмады.

Жайын сұраған Қалманға айтты:

— Мен көш жөнекей өліп те кетермін. Халім азайды, қөшті осы жерге токтат, уйді қондыр, ағайын-туған сүйегім ағам едің, қорлықта жүрген мұндасым едің!—деп жалынды, жалынышты ақтық сөздерін әрең айтты.

Көш баратын жеріне жетпей қонды... Бай келіп:

— Бұл жерге неге қондың?—деп ат үстінен ақырды.. Қаны қарайып отырған Қалман:

— Мына соғымың жүре алмады,—деді. Бұл «соғым» деген сөзді естіп байдың бойы мұздай болды. Өмірінше катты сөзді қарсы айтып көрмеген Қалманның тіке айтуы да отка құйған түздай болды. Бай оған қарсы ештеңе демеді. Сол жүрттa 7-8 күн жатып, қыршын Бибігүлдің жазықсыз жас жаны жай тауып, кіршікесінен комағай кара жердің койнына кірді...

Осыдан бастап, Қалман мен Тұяқбайдың арасы алыста-ды. Бұндай кісімен дәмдес болып, одан жақсылық дәметуге Қалманның дәті жетпеді.

— Кетем, еншімді, акымды бер!—деді. Бұл «кетемнен» бай катты қорықты, «әнен-міне» деп алдаркатып жібермеді. Сонын өзінің еншісін, еңбегін, келгенде әкелген ешкілері мен атын да—бәрін де байда қалдырып, Қалман кара басы Тұяқбайдан 1919 жылы қашып құтылды.

Міне, бұл да оқиғаның тууына үлкен себеп болды.

VII.

Екеуі күн енкейе, Қызылқұмның қалың құмының арасындағы, кара бүйреттың жағасындағы үнірейген, көрдей азынаған тұлкі қазғанға келді. Екі атты айқастырып түйіп тастан, екеуі белсеніп түсे қалды.

Бұл екеуі Қалман мен Тұяқбай еді.

Қалманның Тұяқбайдан қашып кеткеніне 2—3 жыл болған. 1922 жылдың ноябрінің 22-сі еді.

Қалман салт атпен артына бөктөрген коржынымен сәске түс кезінде Ерсейіт қожанікіне түсे қалды. Енбек кісіге не үйретпейді. Қалман Тұяқбайда 13 жыл жалшы болып жүріп

тұрмыстың аңы-тұшысын көп татқан. Байдаң бедеулерін, асауларын үйретіп жүрген, шідер тую, өрім өру сияқтыларды үйреніп алған. Тұяқбайдан айрылғасын, осы қолының мәсекерлігін машықтап, жыртығына жамау ететін болған. Қоржындағысы—сол өзі түйген жүген, шідер еді.

Қалман үйге кіріп келсе, Ерсейіт қожаның төріне талтайып, тояттаған түйғындаған танауы таңқылып, үйген омакадай бір аумақ жерді жалғыз өзі алып, бет-аузын жұн сақал басып Тұяқбай бай отыр. Қалман:

— Бұл залымға қайдан тап болдым,—деп жаратпаса да, Тұяқбай түсіне түлкінің ажарындаған ажар беріп, қуанды да қалды, шұрқырай түсті:

— Үа, Қалманжанбысың? Денің сау, үлкен жігіт болып жүрсің бе?—деді.

— Шүкір.

— Қалманжан, мен жаңылдым, жаздым, адасқан екенмін, «алтынның қолда барда қадірі жоқ»—қадірінді білмеппін. Сен кеткен соң мұлдем қолым кесіліп қалды. Еңбегің де көп еді, қатын солай деп еді. Қарағым, үйге жүр, еншінді берейін, әрі ақ батамды берейін, үйге жүр!—деп Тұяқбай Қалманың асты-үстіне түсіп бәйек болды да қалды.

Әйткені—бұл кезде елге төңкеріс әсері тие бастаған. Әлсіздің әлдіден тендік алу ойына түсे бастаған, шет жағалап бола да бастаған. Баяғы байғұс Бибігүлдің төркіні аз аталы қыпшактықты былай қойып, басын көтеріп, Тұяқбайдан құн сұрамақшы болған. Оны Тұяқбайда құлақтанып естіген. Естігенде «қашанғыны қазып жүрген Қалман» деп ойлап, Қалманга каны қарайып, тісін қайрап, бір жағынан үкіметтен қорқып жүрген. Тұяқбайдың Қалманға жалпылдауы не оймен болса да сондықтан еді. Қалман Тұяқбайдың не оймен жылмандап отырғанын айыра алмай үндемей отыр еді.

— Бар, шырағым, байекең «батамды берем» деп шақырғасын, барғаның макұл. Азды-көпті бергенін алғаның мақұл,—деп Ерсейіт қожа да бір жағынан камшы бола кетті.

— Барайын,—деді Қалман.

Екеуі тұс ауа Тұяқбайдықіне келді. Үйге келгесін де Қалманға бай «қарағым» деді, бәйбіше «шырағым» деді. Сөйтіп үй іші тегіс көңілді болғасын Қалман да сенді. Көңіліндегі күдігін сенімі женді: өз үйіндей жайрандалап өзіне өзі келді. Не айтса соған көнді. Бәйбіше олар келісімен күрт катқан көжені ысытып берді. Ішіп отырып Тұяқбай:

—Апырай, ертеңгісін бүйратақ бір тұлкі індепіп, әрі бері қазып ала алмай кетіп едім, ертеңге дейін шығып кетеді-ау, —деді.

Бір сенгесін шынымен сенген ақ көңіл Қалман ыңғайына барып:

— Ендеше екеуміз барып кешке дейін қазып әкелейік,—деді.

— Өзім де соны ойлап айтып отырғаным фой,—деп Тұяқбай тағы жылмандаған түсті. Екеудің кіші бесінде аттарына міне салып, қолдарына бір кетпен алып, тұлкі қазғанға жүріп кетті.

Екеуінің ойда жоқ жерден кездесіп, әлгі түсіп жатқандары сол еді.

Қалман аттан түсісімен, аттарды анадай жерге түйіп тастап, шапанын шешіп тастап, екі қолды сыйбанып, кетпендей қолға алып, шалбаршаң ін қазғанға секіріп түсе қалды. Ін бұрын белден қазылған екен, одан әрі тереңдеп Қалман қаза бастады. Мұндай жұмыс Қалманға жұмыс па? Топырақты түйдегімен лактырды. Қаза-қаза кісі бойы қолусының қып тереңдепті. Тап сол кезде күн ұсына жақында, көзінің нұры қашты, төңіректі құнгірт бұлт басты, теріскейден ызғарлы жел теріс соғып, шөп бұтанаң басын ызындаатты. Бейнебір табиғат қара салынған катынның, қайғылы жүректің қасіретті күйін тартты. Бейнебір ызғарлы жел аят оқып үшіріп сұық қолымен шымшып алып Қалманның үстіне топырақ салды.

Ін тереңдеді. Онымен де тұлкі көрінбеді. Бір соқыр ін пайда болып, өл жоғары кетті. Оған Тұяқбай селеу жұлып беріп тықтырды. Тұяқбай үстінен төніп тұрып:

— Тазы жіберейік, енді інді үнгі,—деді. Оның ол айтқанын Қалман екі қылмады.

— Енді кетпенді маған бер, мына шыбықты алып інді шұқы, тұлкі жақын ба екен?—деді. Қалман кетпенді Тұяқбайға беріп, шыбықты қолынан алып, інді шұқып, қайта басын көтере бергенде:

— Сен қыпшақтан-ақ өлдім фой!—деп Тұяқбай кетпенмен керіліп тұрып басқа салып кетті. Кетпен 3—4 тигенде Қалманның басы 3—4 жерден жарылып, есінен танып құлап кетті. Қалман жығылған соң:

— Бәлем күл, өз көрінді өзіце қаздырдым ба?—деп шақшасын кетпенге қағып, насыбай атып, демін бір алды. Сөйтті де өзі інгे түсіп Қалманның басын үнгірге тығып, бір колын ілгері, бір қолын кейін жіберіп ұзыннан салды. Батырга да жан керек, кісі өлтіріп жату онай болсын ба? Жауши-жәлем, аяқ жағын топыракпен көме салып. Қалманның атын жетегіне алғып, шапанын артына бектеріп, кетпенді беліне қыстырып, ымырттатып Тұяқбай үйіне қайтты...

Еңбекпен шынықкан еңбекшінің жаны сіріден де берік емес пе? Қалманның жаны шықпаған екен. Бір кезде Қалман оянды. Үстін бірдене басып-жанышып, өкпесін сығып, тынысын тарылтып барады. Басы қаңғырып ауырып барады... Қөпке дейін не екенін білмеді. Түс көріп бастығырылып жатырмын ба екенмін-деді. Ешиәрсені ойлап, ой жүгіртуге шамасы келмей әрі-бері жатып, бір кезде өзіне өзі келді. Қөрген-білгені ақырындалп бір-бірлеп есіне енді. Тұяқбайдың кетпенді сілтегені, ондағы шекесінің дың ете қалғаны есіне түсті... Бұрынғыдан да гөрі тынысы кенин түсті. Кеудесі мен басын кимылдатқан сайын бос топырак ақырындалп астына түсті. Сөйтіп, жан дәрмен бір-екі сағаттай жанымен алысып, топыракпен арпалысып жатып, тәлтіректен түрегеліп іннен шыкты. Сыртка шықканда көзі қарауытып, дүние шайкалып тенселіп бара жатқандай болды. Окиганың бас-аяғын тегіс тексеріп тұрмаса да, мәнісіне жана қанда. Баяғы өлім халінде жатқан Бибігүл көзіне елестеді.

Жаңа аяктанған жас ботадай аяғын апыл-тапыл басып, Қалман батыска қарай жүрді. Жүргенмен кайда бара жатқанын анық білмеді. Қарайған бұта көрінсе, Тұяқбай емес пе екен деп көңіліне коркыныш кірлі. Әйтеуір оның ауылынан басқа жақ шығар деп жүріп келеді. Келе—келе бір үрген ит дауысымен бір ауылға таң ата келді.

Ауыл адамдары караса, бет-аузы кап-кан, үсті-басы шаншаң бір жан.

- Уа, жаным, неткен жансың?
- Сұрамаңыз, бір сорлы болған жанмын.
- Кімдікін іздейсін?
- Әлмұқандікін.

Одан әрі сөйлесіп тұруға ауыл адамдарының дәті жетпеді. Адам баласы аяғандай қалпы жүрттың батылын барғызбады. Ол ауыл түйемен Әлмұқандікіне, Әлмұқандікі Әлмендікіне апарып салды. Әлмендікіне барып Қалман ыңыранып жатып алды.

Әлмен Қалманның көніл таныс адамы еді. Әлмендікі болатком ағасының ауылдының қасында екен. Әлмен болысқа айтады. Сол 22-жыл 23 науябрь күні болыс протокол жасайды. Сол жерде аудандық сот бар екен, протоколды соған жолдайын деп жатқанда болыстың есігін ашып сәлем беріп, сұры қашып Тұяқбай кіріп келді.

Тұяқбай ерте ерте тұрып «соғымын» көріп, көңілін жайландырып қайтайын деп, атына мініп тұлкі қазғанға барса, Қалман жоқ, кетіп қалыпты... Сасқанынан болысқа қарай шапқаны екен.

— Е, байеке, жайшылық па?

— Несі жай болсын, отын қазайын деп кетпенмен қырғашықсам, Шатығұлов Қалман деген қаракшы залым, бір шұқырда қатынымды зорлап басып жатыр екен. Ашуланып кетпенмен бір ұрып едім, астына төселген шапаны мен мініп жүрген атын тастай қашты. Мінекей шапаны, әнекей аты! Таксыр осыған жолыңызды істеп, зорлықшыл залымнан забірімді алып берсеңіз екен,—деді Тұяқбай.

Болатком ағасы оған да протокол жасады. Екі протоколды да сол күні аудандық сотка тапсырды.

Тұяқбай бұны естіп сотка шапты.

Аудандық сотымыз—Қайыпназар деген азамат еді.

— Отағасы, жоғары шық!

— Қарағым, аман ба?

— Шүкір, байеке, жайшылық па?

— Несі жайшылық болсын? Өздерің секілді атқа мінген азамат інілеріне арқа сүйеп, ағаң осындей бір істі істеп тастады... Осылай да осылай еді, ендігісін өзің біл, бәріміз бір атанаң баласы едік, менікі—сенікі еді, сенікі—менікі еді. Қалман құсаған қышакқа қор қылма! Маған өзің казы, өзің кожа бол,—деп жалынып Тұяқбай бай барын сот інісінің алдына салды.

— Отағасы, саспа!—деді сотымыз. Тұяқбайдың колын алып, ырза қылып аттандырды.

Тұяқбай анын аулаң, шаруасын жайлап жүре берді. Сотта бұлк етпестен, екі протоколды бүктеп қойып, өз күнін өзі көре берді...

Калман Әлмендікінде іріп-шіріп екі айдай ауырып жатып әрек жазылды. Шекесінен шетінеп түскен екі сүйекті қалтасына салып, бұл соттан күдерін үзіп:

— «Тұғанды би» тексермесе де, «туғансыз бір би» табылар,—деп ауылына қайтты.

VIII.

Одан 4 ай өткен. Қыстың ызғары қайтып, жаз нышана женіп, күн шарықтап жоғары шығып, өткір қызу сәулесімен жердің бетін үялтып, терлетіп-тепшітіп тұрған марттың (наурыздың) бас кезі еді. Тұяқбай түн катып, күн катып, қосшы-қолаңымен Жезакқа келді. Қарны ашып отырған қасқырдай Тұяқбайды Жезак қаласы құшағын жайып, қойнын ашып қабыл алды. Кол кусырып, «кош келді» дегендей болды. Қосшы-қолаңын, айдаған малдарын басқа пәтерге түсіріп, өзі Жақып деген азаматтың үйіне барып түсе қалды. Жуанның-жіңішкеріп, жіңішкенің үзілуге тақалып тұрған шағы болғандықтан ба, болмаса Тұяқбай сияқты баймен таныс болуды теріс көрмегендік пе, эйтеуір Жақып үйіне келген қонаққа қөңілсіз болған жок. Төрінен, төрт қабат көрпенің үстінен орын берді.

Жақып сол уездік каладағы оқыған қазақ азаматтарын біледі, беделдісінін біреуі жауапты орында қызмет етеді. Тұяқбаймен жұз таныстығы болмаса, ішкі таныстығы жок еді. Тұяқбай аман-саудан кейін-ақ, әлде келгенімді жаратпай қала ма, деген кісіше қалтасынан соттың беріп жіберген хатын Жақыпка ұстата берді. Оқып қараса ішінде жазылған сөзі мынау екен:

«Күрматлу Жақып жолdas! Көп-көп дүғай сәлемнің мәбағдында айтар сөзіміз ушбу дүр: мынау Тұяқбай деген ағанды саған жібердім, таныс болуына жарайтын, біздің Қызылдағы елдің инабатты, беделді, колы ашық, адамшылығы мол ақсақалдың бірі. Өзінің үлкен жұмысы бар, оны өзінен қанарсын, ісін өз колыңа аларсын. Тұяқбай қолыңда тұрғанда Қызылдың елін уысында деп білгейсің. Елге келетін жұмыс болса, бұл жағы менің міндетімде болар.

Ел күйлі, соғым семіз... Қош, ағаң Қайыпназар».

Бұл кішкене хатты Жақып ішінен оқыды да, төс калтасына тыға салды. Бет-ажарын оған өзгерте қойған жок. Жүргіне қандай әсер еткенін сыртына шығара қойған жок. Өйткені Жақып жас жігіт болса да бас жігіт, лауазым мен оқуға мас жігіт, әңгімені көп көрген ку жігіт.

— Ақсақал шешініп, жайланаң отырыңыз! — деді де ана жакқа кетіп, шай-су беру жайында келіншегіне бірдемелер сыйырлап жатты...

Келгенде Тұяқбай тегіндікпен келген жок еді.

Қалман елінде бірсызыра қанғырып журіп, Түркістанға келген. Ондағы З. аудандық сотқа арыз берді. Арызымен кося басынан түскен екі сүйекті де берді. Екі сүйек қағазға оралып, 23-жыл 14 февральдан бастап «Делоның» арасында тұншықты. Сот ол арызды сол Түркістандағы 2-аудандық тергеушіге берді. Тергеуші жан-жакқа повестка жазып, өзінше іс жүргізіп әуреленіп жатты.

Әлкисса—енді баяғы еніреген екі протоколға келсек, олар да қарап жата алмады. Қалманның қанғырып Түркістан барып, арыз беріп жүргенін естіп, әлгі екі протоколды Жезақтағы З-аудандық тергеушіге жіберген еді. Тергеуші протоколдың түрін көріп шошып кетті. Жалма-жан істі ходқа жіберді. Қағаз үстіне қағаз, повестка үстіне повестка жазды. Айыпкер-майыпкерлерді шақырды. Елде әңгіме көтерілді.

— Повесткенде кесеміз, — деп бір жағынан ауылнай болыстар дінкілдеп мазаны алды. Сонымен сот екеуі кенесіп, Тұяқбайдың Жезаққа жол журіп кеткені еді. Жақыпқа келгені, Жезақтан Жақыпты тандап тапқаны—Жақып басқа жылмандығының үстіне уездік ел билеу бөлімінің бастығы Қантөремен тамыр-таныс еді.

...Жақып пен Тұяқбай Қантөрені қонаққа шақырды. Қонақтық үшін шабылды, шаншылды. Қазан-қазан ет асылды, бөтелкелер алынды. Қурен-қурен сөйленеді. «Алыңыз-алыңыз» «есендікке, саулыққа» делінді.

— Бұйымтаймыз осы... осылай да осылай, осыны өзің бірдеме қыл!—десті Қантөреке.

— Құр аяққа бата жүрмес деген, шырағым!—деп Тұяқбай бір жағынан ниетін түсіндірді. Бұл жерге келгенде көлті көрген Қантөре:

— Сак болмаса болмайды, ретің табу керек,—деді.

— Ой тәңірі, жалғыз көргеніміз бұл ма? Мен ретін таптым,—деп Жақып батыршылық етті.

— Қалай?

— Не қалайы бар, миң менің жесірлік жирен атымды сатып алған болып ал; байекеңнен өзім ала жатармын,— деп жылмаңдатты Жақып. Сонымен олар келісті. Келіскеңі сол—Жақыптың жирен атын 600 сомға сатып алған қылыш Кантөре алды. Түякбайлан жирен ат үшін Жақып бір түйе, бір семіз бие алды. Устіне дег бірнеше үйткен койды тағы алды. Кантөре жирен аттын көзін милиция отрядындағы торы атка алмастырып жіберді. Осылайша алыс-беріс те бірсыпыра шырмауық болып ізін бүркелі...

Булардың бүтін жатқанымен жұмысы жок. З-тергеуші Жұмаділда өз жұмысын істей берді. Түякбайдың Жезакта жүргенін естіп, түрмеге жауып тастанды. Тағы басқаларын іздеп, тергеуді қыздыра берді.

23-жыл 15 март еді. Құн шуак. Жұрттың көnlі шат еді.

«Шақырады» дегесін тергеушіміз Жұмаділда Кантөре-
ге барды.

— Бабас улы Түякбайды босат!—деді.

— Неге? Оның қылмысы күшті. Тергеу жақсы бара жатыр. Оны босатуға мүмкіндік жок.

— Не болса о болсын. Босат деген сон босат!

— Болмайды.

— Болмасаң мен де болмаймын. Сен оны босатпасан, мен сені орнынан босатамын.

Сонымен Жұмаділданың жағы байланып, сөзі қыскар-
ды. Сол 15-март күні Түякбайды түрмеден кепілге босатты.

Жұмаділда женіллі. Түякбайды босатарын босатса да, қарап отыра алмады. Жақып пен Кантөреден көрген жәбі-
рін айтып, олардың пара, қылмыстарын айтып, Самаркан-
ның облыстық мемлекет прокурорына шағым арыз жазып жіберді. Прокурор арызды облыстық аға тергеушіге берді.
Аға тергеуші ашуланды. 9-майда қаулы қылыш, ол істі тер-
геуді Жезактағы 1-участка тергеушісіне жіберді.

— 1-тергеуші орыс еді.—Қазақ азаматтарының осы са-
сық әдеттері құрысын да!—деп катуланып, кабағын түйіп,
іске шындал кірісті. Жұмаділдағы істі алды. Өзінен
жауап алды. Сол 23-жылдың 23-майынан бастап істі ходқа

жіберді. Жирен ат жағын да, сүйектер жағын да—бәрін де қабатынан тексерді. Ешбір азаматпен тіл катпады. Босаңдықты былай тастады. Милицияларға бұйрық үстіне бұйрық берді, повестка үстіне повестка жазды, қағазды қарша жаудырды. Июль ішінде Түркістанның 2-тергеушісіндегі істі алдырды. Ондағы бастан түскен егізсүйекке еніреп көрісті. Сүйектердің сыртынан қапталған қағаз бұрынғыдан да қалыңдай түсті.

Бастығы Бабасов Тұяқбай қылып, қосшысы Қантөре мен Жақып қылып қамай отырып, 5 айға бет бергенде, сол 23-жыл 13 октябрьде тергеуді түгесті. Айыптау қорытындысын Самарқан облыстық сотына жіберді.

Ендігі кезек соттарға келіп, істін созылуына солар себеп болды.

Облыстық сот қорытындыны бекітті. Бұндай істі көрнекті жұмыс қылып бітірмекші болып сол 23-жылы ноябрь ішінде—яғни оқиғаның болғанына жыл тәулік болғанына бір жыл толғанда, Жезакқа көшпелі сессия (көшпелі сот) жіберді. Келе істі қолға алды, қолға алғанда мол алды. Көшпелі соттың даңқы жер жарды. Қылмыстылар дірр етті. Ел іші қым-киғаш шабуыл болды. Бір-біріне ұран салды. «Ағайын, карында» деп айқай салды.

Сот күруды 24-жыл 10 февральға тағайындал, жанжаққа тығыз бұйрық пен бір-бір жапырақ повестка жазды. Айтылған күнге шақырылған 20-30 адамның көбі келмеді. Іс екінші рет 15-мартқа тағайындалды.

Бұйрық та—бұйрық, повестка да—повестка...

Айтылған 15-мартқа сот ашылды. Біреу ауырып қалыпты, біреудің басының сақинасы ұстап қалыпты, біреу қала-шығып кетіпті, біреудің кайда екені де белгісіз... Әйтеуір ауылнай-болыстардан адам орнына бір-бір жапырақ қағаз келіпти.

— Ендеше 5-майға «отложить» десті...

Бірақ, оған да келмеді. Сот құрылмады. Сот шаршап, Тұяқбайды подпискамен босатты. Өздері қайта көшті. Тұяқбай аман-есен босанып алып, еліне келіп мерейі өсті.

Сөйтіп жүргендे оқиғаның болған жерінің болысы Сырдария облысына қарады. 24-жылдың 15 майында Са-

марқан соты істі Сырдария сотына жіберді. Бұл сот та істі бірнеше «назначить» етіп қарады. Бірақ, аяғы өңкей «отложить»-пен тарады. Сырдың облсоты губсот болды. О да сөйтті. 25-жылы бір рауаятпен бұл іс Ташкент оралып та кайтты. Міне сол 25-жылдан бастап сот та, іс те шаршап демін алды. Жылына бір рет «отложильпен» ақырындан аяндал ілгері жылжи берді. Мандайын бүрмастан, еш жерде сүрініп мұдірместен жүріп отырып, 1929-жылға аман-есен келіп жетті. Тұяқбайлар тіпті ұмытып та кетті. Сырлы сүйектің сырның басы Совет үкіметінен бұрын туып тұрып, соттардың салқамдығынан, үкіметпен үзенгі қағысып осылайша аяндай берді.

Әлде күр қалмайын деді ме? Әлде сол жылы «Еңбекші Қазақ» газетінде басылғаны қамшы болды ма? Әйтеуір ойда жоқ жерден осы қалың іске 29-жылы февраль ішінде Қазақстан жоғарғы сотының алқасы бақылау ретінде тап болды.

- Бұл іс неткен қалың іс?
- Бұл іші кепкен іс.
- Қашанғы іс?
- Тәнкерістен екі жас үлкен іс
- Астағыпрыалла!

Шошып кетіп, шындалы барады. Шамданда, қаһарланланды, қабағынан қар жауды. Шынын айтқанда үялды. Үялғанда пролетариат тобынан, жалшылар жағынан үялды. Үялмады, корыкты. Қарап жіберіп қаулы қылды:

— ...Бұл іс Қызылорда окрсотына берілсін, бір срок ішінде карасын. Орында масаң олай да, бұлай болсын. 24-жылдан бері бітірмей жүрген соттар — бәрі де жазалы болсын...—деді.

Ендігі сын Қызылорда окрсотында қалды. Алдыңғы карқынға іс қайта мінді. Начальник милицияларға:

— Өлсе—өзін, тірі болса—көзін алып кел!—деген бүйіркіттар будақ-будақ борап жатты.

Сонымен сентябрьдің сегізінде сот болды. Кейбіреулер бар болса да жоқ болды. Қалай да сот ісін аяктады. Бұны көрген кейбіреулер жалшыларға той қыл деді.

Сот үкімінде Тұяқбай, Қантөрелерге 10 жылдан, Жақып сияқты жалмауыздарға 3 жылдан үкім кесілді. Бірақ

не керек ана кешірім, мына кешірім, бәрін де ескеру кепрек, сонымен жаза жок болды. Қалманның қақы тақырыпты «өткен өтті, қалған салауат» деді. Қалманның басынан басынан емес-ау шекесінен екі сүйек түскен кездегі есалан болып жүретін кезі бар. Сол кезде 75 процент денсаулығын жойған екен. Сол кезге айна 14 сомнан өндіріп бермекші болды. Әйтеуір Қалман аяқсыз қалмады. Тұяқбайдан теңдігін алды...

Міне, Қалман үш күн үдайынан түрме халқына жыр қылып осы әнгімені айтты.

Төбеден түскен сүйектің әңгімесіне түрмедегілердің таңданбағаны жок. Бірсыпрыасы:

— Ойпырмай!—десті. Бірсыпрыасы:

— Бұл не деген атаңа нәлет еді, бұл не деген қан ішер залым еді,—десті. Кейбіреулері:

— Байдан бұзық адам дүниеде кім болады, — десті. Әйтеуір бәрі де өздерінше байға бар пәлені үйіп төкті. Шынын айтқанда бәрі де байға дүшпан болып шықты. Өздері түрмеге түспей отырған ап-адал кісіше кейбіреулері:

— Ондай қанішер байларды жактаған Жақып сияқтыларды, оған салак караған соттарды әлі күнге өртеп жібермей жүрген Кеңес үкіметінің де кешірімі кең-ак ғой,— деп оларға берілген жазаға тоймай қалысты.

— Рас,—деді Ақмырза аксакал, —рас, бұл бай деген-нен мейрімсіз, кара жүрек адам болмайды. Бұл жерде жа-сыратын ештеңе жок, бұзықтықты менен көп істегендерің кем шығар. Мен үрлықтың неше атасының ұлын істедім. Жан қысылған жерде найзаның үшін да қандап журдік, ат үстінен үрысып талайларды аттан түсіріп кетіп журдік. Талайлардың жел жетпесін мініп, жесірлік шал-құйрыкта-рын жетелеп те келіп журдік. Талайларды ай далада жаяу қалдырып, жарлының жалғызына дейін жалмап-жұтып журдік. Біз осыларды істегендеге тун қатып, түсіміз қашып енбектеніп істейтін едік. Найзаласқанда, сабаласқанда өзі-мізді қорғау үшін амалсыздан істейтін едік, өзімізге қын-шылық келмеген жерде ешкімге қастық ойламайтын едік. Іздейтініміз мал еді. Шынын айтқанда бізді үрлыққа үй-реткен де байлар еді. Баяғыда жас кезімізде, — деп бір сөзді аксақал бастағысы келді де, насыбай атты.

Қалманнан бұрын жұрт әңгіме тыңдағысы келгенде ақсақалдың аузын бағатын. Өйткені ақсақалдың әңгімесінің көбі—жұрттың қайратын арттырып, жігерін қоздырып, ерлігін өсіріп жіберетін әңгімелер болып келеді. Бұл ретте де, сондай әңгімені күткендей жұрт тегіс құлак қойды.

— Баяғыда жас кезімде салқам өскен сал жігіт болым. Бозбалалықтың буымен, жігіттіктің мастығымен үрлыққа қалай кіріскеңімді білмей де қалым. Мына Шалқар төңірегіндегі шектіде Бердібек деген бай болды. Өзі азулы атаның баласы, туу дегенде түкірігі жерге түспейді. Айтқаның күшпен де, іспен де, арамдық, еппен де істейді. Бір жағынан Бердібек байлық пен салтанатты қабатынан келтірген кісі. Актылы фой, алалы жылқы дегеннің төс айыр, бір туған, шал құйрық, аруана—комы астаудай түйе дегендерің сонда болды. Сегіз қанат ақ үй, бес қанат ас үйінің іші бау-басқұр, кілем-көрпе, крестеп жиналған жүк. Өңкей сырлаған сандық, оюлаған кебеже, сүйектеген кровать, саба аяқ, сықырлауық, ең аяғы піскегінің басына дейін, шемішінің сабына дейін оюлап, сырлап тастаған —осылардың барлығы соның үйінен табылады. Құмістеген ер-тұрман, шашакты шақша, үкілі домбыра —о да содан табылатын еді. Сол Бердібектің біріне-бірі тете өскен үкідей уш қызы бар еді. Ұмытпасам соның үлкен қызының аты Ұмсындық еді. Ұмсындық керім кербез еді. Сұлулығынан, оның кербездігінен тазалығы, сөзге ұсталығы, әзілге шеберлігі артық еді. Киім, моншак, не тілегені табылып тұрса да, мәдайы терлеп, күнге күйіп, жаны қиналып жұмыс істемесе, жұрттың бері оны қошеметтесе, жақсы көрінбейтін, сұлу көрінбейтін қыз болмайтын көрінеді фой. Қайта үлкенінен де ортанышы сұлу еді, ілкі кезде оған жұрттың көзі түсе қойған жок еді.

Ұмсындықтан өтіп жұрт оған ұмтылған жок. «Мен жігітпін» дегендердің Ұмсындықтан үміт етіп, қолынан бір шай ішпегені заманында кем болған шығар. Нагашыма қатынап жүріп, жолым түсіп бір рет түскенмін. Содан бұл үйге таныс болып кеттім, жоқты сылтау қылып барғыштап жүргенім—сол Ұмсындық. Апурмай, жас кезде адам дегенде ес болсайши!

Бердібек те, оның қатыны Қаныш та кең пейілді-ақ. «Неге келдің, не қып жүрсін» деген оларда болмайды. Бүгін жаттың, ертең жаттың—ауырламайды. Сөйтіп қыл-

жактап жүріп ол үйде ай бойына, апта бойына жатып кететін болдым. Жатканда атынды жүгенін сыпрып алып жылқысына қоя бересін, оның бір бедеу байталын мініп аласын. Жылқыдан атынды ұры алар деп ойыңа да келтірмейсін. Өйткені Бердібектің маңынан ұры жүре алмайды. Байқамай бір ұрынын құрығы Бердібектің жылқысына тусе койса, тігерге түяқ қалдырмай оны шауып алады. Әмірде оған тендік бермейді. Бердібектің қызына қылжақтап жүретін жігіт жалғыз мен емес, толып жатыр. Бәрінде ауырламайды. Олар не қылған жігіт деп тексеретін біз емес, әйтеуір жата береміз.

Бір куні сәскеде жылқы құлап, бие байлап жатқан кезле Бердібектің үлкен отауынан шай ішіп болып насыбай атып, келіндерімен акты-көктіні оттап қалжындастып отырғанымызда:

— Бай шакырады,—деген соң сыртқа шықсак, бай үй артындағы дөннің үстінде, сақал, мұртын тараң жалғыз отыр екен. Алдымен Төрәлі деген жігіт пен екеуміз бардық. Төрәлі де мен сияқты Ұмындыққа қылжақтап жүрген. Жалғыз басты сүркия жігіт, екеуміз барған соң, тағы бір екі жігіт келді. Ауылдың адамынан біреуі де жоқ. Азырак отырған соң, Бердібек айтты: Ақмырза, сен білмесен білмейтін шығарсың, бұл жақтың жерін мына Төрелі жақсы біледі. Мына Мұғалжар тауының аржағында Жем деген кала бар, оның аржағында Ойыл бар. Сол Ойылдың бойында Қалмаққырған деген жерде шүрен деген ел бар. Осы жерден жүріп кеткен кісіге, аты жарамды болса, екі қонып үшіншіге жай жетеді. Сол елде Құлбатыр деген бай бар. Баяғыда сонымен құда боламыз деп араласып жүріп аяғында келісе алмай айрылғанбыз. Сол Құлбатырда бір жылқымның дерегі кетті, соның келіні түскенде көрімдікке балалар берген екен. Одан соң айрылып кетті. Эркіннен сәлем айтсам, жөнді жауап бермейді. Соған қатты намысташып журмін, қайтіп кегімді аларға білмей журмін. Егер ренжімесендер, соған жұмсайын деп едім,—деп қарап отыр.

Мен ондайды машық қылмағандығымнан ба, не дерге білмей үндеген жоқ едім. Төрәлі тұрып—Е, оның несі бар? Ақмырзамен екеуміз барамыз да, бір айғыр үйірін айдаймыз да келеміз,—деді.

— Ендеше сөйте койындар. Төрәлі мен екеуін қастарыңа тағы бір-екі жігіт ертіп барып барымта алып келсендер, аяғын көре жатармыз,—деді.

Төрәлі әлгідей дегесін, бай мынадай деп отырғасын, мен бармаймын деп айта алмадым. Бердібек үлкен үйіне ертіп келіп қымыз берді. Ұмындықтың шашакты шақшасын сұрап алып бәріміз насыбай аттық.

Төртеуміз төрт атты байлап мініп, сол күні қонаға жүріп кеттік. Кетерде Бердібек:—Білсе барымта дерсіндер, білмесе ештеңе демей-ақ койыңыз!—деді, не болса, о болсын, жауабын Бердібек береді, бізге бәрібір. Үшінші қонаға барып жеттік. Бір торып, жылқысының өрісін біліп алып, төртінші қонаға жылқыға тидік. Жылқышыны найзамен киімнен шабақтап түсіріп таstadtық та, бір айғыр үйірі жылқысын айдадық та журе бердік.

Соңынан жылқының кеткен жақтарымен құғыншы келіп еді, Бердібек маңына жолатқан жок. Жылқыны жылқысна қосып алып сіңірді де кетті.

Сол-сол екен, содан біржола Бердібекке еншілес болып кеттік. Әлгі жұмсағаны бісмілдасы екен, содан соң аттана-тын белгілі Бердібектің ұрысы болып алдық. Біз сияқтыдан 10 жігіттен кем жігіт ұстап көрген жок. Астымызда желжет-пес, колымызда көк найза, тұлқі тымак, сәнді киім. Малды қоралап аламызда келеміз, аламыз да келеміз. Бірен-сараң болмаса, көбіне тендік беріп көрген емеспіз. Өйткені көбінене малды алыстан, жарамды атқа 4 күншілік, 5 күншілік жерден әкелеміз.

Әр жылдың ыңғайына қарай, әр жылы әр жақта жайлайды. Бердібектің елі көшпелі. Кей жылы Борсықтың құмын жайлайды, кей жылы Ірғызды, кей жылы Жемнің басынан әрі өтіп, Ор бойын жайлайды. Жайлаудан кайтарда сыпрып қайтамыз.

Заманында жайлауға көшудің өзі бір қызық нәрсө еді. Оның қасында айт пен тойың қызық емес. Бір жылы Жем басынан әрі өтіп жайладық. Жемнің басы Мұғалжар тауындағы Айрықтан жоғары Қызыл адырдан шығады, аяғы Құрдым күяды. Ордың басы Аксу, Құласу, Миялы көлден шығады. Електің басы Жарықтан шығады, Ор мен Елек Жайық-

қа құяды. Міне, осы үш саланың үштасқан басы—нағыз жер шұрайы. Орқаш, Қекнұра, Бестау. Қектөбе деген жерлер болады. Қанша ел жайласада қайыспайтын кен жайлау. Ойылып жатқан бұлак, кілемдей төсөліп жатқан бетеге мен бөз, қекорай шалғын. Жатқан құлышының жамбасы жерге тимейді. Қарағанды жыра, Тобылғылы Нұра дегендерін сол жерлерде болады. Қошпелі мал бақкан елге ондай жайлыш қонысты көргеніміз жок.

Май айының аяқ кезі. Қекнұраға жетеміз деп асыға көшіп, үдере қонып келеміз. Ертең Қекнұраға жетеміз деген күні кештетіп келіп бір жерге қондық. Сусын, тамақ ішіп алдып, әрқайсымыз әр жерге ер, жүгенімізді жастанып, қекорай шалғынның үстіне жатып қалдық. Ат қағып шаршап келе жатқанында айдалада таза ауада, көк балауса шөптің үстіне көсле жатып үйқытаған үйқыдан да тәтті нәрсе жоқ шығар. Шырт үйқыда жатыр едім, «Ақмұрза, тұр, жылқы келеді, ат үстап алайық!»—деген Төрәлінің даусымен әрең ояндым. Таң алдындағы тәтті үйқымды әрен қып, көзімді зорға аштым. Торғай шырылдан, таң сарғайып әбден атыпты, жел жоқ, дүние тыптыныш. Таң кезіндегі салқын леп, көк балауса гүл жапырақтың ісі жүргегінді шайдай ашады. Ауыл жапатармағай көшіп жатыр екен, уық-керегелерін сарт-сүрт еткізіп біреулер жүгін артып жатыр, біреулер артып болып, тартуын тартып жатыр. Біреулер түйелерін тұрғызып, ауғанын басып, бұраумен бұрап жатыр. Біреулер түйелерін тіркеп, көштерін жүргізейін деп жатыр. Біреулердің шаңырақты түйесі ауып қалып, түйенің иесі боктаң, оған түйесі бақырып-шақырып, азан-қазан жүртттан қалмау үшін асығып әбігер болып жатыр, Бердібектін Қанай деген қоңсысы бар еді, біз әншейінде байдікінде қонақ болғанда сол Қанайдың үйіне барып жата беретінбіз. Сол Қанайдың Жаңыл деген келіні болды, байы бір босандau жігіт еді де, өзі жазығы жарлының келіні демесен, бет біткеннің сұлуы еді, екеуміздің көніліміз тәуір еді. Өзінің кішкене қараша үйін артып болып, байдың үйін артысып жатыр екен. Мен басымды көтеріп тұруға ерініп жатыр едім. Бір түйенің тартуын табан тіреп шалқайып тұрып, мойнын маған бұрып, дауысы саңқ етіп:

— Эй, Ақмұрза деген көк соққыр-ау, келіп жүк артысайын демейсің-ау?—деп қалжындаған сақ-сақ күлді. Жаңылдың «көк соққыр» дегені—сөзінің салуы. Оның қарғысы—

қарғам дегені. Бізге ол кезде катының қарғысы май болып жағып жүрген кезіміз. Апырмай, сондағы Жаңылдың сол қалжыны, сол жүк артып, арқан тартып тұрған күйі әлі көз алдымда елестейді де тұрады. Мына жағына қарасам таң салқынымен кой ендеп жайылып жатыр екен. Қек орай, көк майса оралып жатқан көк шөптін, гүл·бәйшешектің арасында арқалары ғана әрен көрінеді. Арасында анда-санда лак, қозылардың секіріп ойнағаны көрінеді. Оған енелерінің аузына шөп толған күйі барлығып, маңырағаны естіледі. Қек шөп белден шыққа малынған. Гүл жапырактардың бастары бейнебір меруерт·маржанға бөленген, тойға баруға жасандын дерсін.

Мен тұрып киініп бола бергенде, көште шұбап жөнеле берді. Батыс жақтағы адырдың үстінен қара жарға ұқсап қарауытып, жарланып келе жатқан жылқы да көрінді.

Шалдар, аксақалдар аттарын аркандал қалып, біреулері қозы жатып қалар деп койдың соңынан, біреулері қонаша қарауга көштен бұрын жүріп кетті. Жылқы келуін күтіп жүртта қалғандар—өңкей қыз, бозбалалар, жас жігіттер, жас келіншектер еді. Көш ұбап·шұбап қырдан аса бергенде жылқы да келді. Онаша қалған соң ойын да өзімізде, қалжың да өзімізде, әйтеуір мәз·мәйрамбыз. Жылқыдан үстап алыш қыз·келіншектердің аттарын ерттеп беріп, одан соң өз атымызды ерттеп аттанғанымызша күн көтеріліп қалды. Тойға баратын кісіше заулатып жүріп кеттік. Біріміз бен біріміз ат үстінен аударыспақ ойнап алысып, ұрып қашып, әзіл·қалжынымыз жарасып келе жатырмыз. Бұғінгінің әйелі атқа мінуді біле ме? Ұмсындықтың астында төрт аяғын тен базын тобылғы торы жорғасы бар, «шу» деп жөнелгенде тенсептіліп ала жөнеледі. Жорғасына шапқан ат ілеспейді. Аударыспақ ойнап алысқанда, жігіттің жігіті болмаса. Ұмсындықтың ат үстінен аударып ала алмайды. Бердібектің ортанышы қызының астында жөні оқтаудай, омырауы есіктей, екі құлағы қылып қойған камыстай тас төбесінде бір кет бедеу, жазығы сыйығы бар демесең, байтал деп ешкім айтатын емес. Алдыңғы аяғы аяңдал, артқы аяғы бүлкілдеп отырғанда басқаларымыз сау желіп отырамыз. Бұл қызы атқа Ұмсындықтан да мықты. Қөшпелінің қызы аттың құлағында ойнап өседі ғой.

Сөйтіп келе жатқанда, мандайымыз ауынқырап кеткен екен. Құн сәске түс болғанда, қаптаған қалың көштің бүйірінен кеп шықтық. Сол кезде құннің көзін бұлт басып, әлгі шыжып келе жатқаннан көрі салқындал, азырақ жел тұрды. Келіп бәйбі sheden жол сұрап Төрәлі маған қас қылам деген болып, Жаңылдан жолдыққа бұрышына ақша түйген бір шаршыны алды.

— Мүше-мүше!— деп шаба жөнелді, біздер жаппай қуажөнелдік. Атқа мінген кісіде мүшеге шаппаған кісі қалған жок. Көштен ауысқан тайлақ, құнанша сияқты асау түйелердің бір тазша айдал келе жатыр еді. Астында еріндікten мінген асау торы байталы бар, оның үстіне түйенің жабуын күрмел тартып мініпті. Құдайдың құдіретімен желікпесін қайтерсін, о да шаба жөнелді. Қалың көшті қақ жарып айнала шауып біреуден біреу алып қуып журміз, бір кезде әлгі тазшаның жабуы баурына кетіп, байталы тулас бір бүйріне кетті. Бір кезде байтал мөнкіп-мөнкіп баланы жықты да кетті. Біз де маспыз фой, апирмай соған біреуміз қайрылмап-пиз, қияннан жылқышы көріпті. Сол келіп байталын үстап, баланы тұрғызып, мінгізіп жібереді.

Одан соң тағы бір қыздан жолдық алып шаптық. Сөйтіп келе жатқанымызда Қекнұраға келіп те қалыппыз. Алдымен Қекнұраның биігі бұлдырап көрінді.

Одан соң баурындағы көк көрпесін жамылып, бізге қарсы сұлап жатқан бұлағы көрінді. Бұлактың аяғындағы кең жайлау көрінді, шорқынды болып ойылып жатқан көлдер көрінді, былқылдаған балқаштар көрінді, қарағанды қопалы жыралар көрінді. Алдыннан Нұраның қоңыр салқыны, самал жел есті. Айнала алысқа көз салсак, бұлақ сайын жағалай конған жайлаудың елі көрінді.

Біз де барып, сол кең жайлауға, оның мол қызығына сұңгіп кеттік... Менің айтайын деп келе жатқаным Бердібектің байлығы, салтанаты емес, оның қыздары да емес, оның жайлауға көшкен көші де емес, біздің онда журіп істеген ұрлығымыз да емес, жарлының жалғызына істеген зорлығымыз да емес. Бұлардың бәрі де әншейін бір кезегі келмеген сөз арасында айтылып барады. Бәрінен де ол ұрлығы құрсын, абыройынды төккенің болмаса, бір тынын тапкан пайдамыз жок. Одан соң қалтамандық та қылдым фой, буданда пайда көргенім жок. Өзіннен әлдекайда төмен, өз шаруасында отырған момын шаруалар, ең аяғы жалшылар—бәрі де біз-

ден озып кетті. Жігіттер, ақылдарың болса үрлыққа жолай көрмендер. Жә, бұ да тек сөзден шығып айтылып жатыр. Бәрінен де менің айтайын деп келе жатқаным әлгі Бердібек байдың бір айуандығы, шамадан артық бір бұзықтығы, жауыздығы еді.

Бердібектің білектей бес баласы бар, бәрі де шетінен қасқыр. Бәрінің де бөлек отауы бар, оның ең кішісі Кенжебек деген еді. Сол Кенже мырзаның Таразы деген келіншегі болды. Үкібас деген бір тәуір кісінің қызы еді. Қойдың тубітінен істеген аппак отауы бар. Сол Таразы тым келбетті, келісті кісі болды. Дұрысын айтканда, заманындағы бір сұлу еді. Түскеніне екі жыл болды. Оның байы Кенжебек байдың кенжесі демесен жібі босаң, бір ақылсыз айланкес еді. Байқаймыз Таразының Кенжебекке тақымы толмайды, менсінбейді. Бердібекті аяғына басып тастап та кете алмайды. Эрқаймыз дәмеленіп қырындап қарасақ та, біреумізді маңына дарытпайды.

Бердібектің 5-6 жылдан бері келе жатқан Жәңгір деген сенімді, кайратты жылқышы болды. Жылқы баласының неше түрлі тілін біледі. Бердібектің мынға тарта жылқысының бәрін де түстеп біледі. Қашағандарды, жүген-құрық тимегендерді, нелер асауларды қалай болса солай жалғыз үстайды. Құрық салып та, бұғалық салыпта, құр қол құйрығынан алып та үстайды. Аттан түсе қалып, иіріліп тұрған жылқыны жаяу аралап жүріп, үстайын деген асауын құйрықтан алып тұра қалғанда аяғы тобығынан жерге кіреді. Асау қанша шыңғырып ышқынса да аяғын жылжыта алмайды. Азырак солай шіреніп тартып тұрады да бір жағына қарай бұлқып кеп қалады. Сол кезде жылқы жерге дұрыс етеді. Бірден жүгендер мініп алады да жүре береді. Біздер неше жыл ат үстінде жүріп үрлық қылдық, ондай атқа мықтылығымыз жок.

Жәңгір онша ажарлы жігіт емес. Азырак ән салады. Ал, енді домбырамен күй тартқанда құйқылжытып жібереді. «Ақсақ құлан», «Жошы хан», «Нар идірген», «Ақша ханының керілмесі», «Балбырауын», «Ақжеленнің» 62 күйі, тағы сондай атакты ескі күйлерді тартқанда есінен танаңын. Домбыраға өзгеше жан бітеді, тіл бітіп сөйлейді. Өзі момын жуас жігіт, онша қылжақ-сұлжағынды білмейді. Сол Жәңгір әр уақыт сәскеде жылқы құлап, бие байлаған соң, Таразының отауына келіп күй тартып отыратын еді. Ешкімнің

ойында бөтен ештең жок. Сөйтсек бәріміздің қолымызға түсіре алмай жұрген ғаразымыз оның қолына түсіпті. Екеуді келістіріп көңіл қосқан екен де, адамға сездірмesten жүре өреді екен. Үйтеді екен деген кімнің ойында бар? Ол жылы жаз жаңбырлы болып, өөрсүктың құмының батыс жағындағы көлденең жатқан қара шыңың астындағы Шағанның бойын жайланаңыз. Ұз бес-алты жігіт ұрлыққа аттанып кетіп Жем аяғынан, Сағыздан, Жылойдан жылқы алып қайттық. Жазды күні спрек аттанамыз. Алсақ алыстан, сондай жерден аламыз. Шын ұрлық маусымы құзғи қара қатқақ, ұзак түн, шық шылау, бұлтты, тұманды күн ғой. Ол кезде бізде түн баласында үйкі деген болмайды.

Ұз әкелген жылқыны шыңың бір қуысына байладап тастап соқкеде ауылға келсек, бердіоек үйнің қасында ауыл адамдары шоғырланып жиналыш түр. Үстері суық, бір жаман әңгіме, хабар бар сияқты. «Әрсө өлші қалды ма, әлде?» деп үйге келсек, бет аузы қөнектей іспін кеткен, көйлек-дамсаулы алба-жұлба жыртылған Жәңгір байлаулы түр. Біз шошып кеттік. Қешегі дөмбөраны билетіп, асауларды шыңғырытып алысып, құлышадай ойнап жүрген Жәңгірдің бұлай байлаулы тұрғаны бізге тан-тамаша көрінді. Кіші отауға барсак, онда ғаразы сұлу байлаулы. Ойпырмай, жаным ашып кетті. Әірак далада мықты болғанмен байдын ауылында қолымыздан не келсін. Ұаксақ былай екен: сол күні түнде Кенжеоек үнде жок екен де, жылқыдан түнде Жәңгір келіпті. Ғаразымен айқасып жатқан жерінен үстап алыпты. Екеудің көкала қойдан қылып сабан, байладап қойған екен. Үй сыртында бердіоек ауылдың шалдарымен кенесіп отыр. Үйден қымыз ішіп шығып біз де бардық. Бердібек балалары өлтіреміз дейді. Бердіоектің өзіне салса, ат қылып кестіріп жібермек. Ауыл адамдары да, біздер де оған ыңғай бермейдік. Аяғында сауырына таңба салып, құл қылып алмақшы болды. Ұз жаратысак та, ауыл адамдары көнген соң ештепе дей алмадық. Шынына калғанда, біз де құлағы кесік құл едік. Гобылғының шоғына тайға таңба салатын темірді қыздырды. Жәңгірдің кол-аяғын байладап қойып, құлыша шыңғырып тұрып қып-қызыл болып қызған темірмен қүйдіріп сауырына шек таңба салды. Жәңгір жылап, шыңғырып жатқанда төбе құйқамыз шымырлады. Қарауға дәтіміз жетпеді, теріс қарал кетіп калдық. Мейрімейіз, кара жүрек залым екенине, барлығын да өз пайдасы үшін істетіп жүрген арам екенине әбден көзіміз жетті.

Бердібек онымен де койған жок, Таразыны отка қызырған таба темірлін үстіне отыргызып, астын карып қүйдірді. Сөйтіп екеуі де бір айттай жатып әрек жазылды. Жәңгірді құл қылып алды. Тенлік сурайтын оның ешкімі жок. Таразы сұлулы жіберетін шығар теп елік, жібермелі ,үстіне Кенжебекке тағы бір катын алып берді...

Міне, осыдан сон көбіміз Бердібектен кеттік. Ондай қара жүректе түрғымыз келмелі. Қанша малды топ-тобымен әкеліп жүрсек те, кетерде тек болғаны бір тайдан мінгізіп кайтарлы. Амал жок, кеттік. Сонымен бір айдан сон барып, Ұмыснұтықтың торы жорғасын, ортаниши қызылың кер белеуін, Бердібектің өзінің жанымен тенгерген текежаумыт тарланатын-үшеуін үрлап алып. Қызыл күмбә асып кеттім.

Ұмытпасам, соның болатыны патша түскеннен бір жыл ма, екі жыл ма бұрын еді. Совет үкіметі болғасын Жәңгір одан босаныпты. Сейтсе де одан осы кезге дейін жөнді тендерік ала алмай жүрелі екен. Бурнағы жылы конфиске болғанда, Бердібек конфиске болып. Қарқаралы кетіпті де. Жәңгір одан еншісін алып, оның үстіне Таразыны коса алып қалыпты. Откен күз отарбамен Шалкар барғанымда Жәңгір жолығып, мені таныды. Өзі шойын жолда жұмысшы екен. Пәтеріне ертіп барып конак қылды. Таразыны көрдім, үлкейіп сартабан катын болып қалыпты... Өзім неше түрлі бұзықтық істеп, талай ұрықарыға жоллас бола жүріп, бүндей кара жүректі көргенім жок. Ол жарлы-жакыбайға жоллас емес. Жігіттер, естепің болса, екі нәрсеге үйір болмандар! Бінеуі, ең перевай—бай да, екіншісі—үрлұқ. Мен 50-60 жыл өмірімде осы екеуімен те табактас болып көрдім, бірақ екеуінен де жаксылық көре алматым. Тиындал тапсан да, енбегінмен тапкан адад қасіпке жетпейді екен.

Сонымен аксакал сөзін аяқтады. Жұрт таң қалып тамсанды.

X.

Марттың ортасында жакындал қалды. Құн шарыктап жоғары шықкан, терезелен құліп кирайты. Жаксылық жакын легендей болаты. Қундіз құн соулесі құлімтеп түсіп түрғанда, түрменін терезесін шалкасынан ашып койғанда да үйге салқын кірмейті. Қоңімгітей жаз басталып қалғаны айтпай белгілі болып түр. Аз ғана уақытта-ақ үйдің ішін жаздың таза ауасы жайлап барады. Түрменің иіс-коңыс, көпшілік

жатқан бөлменің бұзылған ауасын сусыз-ақ жуып тұр. Қе-шеге шықпағанмен түрменің қорасының ішіндегі қарлардың іріп-шіріп таусылуға бет алғаны, далада қардың кетіп судың тасып жатқанын білдіріп тұр.

Түрмедегілер дағдылы әдет, дағдылы қалып пен күнін өткізіп келеді. Қалманның жатқанына да бір айдай болып қалды. Түрмеге біреу жаңадан келеді, біреу шығып тұрады. Науқан тақырыпты келіп түсіп жатқандар бастапқы кезде болса да, соңғы кезде азая түсті. Түрмедегілер көбінесе елдін хабарын түрмеге түскендерден естиді. Хабарды тұраксыз түрде әлденеше құбылтып естиді. Біреу жайшылық, жайма-шуак қылып келеді. Біреулер акырзаманды жаудырып, аспанды жерге түсіріп келеді. Осындай ала қашқан түрлі-түрлі хабардан түрмедегілердің анық қолға ұстағандары:

Елді коллектив қылып, малды ортаға салып жатыр, ту-кым жинап, оны машинамен тазалап, дәрілеп жатыр, соқа-сайманды онда жатыр, жаңадан казынадан машина мен сайман беріп, арық ағыздырды. Құн катып, түн катып онда-тып су жалдарын дұрыстап, көліктерін сұрыптаپ жазғы егіске, оны көп егуге қатты әзірленіп жатыр. Ел ішінде қап-тап жүрген өкіл, қаптап жүрген белсенділер, екпінділер. Кей байлар конфискеленген, кей байлар Қызылқұм, Қарақұмдар-ға қашып көшіп кетіп жатыр. Тұкым жинау жарлы-жақы-байларға кей жерлерде женіл, кей жерде ауыр тиген; кейбі-реулер жазықсыз күйген. Кей өкіл жаксы түсіндіріп жүрген, кей өкіл темір істікпен үй тінткен... деген хабарлар еді.

Қалманның ауылынан әлі жөнді хабар жок. Өзінің ісі, өзінің жайы тақырыпты, үй ішінің халі тақырыпты әлі анық ештеме білмейді. Жақын арада прокурор түрмені аралап кеткенде аузымен де айтып, қағазға жазып та арыз берген. Онда прокурор: «ісінді алдырып қараймыз»... деп қана кетті. Ол істі қашан алдырмак, қашан қарамақ? Қалманға о да қашық сиякты. 4-5 күн бұрын, Қалман демалыста серуенде жүргенде қақпадан сығалап, сәлемдесіп кеткен өзінің ауылы-ның бір адамды: «Таңатар қуынып кетті, сені босатуға сұра-нам деп ауданға кетті. Жазықбаевтың неге жапқанын білем деп кетті»... деген ғана қысқа-қысқа хабарын естіген. Қысқа болса да ауылда өзін жактайтын ауылдастының бар екенін біліп, әсіресе, Таңатардың шынымен қуынатынына жаксы се-ніп, жаксылық жақындал, тутіні көрінгендей-ақ қуанып қалып

еді. Таңатар Қалманға етжакын тума емес, 5-6 ата жама ағайыны еді. Қалманды я бірге туған, я немере, я шөберек ағайын, ет-бауыр жакын жок. Әуелден-әк аз болған, болса да өліп таусылған. Таңатардың Қалманмен жақын болатыны—Таңатар да жоқшылыкты көп көріп, жоқшылық басынан көп өткізіп, байлардан сокқыны көп жеген. Талай баймен айтысып, Кенес сотымен ақы өндіріп алыш, байқұлақпен көп шайқаскан. Қазір жасы 40-ка келіп қалған. Соңғы кезде жалшылыкты қойып, диканшылыкпен күнелтіп, өзімен өзі болып отыратын. Әсіресе. Қалман Түяқбаймен айтысып жүргендеге оған күэ болып, бірге айтысып, бірге куысып былтыр бір тынған. Өйткені баяғыда 22-жылы Қалман өліп-тірілетінде Элмендікінде екі айдай жатып, зрен жазылып отырған үстіне аржагынан келе жатып оған Таңатар тап болған. Қалманға жаңы ашып; «далада көр болма, ауылға жүр, аяғын көрерміз...» деп ауылға бірге алыш қайтқан. Ауылға келген соң да демдел арыз бергізіп, оның сонына түсіп аяқсыз тастатпай жүрген сол Таңатар еді. Қалман катын алғанша сонын үйінде жатып, өз үйіндей араласып кетіп еді. Сондыктан Қалман Таңатарға сенетін еді. «Таңатар куынып кетті», деген хабарға сеніп, өзіне демесін көріп қалғаны да сол еді.

Қалмандар қызыл мүйісте ойын қоюға әзірленіп жатыр еді. «Қалман катының келді!» дегенде, Қалман куанғанынан катып қалды. Ойынға дайындалып жатқандардың ішіндегі тәрбиешінің үйреткеніне басқадан гөрі алдымен түсінген Қалман мен катқан кара жігіт еді. Үрпек сары кемпір болып, Қалман бай болып, катқан кара жігіт ауылға келген төре болып ойнап жатыр еді. Тап сол кезде Қалманға сөз беріліп, байларша ұртын томпитып, кабағын карс жауып, катын мен малайларға ақыра сөйлеп жатыр еді. «Катының келді!» деген хабар оның сөзін пышакша кесті. Тұрмеде әрі тәрбиеші, әрі мұғалім Қасен деген бір жігіт бар еді. Қасен тұрмедегілерге: мен үйретейін, сіздер ойнаныздар, әрі көнілдерің көтеріледі, әрі өздеріне ермек болады... деп талай айтса да, көбі надан кісі, оған көне қоймайтын.

Бастап жана көндіріп, жана ойнайды деп жүргендеге ескілдер шығып кетіп, жаңалар келіп, тәрбиешінің ойлаған жоспарын бұзып кете беретін. Қөптен бері тәрбиеші «тағы ойнайдық» деп айтса да көндіре алмай жүрестін еді. Қалман келгесін Қалман тез көне койды да, жас жігіттер де оған сріп ойынға араласкан еді. Өйткені Қалман калаға көп катынап

Бірак Мағрипа бұл сапарда әкесінің үйіне қашпады. Тіп-тіке калаға карай қашты. Барып сottың өзіне жылап мұнын шаккысы келді. Корлық, азабын айтып, басына бостандық алғысы келді.

Жаяу кісінің жүрісі өнеге? Бірсыныра жүргенше күн сәске болып калды. Бұта-бұтаның арасымен бұға-бұға жүгіріп келе жатыр еді, бір мезгілде бүйірдегі қалың камыстың арасынан, жалғызаяқ жолмен бір атты кісі шыға келді. Бай-камай калған екен, тұп-тура жақындалап қалыпты. Мағрипа корқып кетті де, сасқанынан бір арыктың ішіне бұға калды. Әлде жау, әлде жолаушы екенін келе жаткан кісінің біле алмады. Қара басының тағы қандай кайғы-қасіретке үшірдітынын біле алмады. Өзіне өзі, алдыңғы өміріне, оның не болатынына да сене алмады. Састы, корықты, қалтырады. Бар колынан келгені бұғу, жасырынуғана болды.

Ескі арыктың етегі, жапырылған тиегі, кетілген кенересі оған сол жерде үлкен пана болды. Аждаһадай акырган Омардың дауысы, қүйектей қалың сакалы, танырайған танасы, қонектей қырық қырыс беті, тұксиген жар қабағы, талтаңдаған аяғы, колындағы қайың таяғы, күбі шелектей семіз карны, оның барлық сұық, ызғарлы денесі алдына келіп төніп тұрғандай, алbastыңдағы басып, езейін деп тұрғандай. Қүйек сакалы тұншыктырайын деп, қайың таяқ басында ойнайын деп, колаң қара шашын талдалап жұлайын деп тұрғандай, залым тырнағы бүрейін деп тұрғандай болып сезіледі.

Онан жаман бұға тұсті, қалтырай тұсті, өз денесі өзіне ауырлай тұсті. Кенеттен бұлт астынан күн шыкқандай, Мағрипа оянып кетті. Қайраттанып кетті. Батырлық, ерлік, жүректілік келді. Өйткені өзінің күтылмақшы болып қашып жүргені ойна келді. Тар жерде тал карман, кын қыстаудан шығыс табу керек екені есіне тұсті. Алдыңдағы күтылу үміті, бақытты тұрмыс, қызықты өмір елестеді.

Келе жаткан кісінің маңдайы аудыма екен, қандай пейілді кісі екен, білдейін деп, арыктың бауырын өрмелеп сығалап еді, кісі тұп-тура үстіне карай келеді. Тіпті тақалып қалыпты, бұрынғыдан жаман коркып кетті.

Бірак енді корқуға, тасаланып кашуға жол калған жок. Қалай етсе де сол кісі көрмей қалатын емес. Сонын тар жерде тапкан амалы-орнынан тұру, оған жолығу, жолығып жалбарыну, басқаға айтпа жөніце жүре бер деп жалыну

болды. Өйтпесем корлык, зорлык көрермін деп ойлады. Өйткені ол кісінің Омар емес, яки отанының де емес екенін көзі шалғаннан-ақ байқады. Ойы осы жерге келіп дәйектеді де қалтырып орынан тұрды. Арықтың кемеріне шыкты.

Мағрипа өзімен өзі канша арпалысып жатса да, келе жатқан кісі өз жайына жайбаракат келе жатыр екен. Алдынан ойда жок жерден пайда болған әйелді көріп өзі де, астындағы аты да сelt етті. Жайына келе жатқан көзі Мағрипаға қадалды. Мағрипаның да көзі біреуге я жалынып, я корқып, я елжіреп карағандай бұрынғы дағдысынша жасаурап, бұрынғысынан да мөлдіреп, кірпігін каккан сайын ортастындағы қарашығы төңкеріліп, ботакөзденіп жолаушыға сыйпatty, аянышты, сүйкімді түрде қарап тұрды. Қасына келе беріп, атының басын тежей беріп:

—Ау, жаным, неткен жансын?—деді.

Жолаушының сөзінін онша тік емес екенін байқады ма, —әлде оның әүелден-ақ айтпақшы сөзі сол ма еді, әйтеуір жолаушыға көнілді, жалынышты калыппен:

— Мен бір мұсәпір болған жанмын, мені сұрап қайтесің, аузына не бол да, жөніне жүре бер!—деді Мағрипа.

— Көп болса корлық көріп кашып келе жатқан шығарсын, менен қысылмай-ақ жөнінді айта бер. Мен де өмірімде корлықты көп көрген кісімін,—деді жолаушы. Жолаушының бұл сөзі Мағрипаға бір түрлі жылы, жайлы тиді. Сөйтсе де бірден жөнін айта қоймай, жылы шырай беріп жолаушыға карады. Караганда әлдене ойна келді.

— Аға, осы сені қайда көрдім, жүзінді шырамытқан кісі секілдімін,—деді.

— Мен де,—деді жолаушы,—әсіресе көзің маған таныс көз сияқты.

— Бәсе, — деді Мағрипа.

— Менің руым—қыпшак. Атым—Қалман,—деді.

Мағрипа күліп жіберді.

— Бұрынғы жылы өліп-тірілетін Қалман емессің бе? Мен мына Омар деген байдың тоқалы боламын.

— Я, я жана білдім! Білдім, Мағрипа екенсің ғой!—деп Қалман да күліп, торы байталдың ауыздығын алып, шылбырынан үстап, отқа қости. Қалман 22-жылдың аяғында, Түякбайдың тоқпағынан жаны қалып, Әлмендікінен Таңатар екеуі қайтып келе жатып үш күн боранда Омардікінде жатып

кетіп еді. Қалманның жайын естігенде жағасын үстамаған, оны аямаған кісі сирек болып еді. Соңда Мағрипа да аяп еді. Одан соң былтыр жазды жұні қалаға жауапқа барамын деп, Омардікіне бір қонып кетіп еді. Онда Мағрипамен аз ғана қалжындастып та еді. Соның бәрі бұл екеуінің де ойна түсті. Аттан түсіп, екеуі мән -жайларын сұрасып, бірсыпыра әнгімелесіп отырды. Қалман да сол жұмысы тақырыпты тағы қалаға бара жаткан еді, Мағрипаның бармакшы болып бара жаткан қаласы сол болып шыкты.

Мағрипаға қарағанда, Қалман көпті көрген көне, қаланың көңсерлерін, әкімдерін, түсетін пәтердің де бәрінің жайын билетін көсем болып шыкты. Сонымен Мағрипаны қалаға Қалман ала бармакшы болды. Колынан келсе, жәрдем де етпекші болды. «Отынды көтере алмаған косып арқалайды» деген, Қалман бұрынғы өз жұмысының үстіне отынды косып арқалады. Торы байтал да екеуін косып арқалады. Қалман Мағрипаны қалаға алып барды. Жезактағы өзінің бұрынғы түсіп жүрген таныс пәтеріне түсті. Ашық хат сурап сотқа арыз берді. Бірак, жұмысы бірден біте қоймай, «Ертен бір күнмен» қалада жатыр еді. Бір күні кешкे Қалман Мағрипаның қасында жантайып жатып, күлімсіреп ақырын ғана: «Макыш» деді.

Бұрын Мағрипа Қалманнан «Макыш» деген сөзді, мұндай жылы, жұмсақ үнді естіген жок еді. Сейтсе де оған Мағрипа шошыған жок. Бұда күлімсіреп, өткір кара көзінің киығымен қарап:

— Эү!—деді. Бірсыпыра уакыт тіл катыспай бір-біріне отты көздерімен күле қарап отырысты. Жүректеніп Қалман айтты:

— Тоқал болып, күн болып сен де байдан корлық көрдің. Малай болып, қул болып мен де байдан корлық көрдім, екеуміз мұндастызы. Ашуланбасаң, саған бір сөз айтайын деп едім:

— Екеуміз бірігіп байлардан тендігімізді бірге жоктасак, бірге алсак деп едім.

Сөздерінің басы осы болды да, аяғы құшактасып сүйісумен тоқтады. Сейтіп екеуі мұндастық, тілекtestік күресте денелеріне байдың салған таңбасымен, құрдастықпен қосылысты. Бірак, оған Омар бай үндеңей қойған жок. Әкімдерге кісі салып, айрып алмақшы да болды. Бір күндері Мағрипаны айрып алып, қаладағы бір сәудегерге 4 күнге кепілге қойып та журді. Үйткенімен ол кездегі Қалманның жұ-

мысы тақырыпты келіп жатқан көшпелі соттың күшінен сескеніп, Мағрипаны босатқан. Сондағы Мағрипа кепілден құтылып, Қалманға қайта косыларда бірін-бірі сағынып көрісуі, ондағы бір біріне қараған көздері екеуінің сүйіспен шілігі бұрынғыдан да күшеюі осы кезге дейін екеуінің де есінен шықпайтын...

Түрменің қызыл мүйісінен шығып, Мақышқа жолығуға келе жатып, бір-біріне көзі түскенде Қалманның есіне келгені осылар еді. Мағрипаның қасына жақындай беріп:

— Ой, көзіңнен, Мақышжанбысың?—деді Қалман. Мағрипаның көзінің күткені жалғыз осы сөздей-ақ, іркіліп түрған жастарын моншақтай қылып домалатып жіберді. Өзі Қалманды құшактап, өксіп жылап алды. Екеуі аз ғана сөйлесіп, амандықтарын білгеннен кейін Мағрипаның айтып келген хабарларын естігеннен кейін, милицияның:

— Енді уақыт болды,—деген сөзімен отырған орындарын тұрып, Қалман Мағрипаны қақпаға дейін шығарып салып, өзінің камерасына қайтты.

XI.

...Түрмедегілер Қалманнан жақсылық жана хабар ести-тіндей, төрт көзімен күтіп отыр еді. Келісімен бәрі Қалманды ортаға алды. Тұс-тұсынан сұрауды жаудыра бастады. Бір жағынан Қалманның көнілденіп, арсаландаپ күліп келгенін көріп, одан сайын ентелей түсті. Қалман алдымен олардың қайсысына, кай сұрауға жауап беруге білмей, орнына келіп отырғанша, түк сары жігіт қабағын тұкситіп, ұртын бұлти-тып, өкпелеген кісіше:

— Мен әлі, Қекенің тұжырнайымен, надзирательмен сөйлесіп, оларды көндіріп қойсам, сениң оған бармағаның не?.... —деп бір жағынан ол қысты. Жүрт сұрауын тоқтатып, әнгіменің аяғын құлкіге шаптыра, түк сарының сөзіне бұрды.

Қатқан қара тұрып:

— Бәсе, оның не?—деді.

Сақалтай тұрып:

— Оңаша кухняға апарып құмардан бір шықпас па?— деді.

Жүрттың қалжыцынан құр қалмайын деген кісіше, салмақты сөзбен ақсакал да:

— Бәрінен де сағынып келгенде келінге обал болған екен,—деп күлді. Біреу олай, біреу бұлай деп бәрі де тәтті қалжынды айтыш жатыр. Бәрі де күліп жатыр. Еңбегі босқа кеткендей түк сары әлі үртых томпитети жүр. Жұрттың қалжыны саябырлай бергенде, Қалман алдымен осы қалжынға жауап берді, бергенде жауапты ақсақалға тірер берді:

— Қелініңнің ізден жүргені сол болса, онда достығы шамалы болғаны-тагы. Ол іздесе, қайдан табылмайды? Мен аз гана уақыта оны олжа көргенім жоқ, қайта сөйлесіп мауымызды басқанды артық көрдім,—деді.

Сакалтай тұрып:

— Ой, койши!... Оны кім жек көреді дейсің? Өзіміздің еліміз қашық болып, кемпіріміз келе алмай жатыр. Егер келе койса тегіндікпен жібермес едік,—деп тағы күлкіге айналдырысы келип еді, ақсақал оның планын бұзып кетті.

— Қалжынға айтамыз, аман болса келін қайда қашар дейсің? Басқаны қойып, оның айтқан хабарын айтшы,—деді.

— Қелінің жаман хабар айтпады,—деп бастады Қалман. Бәрінің тағдыры осы хабарда тұрғандай-ақ, бірден жүрт көнілденіп, күлімсірен:

— О, не дейді?—десін ентелей түсті.

— Жаман хабар айтпады. Энеугі айтқан сөз рас екен, аз гана малымызды алып, үйімізді саттырып жібергені, өзін Тацатардың төркініне апарып салғаны рас екен. Содан соң айтканы: жақсылық болайын деп жатыр, жұртты коркытып, үркітіп жүргендерге тыйым салыш жатыр дейді. Эсіресе Мәскеуде әлгі-әлгі Ленин марқұмнан соңғы Сталин деген үлкен көсем барғон. сол газетке жазыпты дейді. Жұртты зорламаңыз депті, дейді. Сонымен осы күні ел ішінде үәкілдердің бүлдіруі азайынты. Энеугі мұғалімнің «газетке жазыпты» деп жүргені рас көрінеді. Қөшпелілерді колхоздан босатыпты. Жатақ егіншілерге, колхоздан шығамын, кіремін дегендеге ерік беріпті. Осы күні біреулер кіріп, біреулер шығып жатыр дейді. Одан соң өзінің келгені Тацатар: «Қалманды камаған себебін аштым, жақында босататын шығар. Қалаға келе берсін, бержағынан мен де барамын» деп хабар айтқан екен, сонымен келген көрінеді. Тацатар әзір келмеген көрінеді... Бұдан артық мән жайын шұқылап сұрауға уақыт болмады. Эйтеуір жаман сөз айтпады,—деді.

— Бәсеке!—десті жүрт.

— Өзіміз түрмеде жатсақ та шынын айтайыкшы, Совет үкіметі болғанға 10 шакты жылдан асып кетті, содан бері мұндайды естігеніміз жоқ еді. «Осынысы қалай?» деп өзім де таңданып жүр едім, бар бәле қаладағы үлкендерден емес, «дүмше молда дін бұзар» деп, елді үркітіп жүрген басына шәпке кигенге мәз болып, бола қалдым деп мастанып, ойна келгенін істеп жүрген ауыл, аудандағы соғылғандар ғой,— деп ақсақал дұрыс кісімсіп, билік айтып салды.

Жұрт та бұл сөзді макұлдап қалды. Науқан себепті жатқандар болсын, басқасы болсын—бәрі де Қалманың себебімен ертең босап шығатындақ болып куанысып қалды.

Жұрт сөздің аяғын байсалды әңгімеге бұрып, әлгі қалжынды ұмытқандай болсада, түк сары Қалманың қатынын сөз қылуын қоймады:

— Өзін қандай қорлықпен өмір өткіздім десен де әйелдің шандозын алышың ғой,—деді.

— Солай ма екен? Келін сұлу ма екен? — деп көптен үндең отырған ақты көз сары да сөзге қосылды. Тағы бір жаңа әңгіме шығар ма екен деген кісіше:

— Тұяқбайдан ғой бұлтыр құтылдын. Келінді қайда жүріп алып едің?—деп, ақсақал Қалманға салмақпен сұрау қойып, аналардың сөзін аяқсыз қалдырмады.

Қалман оларға Мақышты қашан алғанын, қалай алғанын, қашан балалы болғанын, алғандағы көрген, білгенін, үйлі болып өз алдына түтінін түтеткеннің қаңымға өмірден артық екенін, алайда оның мақсаттарын, қыншылық жерлерін, өзінің басынан өткен «Едігенің ескі кек» ескі жырларына байланыстырып әңгіме қылып, ол күні кешке дейін көз үйкіға кеткенше ермек қылды...

XII.

Түрме халқы тағы бір жаңа қонақты болды. Жұрттың көбі ертең-бір күн шығамыз деп жатқанда келген бұл жаңа қонақ түрмедегілерді ойға да қалдырмай қойған жоқ. Өзі ашық жүзді арсаландаған қалжыншыл жігіт. Әрі қазаша судай біледі. Түрме халқының әкесі секілді. Бәрінің де хал-жайын сұрап, не тілектерінің барлығын сұрап кетеді. Ол келгенде жұрт қойша шулап, түрлі сұрауды

жаудырады. Эр камераның сайлап қойған старостасы болады. Тәртіп бойынша жұрттың арызын жинап алғы, жалғыз сол айтуға тиісті. Алайда начальник келгенде жұрттың көбі ол тәртіпті былай қойып, әркім өз бетімен айтып кетеді. Өйткені, начальник шытырлаған ашуланшак, қылдан қия баспаймын дейтін жігіт емес. Кейде жұрттың қасына да барып, әркімге тіке жауп беріп, кейде олармен қалжындасып, жұртты қөңілдендіріп те кетеді. Кеше келіп кеткенде өзгеше қөңілдендіріп кеткен. Науқан тақырыпты жатқандарға:

— Сіздер, енді 2-3 күннен қалмай шығарыласыңдар,— деп, басқа ұсақ қылмыстыларға:

— Сіздер ұзамай шықсаныз керек,— деп жұрттың көбінен сүйінші сұрағандай болып кеткен. Содан бері жұрттың көпшілігі өзгеше қөнілді еді. Сондықтан түрме енді қауымын азайтады деп жатқанда көпшіліктің тілегіне карсы түрмені толықтыруға келген жаңа қонақтың жұртқа таңсық болмайтын, жұртты ойға қалдырмайтын орны да жоқ еді. Бір жағынан қаудыр тон, қара шекпен де емес, ұзын шапан кен қоныш та емес, сенсөң тымақ, елтірі бөрік те емес, селдір сақал, сербек мұрт емес, қаба сақал, қалың мұртта емес—келген қонақ тым сыпайы, басқа жұрттан түрі өзгеше жаңа келген кісіге жұрттың жабыла қарай қоятын жалпы дағдысы болса да, жаңа қонақты жаңағы түріне қарай жұрт бұрынғыдан бетер бағжия қойысты. Жаңа келген қонақ та есіктен кірген бойы жұрттың бәрін айнала шолып, бағжыып қарап тұрды. Бұрын бұндайларды талай көрген кісімспін жүрсе де, Қалман да бұл жаңа қонаққа, екі көзін өзгеше қадады.

Мұндай жаңа кісі келгенде бір көзін қыса қарап, мысқылдай күліп, жұрттың алдын бермейтін сақалтай бұл «құрметті» қонақ келгенде де сөздің алдын бермеді:

— Да, төре келді, төре келді! Біз де бір бөлек халықпаз. Не қып бізді бір төресіз койды деп едім-ау! Қош келдін, төре! Төрдің төбесі сенікі. Жігіттер, мына төренің киімін, төсегін салып құрмет етіндер!—деді.

«Мына сөзіне нанайын ба, нанбайын ба» деген кісішеге төре ыржыып күлген болды. Жаңа келген кісіні бұрынғы дағдысынша, түрмегілер әжуә қылайын десе де «қой-

койлап» жуытпайтын Қалман еді. Бүгін қайдан желіккенін қайдам, соның арасынша, орнынан ұшып тұрып, екі қолы төренің жағасына жабыса қалды. Қалман оған шап берген соң, үрпек сары да, қапсағай кара да тап беріп қасына барып қалды. Төре Қалманға қатуланып, асаулық қылып, жұдырығын қөтеріп алғанда, арт жағынан екі жігіт екі қолын ұстай алды. Кішкене бұлқынайын деп еді, басынан шәпкесі ұшып түсіп, көктемдегі сиырдың көк жапасынша жерде жабысып жатты. Төре енді тулай алмады. Қалманың бір қолы төренің жағасын бүріп, бір қолы көсеудей саусактарын, тарамыс-тарамыс қылыш жұмып, төреге қарай қөтеріле түсті де қайта төмендеді.

Қалман тістеніп тұрып:

— Жазықбаев деген жайсан төре сен емеспісің? — деді.

Төре жалынышты дауыс, бәсек женілдік үнмен:

— Я, мен! — деді.

— Сен болсан, мені танимысың?

— Жоқ, сен кім едің әлі? — деп Жазықбаев өтірік күлімсіреп, тұлқі әдіске салды.

— Сені жабатын жайсан осы ма? — деп акты қөз сарының қозі шатырап, шыдамсыздық қылды.

— Я, осы Жазықбаев! — деді Қалман.

— Ендеше оның жонын жазып салмай неге қарап тұрсындар, құда түсейін деп тұрсындар ма? — деп жігіттерді қайрай ақырды.

— Я, осы ма? Ендеше өзіміздің төре екен ғой, өзіміздің қөзіміз екен ғой, оған кім тисін? Жігіттер, тимендер! — деп сақалтай баяғы мыскылына салды. Жұрттың соңын ала сәйлейтін ақсақалдың әдеті, жұрт бірсыныра қарқындан алғаннан кейін тұқ сары сияқты сабырсызыдау жігіттердің жұдырығы бірлі-жарым тиіп те қалғаннан кейін:

— Балалар, тұра тұрынышы, алдымен өзін кішкене сөйлемтіп алайық! — деді. Жұрт ақсақалдың аузына қарады.

Сенен бір жәрдем болмаса деген кісіше Жазықбаев та қозі жаутандап ақсақалға қарады. Ақсақал сөзінің аяғын жалғастырды:

— Сен ғой, Жазықбаев деген төре болып шықтың?

— Я!

— Мына біздің Қалманды жапқан Жазықбаев сен екенің рас па?

— Аның есімде жоқ. Бәлки жапсам жапқан шығармын. Ауданнан, жоғарыда «жап» деген бүйрек келсе, кімді жаһшайсын? Командировкеде жүргендегі талай кісіні жаптым. Мұның қай Қалман екенін қайдаң білеін? — деп Жазықбаев тағы ғұлтарыска салды. Не көрмеген ақсақал, не асауларды үйретпеген ақсақал, не ғұлтарма сөздердің ізін кесіп көрмеген ақсақал дейсің? Төрениң сөзінің төркінін таныды, шамданайын деді:

— Балалар, мұнда әкеліп отырғызындар! Бұл Жазықбаевты босқа жазалағанша келістіріп сот құрып, аудара қарап, актара тексеріп, күнәсіне қарай жаза берейік, — деді. Дірдектетіп Жазықбаевты ақсақалдың алдына алып келді. Ақсақал сотты бастауға кірісті.

— Жазықбаев жауапкер, Қалман айыпкер, мынау айыптаушы (прокурор) деп акты көз сарыны, мынау актаушы деп сакалтайды, мына екеуі — сот орындаушысы деп үртек сары мен қапсағай қараны көрсетті. Өзінің сот екені айтпаса да белгілі болып тұрды. Қағаз, қалам сыйырламағанмен, милиция мылтық асынбағанмен сот кәдімгідей-ак басталуға айналды. Ақсақал Ақмұрза байсалды қалып-пен тергеуге кіріспекші болып:

— Кәне, Жазықбаев жайсан! — деп сұрауды бастайын деп келе жатқанда, көлденең көңілсіздеу болып отырған Қалман ресми түрде қолын көтермегенмен, ыңғаймен байқатып бірауыз сөз айтуға оқталды.

— Қалман, сен бірдене айтайын дедің бе? — деп ақсақал сұрауын үзді.

— Ия, — деді Қалман, — осы Жазықбаев жайсанды сот құрып жазаламай-ак қояйық деп едім. Бүйтіп кол күшпен өш алмай-ак қояйық, үкіметтің әділ соты өзі-ак жазасын берер. Бұл заман бұрынғы емес, бұл заман түгіл ол заманда да жауыздан теңдік алғанбыз. Оның үстіне «келген кісіні сottaуды қояйық» деп әнеуігіде өзіміз уәде қылып едік кой. «Жігіт өз төресін өзі бұзбайды» деген. Оны енді Жазықбаевка бола бұзбайық, — деді.

Жаңынан күдерін үзіп отырған Жазықбаев сelt етіп басын көтеріп алды.

«Осындағы жаман кісінің аузынан да жөнді сөз, кеңінен толғанған келісті сөз шығады екен?» деген кісіше тандаңып, бетіне жылы шырай кіріп Қалманға қарады. Одан көзін бұрып алып:

«Енді аксақал не дер екен» деген кісіше жалтандап Ақмырзаға қарады.

— Қалман, шын айтасың ба? — деді аксақал.

— Шын айтам.

— Шын айтсаң онда қойсак қояйық. «Енді қоялық» дегеніміз де рас еді. Бірақ мынаның мына қылышына ыза болғаннай қызығып кетіппін, — деді.

Ақсақал қатесін мойнына алғанда, сот құруды қоюға айналды.

— О несі! Ең болмаса өзінің істегенін өзіне істеу керек! — деп акты қөз сары өңешін созды.

— Дұрыс, ең болмаса төбесінен суық су құйып, дүре соғу керек, — деді үрпек.

— Оның үстіне айып салмаса, оған төренің өзі де ырзағой! — деді мысқылшыл сақалтай.

Әркім өзінше үкім жобасын айтқанмен, Қалман мен ақсақал ыңғай бермегесін, олардың сөзі аяқ асты болып қалды. Сот құрылмай жазадан азат болды.

— Егерде, жөн білгесіп, орысша білгесіп надзиравельге, яки начальникке айта қойсан, біздің бірлігімізге іріткі салмақшы болсаң, үлкен сотталу сонда болады, — деп Жазықбаевты шегеледі. Қалман мен ақсақалға білдірмей басқалары қорқытып ондап, бестеп ақша алысты. Ондай шығынға Жазықбаев қайғырған жок. Өйткені ол есіктен кіргенде-ақ әсіресе Қалманды көрген соң жанынан құдер үзіп еді. Оның үстіне түрмеде осындаі дәстүрдің болатынын бұрын да естіген еді. Сондықтан жазасыз құтылғанына Жазықбаев қатты қуанды. Қүрекітіп бетіне ажар кірді. Бұрынғы төрелікті былай қойып, асты-үстіне түсіп, майпаңдан кетті. Қоғамдағы үstem, күшті кісіге қүйрық бұлғағыштығын көрсетті. Қөшшіліктің сағы сынып, салы суға кетті... Сонымен Жазықбаев Қалманнан үш кісі төмен орын алды.

Жазықбаев жайлансасын, Қалман өзінің неге жабылғанын, неге жапқанын шұқылап сұрап қараса да, «жоғарыдан бүйрек келді» дегеннен басқа ештеңе ашып айтпай, Жазықбаев Қалманға қүйрығын ұstatпады.

Келген күннің ертеңіне Жазықбаев шалқасынан түсіп үйіктап жатыр еді, Қалман оның басына барып, бетіне үціліп, төніп отыр. Ақсақал басын көтеріп:

— Қалман, не қылыш отырсың? Жазықбаевты үшкіріп жазайын деп отырсың ба? — деді. Жайбаракат өз жайларына отырған жұрттың бәрі де едірейіп Қалманға қарады. Қалманиң түсі қашып кетіпті. Жазықбаевтың шашы дудырап кеткен, жастығы аласалау болғаны ма, басы шалкайып кетіпті. Танауының түбінө ғана бок жакқан құсатып койған шолақ мұртының шеті танауының ішіне қарай тікірейіп, екі жағын көгертіп қырып, қысып келіп иегінің үстіне ғана койған бір шок сақалы ешкінің сақалындашошайып тұрып жатыр. Соның сол сақал, мұртын жаңа көрген кісіше Қалман үңіліп отыр. Жұрттың назары осылай ауғасын барып, Қалман өз жағасын өзі ұстап, таңданып, көзін алартып, артына қарап:

— Таңба! — деді. Басқа сөз айтпай тағы үңілді. Жас жігіттер жүгіріп барып олар да қарады. Орнында отырып ақсақал:

— Таңбасы не? — деді. Иегінің үстіндегі бір қысым сақалдың айырланып тұрған жерін сұқ қолымен нұскап қапсағай қара:

— Мына сақалдың түбінде бір таңба бар екен, сол ғой дейім таңданып отырғаны. Оның несі таң? — деп Қалманға қарады. Қалман күрсініп орнынан тұрды.

— Мына таңбаны таныдым. Бұл маған таныс таңба. Егер бұл таңбаны танысам, бұл Жазықбаевты да танимын. Бұл таңбада үлкен сыр бар, үлкен жыр бар,— деп Қалман сөзінің аяғын айтпай тағы да ойға кетті.

— Байғұс-ая, осы Қалман не айтып отырсың, өзің мас болып отырған жоқпышың? Бет-аузында таңбасы бар кісі болмайтын ба еді. Сенің шекенде де, ақсақалдың шашында да, Құлсарының көзінде де, менің белімде де таңба бар! — деп сақалтай баяғы құлқісіне салды.

Қалман оның сөзін елеген де жок.

— Өзіңің аты кім екен? Оятып сұрайтын екен! — деп тағы Жазықбаевка қарады. Түк сары барып тұртіп ояты:

— Эй, тұр! О, тұр! Тұнімен қыз оятып келген жоқсың ба өзің? Әлде науқанға барып шаршап келдің бе? — деп жоқ жерден шығаратын құлығына салды. Екі көзі қанталап, құтырған иттің көзіндегі болып Жазықбаев оянды. Өз үйімде шығармын деп аузын тамсанып, аяқ-қолын шіреңіп, керіле түсті де, жанындағыларды көріп, түрмеде екенін түсіп басын қатерді. Орысша тар шалбардың жыр-

машы ашылып түр екен, одеялышын шетімен жапты. Эркімге бір қарап, аландап тағы бірдең болып қалды ма деген кісіше «а, а не болды?» деп апалактады.

Қалман оның касына келіп, бетіне қадалып:

— Сенің атың кім, атың? — деді.

— Не қылды, «Жазықбаев» деп танып отырған жоксындар ма? — деп атын айтудан тартына түсті. Оның айтқанына қараған да жок, оған шыдай алмай Қалман:

— Сенің атың Жақып емес пе? — деді.

— Я, не қылады?

— Бәсе, айтамын-ау, мына таңба тегін таңба емес, — деп, — белгілі кездегі, белгілі таңба сиякты еді-ау! — деп Қалман жерден жеті қоян тапқандай, қуанып қалды.

— Қалман, жоқ жерден танысты болып қалдың-ау! Бұл Жақыбың қай Жақып? — деді ақсақал.

— Бұл Жақыбым — баяғы менің шекеме таңба түсіп айтысып жүретіндегі Тұяқбай байдың таңбалы Жақыбы еді. Ұмытып қалған екенмін. Оған 5-6 жылдан артық болып кетті ғой, — деді Қалман.

— Я, сол Жақып осы ма, — десіп жұрттың бәрінің оқты көзі тағы Жазықбаевқа қадалды.

Қалманның бұнысы рас еді. Баяғыда 23-жылы Қалман өліп-тірлгеннен кейін Тұяқбаймен айтысып Таатар екеуі Жезакқа барып жүргенде көрген сондағы Тұяқбайдың қолына ұстаған законшілігі осы Жақып еді.

Тұяқбай осының түскеніне, осының үйіне келіп-кетіп жүргенде, екеуінің бірге жүргендерін, әкімдерді екеуі шақырып қонақ қылғандарын талай көрген. Тұяқбайдың жеңілдік алып, босанып жүргені — барлық бәле осынікі екенін сол кезде анық билетін. Қөшеде өтіп бара жатқанда талай анықтап қараған, бірақ ол кезде Жақып сақал, мұртын қырып жүретін еді. Сонда әлденеше рет иегіндегі ай таңбасын анықтап көрген еді.

«Жақып деген осы ма?» — деп Таатар екеуі бір-бірінен сұрасқан. Оның «Жақып» деген атынан гөрі иегіндегі ай таңбасы Қалманның жүргегіне үлкен орын теуіп үялаған еді. 24-жылы барғанда да, 25-жылы да осы таңбалы Жақыпты қөріп, талай тісін қайрап еді. Ол кезде «сені ме» дегендей Жақып та Қалманға талай қадала қараған еді.

Жакыптың таңбасы іштен тұғаннан болған емес еді. Жакып Жазықбайдың Құрақбайының кіші баласы еді. Құрақбай заманында бай болған кісі болғасын Жакып ерке болған. Әркімнің алақанында болған. Бала күнінен ойна не түссе соны істеген. Бір күні жылқышының жана үйретіп мініп келген асау тайына мінемін деп, тай теуіп кетіп иегіне танба түсірген. Асау тайлын өткір тұяғының таңбасы иегінде мәңгі қалған-ды. Әкесі Құрақбай байлығының үстіне болыс та болған, елғұ кожа да болған. Сөйтіп жүріп Жакыпты орысша оқытып, адам қылыш кетіп еді.

Мына Жакып, сол Жакып болып шыкты.

Бұрынғыдан өзгешелігі қазір бармак басындағы мұрт койып, бір кысымдай сакал койған.

Қалман әуелі өзін жапкан Жазықбаев екенін таныса, сонынан иегіндегі таңбасына карап ежелгі дүшпан екенін білді. Қазір него жауып отырғанын білмесе де, әйтеуір анық жағына жолықканын білді.

...Оның ертеніне тағы да жүрт Жакыпты әнгіме қылумен болды. Біреулер мазактайды, біреулер әжуалайды, біреулер мысылтайды. Әйтеуір байғұсты бәрі де ұры-бөрігे алып болды. Біреулер әмірінде канша пара алғанын сурайды, біреулер канша кісіге бұра тартқанын, біреулер неше кісіні жазықсыз жарапка тартқанын, біреулер канша каріп-касерлерді жылатқанын сұрайды. Біресе біреулер колтығына етігінің қонышын қысып алып, басына шәпкі киіп, төре болып жүріп карайды. Біреулер тоңның жүнін жүлдип, иегіне шошайтып сұлап жапсырып, танауының астына қүйе жағып, Жакып болып карайды. Біреу мұсәпірсіп арыз айтқа келеді. Оған төре болғаны ақырады, «ертен кел» лейді. Енді біреуді келіп қағазды акша қылып жыртып, төреке пара деп берсе төре болғаны жымын етіп, «ісінді қазір бітірем» деп көзғаз жаза бастайды. Біреу бай болып талтаңдап келеді, төре болғаны оның асты-үстіне түсіп, бәйек болып калады. Әйтеуір қыран-топан күлкі болады да жатады. Жакып оларға біресе ашуланды, ашуланғанмен ештеге кыла алмайды, біресе өзі де коса күледі. Біресе ыза болып каны кашады Біресе өзінен өзі үялышп, қысылып, қызырып калады.

Жакыпқа бастап келгендері сот құрмақшы болып коркытканынан, мынадай ойны мен сottaғаны ауырырак сокты; көптің талкысына карсы қылар кайраны жок, кайран

қылатын бұрынғы дәурені жок. Бұлардан күтылар амал да жок. Жақыптың өзіне салса бұлардан жаман да жок. Төрелік дәуренін сағынып, ондағы өр көкірек күндері көзінен бір-бір ұшып, бармагын шайшайды-ау! Не қылсын, кезегі келіп, бұрын алдына бір ауыз арызын батып айта алмайтын «жамандар» басына секіріп болды-ау! Қайтесін, «құдайдан» болған шығар, бұны да бір көрсін деген шығар. Жақып өстіп өзі ыза болып отырғанда сакалтай қара бір көзін қыса, күле қарап:

— А, Жақып!—деді. Жақып оған «не дейсің» деп айтпаса да, бұрынтып ала көзімен қарады.

— Құдай бак берген сон төре болып талай кенседе түрдыш ғой?!

— Я, түрдыш!—деп оған Жақып едәуір мактанып қалды. Сакалтай сөзін соза берді:

— Басканың бәрі қалжың, оны койып, нагыз құдайшылығыңды айтши!

— Я, айтайын!— деп Жақып тағы әділсінді.

— Біз сияқтыларды ғой «ұрысың, бұзакысың, елге зиян тигізесің» деп үстап алып, түрмеге жапқанда он колдай болсаныз да өздерініз пара, пайда алдып, бізден де жаман бұзық болып тұрып қалай аталсынып, адамсынып жүресіндер? Біз жасырынбай, үрлыммызды бүркемей. ұры екенімізді біле тұра жүреміз. Сіздер қалай намыстарының барып, өздерінізді өздерің жасырып жүресіздер!—деді.

Бұл жерге келгенде тұра жауап беруге Жақыптың беті шыдамады, батырлығы жетпелі, теріс қарай беріп:

— Қалай істесе де бұзықтың бәрі бір бұзық тағы,—деді де жантая кетті.

Жұрт ду күлді.

— Өзін өз болғалы тауып айтқан бір сөзің болды-ау!— деп аксакал сақалтайға қарап күлді.

Бұдан соң жұрттың біреуі іреп, біреуі сойып, әңгімені талай сакка жүгіртпі жатты.

— Сені біреу жолығуға шакырады, — деп Қалманды надзиратель ертіп кетті. Жақыптың кіргені жұртқа қәлімгідей ермек болды. Түрмеге едәуір жаналық кіргізіп, жұртты желіліндіріп тастады. Біреуден біреу әңгімені іліп әкетіп жатқанда Қалман қайта кірді. Жұрт әзіл-қалжынын токтатып Қалманға қарады.

Қалман бұрынғыдан бетер куанып келді.

— О, немене? Элде шығатын болып келдің бе?—деп ақсақал Қалманның қуанышын қошеметтеді.

— Бүгін шығатын да болым, оның үстіне қуанышты болғандай бір қызық әңгімеге естіп келдім,—деп екі езуі құлағына жете түсті.

— Бұл Қалман әңгімесіз журмейді. Қәне, ендеше айта бер,—деп түк сары қасына такала түсті.

Басқа кісінің сұрауын қүтпей-ақ, Қалман естіген-білгегін асыға-асыға айта бастады.

— Жолығуға келген Таңатар екен. Прокурорға жолықкан екен, мені, тағы науқан себепті жатқандардың көбін бүгін шығаратын болыпты. Оның үстіне менін түрмеге неге түскен, неге түсірген себебі ашыпты.

— Бәсе, айдан артық бірге жатып тұрып, неге түсіп, неге шыққанын білдірмей кете ме, деп жүр едім-ау!—деп ақсақал да көңілденіп қалды. Қалман қысқа-қысқа Таңатардан естігенін айтты.

Егіс науқанына дайындықтың жана басталған кезі. Февральдың басындағы бүркак күн еді. Шаруалар қыстың ызығырығынан қалтырап, байлар-кулактар астық науқанының сонғы ызғарынан қалтырап, жаңы мұрнының үшінда, табаны қылдың үстінде тұрған кезі еді. Астық науқанынан енді құтылдым ба десе де, бай-кулактар түрлі сұық хабарды кулактанып «тағы қандай көретініміз бар» деп кармануға тал таба алмай сасып, кайтерге білмей дағдарып тұрған кезі еді.

Боран басыла бергенде, күн райы тәуірленіп ашыла бергенде, қызырып күн үясына кіре бергенде, кештетіп екі конак ауылға келе қалды. Қосшы ерткен конак келе қалса, байлар бұрын сасып қалушы еді. Бұл жолы бұл байдікі келген конакка абыржымады. Төбесі қыстау, төсі жайлау, мәз-мәйрам болды да қалды. Шылбырына оратылып аттан түсірді. Жүгіріп жалшысы, бөбек қағып бәйбішесі, төркіні келгендей төбесі көкке жетіп бай жүр.

— Қатын, үйінді дүрыста, жалшы конактың атын жайла, тағы кімдер кайда?—деп апы кіріп, күпі шығып, көптен бері айтылмаған сөздер айтылып, қылынбаған қылыктар болып жатыр.

Бұл байымыз 19-ауылдағы Тұяқбай деген бай еді. Жолаушымыз Жақып еді, күрмет көріп жаткан конакымыз да сол еді. Өйткені екеуі бірін бірі көптен көрген жок еді. Екеуі бұрыннан таныс болса да, Жақып реті келмей Тұяқбайдың

босағасын аттаған жок еді. Талай шакырса да коныстың шалғайлышынан конак та болған жок еді.

Қошеметпен, әлгідей сағыныскан көнілмен далада көп кідірмей үйге кірісті. Қөптен көнілсізденіп түрған үйдің ішіне аз ғана уақытта өзге ажар, көрік кірген. Байлаулы жатқан тендер шешіліп, ондағы төсөлмей, ұсталмай жатқан калың кілемдер, түрлі текеметтер, жібек шайы көрпелер төсөліп, үйдің іші шоқша жайнап қалған. Шамның мұржасы сұртіліп жағылып, үйдің іштері қағылып, сыпрылып бұлар да ондағы қалған. Қыска-қыска аман-саудан соң бай «бол, болдың» астына алды, катыны казанға жармасты, токалы қапка жармасты, қызы самаурынға умтылды. Қембеден ак үн алынып, сары бауырсак істелді. Жасырып кейінге қалдырылған казы мен қарталад казанға түсіп, үй ішіне тәтті иісін жайып кайнай бастады. Сары самаурын бүркүлдап төрге келді.

Дастарқан жайылып, бауырсак төгіліп, бір жағынан күрт пен май да келіп қалды. Қантка косакталып қыздың колынан шықкан қәмпіттер де дастарқаның төрінен орын алды. Жайнаған жасауды, тірелген жүкті, төбедей болып отырған Түякбайды, сарымай, нан, кою қызыл шайды, мына сиякты жайды, қызыл шайдан да қызыл қызы, оның шынашағы шошайып шай құйып отырған ақ саусактарын, аркасындағы колан қараашын, шашындағы сылдыры-сылдыры келген моншактарын, төнкеріліп отырған көзін, анда-санда биязыланып сөйлеген сөзін, тағы басқа салтанаттарын көргенде Жақыптың жаны кіріп, көнілі кенейіп кетті. Тамырды тапқан екенин деп өзіне өзінің көнілі бітті. Шай мен май ауызға тиіп, мандайлар жіпсіп, тері кени бастаған кезде сөз де басталды. Келін, баланын амандығы, барлық-жоктығы, кемпір-шалдың есендігі сөйленіп болғаннан кейін Түякбай өзінің куаныштылығын білдірді.

— Қөптен колға түспей-ақ жур едін? Өзіміздің ауданға келгенің мұндай жаксы болар ма! — деді.

Жақып баяғы Жезакта үлкен болып түрғаннан кейін Түякбайдың тулкі казған оқиғасы себепті дәрежесі кішірейіп қалып еді. Бірсесе түрмеге түсіп шығып, бірсесе Таңкентте, бірсесе Шымкентте тұрып, ол іс ескіргеннен кейін, иегіне кішкене сакал қойып, азыдақ түсті өзгерітіп, кайтадан белсеніп қызметке кірісіп еді. Бұрын бөтен аудандарда, жауапты орындарда тұрып жүріп, жаңадан ғана осы ауданға келіп тұ-

рып еді. Бұл сапарында жазғы егіске дайындық, жана колхозды үйымдастыру науқандары тақырыпты 20—21, тағы бірнеше ауылға шығып еді. Жолдан Тұяқбай тамырына соғу үшін әдейі арнап бұрылып келіп еді:

— Сіздің елмен бірер жыл дәмдес болайын деп осы районға өзім суралып келіп турып едім, болмаса біздерге кайдан да болса қызмет табылады ғой!—деп, Жақып бір жағынан Тұяқбайдың сөзін костап, бір жағынан өзінің әлі де жеңіл-желлі, олқы кісі емес екенін білдірді. Бұның сонынан да осы снякты сөздер айтылып, бірін бірі костап, бірін бірі көшеметтеумен болды. Шай артынан көп кілдірмей ет келді.

— Был жүргінші де көп болып, еттің де берекетін көтірді. Қалада түрған өзің снякты төделерге лайыкты басқа нәрсе камдауға мұрсат та келмеди. Ертен де осында боласың ғой, балаларды қалаға жіберіп алмасам. Өзіміз де был жұмысты болып, нақақтан шатылып, күйіміз қашынқырады. Бұйырғаны осы шығар, ала бер шырағым!—деп Тұяқбай өзінің қонақ асынына көңілі бітпеді.

«Мынаны олкысынып отыр, бұрынғы замандарда булардың конакасысы қандай екен?» деп таңданған кісіше, Тұяқбайға қарап:

— Бұл заманда бұдан артық қонақасы бола ма? Осы болады ғой, әбден болады. Қарындасым, табакқа неге келмейсің,—деді Жақып.

— Кел қарағым, келе ғой. Мына ағаңа қызмет ет, етін турал бер!—деп бұл сөзді де костады. Қызы сзызылып келіп әкесінің қасынан, Жақыптың жанына табакқа отырды.

Жатуға айналғанда Тұяқбай қызына:

— Қарағым, қонағына қызмет ет, жайлап төсегін салып бер!—деп Жақыпка жалпылдаумен болды. Тұяқбайдың әлі Тұяқбай болып отырғаны да осы қызының арқасы еді. Өйткені үкімет адамдары келгенде, осында төрелер келгенде қызы жаксы қызмет етіп, қонағын күте білетін еді. Бұл қонақ басқалардан гөрі кәдірлі қонақ. Бұл төре басқалардан гөрі тамыр-тансыс төре, өзі жас, өзі сый төре. Басқаға қызмет ете білетін қызы, бұл сапарда әкесінің сөзін неге екі қылсын, қайтып қонағын күтпесін? Жұрт жаткасын да, елдің көзі үй-қыға кеткесін де аузын иіскеп, арқасын сыйрап, о жер бүжерін үқалап, қонағының көңілін аулаумен болды,

Ертеңіне Жақып жайланаңып, үйкесін қандырып тұрып, шай ішіл отырганда Тұяқбай мұнын шакты.

— Шырағым Жақыпжан! Бұрын әйтеуір өздерін сияқты атқа мінген азаматтың арқасында ілініп-салынып ел катарында келе жатыр едік. Биыл көрмеген қорлығым жок. Қөргенде қорлықты алдымен өзімнің құлымнан көрдім. Өзінмен терезесі тең кісімен шайқасып жығылсан да, жықсан да айыбы бар ма? Бәрінен де мені картайткан осы Қалман деген құл болды. Былтырғы соттан кейін бірталай мал өндіріп алдып, шығындар қылды. Тап оған өкінбеймін, сенің арқанда ол істі аз да болса жеті жыл созып келдім ғой. Оның бергі жағында кешегі астық науқанында жасырған астығымды тауып беріп, үйіме милиция ертіп келіп, бірталай штраф тартқызып, өзімді түрмеге түсіріп, көрмегенімді көрсетті. Төбеме әңгіртаяқ ойнатты. «Белсенді болдым» деп басыма үлкен бәле болды...

— Қорлық қөрген дүшпаныңың болғаны сол Қалман ба? Ол болса, оның жарасы жеңіл ғой, оны құтылмайтын бәлеке салып, ұлын ұрымға, қызын Қырымға, малын бөліске, басын айдауға салу боктан да оңай ғой! Тап осылай ет-сем көңілің біте ме?—деп Жақып құдырытінің күшті екенін көрсетіп, қыздың алдында мактанаңып қалды.

— Ірзамын, шырағым, өзің сол ауылдарға шықкан болсан, ол сенің қолыңнан келуін келеді ғой. Қөрімді көрсетші өзіне!—деп Тұяқбай арқасын тамға сүйегендей көтеріліп қалды.

Бұл күні Жақып тағы қонды. Қыз бен қызыл шай, сары бауырсақ, сары қазы, жал мен жая, қалың төсек пен жылы көрпенің ортасында бөленді де жатты... Екі күн жатып, үшіншіге айналғанда қонағы аттанбақшы болды. Кетерде Тұяқбай Жақыптан:

— Алдында не қауып-қатер бар, мына басталып жатқан науқандарыңнан қайтсек құтыламыз? Бар ақылыңды айтЫП кет, шырағым! Біздің сенен басқа досымыз шамалы. Бұл күндері басына шәпкі кигеннің бәрі жау. Бізден де құл-құтанның сөзін артық көреді!—деп ақыл, айла сұрады. Бұны сұрағанда Жақып бірсыныра жабырқап, тұнжырап отырды, азырак сөйлемей отырып, қайғылы пішінмен былай деді:

— Қәзіргі науқанды біздің колымыздан келер жәрдем, істер қайрат шамалы. Бұл науқаның беталысы—бай біткенің бәрін құртамыз деп отыр. Малды конфискациялап, үй-ішінді

қаңғыртып жіберуі мүмкін. Мал шығынымен бітетін жұмыс болса, бірдене қылып қарар едік, олай болмайын деп отыр. Менің де әдейі арнап келгендегі жұмысым, әуелі сәлемдесу, одан соңғы жұмысым осы жөнде кеңеселік деп алдын—ала келгенім еді!—деп сөзінің аяғын тауыспай тоқтады.

Үй іші үрэй болып кетті. Қатындары жағасын ұстады. Тұяқбайдың түсі қашып кетті.

— Ал, енді қайтеміз?

— Ендігі амал жалғыз сол: 2-3 күннен қалмай Қарақұмға қарай қашып көшесін. Әркім де осындаі біріндеген жанашыр адамдарын қашырып, көшіріп жатыр. Содан соңғысын бақытыңа қарай көре жатарсын. Жан-жаққа жанашыр жақындарынан қарауыл қойып, өкілдерге көрінбей көшу керек. Көшіп бара жатқанда колға түссен, бәрінен де жаман!—деп Жақып сөзін тиянақтады.

— Ой, садағаң кетейін, Жақыпжан! Осы айтқан ақылың дуп-дұрыс,—деп сасып отырған Тұяқбай қайраттанып кетті. Бұдан соң Жақып жүрмекші болды. Өзің ки деп бір тымак, ішік, келін төсесін деп бір кілем, қонағың көп шығар деп бір соғым бие берді. Бұларды Жақып қасындағы қосшы жолдасынан үйіне жөнелтті. Тұяқбайдың өзімен, қызымен жаласып айрылысты.

—Осы достығынды екі дүниеде де ұмытпаспын, — деп Тұяқбай еңкілдеп жылады.

Тұяқбайдікінен шыққан соң 20-ауылға келіп, бір-екі күннен соң Қалманды қамады. Қалман қамалған күні Тұяқбай да тұнделетіп көшіп, Қаракұмға қарай асып бара жатыр еді.

Қалман жабылғасын Таңатар Қалманның қатынын төркініне апарып салып, бір жұмадан соң атқа мініп, Қалманды неге жауып жүргенін білуге Жақыптың сонына түсіп еді.

Ауылда Жазықбаевты Таңатар танымаса да, сонынан басқа өкілдерден, бригадалардан байқап жүріп, оның атынын Жақып екенін біліп, санын бір-ақ сокқан. Байқап караса, бір қысым сақалының арасында баяғы ай танбасы да тұр. Содан атқа мініп, 19-ауылға барған. Тұяқбайдың қашып көшкенін білген. Тұяқбай былай көшіп шыққасын, онын Ылияш деген жалшысы бір айғырын мініп, қашып келген екен. Тұяқбайдың пиғылының жаман екенін танып, өзіме де бірдеме қыла ма деп, сақтанып қашқан екен. Таңатар сұрастырып жүріп, сол Ылияшқа жолыққан. Одан

жоғарғы Жақыптың жайларын, екі күн жатқанын, ондағы не болған әңгіменің бәрін бүге-шігесіне дейін жоғарғы айтқаннан да анық қылып естіген. Ең аяғы, ол Ылияш тұнде өзінің тындал жатқанына дейін, ондағы естіген қылыштарына дейін күліп отырып айтып берген.

Таңатар осылай деп ауданға арыз беріп, одан соң қателерді түзете шыққан, колхозға берілген жеңілдікті түсіндіре шыққан прокурорға арыз берген. Баяғы Қалманның өліл-тірілетін оқиғасына байланысты екенін айтқан. Сол жерде бірден Жазықбаев жайсаң жабылды.

Қалман Таңатардан осы әңгіменің төркінін қысқаша естіп еді. Оның айтқаны да, қуанып келгені де осы еді. Тұрмеден шығудан гөрі өзінің дүшпанын тапқанын, оның мерт болғанын көріп қуанып еді. Әсіресе не себепті жабылғанын білгенге қуанды. Оның да себебі — өзінің қылмысы болмай, Тұяқбаймен ескі күресінің соны екендігіне қуанды. Үкіметтің ешбір жазығы болмай, жазықтың бәрі ежелгі жауының ежелгі тәбетінде екеніне көзі жетіп, кеңес үкіметтіне сенімі күшайді. Мына сияқты байдың бөлтіріктегін жүндей тұтқісі келіп, кегі күшайді.

Тұрмедегілердің барлығы да мына хабарды естігенде, Жақыпты өздерінің ішіндегі ең жазықтыларынан да жазықты көрді. Нағыз дүшпан көрді, ерік өздерінде болса, барлығы да сарсан-кесек атып өлтіргісі келді...

Сол күні кешке қарай, тұрмедегілерге қош айтысып, Қалман тұрмеден шықты.

XIII

Апрельдің ортасы.

Таң сарғайып атып, торғай шырылдап, көк шөп шыққа белшесінен батып, күн шығуға таянғанда, Қекөзектің бойын жағалай көк тұтін көлбей ұшты. Мұнартқан шықтың бойымен көк тұтін араласып, оған жана шашырап шығып келе жатқан күннің сәулесі қосылып, Қекөзектің даласын қызыл майдан қылып жіберді.

Жағалай ұшқан көк тұтін тегіндікпен ұшқан жок. Болмаса даладан өрт те шыққан жок. Болмаса да Қекөзекті жағалай конған ауыл да жок. Әйткенмен Қекөзектің бойы ессіз де емес: каптаған мал көк тұтінге араласып жайылып жур. Ишінде сиыр да бар, түье де бар, жылқы да бар. Төрт түліктен тек кой ғана көрінбейді. Жағалай тігілген көс бар. Көс сайын жыылған астық бар. Арба-ызброй бар, машина-сайман бар. Бірі кіріп, бірі шығып, қыбырлап жүр-

төн адам бар. Таң рауанынан жағылып жаткан көс сайын от бар. Одан көлбей үшқан көк түтін бар. От сайын қайнатылып жаткан шай бар. Қуырылып жаткан бауырсақ, жылытылып жаткан көже бар. Ерте тұрып істеліп жаткан зерекет бар—әйтеуір Қекөзек бойында асығыс, жапатармай жанданғандық бар...

Бұлар көп аүыл да емес. Қош жөнекей қонып өтіп, үдерес көшіп жаткан көшпелі де емес. Болмаса жәрменкенің ертеңгі базарына түсейін деп, сатар малын тоғындырып салайын деп жәрменкені жағалай қонып жаткан алыстан келген қалашы да емес. Бұлар 20-ауылдың бір бөлек қауымы еді.

20-ауыл әуелгі қарқында коркумен, үркүмен жаппай колхоз болған, тұқымын да жинаған. Талай зиян да, талай шығын да болған. Талайы жабылып та шыққан. Талай асыра сілтеуді, талай бұлдіруді—бәрін де көрген. Бірақ соңғы кезде кателерді түзетуге ауданнан шыққан кей өкілдер:

— Бұрынғымыздың бәрі кате болғап екен. Енді колхоз болмай-ак тарзі беріңдер! —деген сөзімен ауылдың бірі қадмай колхоздан тараң кеткен. Кейбіреулер оған қуанған. Кейбірі біреулерін табалап, мыскылдан күлген. Кей ауылдың белсенді батырақ кедейлері: «Екі-үш айғы еңбегіміз еш болды-ау»—деп өкінген. Содан жөнді егін де салынбаған. Бастағының не екенін, бұл соңғының не екенін жүрттолық түсінбеген.

Одан соң іле-шала округтен тағы өкіл келіп, жүртты жинап, колхоздарға берілген жеңілдікті, бұрынғы істеген категікті, колхозға зорлап кіргізудің дұрыс еместігін, колхоз болғанда барлық мал-мұлік ортақтастырылмай, тек көлік, машина-сайманға ортақтастырылатын, жеке шаруашылықтан мұның пайдалы екенін, әсіресе әлсіз шаруаға пайдалы екенін, бұрынғы елді бұлдірген адамдардың жаупка тартылатынын, орынсыз алынған мал-мұлік қайта-рылып беріліп, орынсыз жабылған кедей-орташалардың түрмеден босатылып жатқанын, егінді көп салу керек екенін, баймен күресті босаңсытпау керектігін, тағы тағыла-рын толық түсіндірген. Міне, осыдан соң 20-ауылдағы қыпшактан 40 үй іріктеліп, колхозға кайта үйымдасқан. Бұнын бір мүшесі Қалман еді. Жанағылар Қалман түрмегден шырып келгесін кайта табысты. Аз күнгі азаптамайық

әлкен тарап кеткен жүрттү қайта үйымдастыруға себепші болатын да Қалман еді. Сатылып кеткен үйін, мұлқін, конфискацияның кеткен аз ғана малдарын қайтып алатын да Қалман еді.

Қырық үйлі колхоз қайта үйымдастынан кейін жиналған түкімнан үлесін алып, қазынаның берген машина-сайманып алышп, өздеріне егістік жер бөлгізіп алышп, егін салуға кеше кешкісін Қекөзекке қостарын көшіріп келіп еді.

Бұл Қекөзекке қырық үйлі қыпшақтың қосы қонып, малы жайылып, іргесі тиу түгіл, оған егін салу түгіл, адам да аяғымен баса алмайтын.

Бұл Қекөзек 20-ауыл мен 19-ауылдың аралығындағы бір шұрайлы, егіске қолайлы, сұы мол, шабындығы мол жер еді. Бұл кең майданға тек Тұяқбай мен Құрманбайдың ғана түрені тиіп, малы жайлайтын, игілігін сол екеуді ғана көретін. Сол екеуінің ғана жері еді.

Бұл екеуді жер түгіл, мал-басымен қайғылы болып, қолдан келер дүшпандығын істеп, кедей-орташа белсенділерді ұстап беріп, өздері Қарақұмға қашып көшіп кеткен еді. Қалман мен Таңатар бас болып, қуынып жүріп, осы Қекөзекті қырық үйлі колхозға қаратып алышп еді.

Әлгі Қекөзектің бойындағы қыбырлап жатқан мал осылардың қосы еді. Бастап жер жыртайын деп, ертеңгі тамактарын ішіп жатқаны еді.

Жұрт көліктерін жегіп, шыбыртқыларын қолына алышп, қос артындағы егістікке шыға бергенде, күн тұсау бойы көтеріле бергенде, ауыл жақтан екі салт атты сылаң етіп көрінді.

Егіншілердің біреуі тұрып:

— Әне Қалмандар! — деді.

— Солар, солар!... — десті.

Жұрт егістіктің басына келіп, аналардың келуін күткенде, іркіліп, топтанып тұра қалды. Екі салт аттылар да бұларды көріп, бір желіп, бір шоқытып қатты жүрді. Салт атқа қара көрінім жер деген бұйым ба? Әлгідей болмай келіп қалды.

Бұл екеуді шынымен де Қалмандар еді. Біреуі Қалман да, біреуі Таңатар еді. Кеше ертенгіде қосты көшіріп жатқанда округтік көшпелі сот келіп еді. Жазықбаев Жақып-ка ауыл ортасына әкеліп көрнекті сот құруға келген еді. Қалманды айыпкер, Таңатарды күэ есебінде алыш қалып еді. Бұлар егіншілерге:

— Сіздер маған қарамай қосты апарып Қекөзекке кондыра беріндер. Бұғын сотты бітірсе, түнделетіп болса да, ертең көліктерінді жеккенше, егісті бастағанша барып та қалармыз. Егіннен кенжелеп қалдық. Бәрінен де қосты тоқтатпаған олжа, — деп кеше көшіріп жіберіп, өздері сотта қалып еді. Колхоздың егінші диқандары көшіп келген сотты да, милиция айдал келген Жазықбаев Жақып төрені де өз көздерімен көріп кетіп еді.

— Қап, ішінде болып қызық көре алмадық-ау! — деп арманда кетісіп еді. Сейтсе де оны егіннен артық көрмей, қайрылуға мұрсаты болмай, мұрын сіңбіруге уақыты болмай кетісіп еді.

Сондықтан соттың хабарын естуге ынтығып, бір жағынан колхозды бастап, Таңатарлармен бірге егінді басқанын макұл көріп тұрғандары еді.

Қалмандар да кеше күн ұзаққа сотта болып, ымыртта сотты әрещ аяқтап, босанысымен түнделетіп жүріп кетіп келе жатқандары еді. Бұлардың күтіп тұрған ниеттерін байқап шабуылдан, қатты келе жатқандары еді.

Қалмандар қосқа қайрылмастан, тіп-тіке егіншілерге, егістіктиң басына келді. Жақындаған бергенде-ақ аман-сауды былай қойып, бір желікпе батырак:

— Да, сот қандай үкім қойды?! — деп айқай салды. Қалмандар мына көңілділігіне көңілі бітіп, аттан түспей-ақ сәлемге жалғастыра:

— Не қыласың, Кеңес соты кекті қайтарды, қолды тендікке жеткізді, жауыздардың тамырына балта шапты, — десті.

— Неше жыл, неше жыл... — десіп жұрт жабырласты. Жауыздың жазасын есітуге асыкты.

— Уш жыл түрме, уш жыл жер аударды. Малы конфискеленіп, біздің колхозға берілетін болды, — деп Таңатар жүртттан сүйінші сұрағандай болды. Жұрт куанып қалды.

— Кек қайтқан екен. Жазасы берілген екен! — десті. Енді түренді төсендер. Дұшпанның туы жығылған күні оларға салған мәнгі таңбамыз болсын, Қекөзектің көгалына борозданы тартындар! — деді.

Уштен, төрттен жегілген көліктер, олардың соңынан сүйретілген машина-саймандар, қайтқан қараша қаздай тізіліп кара жердің қыртысын айналдырып ала жөнелді.

1930

АТСЫЗ РОМАН Я ҚҰБАШ БАҚСЫ

Күздін майда жел шуак күндері. Байлар қыстауларына келмесе де жарлы-жақыбай қыстауларына келіп, ол-пұлдарын түзеп, қыстай отыратын жылы орындарына кіріп те алған мезгіл еді.

Ишандар да медреселерін түзеу үшін қыстауларына келіп, жылдағы дағдысын бастаған еді. Ишан сәске намазын оқып шайларын ішіп бола бергенде:

— Ассалаумалейкум! — деп өзінің ағасы Жәкей есіктен кіріп келді.

Ишан да:

— Ұағалейкумассалам, жоғары шығыңыз! — деп өзінің төменгі жағынан орын берді.

Жәкей:

— И, таксыр, амандық па, мал-жан аман ба? Молда Құбаш, аман-есен жүрсің ба?

Ишан да:

— Шүкір, алхамдуилла, үстаздарымның фатиха хайриясында. Өздерің де сәлемат тұрасыз ба?

Жәкей:

— Шүкір, шүкір алла,—деп жүрміз. Қеше Жақыптардың төбелесінің ...барып келіп едім.

Бір баласы:

— Молда ағам мында келіп кетсін деп айтты деп еді...

— Ойбай,... дұрыстап шай ішіп, қонағасы да жей алмадың-ау? Аска да шаршап, басым ауырып келген соң, кеше келе алмадым. Женген... ерте тұра коймаған соң, ертенгі намазды оқып алғып, қойды өргізіп былай шықтым да, жана қойшыға барып, бүгін малдарды да қарай жүрерсің деп, бері қарай жүре бердім, — деп, осындағы түрлі әңгімелерді бірінен соң бірін жалғастырып соғып отырды. Шай құйып отырған Құбаш та ишаниң ұсынуымен Жәкей картка шай құйды. Тағы бәйбішесіне айтып, өзінің жейтін, ақ үннан істелген бауырсақтан да алдырып төкті. Ишан ішіп бола келсе де, терлеп, шай жаккан соң, қартпенен бірге әңгімесін соғып та іше берді. Қайтадан шай алдырып, ана жақтан бір шәйнек қайнаған су әкеліп, самаурынға құйды, еселетті. Қанша ішкені белгісіз, самаурынның таусылуы шарт. Ол самаурынды да тауысуға жуықтап, еңсеріп, тойғанын ұмытып кетті.

— Эңгімемен біраз іштік, балам, — деп сырттағы сиыр сауып жүрген қызметші қатынға бір акқұман шай қалмай бара жатқан соң, ишан аяғын төңкеріп, бетінің терін сұртіп, гүрілдестіп созып бір кекіріп қойып:

— Шүкір, алла, я керім, — деп күрсініңкіреп қойды. Басқалар да ішіп болып ас қайыру дұғаға қолдарын жайып, ұзын қылып дұға оқып, ишаның дұғасының аяғында «бирахматикә я әрһемәрахиммин» деп дауысын шығарыңқырап жібергенін естіп, бәрі де бетін сипады. Құбаш та шыны аяктарын ана жаққа жинастырып, бір нәрсөні сыйырлап өткендей болып, терін сұртіп, киімдерін желпіңкіреп қойып келіп отырды.

Ишан Құбашқа:

— Ауылдың бір-екі-үш жаман балалары жиналышп отырған шығар, сен барып сабақ бере тұр,—деп жөнелтіп жіберді. Құбаш та қолына қызыл туфлиесін алдып, үлкен дәрежеге мінгендей болып, медресеге кетті. Ол кеткен соң, тағы сөзге бастап, жұмыстарының жөнін сөйлесті.

Ишан:

— Сені шақырғаным бөтен ешнәрсе емес, анау күні әлгі Құбаштың ағасы келіп «ініме бір жерден ен тағайын деп едім», — деп құлакқағыс қылып кетіп еді. Түбінде Алла тағала жат жүрттыққа жаратқан балағой! Құбаш моллаға Айғанымынды белгілеп бата оқысақ қайтеді? Егер ешкімге айттырмаған болса, хәркімнің көзі түссе, намахрам болып, Алла тағалаға күнәлі де болатынсың шығар.

Жәкей:

— Дұрыс қой, түбінде өзімізге кісі болмайтыны да рас, бірақ анау күні Қаналы жоқ қарай барғанда, Дәрібай баласына айттырам деп сәлем айтып қалған екен. Ол орынның өзі де келісті. Бауыр, орын — әүлеттері де бар, баласы да тым жақсы адам болайын деп тұрған бала көрінеді. Жанакалаға кетіп, асып оқып та жүр. Мынаның ата-баба тұқымдары да онша емес. Өздері құйымшағы шыққан жарлы, кедейлі елге Құбаш та оқып жүргені болмаса, сиқы әлгі ғой, оны қайдан білейін?

Ишан қайраттаныңқырап қаттырақ:

— Сен олардың байлықтарын айтасың. Малы құрысын. Әддүния дхи фатун уә та ли буһа келләбун — деген Алла тағала қычмет күні дәптерімді үкі түсіріп, иман берсін де.

Және онын баласы көріктілігінен не пайда, қалаға оқып түзелген дейді. Мынау Құбаш ажары қандай болса да өзі тақуа, бізден фатиха алғанин бері бізге дәмдес болып келеді. Ешбір киянаты жок, әр уақыт біздің фатихамызды алады.

Жәкей босансып:

— Қайдан білейін, сіз ұнатсаныз амал бар ма? Құдай қосқаны сол-дағы.

Ишан:

— Оның не қайдан билетіні бар? Бата оқы да қой. Мында біздің балаларымызды оқытады. Айғанымды да өз колына беріп оқыттыр. Иман-ислам, намаз сабактарын біліп қалын. Құнғанымың қандай молда болып қалды, құран біледі, түркі тәнніді, енді оқытпай-ак қой. Оны берген жерім жақсы, оқып жүрген жігерлі бала. Алла тағала леухулымахфузда балаларыңды солай жазған шығар. Ахиретте шапағатшы болар.

Жәкей:

— Енді айттық қой, мұны қалай атап бата оқимыз? Құдасы кім? Қалың малды қанша аlamыз?

Ишан:

— Оның несі бар? Құда не керек? Өзінің молдалықтан алған мұнда бір таң бір кашары бар. Әзір соны ал да, ертең бір қой сойып, ағайындарды, өзіміздің ауылды шакыр да қой. Жүрт жинап, ат шаптырып, той қылмай-ак қой, бата қыл да қой.

Жәкей қанша бергісі келмей ызаланып толғанса да, ишанның айтқанынан шыға алмай, не де болса, бермекші болды. Ертеніне бір семіз қой сойып, бір-екі ауыл ағайындарын шакырды. Қой сойылып, ет қайнап жатқан уақытта басқа ағайындары және ишан да Құбаш қүйеуді ертіп келді. Келген кісілер Жәкейменен, бір-бірімен тағы ишан, қүйеулермен аманласып, «садака кабыл болсын, қайырлы болсын!» айтысты. Құбаш молда да шарт жүгініп, бір нәрседен ұялып, мойнына су кеткен секілді, бас көтермesten төмен қарап отыр. Басқа кісілер де өздерінің ризалық жайларын сөйлесіп, әзілдесіп отырды. Ет жасалып, тартылды. Онда әлгі молда еттен де жөнді жемей, молдасып, бір түрлі ада бедел болып отыр. Ет жеп болған соң, ишан тағы сөзге бастап: «Араласып, сондай күтпасын оқымасақ та ижап кабыл болсын!», — деп Жәкейге:



— «Көбей баласы Құбашқа Айғаным атты қызымды бердім»,—дегізді. Одан соң жүрт тарады. Есіктен шығып бара жатқанда Құбаш молданың көзі мына жакта отырған он жасар Айғанымға түсіп, қазір алып қойғандай іші жылып, бойы балқып, шамадан тыс қуанып кетті.

II

Окушыларға Құбаш күйеудің кім екенін, қандай адам екенін таныстырайын. Көбей өздерінің ағайындарының ішінде тұқымдары тоқалдан өрбіген, құл деп атанған бір үрлактан қой баққан ғана бір шаруа еді. Үйлері жақында ғана қоян жұтына ұшырап, азғантай малынан айрылып, сып-сидам болып қалған еді. Бұның үстіне қартайғанда көрген екі баласының жастығына қарамай өліп те кетті. Байғұс қатыны Тойдық та жасынан бірге жасасқан қосағының ак сапарына кеткеніне қайғырып, жанына батса да, «Ие, жасаған це, осы екі жаман неменің қызығын көрсетіп, алдында иман бер!»—деп ақтан тілеп, байлардың қасына қарашы қонып, қойын сойып, биесін сауып құнін көре берді. Келер жылы өзінің құнін көрер үшін Қобылайлы бай деген байдың қасында көшіп барды.

Ауылдың шетіне өзінің лайық орнын білгендей кішкентай үйін томпитең тігіп алды. Өзі байдың арқан-жібін есіп, малын сауып, қызметін қылды. Баласының үлкенін төрт бойдаққа кой бағуға жаллады, кішісі сегіз жасар Құбашты жұмыска жарамайтын болғандықтан, байдың балаларымен бірге мектеп-молдаға оқуға жіберетін болды. Байдың мектеп-молдасы Каразым жұртынан келген қарақалпақ болып, есегіне мініп, ел аралап жүргенде, осы байға тап болып, бір-екі жылдан бері тұрып келе жатыр еді. Биыл да осы үйреніскең орнынан кете алмай, ауылдың сыртындағы мектеп үйінде құнін өткізіп, балаларын оқытып, жақын жерден ауру-сырқат бола қалса, сыртын қалың көңмен өріп-өріп тастаған іші әрі былай, әрі былай қиғаш-қиғаш жазылған тылсымдар, дауалықтармен толған қалың кара кітапты колтығына қысып, қозының сенсесінен істеген үлкен жүктер месін басына киіп, әлгі ауруға барып ішірткі беріп, үшкіріп, түкіріп емдеп, бірер теріні олжа қылып та келуші еді. Құбаш оқуға барған соң, молдекең бір жапырақ қағазға үлкен қылып, қамыс қаламмен әріп жазып берді. Молдаға

онша керегі болмаған төрі-терсек шамалы түсетін кісінің баласы болғандықтан,— я ерте келмедин деп, я баска балалардың ашуын содан алуға лайыкты бала болып, молдекеннің солқылдақ көк шыбығын басқалардан гөрі көбірек жеп, дәмін тататын еді. Құбаш та молдадан алған сыйына шыдай алмай, шешесіне жылап барғанда, шешесінің, тағы баска кіслердің: «Кой, қарағым, жылама, молданың үрған жері о дүниеде отка күймейді — депті, «кешнэрсе етпес», — деген сөзлерін естіп, үрған оку да жаңына батса да о дүниеде баска балаларлан артық екенін біліп, молдадан шықпастан оқып жүрді. Молдакеннің балаларды күн шықпай келтіріп, егер ле күн шыккан соң келгендер болса, көнтерідей жалаңаш жатқызып койып, солқылдақтың астына алулары, балаларды тәңертең жинап, ыңылдатып койып, балалардың алдында кішкене көпшігін қолтығының астына алышп, көлбеп жатып, колындағы піллің сүйегінен тізген таспифын санап жатып, үйықтап кетіп, бір оянған уақытта балаларды жағалай бір үрып коюлары. бөтен кіслермен сөйлескенде молдашалап сөйлесулері, кісі барда түзге отыруға шықса, құманын қолына ала шығулары, құндіз катын-қыздар дуа сүрай келсе, манағы улken кара кітапты как ортасынан аллына ашып койып, әрі-бері үнлемей ішінен оқып отырып, тumar жазып беріп, яки тұзға дем салып берулері, кешке балалар шығарда кирават тафттырып дәүір айттырып, санағамай, яки жұмалық әкелмеген балаларды шыбыққа жатқызып байлап коюлары, кешке айқайды салып, жерді жаңғырықтырып, азан айтып, сарт шапанлы шубалтып киіп алышп, көзін жұмыңқырап койып, узын-узын сабактар қосып, мақаммен нағыз оқуларды, намаз аяғында астына қарап отырып, ұзын тізбесін сылдыратып тафттып отырып, бата қылып, ән салып, аят оқулары тағы сондай, тағы сондайлар Құбаштың ішінде ең түбінде аймакты жазұларменен жазылып, ең тура жол, осы дүниенің қызығы да осы «Ау, біздер де осындай болар ма екенбіз, бір уақытта мен де осындай болармын» деген үміт үйіктаса түсіне кіріп, өнінде есінен кетпей, көз алдына слестеп, орныға берді. Құбаш сол қалпыменен өздерінің карашы конған байларының мектеп-молдаларына оқып жүріп, он беске жетті. Әйтеуір не де болса, жасынан бері қарай оқып келе жатқандықтан, молда деген атаққа ілініп, молдалыққа тұра бастады. Өзімен бірге жасап, көңіліне үялап

келе жатқан баяғы ойлар, үміттер бірінен соң бірі бола да бастады. Дауысы катты шықпаса да, әлінше кешкіде азан айтып, деспесін алып, ұзын бауы бар шапан киіп, басына белбеуін орап, намаз окулар, кұран окулар көптеп-ақ болған. Өзінің жасындағы оқыған молдасының үлкен кара кітабы болмаса да, өзі қағаздан әптиектей қылып, койнына сиятын бір кітапша түтеп алып, ішіне әр молдадан естіген, әр кітаптың шетінен көрген дуалықтарды жазып алып та жүрді. Қазірде тілті бір қатындарды өзіне ғашық қылайын десе, бұл тылсымды оң қолтығының астына тақай дуалықтарды жазып, тұмар қылып беріп те қойған. Егер бір кісі ауырып-сыркаса кураның қолтығына қысып барып, «ясын тәбәрік ятіл көрселярді» қатты-катты оқып, үшкіріп, түкірулер де болды. Бір-екі жылдан соң бір байға төрт-бес жыл катарынан тұрып, үйреніскең соң қызметші орнына жүріп, конак келсе, атын ертеп, шайын койып, жылқышылары бетен бір жакқа кеткенде, құт курық колына байлад, қауға тартып, қала, далаға барып, реті келген жәңіл-желпі қызметтерін істеп жүрді. Құбаш молда оншакты жыл мектеп көріп, молда атанса да, молдалығы онша көп болмай, үйренген ел арасында кадірі кеміп бара жаткан соң, тәуірлеу ишанға кол беріп оқып, атағымды шығарып, жүртқа кадірлі болсам деген ойында болып, 25 жасында, сол жылы ишанның бірінен бата алып, хат алған жылы осы ишанға кез келіп сонда келді. Ишанға барған соң, жігіттерінің біріншісі болып, одан әрі жігіттердің жиналмаған уақытта ишанның шайын койып, қонағын жайлап, ишанның белгілі тиірменшісі болып, мұның бақытсыздығына, осындай жұмыстан құдай басын құтқармады. Бірақ өзі ишанның қандай ауыр қызметі болса да, тартынбай елбелектеп жүгіріп жүруші еді. Тек тартынбай көnlіне кек сактамай қызмет етіп, ишанға жағып, батасын алсам, бір нәрсе жұғар деп ойлаушы еді. (Егер де ишанның үйіне барып, қонақтық құрсаныз, атынызды үстап, шайынызды койып, табақ тартып, үстінде бұрнағы жылы мектеп—Тұрғанбайдың қызы тігіп берген бөзден істелген ақ жолақ бешпеті бар, қалтасынан терін сүртетін орамалының ұшы шығып, дедектеп жүгіріп жүргенін көрерсіз). Өзі де осындайға лайық-ақ. Жиырма бесте болса да соламандай жігіт емес. Жетім болып жерлеп өспей қалған ба, он бестегі баладай, құп-құрттай, жүгіріп жүруге жеп-

женілtek еді. Осындаи риясyz-кірсіз қызметтерінің ишанға жаққаны ғой. Екі-уш жылдан соң ағасының қызын айттырып, халыққа өзін де аңыз қылдырып қалдырған.

III

Жәкей карт атадан бесеу-алтау, тәуіп атадан қалған дәүлеттері колдарынан кетпей, бай үйлердің катарына қосылып, жүртқа мүміндігімен жаққан ғана момын бір шаруа кісі еді. Бәйбішесі көпке дейін бала таптай жүріп барып, екі арасы үздік-үздік екі қыз тапты. Біраз уақыттан соң жасаған раббым көзінің жасын көрді білем, бір үл тапты.

Бір-екі жылдан соң катыны өліп те кетті. Өзімен бірге жасаскан қосағының о дуниеге кеткені жанына батса да, досжар адамдардың кайырлы болсын, кайғырма, «байдың катыны өлсе, төсегі жаңғырап...» деген сөздеріне жұбанып жүріп, кілірмей-ак катар ағайын өздеріндей мүмін Мұқан деген кісінің қызын айттырып, сол жылы малды айдал беріп, ләулетінің аркасында алып та койды.

Жәкей шаригат солай деп айтады деген сөзге көзін жұмып, наң беретін кісінің біреуі болғандықтан және біздің де арамыздан аузы дуалы біреудің шыққанына шүкір, тағы бұған қарсы келіп не қылам,—деп інісі ж... ишанның шаригат деп болсын, басқа деп болсын айтқанының бәріне де алдына шықпай, көне беретін еді. Ишанның пірінен бата алып шықпай түрғанда, өзімен бірге оқып журген бір шәкірт аулына қайтып бара жатқанда бірге келіп, ағасының үйіне түсіп, отырып, жана бой жетіп келе жатқан Құнғанымға көзі түсіп, ішінен үнатып аулына барып, айттырып еді. Бұл улken қызын берген жері кырда көшіп жүретін шет ағайындарының ішінде азұлы, әпербақандау түқымдарынан Құлтас байдың баласы Нурекен шәкірт еді. Інісі ишан болып шыққан соң, жоғарыда айттып отырған Құбаш молдаға екінші қызы — Айғанымды ишанның зорлығымен айттырып күә болып еді.

Құбаш молда шайын ішіп болып, ауылдан үсақ бала-лары жиналған бөлмеге карай келе жатып кесте төккен орамалымен мандайын сүрте-сүрте аяғын жылдамырақ басып, медресеге келіп кірді. Төрдің алдындағы екі қабат көрпенің үстіне отырып алып, кеше суға түсіп, ойнаған бір-екі балаға ұрысып, жекіріп тас қабактай қағыстырып, тексеріп, жыққа жатқызуға даярланып жатқанда, қолында әптиегі

бар, қасына Айғанымды ертіп, «Салаумалейкум» — деп есіктен Жәкей карт келіп кірді. Жүргегі су ете түсіп, алдындағы баланы ұмытып кетіп, ұшып тұрып:

— Ұағаллейкүмассалам! — деп, көрпесін жазып, қасынан орын берді. Айғаным ұялышырап есіктің алдында теріс карап тұрып еді.

— Қарағым, кімнен қорқасың, мында кел! — деп, Жәкей карт шакырып алғып, тізесінің қасынан орын берді.

— Е, е молдеке, аман-есен жатып-өрдін бе!

— Шүкір, алдаға, кайыр дуаңыз саясында өзіңіз де саламатсыз ба?

— Шүкір, шүкір, алла деп жүрміз. Анау күні ишан оқытып, намаз сабағын білдіріп еді. Өзіне бара ғой десем, бұрын мектеп көрмеген, үяла ма—бармайды, содан бүгін өзім әкелгенім.

— Оқыткан дұрыс ғой. Біз осы ауылдың кісісі болдық кой, неге үядады, — деп құлімсіреп қойды.

— Үрып-үрып оқытып молда қыл, — деп қалжындал күліп, есіктен шығып кетті Жәкей карт.

Әкесі кеткесін Айғаным бір нәрсені сезгендей, бұл үйде отырғысы келмей, бойы мұздап, алдында отырған молданы кірпідей көріп жаратпай, оқығысы келмесе де, әкесі беріп кеткен сон амалсыз отырды.

Молдакеннің көніліне әлде нәрселер келіп, алдағы қызықтарды ойлап отырғандай болып, біраз үндемей отырды да, бүкіл балаларға қарап:

— Оқындар! — деп, шыбығын көтеріп койып Айғанымға қарап құлімсіреп:

— Сабак бастайсың ба? — деді. Эптиегін ашып.... әліппесін аламға сепкен ал жайыз жер әлхам дал өтірді әл хамду, — деп «осыны оқы» деп қойды. Молдакен тағы біраз ойға кетті. Енді бес-ак жыл бес, осы күні ғой, онда бес жылда... мен секілді маған күліп қарап қарсы отырар, екеуміз тізедей отырып қалдырмaston сырласармыз. Мен түнде онын қасына жатқанда, қолымды қысып, қысып қойып, не айтар.... қалтырап корқып, үйге келгенде басқалар білмей калса!... Қасына барғанда... бір күндерде екеуміз қосылып, бір байдың аулының қасында көкорай шалғының үстінде ак отаудың он жағында, керуаттың үстінде!... Бір уақытта селк етіп оянып кеткендей болып, жалғындырап отырған балалар-

ды «Оқы» деп шетінен ұра бастады. Жағалай шыбықпен ұрып келе жатып Айғанымға келгенде, олардан қалдырмай іші елжіреп кетіп, жаймен ұрып қойғанда, бұрын әзірейілдегі көріп отырған кісі шыбығын қағып жіберіп еді, бойы балқып кетіп, колынан шыбығы тусіп кетті де, бір нэрсе сөйлегісі келгендегі болып, тамсанып, құлінкіреп тұрып қалды. Қайтерге білмей тығызып отырған Айғаным құлгенге ыза болып, жылап тұра жөнелді.

IV.

Биыл қауыстың 2-не дейін күздей сары шуак болып тұрса да, бүгін ертенгіде дүние өзгергендей болып, қылышын сүйреп қыс келдіні білдірейін деп келген хабаршысындағы ақ қар жауып қалыпты. Құбаш та медресенің алдын күреп, пешке от жағып, бір қызметшімен екеуі қыздырып койды.

Ишан үйіне барып, түсте шай ішіп отырып, ишан мен Құбаш:

— Қабактардың екі-үш шәкірттері қырқүйектен қалмайдеді деп еді, не қылып келе алмай жатыр екен?—деп сөйлесіп отырғанда, сырттан бір адам кіріп келіп:

— Қыр жактан жүк артқан бір түйе жетегі бар, төрт атты кісі келеді, — деп қайта жүгіріп шығып кетті. Ишан шәкірттер екен деп ойлас (бұрын биыл шәкірт келмей қала ма деп корқып тұрған байғұс) қуанып кетіп, Құбашка:

— Жылдам медресеге барып, ішін тазартып, жылыта тур,—деп өзі де үйінде төсек салып, қонақтарға қызмет етіп көніл көрсетуге әзір тұрды.

Медресінің іш жак түкпіріне астына шөп төсеген киіздерін салып, мына жактарына кітап қуран салған сандықтарын жинап, жай ашып, тамақ істеп ішіп, әзір сабак оқымаса да екі-үш шәкірт бір кос болып жатып, ишанның биыл салған медресесіне жан кіргізе басталы. Ишанға шет жерден біраз шәкірттер келіп, жиналып қалды деген хабар әр жаққа тараға бастады. Олардың келгенін естіп, әр жерден бір-бірден шәкірт келе бастады. Келгендегі үшеуден-төртеуден кос болып косылып, әркайсыны медресенің түкпірінен орын ала бастады. Ишаның кішкентай медресесі төрт кос шәкіртке толды. Одан артық шәкірт келген жок, артының керегі де жоқ еді. Бүгін қауыстың он бесі, шәкірттер

келіп болды. Екі бастаң ұсақ балаларды Құбаш оқытады. Эрі шәкірттер бүгін сабак бастайтын күн Шәкірттер барлығы да ертеңгі шайларын ішіп болып, орындарын жиыстырып бола берген кезде, үзын тонын малындырып киіп алып, басына казандай сәлдесін киіп, қолында басын көрткен ақ таяғы бар, есіктен ишан кіріп келді. Барлығы да-ду етіп ұшып түрегеліп, біреуі ишанның орнына төрт қабаттап көрпе салып, артына бір көшпік қойды. Ишан көрпенің үстіне отырып болғасын:

— Отрыңыз! — деп барлығын отырғызып болып, қолын көтеріп:

— Алла тағала бәрінізге де ғылым нафия¹ берсін деп дуа қылды.

Ишан:

— Шәкірттер, бүгін сабак бастайық, бәрініз алыс жерден иждіят етіп келгесін, тек жатпай аздап оки берініз. Қандай оқығ келген едініз?

Ірілеу бір шәкірт:

— Екі-үшеуміз болмаса, көбіміз-ак құран, түркі оқитын шығармыз, — деп бола бергенде, жастау бір бала:

— Мен әбжаттың² аяғына жуықтап қалып едім,—деп жүртты ду күлдірді.

Ишан:

— Әбжат оқитын бала, сен Құбаштан барып оқырсың. Басқаларыңыз молда болып калған екенсініз. Түркі, құран оқитындар өздерініз оки бересіз, кітап оқитындарыңыз сабак бастаңыз, — деп колдан жазған шүрүты саламын басын ашып:

— Әлһам дулаһи Раббиғаламмин, әссалауу, алла мұхамеддин ғо алла әллаһи прасћојаһи әжмакин, — деп бастап тынғанда бір шәкірт 20 тыныдықтан 1 сом 5 бөлек ақшаны кітаптың үстіне қойды.

Ишан:

— Алла, мағфаз саһибә Айдиз садакати биррахматикә я арра меррахимин, — деп үзын бата қылып бетін сипады. Тағы сабак айтып, басқалардың сабак бастап беруін күтпеді. Һамт лұғатта, маҳтамаклық ысталахта — деп сабакты бітірді. Тағы бір шәкірт Эмалиден бастады. О да сабак бастар берді, оған да әлгідей бата берді. Оның да сабағын айттып, — яхулabdul фибэт әл амали литяухадин биназмин

кялляғали, деп бетін сүзіп-сүзіп бір мұнды әнге салып айтып болып:

— Ай, біздің қарттар! — деп көзіне жас алып жіберді. Осы ретпен бүгін сабак тамам болып, бір күн солай етті. Ертеңгі тағы солай, осы ретпен күн бірінен соң бірі зулап өтіп кете берді. Міне, көп ұзамай-ақ қылышын сүйретіп қыс та жетті. Бір күн ашық болса да, күннің көбі түтеп тұрған үскірік жемлен қызыл шұнақ боранды көргенде, аспан жерге түсті ме деген ойға да кетесін. Жан-жактың бәрі де курай болсын, сай болсын эппақ көрпесін жамылдып, тырп етпей үйыктап жатыр. Оның үстіне кесе-кесе кар менен жолдың үстіндегі жүн-жұрқа малдың bogынан басқа өзге ештеңе көрінбейді. Жылқыдан басқа малдың бәрі колға қарап... үйдің айналасындағы малдар мен малшылар үсті басы ак қырау шакұр-шұқыр басып, малшылар құлактарын үқалап, қолдарын ұрып, жөнді жазылып еркімен жүре алмай, бұрсендеп тоңып жүр. Медреседегі шәкірттер де онша жайлыш емес. Медресенің есіктерінен шокпардай-шокпардай болып, мұз қатып, жабылмай жел улеп ұлып тұр. Терезеге екі елі болып тұрған қырау үйге күннің сәулесін түсірмей. азырақ үй жылышған кезде еріп сұы ағып, терезенің алдына үйіп қойған кітаптарын су қылып, былшыратып бүлдірді. Медресінің айнала төбесінің жапсарына қырау тұрып, (күзде дұрыстап қымтай алмаған ба?) ызғар болып, ішті жылдыпай тағы тұр. Костанып жатпаған ауылы жақындау, катынап оқитын бірер шәкірттер ала кеуімнен бетін аяға сүйдіріп, домбықтырып, тоңып жаурап келіп. шешініп, киіздің үстіне отырайын десе. кос шәкірттері шығармай. шешінбейін десе, кеше сом болған қысқы етігі қатып қалған, аяғы үсіп шыдатпай барады. Екі аяғын бір-біріне қактығыстырып, пештің ар жағынан басын шығарып, есіктің алдынан кітабын қолтықтап тұрып-тұрып әрі сабак жок, әрі тамак жок, әрі шешініп дұрыстап жылышған жок, кешке таман ауылдарына қайтып кетті. Оләр жүрді. Шәкірттер бесін оқып келіп, бәріде шайға отырды. Бір қостың отағасы кебісін пештің үстіне қойып жатқанда. кебіске жалғас бірінің үстіне бірін мінгестіріп, жинаулы тұрған аяқ-табакты колы қағып кетіп жерге түсіріп, бір шыны аяғын сынлышты. Бәрі де өзді-өздерінің орындарына үйіріліп, суға құлағаш жылқыдай жабылып ішіп жатыр. Тек жалғыз Құбаш үйінен ішетін болған-

дықтан, шай ішпей, аналардың арт жағындағы шай сандық-
қа көтін қойып, басына ораған белбеуі бар құрттай болып
шоқып, мұрыны түйіртпектеліп сығымдаған талқандай
(мұны безек болып ауырып, жынды болған кісіге дем сала
барғанда әлгі ауру кісі ақырып, үрып, үшкіріп, түшкіріп
мазасын ала бергесін:

— Сен түйіртпек мұрын, колынан еш нәрсе де келмей-
ді, әуре болма, — дегеннен бері «түйіртпек мұрын» атана
кеткен еді. Оның үстіне корасанның жарасы да қож-қож қы-
лып кеткен еді. Құбылаға қарап отырып алып: Иллалаха
стафа иллах.. аятын әндеп соғып отырды. Пештің тубінде-
гі костың отағасы намаздан шығып келіп, есіктің алдында
турегеліп тұрған, Тәжібай соғыға қарап:

— Тәжеке, шай ішесіз бе? Неге отырмайсыз?

— Іш десеніз ішер едім, бірақ іш деп отырған жоқсыз
фой. «Ішпейсіз бе?» деген сөзің мүлде шай ішуге келген
жоқсын фой дегенің. Я дұрыс шай ішуге келгенім жок.
А-хи-ха-ха! — деп қалжындастып, күлісіп тағы сөзге кете
бергенде, мына жағындағы Құбаш төбедегі солқылдақ шы-
бығын сүйреп алып, намаздың парызының екі басынан қал-
ған бір баланы кінәләп жонын жазуға жатқанын көріп, (Құ-
баш шәкірттерді тексеріп тұратын қазы сайлаған).

— Кой, молдеке, бір сапарға маған бер, екінші намаз-
дан қалмас. Арашалап аламын,—деп әзілдері тоқтап қалды.

— И, неге, ішініз, кел іш,—деді.

— Жоқ, енді алда разы болсын, бұл шайларыңызды
өздеріңіз ішіңіз. Маған әнеугі олжаларыңыздан бір шайлық
берінізші, ертең базарға барайын деп тұрмын. (Торсылдан
түсінбегенсіп, женіліп:)

— Олжасы не?

— Әнеугі Мергенбайдың шешесін келмей жатып қалпак-
тай ұшырып алған қара қашардың ақшасы қайда?

V.

Осы қалыппен қыстың көбі ауып кетіп, шәкірттердің бә-
рі де (Құбаштан басқасы) амалдың басында тарап кетті.
Белгісіз күндер жаздың қызуымен қалай өткенін де білмей
қалды. Күз болды, қыс болды, баяғы шәкірттер тағы жи-
налды, баяғы медресе тағы қызды, бұрынғы шәкірттердің
үстіне тағы бір-екі үш шәкірт келген. Оның бір-екеуі бөтен
медреседе көптен оқып жүрген — Нұрекен—Жәкейдің күйеуі

менен Оспан деген біреу еді. Нұрекен бұрынғы оқып жүрген жерін алғысынып бармай мұнда келген екен. Шын ойында не бар екенін құдай білсін. Шәкірт көбейгендем де медресе-нің іші бұрынғыдан артық түзелмеген. Былтырғы терезелер биыл сынып, жамауы жамалып, жел уілдеп тұр. Есік те баяғыдай, үйдің жапсары да бұрынғыдай, әлі кепкен жок. Пештің ар жағы шәкірт көп болғандықтан былығып о да жатыр. Қазанның өзі сылауы кетіп, тұтін шығып күл мен отын араласып, шашылып көп шәкірттің дәрет алған сұмын араласып, балшық болып, аяғын басқанда шылқ-шылқ етеді. Одан жиренуші де кім? Шәкірттер барлығы да дүсірлеп, есіктен кірсе ишан кілемнің мәнеріндегі сап-сары ала «Шархомлланы» алдына қойып, қолтығының астына көпшігін қойып, бір жамбастап сәлдесін басынан алып, қасына қойып, кітап мұтәлла қылып отыр екен.

— Былай шығып, жағалап отыра беріндер, — деп жуанырақ қылып, көкірегін кебініп қойды. Шәкірттер төрдің басынан есіктің алдындағы етік қоятын жерлерге дейін отырып, ишанның кішкене үйіне лық толып доға болып нірліп отырды.

Ишан:

— Бүгін қатты боран болып, кебісіме қар құйылатын болған соң, үйге шақыртқан едім, сабактарыңды біліп келдіңіз бе, айтыңыз деп есіктің алдындағы шөгіп отырған бір балаға қарап иегін көтеріп қойды. Оның сабағын тыңдал, сабак берді. Сол ретпен тәменгі балалардан бастап, бірінен соң біріне сабак бере бастады. Ирілеу бір шәкірт сабағын айтып отырып, бір жаңылып кетіп еді, ишан жұлып алғандай қылып:

— Не қыл дейсің, қайта айт! — деді.

Шәкірт қорқып кетіп, біліп отырған сабағын сасқалактап айта алмай қалды.

Ишан:

— Е, е, неге айтпайсың? Кеше де білген жоксың, жылдам айт!

Шәкірт... селк етіп қорқып кетіп, үн жок, әуен жок.

— Басқа білетіндерден неге үйренбедің? Шыбығымды әпер! — деп шыбығын алып, қасына қойып:

— Бұғін шыбықпен үрмай коя тұрайын. Құлағынан ұстап шапалакпен жакка үр!— деп бір кішкентай балаға бұйрық қылды. Кішкентай бала (ишаң айтқасын амал жок) құлағынан ұстап алып жакка шарт-шарт еткізіп бір-екіні берді.

Ишан:

— Екінші сабағынды біліп келесін бе —деп айтып үр!

Бала:

— И, екінші білесің бе? Шарт-шарт... Сол соғумен жылап шығып кетті. Басқа сабак алғандар да шығып жатыр. Енді нахив оқитын Нұрекендер калды. Шәкірттер Қәэфияның бас жағын ашып алдына қойып төмен қарап отырысты. Ишан әлгі сары ала «Шархмолланы» ашып — Ейрфл мұнсарагұф мағиһі пілләтаһіні минтис ил әуаһидатін —деп қойып, біразга дейін үндемей, шарихи мұтолла қылып отырды. Анда-санды бір ауыз, екі ауыз бір нәрсе сөйлеп кояды. Бірақ түсіндіре алмайды. Әлі отыр, әлі отыр. Айтылып болғын сабак жок. Мубәрләрі канып, түсініп отырған жок. Анау жакта қатындар ол-пұл керектеріне от жағып жатыр. Үйдің іші көкпеібек түтін һәм зілдей ауыр. Ыссы терлетіп барады. Ерте келген шәкірттер мен-зен болып миң айналып әлі отыр. Бір мезгілде —Oh!—деп сабактан құтылып шығын медрессеге келсе, Құбаш баяғы кітабын ашып, баласы безгек болған бір кісіге, бір тұмар жазып, һәм бір түйір тұзға дем салып беріп жатыр екен. Манағы жылап шықкан шәкірт өзінің кішкентай балаға үрғызығанына ыза болып, теріс қарап әлі жылап отыр. Шәкірттер бәрі де бастары косылған соң шайға отырысты. Жүрттың шай ішіп отырғанында шәкірттердің арасынан келе беретін Тәжібай соғы, ана жерде бір сыпырғымен ойнап отырған балаға қарал: (ол бала сол ауылдардың тағы біреуінің күйеуі, тентектеу бала еді).

— Біздің ауылдың күйеуінін бәрі де мас болып кететін болды.

— Ау, неге ойнайсың?—дегенде, әлгі бала:

— Осы медреседе бес күйеу бар екен. — деді. Тәжібай:

— Олар кімдер?

— Құбаш, Нұрекен (тағы екеуін айттып) пәлендер-түгендер.

Тәжібай:

— Енді біреуі кім? Бала:

— Біреуі—мен ше? — деп жүртты ду күлдірді.

Нұрекен шайын ішіп болып, түзге отыруға медресенің ық жағына шығып, дәреттеніп тұр еді. Мына жағында су әкеле жатқан Балымай (ишанның бір немере інісінің қатыны, пысықша жас келіншек еді) өтіп бара жатып:

— Аман ба, күйеу? Күйеу деген кісінің жолында түзге отыра ма екен? Әрі шәкіртсін,— деп қалжындағы.

Нұрекен:

— Қайдан білдің, жорта саған жолығайын деп тұрғаным шығар.

Келіншек:

— Қездесіп айта алмай жүрген сөзің болса айта ғой!— деп бұрылып тұра қалып күліп жіберді.

Нұрекен:

— Ай жеңеше-ай! —бұрында таныс та болғаным жоқ еді. Биыл келіп едім, көніліне ауыр алмассың.

Балымай:

— Неге қауіптенесің? Айта бер, қолдан келсе сендерді катар құрбының бүйім жеріне келтірмейміз деп жүргеніміз жоқ еді, қайдан білейін,— деп тағы күлді.

Нұрекен:

— Ендеше біреу көріп қалар, саған жылдамырақ жөнімді айтайын.

Біз келгелі бірталай уақыт болып, былай қыстың көбі өтіп те бара жатыр. Саған бұрын айтуға жүрексініп бата алмай жүретін едім, ендігі сен өзің түсінесің ғой. Бір хабарын алып берсөң, сен де онша жаман атты бола қоймас едің?

Балымай:

— Күйеужан, мұның дұрыс ғой. Мен де сенің бата алмай жүргенінді біліп жүретін едім, ол да менің айтқанымды тастав кояр ма екен? Сыртқа шыққанда екі көзі сенде болып жүрген шығар? Егер жолыға алсам бүгін кешке дейін жауабын алып берейін,— деп күліп, шелегін иығына салып жүре берді.

26 ғинуар 1916 жыл.

Шәкірттердің бәрі де екіндіні оқып болып, соғы, ишандармен бірге мешітте отыруға іші сұық болғандыктан, шыдай алмай, медресеге келіп, ала қоленке жерде сабакты оқып алатын уақыт емес, әркім бір жатқа білген нәрселерін оқып, қайта өткеріп қоюға кірісіп, шәкірттердің көбі-ақ жаттал жүрген аяттарын түрлі мақамдармен оқып, шуласып медресені басына көтеріп жатыр. Құбаш ана жерде бір сандыққа көтін койып, біріне бірі қарап ясин, тәбәріктерді оқып отыр. Нағив оқитын бір шәкірт пештің түбіндегі төрт қабат көрпенің үстіне жүгініп отырып алып... (ахуқә, уә, әбуқә, уәханука, вәфуқә, уәзу маямин, уу да ф илля хири я иль мұттәкәллім) — деп қақсан, пері оқуын оқыған кісіше үйқастырып, жыбырлатып зулатып отырды. Жалғыз бұлар ғана емес бәрі де білгендерін оқысып жатты. Тек жалғыз ана жердегі басын көпшікке койып, ауылдағы көр-гендерін айттысып жатқан екі шәкірт болмаса. Құннің батқанын қарауға шыққан бір соғы медресенің есігінің алдынан өткенде, шулаған ән жыл дауысты есітіп, «Ай, жарықтық-ай, не қылса да өзі дуалы кісі ғой, қараши, мына дауыстарды, бұл дауыс, бұл оку жүрген жерге шайтан жолар ма?» — деп ойлап өтті.

Бірак Нұрекен бұлардың істегендерін іstemеді. Терезенің алдына барып, түрлі қиялдарға сұнгіп, бір нәрсені сезгендей кешке бейуақ алдында, я корқыныш, я қуаныш кез келетіндей жүргегі алып ұшып, лұп-лұп, кешкідегі аязбенен жаңа ғана түсіп келе жатқан ұштаптың мәнеріндегі құбылып, жұп-жұқа қаймақшыған терезенің қарауына қарап өнерінің әдемілігіне таңданып, әйнектің бір сыйнығынан бұлтызыз ашық ап-анық көрініп тұрған төңірекке көз жіберіп көкжиектегі кіреуке бұлттың арасынан сәулесін шашыратып, қызырып, батып бара жатқан құнді көріп, анау қырдың бауырынан құлаған ирек-ирек жол, ондағы шананың ізінің жылтыраған жеріне құннің сәулесі түсіп, жалтырағанын көріп, бір шаналы кісінің сол жолменен зулатып келе жатқанын көріп, оның аяғы бауырдағы қойдың тепкен жеріне дейін көріп, көнілі әлдекәйда кетіп тұр еді. Бір мезгілде терезенің алдынан Тәжібайдың үйіне қарай бір әйел өтті. Нұрекен соны көріп, кім екенін анықтай алмай қалса да, «Маған жолығуға көрініс беріп жүрген Балымай шығар-ау» деген ой көніліне сап ете қалды, басқаларға сездірмей мед-

реседен калай шығып кеткенін білмей қалды. Медресенің мына жағына шыға бергенде, Тәжібайдың үйіне кіріп бара жаткан Балымайды көріп қалды, Балымай екенін білгесін қайтты кетпеді. Оның бір хабар алғанына шұбәланбай құтіп тұрды. Қөп кешікпеді, қолына бір күрек алып, үйден кайта шығып Балымай бері қарап жүрді.

Балымай жақындай бергенде:

— Сен өнегейне осы арада кез келс беретін болдын-ау!
— деп қалжындағы касына келді.

Нұрекен:

— И, «жолы болар жігіттің женгесі шығар алдынан»—
деген, алда жолым болатын шығар.

Балымай:

— Онда солай болғаны, жолың онша онғарусыз көрінбейді.

Нұрекен:

— Ал енді, женешеке, естіп білгеніне нең бар айта берші.

Балымай: (сол уақытта намазшамға азан айтып жатыр еді).

— Кайнаға азан айтып жатыр ғой. Біреу көріп қалмай ма?

Нұрекен:

— Жақсы болды, жұрттың бәрі намазға кетті, бізді ешкім көре коймас.

Балымай:

— Жаңа кешкіде үйіне барып едім. Қекілдім жалғыз өзі іс тігіп отыр екен. Айдарлым да сыртта мал қарап жүр екен. Қасына барып:

— Қекілдім, саған бір сөз айтайын көніліңе алмайсың ба?— деп едім,

Бір нәрсе сезгендей қызырыңқырап кетті де:

— Көнілге ауыр алып не қылайын, айта бер!— деді.

— Мен айттайын дегенім біреудің саған айтқан сәлемі еді,— дедім, сосын ол:

— Ол кім? Маган сәлем айтатын бұл арада кім бар?—
деп құліп жіберді.

— Кім бар деп, өтірік білмегенсіп, сөзімді бұлтарытпай-ак ғой. Мен айтқандай қылып отырғаным ғой. Екі көзің сол жақта болып жүретін шығар-ау, онан да айтатын сөзің болса айта бер. Менен күмәнденбе, мен сендерге жақсылық қылмасам, қастық ойлап абыройларыңды төкпеспін,— дедім. Соның мениң шынымен келгенімді біліп:

— Мен не айтайын, өзі не айтты? — деді. Мен:

— Ол бөтен ешнәрсе айтқан жоқ, сәлемнен басқа. Тек маған екеуіміздің басымызды бір қос деген соң келіп жүргенім ғой,—дедім.

Кекілдім:

— Қайдан білейін біреу-міреу біліп қалып, ұятқа қалып журмесем. Мен тағы:

— Қойши, быт-сыйт сөзді айта бермеші. Жолдан қалдырмай айтатын сөзінді айтып жібер. Не болса да бәрі де өзіңнен,—дедім. Ол:

— Ендеше бүгін үйде ешкім жоқ ғой. Өзі ретін тауып, сырттан ешкімнің көзіне түспей үйдің маңына келсе, өзім ретін табармын.

Нұрекен:

— Жәкей қайда кетті?

Балымай:

— Бүгін Эби қайнағаның ауылына болыстар келіп, шақырып алып кетіпті ғой.

Бүгін қонады білем. Сенің бақытыңа қарай, бүгін бәрінің де ыңғайы бола қалды,—деп аузыны ашып сақ-сақ қүле бергенде, мешіттен шығып келе жатқан Тәжібай соғыны көріп, екеуі екі жаққа айрылып кетті.

Медресеге шам жаңып шәкірттердің бәрі де сабаққа отырды. Ұсақтары шуласып оқып, ірілері әрқайсысы өз кітаптарын мұтәлла қылып, ортасына қойған шамды үйіріліп, бәрі де жамbastap жатыр. Қостың қосшылары сабақпен істері жоқ. Пештің ар жағында от жағып тамақ пісіруге әзірленіп жүр. Өйтпей амалы да жоқ. «Қостың кішісі болғанша, иттің күшігі бол» деген. Тек жалғыз Нұрекен кітабын қарап ұстап жүрттың артында қараңғы жерде бас көтеріп, алдындағы болайын деп тұрған істі әрі ойлап, бері ойлап дұрыстап бір жобаға қоя алмай отыр. Қөнілі бір нәрсеге тұрақтамаса да қашан жататын уақыт болар деп ойлап, әр минут бір күндей көрініп, жуықта өтіп болмай, шаршатып отыр. Нұрекенің санап отырған минуттарының бәріде ақырындан өтіп болды, жұрт жатты. Бірақ жалғыз Құбаш жатпай ертеңгі сабағын мұтәлла қылып, ана жылғы карақалпак молдадан бір бойдаққа сатып алған сырты меспен қанталған қалың жазба «Мұхтасарын» ашып, үңіліп отыр. Бір уақытта ол да жатты. Жұрт тегіс үйқыға кетті. Тек жалғыз алдыңда не бар,

не жоқты біле алмай далбаса болып жатқан Нұрекеннің жүргегі болмаса, бәрі де тыныш. Бір уақыт селт етіп осында мен сезіктенетін соңша кім бар әлі дегендей бас көтеріп алып, жеңіл киімін киініп, бір қос қосшысының шапанын үстіне жамылып, медреседен шығып кетті. Жан-жағына қарап бөтен ешкім көрінбегесін аяғын жылдамырақ басып жүгіріп ана үйдің қасына барды. Сырттағы нәрселердің бәрі бүгін жылы шырай беріп, көзіне ыстық болып, жақын көрінсе де бұрын жүрмеген жер шыдап тұра алмады. Жүрек дүрсілдеп соғып, көңіліне корқу кіре бастады. Тағы көңіліне ерлік кіріп, енді не де болса келіп қалдым фой, сыртта тұрсам біреудің көзіне түсіп қалармын деп, қораның ішіне кірді. Қораның аузындағы бұрышта жатқан ит мұны көріп азырақ ырылдап, жаратпаса да сұықтан тоңып жатқан орнынан тұруға ерініп жата берді. (қалды). Қараңғы жерде бойы үйреніп енді қайда баарарға білмей, далбаса болып тұрғанда есікті жаймен ашып үйден біреу шықты. Нұрекен шошып кетіп қауіптенсе де, қараңғы фой көре алмас деп демін ішіне тартып тұра берді. (қалды). Әлгі үйден шыққан кісі сыртқа шығып кетіп, көп кідірмей қайта кірді де, азырақ кідірінкіреп қалды. Ақырын ғана көкіргегін кебініп дыбыс беріп, есіктің алдындағы итке сөйлеген кісі болып:

— Жолдыаяқ, неғып жатырсың, бөтен кісі қара жоқ па? — деді. Нұрекен дыбыс беріп тұрған нағыз сол екенін біліп, жайлап ғана:

— Сізге кім керек еді? — деді.

— Кім екенін қайдан білейін? — деп үялышқырап тұрғанда Нұрекен қалай барып құшактасып қалғанын білмей қалды. Әуелі бұлар бір-бірін таныса да үялып, бата алмай ма, қорқып па, қуанып па ашылып сөйлесе алмай, құшактасып қана тұрды. Нұрекен жүрегі дүрсілдеп, лұпілдеп соғып, жаны жайлантандай болып, қалай сөз бастауға білмей:

— Үйден біреу-міреу шығып қалмас па екен? — деді.

— Үйден шығатын ешкім жоқ, қорықпа, жүрегің неге дүрсілдеп тұр десем, қорқып тұр екенсін фой.

— Қайдан білейін бұрын келіп көрген жерім емес, енді осылай тұрамыз ба?

— Мұнда қалай тұрамыз, жүр үйге барайық. Құшактасқан қалпымен екеуі үйге кірді. Жакын қылып салып қойған тәсекке енді екеуі де шешініп жатты. Нұрекен де әуелі біреу-

міреу біліп қала ма деп, коркып жүрсе де сүйген жарымен косылып, тілеген жұмагы табылып, жайлы төсекке жаткасын көнілдегі коркыныш әлдекайда кеткенін білмей қалды.

Екеуі де бастан кешкен күндерін, бір-бірін көруге ынтызар болып жүргендегін, әуелдегі айттырғандарын, бір-бірін жаратып кеткендегін, кешегі Балымайдың сөздерін бірін калдырмастан сойлесіп жатып сөзді Айғаным мен Құбашқа бұрды.

— Біздің Құбаш күйеу қандай, адам болатын ба? Сен онымен бірге жүрессін ғой.

— Қайдан білейін, мен өзім бныл келдім, ұсақ балалар оқытып, әркімге дуа, тұмар беріп жүреді гой. Неге адам болмасын?

— Біздің Айғанымның баты ашылмаған гой. Ана жылы оқыны деп барғанда, ұрттай баламен ойнап, оқытпай жіберген анау. Сол жасыл түскір дұрыс кісі болар дейсің бе? Құдай жазып қойған соң амал жоқ қой.

— Неге кісі болмасын, Айғаным өзі ұялып оқымай жүрген да.

— Алдан, анау күні ұйланымды қайтейін, біздің Айғаным далаға шығып жүрсе, әлгі өзі мәдресе қасындағы шәкірттердің отынының бір жағында дәрест алып тұрып, қолын бұлғайды дейді. Дұрыс кісі болса, құттай балаға соншама үйте бере ме? Біреу көріп қалса қайтер еді?

— Айғаным өзі біле ме? Не депті?

— Бала да болса білетін шыгар деймін. Соны айтқанда иттің етінен жек көріп жаратпай қалады. Сірә, өсе бере де жаратпас деймін.

— Жаратпаса одан басқа кісі құрыған деймісін, басқа біреуге берсе болады гой. Енді бұл сөзді қоялық. Бөтен не бар?

Түннің де біраз мезгілі болып қалған шығар. Мениң де қайтатын уақытым жакындаған келеді. Ендігі жұмыс сенің мойнында деп күліп жіберді. Қоң кешікпей-ак шын достық белгісі де болып, әр уақыт келіп тұруға үәде байлады.

VI бөлім.

Ишан кешкіледі сабакка кіріп отырғанда бір шәкірт ишанға:

— Нұрсекен мен Оспаннан хат келді,—деді.

Ишан:

— Не айтыпты, оқыдыңыз ба? Бұл жак ойларында бар ма екен?

Шәкірт:

— Дұрыстап тани алмадық, ноғайша жазып, жазуларын бұзып жіберген бе.

Ишан:

— Ол бетпактардың жазулары да, бастары да бұзылған шыгар. Анау жакта отырган конактың біреуі:

— Таксыр, ол шәкірттерің кайда еді әлі? Бір-екі жылдан бері көрінбейді.

Ишан:

— И, и, олар бізден кеткен, оны басынан түсіндірем деп ұзын сүреге түсті.

— Міне, биыл үш жыл болды. Өзімнің жыл құс наукасым болғандыктан, елге шығып жүрген калада оқыған бір молданы ұстап едім, әнелі кайда оқығанын да білгенім жоқ еді. Жылмандау молда болған сон түгіл айта койып едім. Аяғында «Хұсайында» оқыған болып шыкты. Онда оқыған шәкірт бұзылған болады дейтін еді, дұрыс екен (ондай медреседен сактай көрініз). Шәкірттерді әурелеп орысша оқытыпты. Оныменен коймай «Сендер мунда жүріп алам болмайсындар, шетке шығып барып оқып жөн-жоба көрініз»—деп азғырып, ала қытай бүлліріп болыпты. Содан келер жылы Нұрекен мен Оспан екебі Қарғалыдағы «Османия» дейтін медреседе оқып, орысша оқуға әуреленіп жүрді білем. Екі жыл болды олар та біздін бастық шәкірттеріміздің біразын азғырып, шығып кетуге себеп болды. Олар түбінде адам болар дейсін бе? Біреудің фатихасын алмай, рұксатсыз кеткен жақсы емес ғой. Біздер оқып жүрген кезде біздің хазіреттен рұксат алуға жакындал жүрген бес кадам бір шәкірт осынтай фалан жерде фалан бар дегенге нанып шығып кеткен. Бірақ 3—4 жыл босқа дым таба алмай қанғып жүріп, бұрынғы окуын да ұмытып қалып, кайтып келген. Содан ұсақ балалармен бірге кайтатан әбжатка түсіп оқып, әлі жөндөле алмай оқып жүр деп есіттім. Міне, піордің бір дауасы, олар әлі аман болса, қанғырып кайтып келер. Осы күні біздің мына Құбаштармен сөйлесіп көрер етім,—деп сөзіп аяқталы.

Сонда конактар таилайшын кагып, бастарын шайқап, «Жарыктық, біреудің көшіліне жакпаған жаман леген ғой», —десті. Біраз үндемелі отырып барып конак:

— Мына Құбаш жолға кіріп, сізге мұрит болды деп еді?
Ишан:

— Былтыр шайтан мойнын сындырған Құбаштай қөңіл-
ге жағып жүрген шәкіртім жок,—деп күліп койды.

Осы күн осымен сабак жок, еш нәрсе жок аман-есен
өтті. Медресе баяғылардай онша қөңілді емес. Күннен күнге,
жылдан жылға шәкірт азайып, кожырай бастады. Тек жал-
ғыз ғана айнымай тұратын Құбаш молда, ишанның қөңілі де
онша қөтерінкі емес. Шәкірттердің бастықтары калаға кетіп
өзіне душпан болды Мундағы шәкірттер де күннен күнге
азайып, өзінін бурынғыдан кадірі кеткенін ойладап, әр уақыт
кайғырады. Жалғыз бул медреселердегі ғана емес. Жәкейдің
үй-іштері де орасан күйінште, орасан кайғыда. Өйткені Құн-
ғаным Нұрекеннің был жакты тастан кетіп калғанын, қашан
өзін ұзатып алғанша бул жакка келмейтінін ойладап, баяғы өт-
кен күндерін, бірге жүріп, бірге болған күндерін ол медресе-
ден шығып тұрғанда бул үйден шығып көрініс беріп, алystan
ыммен сойлесіп тұратындарын, әсіреле бастап таныс болған
жылдарын, оның да бастай табыскан күндерін, калай табыс-
кандарын ойладап, сағынып, бәрін де көз алдына елестетіп, кей
уақыттарда шыдай алмай, көз алдында келген бір-екі тамшы
жасты ықтиярсыз ағызып та жіберетін еді. Айғаным да бұ-
рынғыдай бала емес. Талшыбыктай буралып бой жетіп келе-
ді. Ес ақылы кіріп, жаксы-жаманды айрып қатарлы қыздар-
дың санына кіре басталы. Бірақ өскен сайын алдындағы
күндерін каранғыға санап, күннен күнге кайғысы арта бас-
тады. Бұның дінкесін күрткіп отка түсіретін нәрсе—кудай Құбашка қосақтап, оны иттің етінен жек көріп, өскен сайын
қөңілі сұына беруі еді. Оның да себебі Айғаным үйден шы-
ғып тұрғанда, жұрттың көзінше о да шығып, қолын бұлғап
масқарә қылып уялтуы. Тағы бір қыз ұзататын тойында мед-
реседегі шәкірттерін де шакырып, олардың бәрі де келіп, тек Құбаштың неке кияр уақытында келіп, күтба оқып ақшасын
калтасына салып, ойынға кел десе, келмей, бірер женгелері-
нің «Күйеу, кайда барасын, күйеу кісі ойыннан каша ма-
екен?—деп етегінен тартқанда, етегін жұлқып ашуланып:
«Нәмәһрамменен отыру дұрыс емес», деп бутін шәкірттің
ішінен жалғыз өзінін шығып кетуі, бір күндері күйеулігі есі-
не түсіп, бұрын араласып журген кісідей жігіттік қылған
болып, Жәкейдің үйіне келіп, кораның ішіне кіріп, женілде-

ніп бармақшы болып, киімінің бірсыптырасын шешіп, койып, үйдің есігін таба алмай, бір нәпселен сезіктеніп, кісі ме деп кашып кетіп, қалған киімлерін кайта барып алуға коркып, ертеңіне үйдің іші турып, Қубаштын сарт шапаны мен құтешесін тауып алды, оны білгенле Айғаным өзі жаратып үйге келтіріп жүр екен ғой», — леп айтаты деп жерге кіріп кете жаздап, оны аламын леп Қубаш бір улкен кісіге айтып, бүтін ауылдын бәріне жайылып кетіп, Айғанымның бетінің суын бес төккен еді. Айғаным осылардың бәрін ойлап және алдында нелер болатынын. Қубашка бағанда, калай ойлап-куліп, қызық көретінін, кудайдын осынлай кісіге байланыстырып койғанына танданып, кей уақыттарда көз жасын тыя алмай, жылап жіберіп; хатта бір күндерде күн үзакқа осыларды ойлай-ойлай ыза болып, кешке тамағын ішпей, басым ауырды деп жатып қалып жүрді. Бір күні Қунғаным мен Айғаным іс тігіп отырып кеңесті.

Айғаным:

— Апа, сен неге жүдеусің, өнің бұзылып кетіпті ғой?

Күнғаным:

— Менің жүдеуімнің бір себебі бар шығар, өзің неге жүдеусін?

Мунайынқырап: — Менікінің шет жағын өзін де көріп жүрсін ғой. Өзің айта бер. Қамығып, жыламсырап:

— Жезден калаға оқимын деп бул жакка келмейтін болып кетті. Молда ағаекем өзінен кетіп калғанына ашула-нып, бөтен біреуге беріп жібермесе жаарар еді деп коркам. Құдай сактасын онлай кісі табылар ма?

— Ашуланғанмен жездемнің елінен корыкса да беріп жібере алмас-ау. Мені айтсайшы, екі дүниенің қызығын көре алмай, байлаулы қустай өмірімнің корлыкта өткені ғой.

— Қайтесің кудайдың бүйрығы болған соң амал бар ма?

— Құдайдың бүйрығы да бір түрлі ғой, әйелді де кісі деп ойлап, әркімді өз ықтиярында койып, көнілі сүйген кісісіне косылуға ерік қылса кайтеді екен?

Осы сөздерді айтып бола бергенде, сырттан шешесі кір-гесін бұл сөзді тоқтатты.

Екеуі біраз үндемей істерін тігіп отырып, бір кезде екеуі де кайғылы кияпатпенен ынырсып отырып, «Жетім қызы» де-ген бір мұнды әнге салып баяулатып, екеуі косылып мына өлеңді айтты.

Ауылымның конған жері Молалы көл,
Коңыр каз айнала ұшқан болады мол.
Күдайым қыздың күнін итке берсін,
Қөзден жас еске түсіп ағады көл.
Біз бір қой қосақталған сатылуға,
Ақшаны кім көп берсе алады сол.
Күн жауса қыр басынан ағады лай,
Кор қылған қыз сорлыны құдайым-ай.
Айрылып аға-женге, ата, елден,
Жат елге кете берер жылай-жылай.
Жүйрікке жараспайды болса шабан,
Күрсын да жан жолдасты болса жаман.
Еркіменен сүйгеніне қосылып,
Азаптан құтылады қыздар қашан.
Зарығып бір өзіңе мойынсұндым,
Аясан, жарылқауши, нем, панам.

VII.

Май жүлдизы. Бүтін маклұкат өзгеріп, беттерінде шаттықтың белгісі білініп, кулімдеп, аспандағы құс, жердегі шөп, бәріне де жан кіріп, бәрі де көнілді, бәрі де куанышта. Тек жалғыз үстін таспен бастырып койған қу моладағы бейшара өлген кісі болмаса. Оның моласы да өзгерген. Былтыр күздікүнгідей емес, айналасына, тастанының арасына ішіне түрлі шок-шок шөптер шығып жарасып түр. Жылдағы әдетінше Жәкей үлдарымен катар ағайындармен бірге Молалы көлді айнала конып, бөлек ауылдың ортасына үлкен-үлкен ак боз үйлерді тігіп, жарастырып, үлкен көлдің ортасындағы жалтыраған жеріндегі жүзіп жүрген неше түрлі құстар, неше түрлі қанқылдаған дауыстарымен шуылдап, ерінбей шеттен ұшып келген үйрек секілді құстар айналып-айналып қанатын қомдап келіп конып, ауылдың сыртындағы үйездеген көкорай шалғынға желі қағып, жас тай-құлынды шыңғыртып үстап, шатырлатып бие байлап қызған шақ.

Биеден басқа жылқылар көлге түсіп, көлдің айналасындағы қамыс қофаның ішінен анда-санды қыл құйрығы көрініп, ысықырған дауысы ғана естіліп, балалар топ-топ болып, көл жағалап, мәз мәйрам болып, жігіт желендер де бастары бос болғансын үйде қарап отыра алмай, топ-топ болып, ел жағалап, өздерінің көнілдері ауған үйге түсіп, тәуірлеу балаларының қолынан қымыз, шай ішіп, осынданай әр нәрсенің де көнілді кезі еді.

Бір күні Құлтас байдың: «Баламлы окуынан тоқтата алмаймын. Құдайдың бүйріғы фой, құлай деп болған қуда едік биыл бас костырайық. Ал енді биыл болатын болса, балам жаз ауылда түрған уакытта болсын»,—деген сөзді айттып, Жәкейге бір кісі келді. Жәкей де бөтен сөз айпады. Құдасын һәм күйеу баласын жақсы көретін болғандыктан, ишанға ақылдассам, бергізбес,—деп ойлап, ишанға кісі жібермей-ак (ишан жайларға кеткен байларға ере алмай, медресенің төнірегінде калатын еді) өзі «макул» деп жауап кайтарды. Мұны есіткен соң ишан да бергізбесем кайтеді?— деп ойласа да, азулы түкым Құлтастардан корқып, екінші бұл айтқанымды қылмай кетсе өзімнің бағамды кемітер деп басылды. Қөп үзамады. Бес кара, жиырма бес тенгені алғып, Нурекен күйеулер келді. Жәкей конактапды сыйлады. Зарлы болып журген екі ғашық жолығысып, қөнілдері тынып, мауықтары басылып екеуі төрт жылдай бір-бірін сағынғандарын бастарынан кешкен оқиғаларын, әлде қайтеді деген қайғыларын—бәрін де бастан аяққа сөйлесіп қөнілдерінің шерлерін таркатысты.

Бұлар бір жетідей жатқасын Жәкей карт жайын білдіріп: «Жата берем десендер, ерік өздерінде, бул сапарларында жұмысты бітіре алмаймын. Зергерді устағанымыз жок, қала-далаға да шыкканымыз жок. Ишанымыз болса тоғайда. Тоғайдағы елге косылайық, алдымыздың айдан соң келерсіздер, жұмыстарын бітер»,—деген сөзді айтты. Нурекен мындағы кызыкты, мындағы рахатты, мұндағы сүйген ғашық жарын тастав айрылып елге кайтып кете беруді ойлап, ішінен жаратпаса да, қасындағы жолдастар «Бізге биыл берсе болды да» легесін бу да амалсыздан көніп. қудалар карттың сөзін макул көріп, ай жарымнан соң келуге үәде байлап ауылдарына кайтты. Бұл кеткенде Құнғаным Жәкейдің отауының ар жағында сай жақ тасасынта турып, түрлі қайғылы кияпташен екі қолын кусырып, үйге арқасын сүйеніп, екі көзі сара болып қырдан асып көзден жоғалғанша карап түрді. Жаздың неше түрлі кызықтарымен бір-екі айдын өткені білінбеді. Екі жасты, екі ғашықты қосатын уакыт жақында палады. Бұларға жакындаған сайын алыс көрініп, әр минуты жылдай, әр секунды айдай көрініп, өтіп болмады. Бұларға кандай алыс көрінгенмен уакыты жеткен күн көп түрмады, үәделі күн де жетті. Сағынып түрған күндер жеткесін, ол—

пұл кәделерін алып Нүрекендер де келді. Тағы екі ғашық көсілді, тағы көнілдері тынды. Екі-үш күннен соң, Жәкей карт қызын үзататын той істеп, ағайындарын шакырды. Жұрт жер қара, күн жылы уақыт болғандыктан есепсіз көп жиналды. Той жаксы ғана, көнілді ғана өтті. Жүрттың күйеу құдалар әкелген кәделеріне көнілдері бітті. Тек тойдың ажарын бұзған нәрселер бұрыннан көз алдырып, осыны қайтсем деп жургендіктен неке киярга алған бір қашарға ырза болмай, бергізбеймін деп ишаннын біраз киғылық салуы, бәйгіге шабатын аттарды саптастырамын деп төбенің басына жиналған топ кісінің арасында жүріп, Бернияз карт беліне байлаған тымағын жоғалтып алып, аттарды жөнелтіп жібергесін:

—А, балалар тымақ тауып алғандарың бар ма? Тымақ көргендерің бар ма?—деп айқайлап журсе де, табылмай құдаларға келіп, «күйеудің тымағын аламын» деп мазасын ала берді.

Айғаным танысып жүрген апасымен бірге жүріп, әр уақыт көрісіп, жылағанда, бұрында өзі еркелеп өскендіктен батыр сөйлейтін болып, көріскеңде де, тақылдан, зарлап, әуелі өз басындағы түсейін деп турған ақырзаман қаранғы күндерін айтып, «Мен сендей бір ғана күн рахат көрсем де, арманым болмас елі»,—деген секілді сөздерді айтып жылап, одан кейін екеуінің бірге турып, бірге жүрген күндерін айтып жылап, одан соң екеуінің бірдей өсіп, жүрттың көзіне түсіп, «егіз козы» атанып кеткенін айтып жылап, муның мундай сөздерді айтып жылағанын есіткесін қатындар түгілі, тойға, жиналған көп кісінің ішінде муның даусын есіткендерінің егіл-тегіл болып жыламағаны жок. Буның мәні-жайын білетіндерінің «И, бишара-ай, дұрыс-ау, кайтсін, шыдай алмайтын ғой» деп, жайын білмейтіндер кездерін сүртіп отырып: «Мұны кімге беріп еді?—деп касынлағы білетін біреулерден сурауы еді. Тойдан бір-екі күн соң Жәкей баласын кайырлы өмір сүретін жеріне жөнелтіп, күйеу құданың көнілін бітіріп кайтарды.

VIII.

Күнғаным өзі баянды өмір сүретін жеріне келді. Халықтың көзіне жаксы көрініп, жаксы келін атанды. Сол калпымен бір қысты өткізді. Бірақ жазмыштан кісі кутыла ма, жазғы салым тым катты болып науқастанды, Не керек, бір жетідей катаң болып жатып, жаңа бас жарып келе жаткан жас жапырак жуадай солып, мейрімсіз тас бауыр өлімнің

ала баулы қорығына алынды. Нұрекен сүйіп алған жан жолдасының келмес жолға сапар еткені жаңына батып, қайғырса да, әркімнің «кайырлы болсын, әлі басын жас кой. Кудайым ажалға сабыр беріп, тірі болсан тағы біреу табылар» деген сөздеріне жұбанып жүрді. Нұрекен елге жайлауға шыққасын Құнғанымның өлгенін естіруге һәм сол жактан қызымыз іздеуге кайына кетті. Қасына жылмаңдау бір жігіт ертіп, мұнда келгесін өлгенін есіткенде қайғырмадан, жыламадан кісі жоқ. Құнғанымның жатқан жерін, отырган орындағын көргенде, есіне баяғы құндері түсіп кетіп, Нұрекеннің көзінен ықтиярсыз жас та ағып кетті. Жәкей ауылдары катар байлармен бірге жайлауға көшейін деп отыр еді. Ертеңіне тұра көшті. Бұл елде әлі қазак салты қалмаған. Бәрі де түйеге артып, катар-катағон шакты ауыл тізіліп, әр кеште де жүк артқан түйелердің салтанаты бірдей. Біреуіне кілем жауып, жан-жактарын салбыратып, біреуіне қалауыш жауып, ала қылып, біреуіне кіреует артып, ен артқы түйеге шаңырак салып, шанырактың ортасынан құлдіреуіштен ошактың үш бұты шығып, көштердің бәрі де осы реуіште жарасып, қыз бозбалалар да бар әдемі киімдерін киіп, жаксы аттарына мініп, бір бөлек журіп, аксакаллар бір бөлек көш бастап, тәмен колдау карттар кой айдал, жас балалар да үкі тақкан тай құнандарына мініп, бір бөлек жарасып, мәз мейрам болып, көштің алды-артына кара құрымдай қаптаған мал белден оратылған көкорай шалғынның ішінен как жардырып жарасып келе жатты. Тек көштің сәнін бұзатын іэрсе, енесіне жүк артқан екі өркеші баладай әп-әдемі караша тайлактың көштің қапталында шолып оттап келе жатып, емгісі келіп шырылдап, боздауы мен бір көштің шаныракты түйесінің жүгі нің кайта-кайта ауа беруі ғана еді. Мана таң біліне жөнелген көш түс қыза Молалы қөлдің карасын көрді, бірақ әлі де біраз жер жатыр.

Тек қөлдің арғы бетіндегі үлкен кара бейіттің көгеріп, бұлдырап сағыммен аралас көрінуімен әлі де жазық болған-лыктан, үлкен қөлдің ортасындағы жалтыр жері қүнге шағылысып жалтырауы ғана көрініп түр еді. Нұрекен күйеулер де қызы-бозбалалармен бірге келе жатыр еді. Қөлдің карасын көрген кезде, камшысының сабымен мықының таянып келе жатқан бір мырза Нұрекенге қарап:

— Иә, күйеу, мына қонатын жер де көрінді. Касындағы балдызыңнан жолдық алып, иә өзің беріп көніл көтересің бе? — деді.

Нұрекен:

— Иә, дұрыс кой,—деп касында келе жаткан Айғанымға:

— Қарағым қайтесің? Мыналар не деп келе жатыр? — деді.

Айғаным:

— Түнде өзім апамның кайғысымен еш нәрсе ойыма келмепті. Алып шықкан еш нәрсем жок,—деді. Сонда бозбала-лар:

— Қайғылы уақытта өлең айтып, көніл көтерсе де болады,—деді. Сол кезде Айғаным касындағы бір қызбен екеуі косылып, көштін жанындағы шыркырап боздап келе жаткан бота менен аспандағы анла-санда шырыллаған бозторғайға косылып, мойындарын толғап койып, сыйлдыратып койып, мына өлеңді айтты:

Кешіп аулым барады айдын көлге,
Бозторғай шырылдайды баласы өлсे.
Кызмет замандаска колдан келген,
Кез келмес бірге жүріп жапан түзде.
Астыма атым мінген құла жорға,
Келеді шыбын жаным шықпай зорға.
Басына апаекемнің келген өлім,
Бір күні жетіп келер біздей сорға.
Басынан Карапаудың түйе айдаймын,
Боздатып ботаканын жиі айдаймын.
Есіме сен түскенде беу, апеке-ау,
Белімді екі шешіп бір байлаймын.
Апекем, мен де баксыз, сен де баксыз,
Зарланып, сорлаған мен бір жақсыз.
Құдайым бір есекке косақтады,
Өткенім дүниеден бір атаксыз.
Биге бүлдір еді айдын көлден
Даусымды есітпейді десем де «өлдім».
Түсімде өңім түгіл көрінбеген,
Деп ойлап жатканы анау «малым бе рух».
Жиналған қызы-бозбала касым толы,
Жараскан бір біріне ат пен тоны.
Сөзімнің кемістігін айып етпе,
Кайғыны айтып өттім ішім толы.

деп тоқтаганда: Нұрекен да басқалар да төмен қарап, көздерінің жастарын сүртіп кіле жатып, көштегі қатындардың еңкілдеп жыламағаны жоқ. Құнғанымның кіндік шешесі оны өз баласында жақсы көретін. Атка мініп бір көшті тартып келе жатқан сар тұра қатын даусын есіткен уақытта төбеде ұшып жүрген құстар да, оттап келе жатқан малдар да аң-таң қалып, тыңдал тұрды. Жердегі сап-сары қылып, бастарын жарып, балбырап тұрған қызығалдақ, шайыр секілді шөптер бұлармен бірге қайғырып, бастарын төмен иді. Бұдан соң бір жігіт бір қыздан жолдық орамал сакина алып, «Мүшемүшес» деп шауып мұны көріп. жиналыш келе жатқан қызы-бозбаланың бәрі де көшті айнала шауып, жарысумен көлге жетті. Бұлар (көштер) сағынып келе жатқан қонашаға келсе, көш басшысы ақсақалдар орқайсысы өзі қонатын жерлеріне аттарын қантарып қойып, қолдарын арттырына ұстап тұр скен. Қөште келіп өздеріне белгіленген орындарына қонды. Малдар да енде... еркін жайылып кетті. Балалар да аттарын түйіп тастап, көп-көп болып шалғынның арасынан бастары қылтылдал жұмыртқа ізден, мәз-мәйрам болып жүр. Нұрекен де қыздардан айрылып келіп, оңашада тұрған ақсақалдарға келіп, «Қоныс жайлы болсын» айтып, бір төмпешікке аттарын түйіп тастап, көл жағалаң құс атуға кетті. Бұлар келе жатқанда жұмыртқасы бар қызыыш, тау құдірет секілді құстар шырылдал, шуылдал, безілдеп бұлардың бастарына соғып кете жаздал жүрді. Бұлдыр қалын шөп, қамыс-қоғалардың арасынан екі-үш құс атып алып, жұрт үйлерін тігіп болғасын қайтып келді. Нұрекендер сол күні Жәкей үйіне қонып, ертеңіне жақындағы ауыл, карттарға сәлем беруге һәм сол ауылдардағы бір қызды көріп, жолығып сөйлесуге кетті. Бірақ ол ауылдарға барып көніл еткен қыздарға сөйлессе де, өзіне лайық көрмедин.

Жолда Жәкей аулына қайтып келе жатқанда қасындағы жолдасы айтты:

Сен осы өз балдызыңды айналдырып көрсөн қайтеді? Өзі де күйеуін жаратпай жүр ғой.

Нұрекен:

— Айтсақ оны өзі жек көрмес еді ау. Бірақ виіштері көнер ме екен? — деді.

— Ўйі не қылса, ол қылсын өзімен келіссек, алып кетуге онай фой,—деді.

Осылайша сөйлесіп келіп, Жәкейдің үйіне түсті. Әр жерде де белгілі жездесі мен балдызы ойнап-құліп бірге жүре беретін. Кешке таман Айғаным менен Нұрекен қол ұстасып, киімдерін желбегей жамылып, ауылдың сыртына шықты. Одан ауылдың ортасындағы көлге құятын кіндік тірек өзекке таман кетті. Сонда сөзден сөз шығып Айғанымға күліп,

Нұрекен:

— Құбаштан хабарың бар ма? Оныменен араласы . жүресіндер ме?

Айғаным:

— Құрысын, сол аты өшкірді айтпаши. Құдай қор к... дын кісіміз фой.

— Мал берем деп ол-пұл сөйлескен жоқ па?

— Анау күні ағасы келіп, сөйлесіп еді. Мал тауып та береп алатын иттер емес қой. Молда ағакем фой зорлап жүрген. Экемнің өзі де жаратпайды.

— Жаратқан біреуінмен қашып көрсөң қайтеді?

— Маған тым жақсы болып кім табылып тұр? Обалымды молда ағекеме айтқаннан басқа қолдан келерім жоқ.

— Мен де апаң дүниеден қайтқаннан жалғызырап көзілімнің хоши жоқ.

Әр жерден қағыстырып қарап едім, лайыкты кісі (қыз) табылмады. Екеуі біразға дейін үндемей төмен қарасып тұрды. Бір нәрсеге бата алмай тұрган кісі сықылды. Бір уақытта Нұрекен күлінкіреп жіберіп мына сөзді айтты:

— Осы саған да маған да қолайлы кісі табыла қоймас, сен апаңың орнына барсаң қайтеді?

— Ой, құдай атсын!—деп күліп жіберді де—Қайдан біле-йін, біздің тілегеніміз болып, келістіре аламыз ба?—деді.

— И, қолдан келмей несі бар, ретін тауып осы ауылдан бір шығып кетсек, бір елге бір ел не қылатын еді?

— Қайдан білейін өзің біл!—деп көнді.

— Ұмырт жабылып барады, ұят болар ауылға қайтайык,—деп үйге қайтты.

Кешке ас жеп болғасын:

— Конактар кайда жатады? Қарағым, Айғанымжан, төсектерін салып бер,—деді Жәкей.

Сонда қонақтар:

— Аттың қасына жатамыз, күн жылы гой,—деді. Оны естіп Жәкей бір малайына:

— Менің тор жорғамды солардың атының қасына арқанда, ертең жолаушы жүрем бедеп алып қалып едім. Тұрмай ұрынып қалар,—деді.

Айғаным төсек шығарып, аттардың қасына төсек салды. Сонда Нұрекен екеуі біраз сөйлесіп тұрып, үй-іші үйқтағасын Айғаным шығып келмек болды. Жұрт жатты. Дүние тыптыныш. Жаңа қонған жұрт. Неше түрлі балауса шөптердің иістері аңқып, малдар да күн ұзаққа шаршаған секілді. Тынығып, кой күйсеп, қара мал жусап, сақ төбеттер тұмсығын бауырына тығып жатып, үйқысын қимай аздал үріп қойып, не керек барша мақұлық тыныштықта еді. Тек көлдегі құстар да аздал қаңқылдағаны менен су түбіндегі бақаның құрылдан шақырғаны болмаса, сол кезде кесіп алған жарты наң сықылды ай да шарбы бұлтың арасынан бір көрініп, бір жасырынып батуға жақындал, жанbastыққа жетті. Нұрекен де аттарын ерттеп қойып, екі көзі төрт болып, қашан келеді деп күтіп отырғанда, артық таза киімдерін қолтықтап бір киімді бүркеніп Айғаным келді. Айғанымға Жәкейдің тор жорғасын үйдің артындағы жинаулы өзінің ер тұрмандарын экеліп, ерттеп беріп үшеуі атқа мініп алып, ешкімнің көзіне түспей, ауылдан шығып, «Шу-у» деп жөнелді. Бұлардың көріп тұрған аспандағы аймен жүлдyz, жердегі шөптеге: «Сапарларың қайырлы болсын, жолдарың болсын»—деп құттықтай қалды.

24 февраль.

VIII.

Жолаушылар аман-есен елдеріне бара тұрсын. Енді Жәкей ауылышындағы қызықты естіңіз. Жәкей ертенгіде намазға тұрғанда үйінде қызының жоқтығын көріп, түзге отыруға сыртқа шыққанда, үйінің сыртында жатқан қонақтарының һәм өзінің тор жорғасының жоқтығын көріп, қызының солармен қашып кеткенін анық білді. Бірақ Жәкей қарт ішінен: «Болар іс болған-ды. өзім осы Құбашқа қайдан бердім, обалына қалдым-ау деп жүр едім, теңін тауыпты, құдайым қайырлы қылсын»—деп ойлап, бөтен сөз айтып даурықпай, үйгө кіріп қатынала осы жайлы айтты. Жәкейдің тоқалы да

жуас адам болғандықтан, бөтен сөз айтып өршеленбеді. Сөйтседе Жәкейдің басына оңай іс тумады. Эрі ойлап, бері ойлап елге хабар айтпаудың жөнін таба алмады. Ауылда ат жокты сылтау қылып, ішінен: «Аналар үзап кетсін деп ойлай, Шай сұнын ішіп болып, жылқы құлағасын барып, жайлардағы елдерге хабар айтып, тағы бір кісіні тогайдағы ишанға жіберді. Ишекен мұны есіткесін шыдай алмады. (Бұрын өзін-өзі қайрап жүрген). Қіши бесінде есітсе де, ауылның маңындағы барлық кісі қарасын ертіп алып, күн бата Жәкей аулына жетті. Келісімен бұрқан-талқан болып кейіп, түнделетіп қос аттап бір ауылнай қол астының әр жеріне шақырта кісі жіберді. Шақыртқан жерінің атқа мінетін адамдарының жасы, карты бірі қалмастан ишан шақыртты дегесін бәрі таң атқанша жиналыш болды. Нұрекенге ала көзімен қарап жүрген тағы бір ишан келді. Жұрт жиналыш болғасын ишан бастап мына сөзді айтты:

— И, жамағат, мынадай үлкен оқиға болып қалды. Біраз жылдан бері алдарыңызға тұрып, имам болып, намаздарыңызы беріп, өлгендеріңіздің иманына қызмет етіп келем. Тағы мынадай ишан деген есімім де бар. Егер мен ырза болсын десеніз, осында жиналған кісінің бірі қалмай барып, қайдан болса да қызды алып қайтсын. Ол—біреудің не-келі әйелі. Оның некесін бастап айттырғанда өзім қиғанмын. Ол Нұрекен деген бет дуа қақсан онбас, онбас!—деп жылам-сырап жіберді. Сол уақытта есіктің алдындағы кейбіреулер: —Ай, жарыктық, мықтап кейіп отыр екен. Нұрекен онбайды той,—деп тұрды. Сонда басқалар:

— Жарайды, сіздің айтқаныңыздан шықпайық,—деді. Ишан қасындағы бір ишанды көрсетіп:

— Мына хазіретпен екеуміз бірге барамыз. Екеуміздің өл деген жерімізге өліп, күй деген жерімізге күйесіндер!—деді.

Басқалар да «Жарайды, жарайды» десіп, жабыла атқа мініп, тапқан кару-жарақтарын алып, тіпті біреуіңайза, мылтықтан басқа үлкен әкесінен қалған қылыш пен сауытты да (темірден істелген соғыста киетін көйлек) алды. Осылай жұз қаралы кісі болып аттанып жөнелді. Бір күннен соң Құлтас ауылның отырған жеріне келсе, үркіп көшіп кеткен (өзі көшпелі ел той) екен. Қошкен ізімен тағы қуып кетті. Аттары болдырып, ку бозбалалар жолшыбай талай жарлының жалғыз атын тартып алып, талай қатын-бала жылдатты. Екі күн

өтіп, үшінші күн конып отырған жерінде куып жетті. Олар да сақтанып, бас аяғын жинап көшіп бара жатыр екен. Бұлардың келе жатқанын көргесін қатын-бала мен көп адамдар жиналып калды. Бұлар қарқындарымен келіп, екі арада жарып жүріп ұрыс-қағыс болып, екі жакта да бірталай кіслер жарапы болып, соғыс қызып келе жатқанда, бір бүйірден ара бір топ кісі келіп, араға түсті, соғысты тоқтатты. Екі жақты бітірмекші болып, «Құлтас» жағын ат-тон айып, қырық жетінің малына ырза қылып, ана жағына қарап айтты:

Олар:

— Жоқ, Біздер қызды алмай ырза емеспіз, некесі қылған біреудікі,—деді.

Мына жаққа келгесін Нұрекен:

— Жасындағы қиған неке неке болмайды. Өйткені қыз өзі есі кіргесін ырза болмаса, бөтен қалаған адаммен кете алады. Өздері ишан ғой, өскесін өз ризалығымен қидық деп актай алса, амалымыз бар ма?—деді.

Енді мына жаққа келгесін ишандар ойға қалды. Екі ишан кеңесіп, бізді құдай кешірсін, біз некесін қидық деп айт бермекші болды.

Екі ишан бір-екі соғысына «Біздің жүрген жерімізден жүрсөніз сіздерге оқа жоқ» деп зорлап күә қылып төртеуі айт беріп, қызды алып қайтуға барды. Ишаниң бүйірімен Айғанымның бір немере ағасы Айғанымды алып қайтуға үйге кірді. Ағасы келгесін Айғаным:

— Ойбай, ағске-ау, енді мен елге не бетіммен барам, мені екі өлтіргенше, бір өлтірсейші деп жыласада, тасбауыр саңырау ағасы естімегі, зорлап алып шықты. Үйден шығып бара жатқанда Нұрекен қоштасып, жылап қалды. Күғыншылар үш күн далада жатып, тілектеріне жетіп, Айғанымды жылатып алып келді.

IX.

Айғаным ауылға келгесін күлгөн күнінен қайғылы күні көп болып, жұрттың бетіне тұра қарай алмай, бұрынғыдай ойнап-куле алмай өні бұзылып жүдеп кетті. Құзге жакындағасын бір-екі ақсақал ертіп, Құбаш күйеу қайнына келіп, бірден өз үйіне баруды ар көріп, Жәкейдің бір ағайынының үйіне түсті. Сөзден сөз шығып отырып, Құбаш молда мына-ны айтты:

— Оқыған пірінің фатихасын алмаған жақсы емес қой. Міне, Нұрекен қандай болды? Біздей жүрттың көбі біреудің қойын бағып, соқасында жүр. Біздің біреудің төрінде отырғанымыз, хазіреттің фатихасы той,—деп тағы бір жігітпен сөйлесіп отырып мынаны айтты:

— Мен оны хаді соғып аламын, хаді соқпай алмаймын,— дед.

Жігіт:

— Неге?—дегендे, Құбаш:

— Әззә ниету вәzzә ни фәджли дұ нүллә уаһиддин мин жу мә ми этә джәл футін,— (зинақорлық жасайтын әйел және зинақорлық жасайтын ерлердің әрбіреуіне жүз хад (таяқ соғыңызы) деген, —деп соғып отырды.

— Ертеңіне әлгі он кісі ertip Жәкей ауылына алып барып, құдаларды татуластырыды. Бір үйіне қонақ қылды. Оның ертеңіне манағы жігіт барып, тысқа шақырып алып, Құбашпенен сырласты. Сонда жігіт Құбашқа:

— И, молдеке, не қылдың жолыға алдың ба? Шыбық соқтың ба?—деді.

— Бөтен ешкім көрсетпегесін түнде үйіне өзім барып едім, барғасын мықтап ұяды. Бөтен сөз айта алмады, тек ғафу өтінгеннен басқа, сосын мен де: «Ақталмай-ақ қой, тафдырда солай шығар деп кештім»,—деді.

Бір-екі-үш күн жатып құдалар малға келісіп қайтты. Қыстың басында малын әкеліп беріп, Айғанымды ұзатып алып та қайтты.

Айғаным да жатса, тұрса есіне Нұрекен түсіп, қайғырса да «Бәрі бір құдайым біздің қалағанымызды қылмады. Қайда жүрсем де өлгенге есеппін» деп ойлап бөтен сөз айтпай Құбашқа көніп кетті. Бірақ Құбаш үйіне барғанмен де екеуінің түз-дәмі жараспады. Ит пен мысықтай болып кундері өтті. Эр уақыт Құбаш қоқақтап, «Қашқан жауға қатын ер» дегендей, сұлтау табылса, аямай сабайтын болып жүрді. Қыстың аяқ кезінде жазға салым Құбаш бір нәрсені сұлтау қылып, қамшыменен аямай сабап жатқанда, қамшының түпшесі Айғанымның көзіне тиіп, бір көзі шығып, содан соң, көп ұзамай азырақ ауырып жатып, сол көзі шыққаннан бұл жалғанға қош айттысып, жаны қысылды...

ПЕРИЗАТ — РАМАЗАН

Қатынасушылар:

Рамазан — кедей жігіті.

Перизат — Молдахмет байдың қызы.

Молдахмет — бай.

Сәйпен — Перизаттың ағасы.

Алтын — Молдахметтің әйелі.

Жарылғап — кедей шаруа.

Салиха — оның әйелі.

Мақыш — Рамазанның шешесі.

Степан — орыс шаруасы.

Мария — әйелі.

Жолман — кедей шаруа.

Қалман — кедей шаруа.

Дүйсен — кедей шаруа.

Әлібек — Перизаттың қайын атасы.

Толқын — кемпірі, қайын енесі.

Нұржан — олардың баласы, Перизаттың күйеуі.

Махамбет — туысқан аксақал.

Ауылнай, милиционер, прокурор.

I шымылдық.

I көрініс

(Молдахметтің үйі, жазғы уақыт. Төрде сәнді жүк. Он жакта кемпір — шалдың төсегі. Жүктің сол жағында келіні — Салиханың төсегі — керуат, тұсында кілем. Түрулі шымылдық)

Махамбет — Күн кешке айналды, рүқсат болса, енді мен жүррейін, Кешкі салқынмен ауылға жетейін.

Молдахмет — Рүқсат алдадан, «Кел демек бар, кет демек жоқ» деген. Ал енді жүрем десен келген жұмысынды айт. Жай келіп, сәлемдесіп, қонақ болып келудің де айбы жоқ. Сонда да міндетімізден құтылайық, солай емес пе, құда?

Махамбет — Солай, солай. Келген жұмысты сұрауыңыз әбден макұл. Келдік, сәлемдестік, амандықты білдік, қонақ болдық (Дауысын өзгертіп) Құда-құдағайыңың

айтып жіберген сәлемі бар. Оны өздеріңіз де түсінесіз шығар. Заман болса жаман. Жылдамырак бас қусырғанын жақсы көреді. Осы күні комсомол дей ме, қит етсе пәле болды ғой. Газитке жазады, арыз береді. Заман бұзылды ғой. Құданың өзі аңқау, бұрынғының адамы ғой. Эркім әрнемені айтса, Алдияршылап келінімнен айрылып, басым бәлеге қала ма деп қорқа береді.

- Молдахмет — Од, ырас, заман бұзылды ғой (көтеріңкі дауыспен).
Пой! Баяғы Мекалай кезіндегі заман-ай! Жарастығымен құда түсіп, той қылып, қалың малды матап беріп, жарастығымен қыз ұзатып, келін түсіріп / аз тоқтап, ойлап отырсан, о да бір қызық дәурен екен-ау! Бүгінде заман бұзылды ғой. Өзіңнен өзің жасырынып қызығынды қызықтай алмай, жасырынасың да жүресің, бай деп тағы мазанды алады.
- Сәйпен — Ой, қойшы, тап баяғы, тап баяғы заманым болмады демесен, әліде қазақтың казақшылығы бар ғой. Сәбеттің айтқанын кім істеп отыр? Қалың малды жоюмыз дегенмен жоя алды ма? Бұзылған коменіс, кәмсомол, мұғалім құсаған жалаңақтар болмаса, іретін тауып жақындаса білсен, іс басындағы адамзаттардың да казақшылығы барлары бар. Қанша айтсаң да әңгіме малда ғой.
- Махамбет — (куліп) Ырас, әңгіме малда. Солардың өзі де байларды жамандап отырып, алдымен байға түседі, бергенді жек көрмейді.
- Молдахмет — Ырас, ырас, баяғы да болыс та болдық. Елді бір шыбықпен айдал, дегеніміз де болды. Шүкір, бұқунде де өзіміз болыс болмағанмен, айтқанымыз болады, қалаған кісімізді болыс қоямыз. Сайлауды өз қолымыздан өткіземіз.

II көрініс

(Есіктен Жарылғап кіреді. Үстінде жұмыс киімі, иығында шалғы орак, бір қолында қайрак, басқа құрал салған дорба мен торсығы бар, шалғы оракты босағаға сүйеп, дорба мен торсыкты жерге тастай береді)

Алтын — Ойбай-ау, торсыкты жерге тастамасайшы, шіріп қалады ғой, жоғары іліпкой, кеүіп тұрсын.

Жарылғап — (тындармай отыра кетеді) Ұо! Шөлдеп барам, сусын берші, таңдайым жабысып қалды.

Моллахмет — Негіп ерте қайттын? Сырткы өзекті шаңып болдын ба?

Жарылғап — (көпілсіз) Жок, болғаным жок. Күн мықты ыссы болды, сусынды аз беріп, өзім шөлден өліп қала жаздадым.

Моллахмет — Кемпір, бер, бер. Күн ыссы болғаны ырас, мен үйде отырып, ерте қайтатынын білдім.

Сәйпен — (көлбеп жатып) Сусын деген сұлтауғой. Өзім ерініп ерте қайттым десейші. Осы заманда малай ерке болып кетті ғой.

Жарылғап — Малай болғанымен мұндағы кісінің тастай алмай жүрген жаңы бар деймісің (кітті). Осы құдайдың шыжып тұрған күнінде өзің барып жұмыс істеп қараши, бір сағат төзөр ме екенсін.

Алтын — (Орнынан тұрып жатып) Қой, бөтен сөзді қойындар. Мен сусын берейін. (Молдахметке қарап) Қонағыңың асырып отырғанын білемісін, жолынан қалдырмай, жұмысын бітір.

Махамбет — Ол ырас, жол ақы-журу.
(Алтын Жарылғапқа сусын күйип береді. Жарылғап алып ішіп, қағып салып, бір күрсініп, аяқты итере тастап, мандайының терін сүртіп, жантаяды)

Моллахмет — (конаққа қарап) Біздің бөтен сөзіміз жоқ. Біз екі айту дегенді білмейміз. Құданың өзі дайын болса, біз дайын.

- Махамбет** — Айтылған 2000 сомның бір мыңын алып келдім. Бір мыңын күйеу балан өзі келгенде ала келеді. Базарға мал айдатып жіберді. Қалаулы екі атынызды, құдайғайдың өзі баласын апарып салғанда мініп қайтады. Біздің де дайын болмайтын ештеңеміз жоқ. Айттым ғой, құдан асырып отыр деп.
- Молдахмет** — Жарайды, олай болса, сөз біреу, келсін де адамын алсын. Біз де баламызың күтті жеріне кондырганды жақсы көреміз.
- Махамбет** — Мына ақшанды берейін (Қалтасынан ақ қағазға орап, жіппен байланған ақшаны шығарып жатып) Санап алыңыз қата болмасын.
- Молдахмет** — Сәйпен, сен санап алшы «Алтын тапсан санап ал» деген. (Сәйпен тұрып келіп, Махамбеттің қасына отырады. Молдахмет, Алтындар мойнын созып созып қарап отырады).
- Махамбет** — (Санап Сәйпенге беріп жатып) Мынау бір шербондықтар, мынау 3 шербондықтар, мыналары он шербондықтар (Сәйпен бөлек, бөлек санап қойып отырады)
- Жарылғап** — (өзінен өзі) Перизат байғұстың жылайжылай сатылып кеткені дағы. Байдың ісі пәрменмен, жоқтың ісі дәрменмен. Рамазан бейшара кайтер екен? (Сәйпен ақшаны уыстап әкесі Молдахметке береді)
- Молдахмет** — (Ақшаны колына алып жатып) Кемпір, біреу-міреу келмесін, есіктен қарашы, соңсын менің ақша салатын қалтамды алып бер.
- Алтын** — (Шапшаш басып, есіктен қарап келіп) Ай, құдай-ау, кім келуші еді. Жоқ жерде сақтақ ойлайсың-ау! (Ұзын бауы бар, ак қалтаны алып береді).

- Молдахмет** — (Акшаны калтаға салып жатып) Сонда да «сактықта көрлік жок» деген, (калтаның бауын мойнына іліп, көйлегінің омырауынан ішіне салып жібереді).
- Махамбет** — Ал, еnlі кашан келсін дейсіз, әйтеуір жұмыстың тез-тезі жаксы.
- Молдахмет** — Алдымыздың сәтке жұмаға келсін. Біз дайынбыз, кемпір, солай ма? Бірақ күйеу бала касына бір кісіден артық кісі ерітпесін. Заман жаман бір күнде жөнелтерміз.
- Алтын.** — Болса, болсын, кайтейін, баяғыдай отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, ырғап-жырғап жөнелтетін қарағым еді, әйтеуір күйқалап бере салмақсындар ғой, кайтейін, заман солай болғасын.
- Махамбет** — Сол сөз, сөз ғой, енді мен журейін. (турып киінеді)
- Молдахмет** — Қуда-кудағыға сәлем айт. Сәйпен, түр. Қонақтың атын үстап, әзірле! Күн де кешке айналды.
- Махамбет** — Кош, болыңыз! (Жарылғаптан басқасы шығады).

III көрініс

- (Аздан соң Перизат пен Салиха кіреді. Жарылғап жантайып жатады).
- Перизат** — (Крауэтка отырып) Ана Қебекен үйіне келген қонақтардың ішіндегі әнеугі мелется шығар деймін) (бетін шымшып) маған қарай қолын бұлғайды, ұялғанымды қайтейін! (Күледі)
- Салиха** — (Төрдің алдындағы көрпелерді жинап жүріп) Ойбай-ау, ол шірікке қыз не керек, сондай уятсыз кісіні көрсем көзім шықсын.

- Перизат** — Жеңеше, әлгі қонақ неге келген екен, білдің бе?
- Салиха** — Жоқ, мал сауысып жүріп әңгімелерін ести алғаным жоқ, мына **Жарылғап** білетін шығар, неғып жатыр байғұс. Үйықтап жатыр ма? Шаршап қалған фой, (касына келіп жүресінен отырып **Жарылғапты** қолымен түртіп (Әй, **Жарылғап**, әлгі құда неге келген екен?
- Жарылғап** — (Жатқан күйі) ой, құласы құрсынши, кай бір жақсылыққа келді дейсің?
- Салиха** — Е, немене айтшы Ой, құрғыр, бәлденбей айтшы!
- Жарылғап** — (басын көтеріп) жесірімді бер деп келіпті. Ақша әкеліпті. Оның несін сұрайсың?
- Салиха** — Қанша ақша әкеліпті,— қашан беретін болыпты?
- Жарылғап** — Бір мың сомды жана ғана санап берді. (Перизатқа қарап) Ай, қарағым-ай, енді 4-5 күнде кетесің-ау?! (басын шайқап)
- Перизат** — 4-5 күнде үзататын болды ма? Распа?
- Жарылғап** — Алдымыздағы жұмаға беретін болды фой.
- Перизат** — (орнынан үшіп тұрып) Сорым қайнаған екен фой, бакытам ашылмаған екен фой, (жылап) ең болмаса Рамазанды бір көрмей кетем бе? Қараышым, жалғызым, Рамазан, Рамазан! (қайта отыра кетеді).
- Салиха** — (өзінен өзі) Ей, құдайдың құдіреті не мырзалар не төрелер, не байдың балалары тұрғанда бір малаймен әуре қылып койғаны.
- Жарылғап** — Қарағым, жылама, әкеңнің бай деп берген жері фой, Рамазан бейшара мұны естімей қалады фой, болмаса үшса да келер еді.

- Салиха** — Сен соған хабар берсейші.
- Перизат** — Айналайын ағеке-ау, сұйтсейші, хабар берсейші.
- Жарылғап** — Түнде оралып келетін жер болса барап едім, күндіз жібермейді ғой.
- Салиха** — Өтірік айтсаң да бір ретін тапсайышы, ен болмаса көрісіп қалсын.
- Перизат** — Өлгенде де осы жақсылығынды ұмытпаймын, қабар бер, енді сен бізге жәрдем бермегенде кім жәрдем қылады. Сенен жасыратын сыр да жок.
- Жарылғап** — (қатты) жаксы олай болса, ертең қалай да болса барып хабар берейін, бай көп болса, шығарып жіберер. Рамазан да өзімдей жалшы, қара табан еді, сауабытиер.
(Есіктен Молдахмет, Сәйпен, Алтын кіреді, отырады).
- Молдахмет** — отырып жатып/ Сәйпен, әлгі мелется не дейді?
- Сәйпен** — Болыстарға мына үшінші ауылға барғанша бір ат керек дейді, түнделетіп, салқынмен жүреміз, жылдам тап дейді, жылқы да өріске шығып кеткен еді.
- Молдахмет** — (Жарылғапқа) жылқы өріске шығып кетсе, Жарылғап, сен атыңды берсең қайтеді? Пішенге ертең түйемен баарсын.
- Жарылғап** — (төмен қарап) жок бере алмаймын,
- Сәйпен** — Е, несі кететін еді, ертең кешке қайтып келеді, оны сеп-семіз қылып қайтесін.
- Жарылғап** — (қаттырак) Осы сендердің көретіндерін менің жалғыз атым ба? Екі жұз жылқыларың көрінбейді, алдыр жылқышыға, болмаса арқандағы торы жорғанды бер. Сенің пішениңе мініп жүргенім аз ба?

- Молдахмет** — Жарылғап сен ендігәрі үйтіп біздің жылқымызды санауынды қой, бер деген соң бере ғой, бір күнге көтөні түспес.
- Жарылғап** — Жок, бере алмаймын, жаңа пішеннен келіп сұтып қойдым, ертең мына ауылда батырақтардың жиналысы болады екен, соған барам.
- Молдахмет** — Мынау иттің баласы «батырак» деген тағы бір сүмдікты шығарды. (Сәйпенге) бұны қой жылқыдан бір ат алдырып бер.
- Сәйпен** — Айттым ғой, биыл малай құтырып кетті деп (Салихаға) бар, жылқышыға айт ана көк дөненді әкеліп берсін де, (Салиха шығып кетеді).
- Молдахмет** — (Сәйпенге) мынау үйде түсіп отырған болыстар болса, барып қастарында отыр, әңгімелерін ести. Ондайға тіпті үйірілігін жок. Заман сендердікі, бауырыңа тартып алып кетсең қайтеді, олар әр уақытта керек болады.
- Сәйпен** — Барам ғой жаңа қонақ жөнелтіп әнемінен кол тиді ме? (шығып кетеді, Молдахмет жантайып жатады, Алтын жұн түтеді).
- Салихა** — (қайта кіріп Перизатқа сыйырлап) Еркем шүйінші! Рамазан келді, түсіп жатыр. (Жарылғап орақ алып шындаиды).
- Перизат** — (Рас па? Құдай берер. (Колында қамшы, үстінде қара-дүрсін жаман киімі, есіктен Рамазан кіреді).
- Рамазан** — Ассалаумагалайкүм! (Жарылғап Перизатқа жалт қарайды).
- Молдахмет** — (Жатқан күйі басын бұрып) Рамазан-бысың? Жоғары шық. Аман ба? (Рамазан төрге таман отырады).

- Рамазан** — Шүкір, өздеріңіз де, үй іші, малжан аман ба? Қүйлі қуатты жақсысыз ба? (Перизатка) Аман сау отырысз ба?
- Жарылғап** — (орағын шыңдаған күйі) Е, Рамазан, аман сау ма?
- Молдахмет** — Рамазан, сен бізді ұмытып, орыс поселкісіне ауып кеттің-ау, үйреніскен бала едің, өзімізге қайта журсен қайтеді? Әлде орыстың нанынан шыға алмайсың ба?
- Жарылғап** — Е, әйтеуір күнелтудің қамы дағы, бізге кай жерден мал, кәсіп табылса, сонда істей береміз.
(Салиха төсегіндегі құндақтаулы баласын азырақ көтеріп, жұбатқан болып, қайтадан төсек үстіне қойып, шығып кетеді).
- Перизат** — Рамазан, шешенін дені сау ма?
- Рамазан** — Шүкір сау, сәлем айтып жатыр.
- Алтын** — Ол кемпірге не жуысын? Ол тегіндікпен өлмейтін кемпір ғой.
- Молдахмет** — Сен орыстың малын бағуды кой, өз қасыма көшіп кел, қанша айтқанымен қазак іші жаксы болар.
- Рамазан** — Құзге қарсы, пастектің сүрегі біткен соң, келсек келерміз.
- Жарылғап** — (өзінен өзі шетке карап) Саған адам жолар ма? Қолыңдағы жалшыны әбден карық қылып-ақ отырысн! Кісінің өз атын өзіне билеткің келмейді.
- Салиха** — (үйге кіріп) Ата, сізді, енеммен екеуіңізді, би конактарына мал сойған еken. solarмен бірге ет жесін дейді. (Перизаттың қасына керуетке отырады).

- Молдахмет** — (басын көтеріп) Олай болса барайық, кемпір сен де барасын ба? (кімін жамылып кетіп баратып) Қелін, сиырлар жүрттың пішеніне кетпесін, малшыларға айтып кой, Жарылғап, сен де пішеннен басқаны білмеймін демей, үйге келгенде малға да көз салып кой, қойлар дұрыс үйірілді ме еken, түйелер шөгерліді ме еken? (шығып кетеді).
- Жарылғап** — Жұмыс кылып шаршап келгенде тыным берер деймісін? (орағын жоғары сүйеп, белін үстап, күрсініп, шығады, оның соңынан Алтын да шығады).
- Салиха** — (есікке бір қарап қойып, күліп) Рамазан, жақсы келдің, еркем келмейді-аудеп қайғырып отыр еді. Ал екеуін сөйлесе бер, мен сыртқа шыға тұрайын, бөтен кісі келмесін қарап тұрайын (шығып кетеді).
- Рамазан** — (орнынан тұрып Перизатқа қарап жүріп) Қалқам-ай, көргенше асық болдым ғой, (құшағын жайып қасына барып) келші мауқымды басып бір сүйе-йін! (екеуі сүйіседі).
- Перизат** — (Құшақтап тұрып жылап) Рамазан, мен кор болдым жалғызыым, ендігі күнім караң, мен қайтейін?
- Рамазан** — (Құшағын айырып, шошып) Е, неге, не болды?
- Перизат** — Енді бес күнде мені ұзататын болды.
- Рамазан** — Перінің қызы, урдің қызы сиякты Перизат сынды қалқам-ай, іс жаманға айналған еken ғой. (даусын өзгертіп) енді қайттік, анда-санда келіп көріп тұратын кез де бізге енді жоқ еken ғой, (аз токтап, жыламсырап, қайта құшақтап) Қалқам, жалғызыым, енді маған қайт дейсін!?

- Перизат — (жылап, жалынған сиякты) Енді мен басқа есепті білмеймін, мен сенен қалмаймын, бәтен есікке барып қор болғанша, сенімен бірге қол ұстасып жүріп өлгенім артық, құдай мені саған асық қылды.
- Рамазан — Мен сені жек көрем бе еken? Мен де сенімен бірге өлсем арманым жоқ» деп жүрген кісімін, қайтейін амал қанша?
- Перизат — Мені, сен ал!
- Рамазан — (Төмен қарап салқын дауыспен) Ай, қалқам·ай, сен елдегі бір сұлу, Молдахмет байдың қызы менің мандайма сия ма! Мен бір жалшы. Экен бай, тегіндік-нен маған сені бере ме, екеуіміз қосылғанмен бізді қосылдырmas, бұл бір асуы жоқ аскар тау сиякты ғой. Білмеймін, киын ғой.
- Перизат — Жоқ, Рамазан, кедей де болсаң байдан артықсың, жалшы да болсаң төреден артықсың маған. Бұғінде әйелге еркіндік деп жүрттың қызының бәріде қашып кетіп жатыр ғой, бірге кетсек не корқатыны бар. Әрі өзің орыс ішінде болсаң бәрінен де жақсы емес пе?
- Салиха — (Есіктен кіріп, күліп) Е, неғылдыңыз, сөздеріңді бір жерге койдындар ма, уәдені қаншаға байладындар?
- Рамазан — Мен әлі тәуекел ете алмай түрмyn, Елдегі болыс мелется бәрі де Молдахметтен шықпайды, кім біледі, қаладағы әкімдерді де, бәлки өзіне қаратар, ең аяғы, іс жаманға айналса, менде жүріп тұратын күш жоқ.
- Перизат — Мен саған қосылмаған, сенімен қашып кетпеген күнде, маған сенің қайғынан басқа тағы бір, жаман қайғы бар.

- Рамазан** — Ол не қайғы?
- Салиха** — Рамазан, сен тәуекел ет, сенің қай бір жылқынды шауып алар дейсің? Ұлы сөзде үят жоқ, еркемде сенің алты айлық балаң бар, бәрінен де оған обал болады ғой.
- Рамазан** — Салиха женгей, сен де тәуекел дейсің ғой, (кattyrap) олай болса, нар тәуекел мен бел байладым, енді сенің жолында өлімге де басымды байлағаным. (Перизат Рамазанды күшактап жылап жібереді).
- Салиха** — Ойбай-ау, сөздерінді жылдам бітір, қашан кетесіндер, оны да шешу керек, ана үйдегілер келіп қалар! (есіктен қарайды).
- Жарылғап** — (Есіктен кіріп). Қәне, сөзді бір жерге койдындар ма? Жаңа (куліп) маған шақырып кел деп екеуі көрдей қысты ғой.
- Рамазан** — Сөзді байлады, бірақ қашан қалай кетерімізді білмей тұрмыз, енді оның ақылын сен тап!
- Жарылғап** — Тап қазір інірде, ақ пен қызылдың арасында ал да жөнел. Үйде кісі де жок. Мұндай реті келе бермес, уақыт аз қалды. Біреуің менің атымды мін, екеуіңе немеуірінге басымен бергенім. Эйтеуір жылқы баласына жеткізсе маған сәлем берме. Жалғыз басым атсыз-ақ күнелтермін. Ымырт жабылып қараңғы да болып қалды.
- Салиха** — Дұрыс, міне жігіт!
- Рамазан** — Дұрыс, Жарылғап, ризамын, осы жақсылығынды бір қайтарармын.

- Жарылғап**
- Олай болса, енді не тұрыс бар? Әзірлеңіндер! Перизат, сен киім жамылып, сайға түсс бер, Рамазан соңынан өз атына мініп, менін атымды жетелеп барсын, Салиха, баланды емізіп үйықтап қал. (Перизат киініп сыртынан бір шапан бүркенеді).
- Перизат**
- Қош, женеше, кош алтын босағам!
- Салиха**
- Қош еркем, жолың болсын! (Перизат шығалы, Салиха, баласын емізген болып жатып қалады).
- Рамазан**
- Қош, женгей, ойнап күле жолығайық. (Жарылғаппен екеуі, шығады, сакна біраз бос тұрады).
(Есіктен Молдахмет, Алтын, Сәйпен кіреді).
- Молдахмет**
- (отырып) Әлгі Рамазан қайда кеткен? Күзге карай жалдасқ тәуір болар еді.
- Алтын**
- Қойши соның өзін, жаратпаймын, бозбалалық ойында бар ма·ау өзінің? Әлгіде амандақсаным да жок. (АЗ тұрып). Келің-ғау, нағып жатырсың? әлгі Перизат қайда жүр түн болғанда?
 - (үйықтаған кісі болып қасынып) Мынау үйлерде жүрген шығар. Мына баланы емізем деп, үйықтап кетіппін ғой.

II ШЫМЫЛДЫҚ

I көрініс

- Жарылғап**
- (Есіктен жүгіріп кіріп сасып). Ойбай, белдеудегі атым жок, әлгі меслесе алған жоқ па екен?
- Молдахмет**
- Не дейді, ұры алып кетпесін, әлгі Рамазан қайда жүр?
- Сәйпен**
- Әлгі бір кездे бір ат жетектеген сайға карап кетіп баратыр деп еді, сол болмағай еді, сенде алмағы бар ма еді, 'тынды лауға бермейтін немесің ғой.

- Жарылғап** — Менде несі бар болушы еді? Ойбай, жазған басым-ай! (шығып кетеді).
- Алтын** — Осылар не деп отыр. Қелін, барши әлгі бір қызды шақырып келші шапшан, бір сүмдық болмағай еді? (Салиха жылдам шығып кетеді).
- Сәйпен** — Элгі бишаараның атын айтсайшы?
- Молдахмет** — Ол атпен кетсе болар еді (айқайлап) Қелін, а келін, қайда жүрсіндер?
- Салиха** — (жүгіріп кіріп) Бұл үйлерде жок, әлгі бір кезде біреу бүркеніп сайға қарай бара жатыр еді дейді.
- Молдахмет** — Э... Сүмдық болды, масқара болдық, әлгі итпен қашып кетпегей еді? Сәйпен, жүгір, атка мін, тағы бөтен кісілерді атқа мінгізіп сайдың бойын айнала қаратындар! (Сәйпен жүгіріп кетеді, Молдахмет тұрып қалады).
- Алтын** — Ойбай-ай! Масқара болдық-ау, айттым той, сол екеуін қашаннан, жаратпайтын едім, ақыры ойлағаным болды! (жүгіріп шығады).
- Жарылғап** — (жүгіріп кіріп) Ойбай, байеке! Енді қайтем құдайдың жалғыз атты да көпсінгені ме? Айнала жүгіріп қарадым, сай бойына да бардым, зым-зия жок.
- Молдахмет** — Ой атқан, атына неге ие болмадың? Сениң атың емес, сүмдықтың үлкені болды, қызымызды алып кетті! Қап, құдай-ай, аруағымыздың кішірейгені ме? Жүгір сен, болысты шақырып кел!
- Жарылғап** — Бәрін де шақырайын ба?
- Молдахмет** — Болыстың өзіне ғана сыйырлап айт, қалғандарына естірмей. (жүгіріп кетеді).
- Сәйпен** — (асығып кіріп) Ой, күрсын жоқ, қыз да, Рамазан да жоқ, тастай қараңғы ауылда қууға жарайтын қолда ат та жоқ!

ІІ көрініс

(Есікten Степан, Мәрия кіреді).

- Степан — Аман, тамыр!
- Мәрия — Міне теперь весело!
- Мақыш — Қарақтарым, амансыңдар ма?
Жоғары шығыңдар. Сен тақ болмаса
отырмайсың ғой (астына кішкене қол
саңдық әкеліп береді, Степан отырады).
- Мәрия — (Перизаттың қасына келіп). Баранчук
жақсы. Давай, баранчук, маған қолын
соғады! (Перизат оны есітіп ескермей-
ді).
- Мақыш — Келінжан, қарағым, Жолжанды бере
ғой көтергісі келіп, сұрап түр ғой. Өзі
жас баланы жақсы көреді, баласы жоқ
кій, бере ғой.
(Перизат баланы береді, Мәрия алады).
- Мәрия — (Баланы көтеріп, сергітіп, аяғымен би-
леген-сымак жүріп). Ах, мальчишка,
Мальчишка. Ах, ладушки-ладушки!)
- Степан — Шеше, сенікі келін бар, баранчук бар,
сенікі жақсы да.
- Мақыш — Қарағым, жақсы ғой, келін де жақсы,
бала да жақсы құдайға шүкір.
- Степан) — Сенікі мальчик қазір 6—7 жас өтеді,
школға барады, оқиды, пионер болады,
комсомол болады, коммунист болады,
сонсын үлкен комиссар болады. (куле-
ді, басқалары да күледі, Мәрия баланы
Перизатқа береді, оны жатқызады).
- Мақыш — Не болса, ол болсын, әйтеуір тірі бол-
сын. Тірі болса әжесіне сол болады. Бә-
рінен де амандықты айтсайшы. (Сте-
панға) қарағым-ау, мен әлі қорқа берем,
ана байлар бізге ештеңе етпес пе еken?!

- Степан — Жок, шеше! Корықпа, казір де Совет жарлы кісіге помогать етеді. Олар біздің поселкеге келе алмайды. Келсе біздікі, орыстікі оларға (жұмырыбын түйіп) маклушки силайды. (Бәрі күледі). Сен корықпа, пеш басында спить жасай бер, келін, Рамазан работ жасайды (тағы барлығы күледі).
- Мақыш — Степан-ау, орыс та болсаң өркенің өсін, құдай қуантсын.
- Степан — Жолман, айда! Домбыра ойна, өлең айта бер (өзі шылым орап тартады. Қолымен темекі алып насыбай етіп атады, Рамазан шылым тартады, Жолман домбыра тартады әрі-бері күй тартып отырады.)
- Мәрия — (Перизатқа). Ай, маржа, танцевать жаса айда!
- Перизат — Маржасы несі! Не дейді?
- Рамазан — (құлті) Биле дейді.
- Перизат — Мен білмеймін ғой.
- Жолман — Әуелі сен тансовать жасал (басқалары күледі).
- Степан — Айда-айда! (Мәрия азырак билейді).
- Мәрия — Қазақтікі, балалайкі білмейді (қояды).
- Қалман — Жолман, ән салшы, ән салғанынды жақсы көріп түр ғой (Жолман бір-екі ауыз өн салады).
- Степан — (Жолман ән салып болған соң) Мәрия, дамой!
- Рамазан — Степан неге келдің?
- Степан — Так, гуляем! Завтра біздікі ат алып кал. Работаға барамыз.

- Мәрия — Рамазан, сенікі маржа бізге зачем келмейді? (Перизаттың қасына барып). Біздікі үй кел арбуз ашап; хлеб ашап, молоко шай (күліп) шошқа ет жок! (Бәрі де күліседі).
- Макыш — Е...барады ғой, қарағым, ертең баар. (Құшактасып Степан мен Мәрия кетеді).
- Рамазан — Перикан, төсек салшы жатайық.
- Перизат — Әлден бе? Әжен үйықтасын, сосын жатармыз, үлкен кісінің көзінше үялмайтының не?
- Рамазан — (орнынан тұрып, Перизаттың қасына барып). Қалқам-ау, сен дегенде менен үят қашып кетеді, сениң қасында жатуға тоярмын ба? Көптен алаң болып түнде дұрыс үйықтай алмай журмін. Бүгін бір тыныш үйықтағым келіп отыр. Жаным, сен осы коркынды қойши, өмірімізше коркүмен өтеміз бе? Қорқамыз деп үйден шықпай төсек-орынды әкеле алмадық, ертең базарға барып келмесем болмас.
- Перизат — Төсексіз өтсем де әзір сені үйден шығармаймын.
- Рамазан — Перизат, маған төсек-орын тауып берे алмадың деп ренжімесең болғаны, сонау жүртттан үят кой.
- Перизат — Ренжіп, сениң кедейлілігінді білмей келді деймісің? Әуелі өзіміз аман-есен құтылып алайық, сосын көрерміз,—ден сау болса төсек те, киім де табылар!
- Рамазан — Енді құтылмаған неміз бар. Айырам деген кісі онбас, Екеумізді тек бауыры сүйк, қара жер айырап қалқам! (Барып екеуі құшактасып тұрады, есік ашылған дыбыстап сескеніп, айрылады).

- Мақыш — (Есіктен сасынқырап кіріп).
Бір екі кісі түсіп жатыр. Біреуі ат ұстінде қалды. «Рамазан үйде ме дейді?»
Кімсің деп едім, айтпайды. Түсіп жатқанның мылтығы бар ма деймін.
(Шошып кетеді).
- Рамазан — Түн ішінде не қылып жүрген кісілер екен?
- Перизат — Бір масқара болмағай еді!
- Рамазан — Сен туралы болмас, басқа шығар!
- Мақыш — Құдай-ай, сақтай гөр тағы! Элтілер де үйлеріне қайтып кетіп еді?
- Рамазан — Мелетсе келіп тартып әкетер деймісін, көп болса жауап алар, яки басқа жөнмен жүрген шығар. Қорықпаныз.

III көрініс

(Шымылдық ашылғанда Мақыш жалғыз күніреніп бір ескі киімді жамап отырады, күрсінеді, сыртқа шығып кіреді, тағы орнына отырады).

- Мақыш — (Өзі). Құдай-ай, қарастарымнан бүгін де хабар болмады-ау, дүниеде мендей қасқа болған кісі бар ма екен? Нежа-зығым бар, бір үйде жалғыз өзімді күніренткендей. Мені неге алмайсың! (жылайды).
- Қалман — (Есіктен кіріп). Шеше, куйің қалай?
- Мақыш — Мен сорлыдан не күй сұрайсың? Эйте-үір шықлаған жан, отырын (күрсінеді).
- Қалман — Бөтен кісі келген жоқ па?
- Мақыш — Келген жоқ, өзің не есітіп білдің?
- Қалман — Мен де бөтен еш нәрсе естігенім жоқ. Жана малдан келіп, шәй іштім де, кіріп шығайын деп келгенім еді, қанша күн кідірерін өзі білсін, бұдан босанады ғой. Біздің орыстар Молдахмет байдың өзі мелетсесімен қаралаймыз деп губернеге қағаз жіберіпті.

- Мақыш — Қарағым-ау, ол не қағаз?
- Калман — Осы бүкіл поселканың атынан піриговор жасап Рамазанды актап, ана байларды каралап жазған қағаз ол. Қағаз уезге жіберсе, байлар тағы ретін табар деп, тіке губернеге ондағы прокорерге жіберіпті, тағы да Степан бас болып 50 сом жәрдем жинап Рамазандарға жіберіпті.
- Мақыш — Ой, көп жасағыр-ай, орыс та болса тәңірі жарылқасын арты не болып кетеді. Басқаларды каралаймын демей-ак, қартастымын босата алса да болар еді.
- Калман — Ой, шеше, сен корықпа! Біздің орыстарды, аты орыс демесен, істеп жатқан жәрдемі есепсіз. Енді үйге барайың, атым да байлаулы тұр еді. (жүре бастады).
- Мақыш — Қарағым, құдай қуантсын, өркенің өссін! (Калман шығады).
(Азырактан соң, қолтығында жарты көмеші бар есіктен Мәрия кіреді).
- Мәрия — Аман, бабушка!
- Мақыш — Өзінде, қарағым есен бе?
- Мәрия — Бабушка, сенікі құрсақ пропал ма? (көмеш береді).
- Мақыш — (Көмешті алып) Қарағым көп жаса, үл тап! Сенің байың Степан жаксы, Сен де жаксы! Біздің Рамазанға ақша жинап жіберіпті, үде жатып естіп жатырмын, көп жасасын, өркенің өссін.
(басын шұлғып) Спасибо!
- Мақыш — Степан не айтады? Біздің Рамазандардан хабар білмей ме?
- Мәрия — Бабушка, сен корықпа! Сенікі бала келеді.
(есікке карап жүреді).
- Мақыш — Қарағым, құдай қуантсын!
(Мәрия кетеді).

Мақыш

— Жалғыз өзі шұқынып жүріп, күрсініп қойып) қайдан білейін, не болатыны? Эйтеуір бәрі де жақсы сөйлейді. «Жақсы лепес, жарты ырыс»—деп мені жұбатайын дейтінің, болмаса шын солай болатыны? (былай-былай жүріп төсегін салады). Түннің де біраз уақыты болады, бүгін көзім тартып еді, бір хабар бола ма деп едім, енді болмағаны жатайын. (күржиіп жатады, қайта тұрып барып, есікті жауып, шамды сөндіріп жатады).

(Азырақ саҳна іші күнгірттеніп тұрады, сырттан ит үрген дауыс естіледі, Мақыш басын көтеріп ит даусын тыңдал: «Ә, құдай» деп, шамды жағып есікке қарап жүгіреді. Есікті ашып сыртқа қарайша-ға бергенде, сырттан:

«Шеше, шүйінші!» — деген дауыс шығады.

Мақыш

— Қалағаныңды ал, қарағым, қай баласың?
(Үйге Жарылғап кіреді).

Жарылғап

— Шеше, мен Жарылғап (отыра бастайды).

Мақыш

— Қарағым, Жарылғапжанбысың, айта бер!

Жарылғап

— Балаларың аман—есен келе жатыр!

Мақыш

— Рас па? Бүгін келе ме?

Жарылғап

— Рас, қазір келеді, келіп те қалған шығар.

Мақыш

— Ой, құдай қуантсын, қаректарымды да көретін күн бар екен! Қарағым-ау, шүйіншіге не берейін?
(барып жаман сандықты ашады).

Жарылғап

— Шеше, ештеңе бермей-ақ қой! Тек қуантайын деп озып келдім.

Мақыш — (бір дүзік береді). Қарағым, өркенің есін, ала бер шешенің бергенін. (Сырттан ит үрген дауыс шығады) Солар маекен?

Жарылғап — Солар шығар. (Мақыш жүгіріп шығып, қайта кіреді)

Мақыш — Солар шығар, ит қыр жаққа қарап үріп кетті. Қап, Қалмандар есітпей қалды ау, жатып қалды ма екен? Иттін дауысын естіп, келмес дейсің бе?

IV көрініс

Есіктен Рамазан мен баласын көтеріп Перизат кіреді).

Мақыш жүгіріп барып, Рамазанды құшактап, дауыстап жылайды).

Тар күрсағымды кеңіткен
Тас емшегімді жібіткен»
Тұлабойым тұңғышым!...

Рамазан — Эжеке, жылама!

Жарылғап — Ой, шеше, сен өз балаңа бұрып кеттің фой, мен кішкене баласын көргенде, жылар деп отыр едім (құледі).

Мақыш — Корықкан да бір куанған да бір деген көnlі күрғыр шыдамай кетті. (Перизатка бұрылып) Менің Жолжаным кайда? (Құндақтаулы баланы алып) Қарағым, жұлым (шөпілдетіп қайта-қайта сүйеді). Экесін іздеп, барып алып келген қарағымнан айналайын, келін жан, қарағым, сенін де денін сау ма? Эйел де болсан, ереккек бергісіз ерлік істедін. Саған екі дүниеде де ризамын!

Перизат — Өзіңіз де саусыз ба? Балаң үлкен жігіт болды, экесін іздеп әкелді.

Рамазан — Эже, денің сау ма? Жүдеп қалған жоқсың ба?

- Мақыш — Сендердің қайғың болмаса, маған бас-
ка не болсын? (Есіктен бірінен соң бірі
жүгіріп Қалман, Жолман, Дүйсендер
кіреді).
- Қалман — (Кірген бойға). О, келіп те қалғанбы-
сындар?
- Дүйсен — Е, аман-есен келдіндер мे?
- Мақыш — Қарақтарым келіп, мәз болып жатырмын.
- Жолман — Қап, шешемнен шүйінші де алмай қал-
дық-ау.
- Қалман — Аман келсендег болғаны. (Мына жағы-
на қарап) Мынау Жарылғап па, аман-
бысың? Сен қайдан келіп қалдың?
- Жарылғап — Өздерің де амансындар?
- Мақыш — Сендерден бұрын сүйіншіні осы Жарыл-
ғап балам алды. Құдай қуанткыр!
- Қалман — Шеше, кішкене балаң сай келіп пе? Қөр-
генде (күліп) не қылдың? Жылаған жок-
сың ба? (Қалман отырады, басқалары
да).
- Мақыш — Сай ғой жарығым, ермегім! Тоңып қал-
ған жок па еken? Ұйықтап жатыр. Әке-
сін іздел әкелді ғой. (Осы жерде кәдімгі
тірі баланы әкеліп Мақыш жылатып,
яки сергітіп тұрып, есік жакқа алып
келіп жатқызып тастаса, жақсы.
- Рамазан — Жок, ол тоңбаған шығар.
- Жарылғап — (Күліп) Шешем ішінен шыққан баласы-
на бұрын кетті, кішкене баласын көрген-
де жылар деп отыр едім. Рамазанды
күшақтап жылап алды.

- Қалман-Жолман** — Сүйтті ме? (Бәрі де күліседі).
- Мақыш** — Жоқ, Жолжанымнан кімді артық көрейін, тек өшейін көnlі құрғыр шыдамай кетті.
(жыламсырайды, бәрі де тағы күледі).
- Қалман** — (Салқын қанменен). Қайтсін көnlі шылдай ма? Кісі жолаушылап кеткен кісіні де сағынады, осы Советтік әйел теңелді дегенине жаңа көзім жетті. Мына келін ереккі кісі колынан келмейтін ерлікті істеді, Жарлысынбай әуелі Рамазанға еріп келді, мінеке Рамазанды қуып, шығарып та әкеліп отыр. Еркексінген кайсысымыздың колымыздан келеді?
- Қалман-Жолман** — Дүйсен (косылып) Рас, па?
- Жолман** — (Мұртынан күліп) Анау күні Перизат калаға жүріп кеткенде кейбіреу: Айрылайын деп кетті, деп соқты ғой (Есіктен Степан мен Мәрия кіреді).
- Степан** — Уже, Рамазан келген!
- Мария** — Аман тамыр! (Екеуді де Рамазан, Перизаттармен кол алысып көріседі).
- Рамазан** — Степан, аман! Мал жаның аман ба?
- Степан** — Өзің аман құтылып келдің бе, қашан келген?
- Рамазан** — Жана келіп отырғанымыз, осы.
- Мәрия** — (Перизаттың қасына барып). Баранчук бар? Хорошо!
- Мақыш** — Қарағым Жолжаным бар ғой. Үлкен жігіт болып қалыпты. Әкесін шакырып әкеліп үйыктап жатыр. (Мәрия, Мақыш бетін ашып карайлды).
- Қалман** — Ал, енді, есіткен, білгендерінді айта бер! Қалай құтылдың? Қашан шықтың? (Мақыш шығып-кіріп нәрселерін үйге әкеліп жүреді).

- Рамазан — 15 күн түрмеде жаттым, кеше босатты.
 Энеугі күні Перизатты алып келетін са-
 парда, Молдахметтер кісен бұзып аты-
 мызды ұрлады деп, арыз берген екен
 фой. Оны өздерін де естіген шығарсын-
 дар? Мені әурелеп жүрген сол екен.
 Перизатты ағасы—Сәйпен көріп азғыра-
 кан болыпты, «Үйге жүр өзіннің калаған
 кісіне береміз» депті. Менің босанып
 шығуыма үлкен себеп болған мынау—
 Жарылғап. Молдахметтер куә қылып
 салған екен. Оларға ермей дұрыстығына
 көшті. Қаладағы Жұсіп деген пәтершінің
 кепіліне босатты.
- Степан — Жарылғап—мынау ма? Спасибо!
- Калман — Әуелде Перизат пен екеуіне атын беріп
 шығарсыып жіберетін осы фой! Бұл да
 батрак Рамазанның тамыры.
- Рамазан — Айтқандай мен түрмеден шыққанша,
 Сәйпендер Перизатты ұстап алып кетсек
 те алып кетеміз! — деп жүр екен. Мына
 Жарылғап, Сәйпенді ақымды бермейді»
 деп сотқа беріпті. Соны ести сала ауыл-
 га жөнеліпті
 —Менің жылдам шығуыма бұл да бір
 үлкен себеп болды.
- Калман — Сені бұл пәлден құтқарған осы Жарыл-
 ғап екен фой?
- Макыш — Ой, көп жаса, шырағым!
- Степан — Жарайды, молодец!
- Рамазан — Перизат екеуміздің ол бастан қосылуы-
 мызға да Жарылғап үлкен себепші бол-
 ып еді. Бұл сапарда да көп жәрдем етті.
- Жарылғап — Молдахметтер бар қастығын Рамазан
 екеумізден аямайды.
- Степан — Ол, сволочтар, енді сіздерге ештеңе қыл-
 майды. Оларды қарап, біз гуппрокурор-
 ға қағаз жібердік.

- Рамазан — Степан, саған көп рахмет! ол қағаз жі-
бергенізді де есіттім. Энеугі жіберген
50 сом акшаңызы да алдым. Саған
большой спосибо!
- Макыш — Мәрия келін де күн сайын келіп тұрады.
Көмеш әкеліп береді, сүт әкеліп береді,
казактар мұндай жақсылық етпес.
- Степан — (Түрегеліп). Айда. Мария дамой! (шыға-
ды).

IV көрініс

(Шауілдең ит үреді, азырактан соң: алдымен Сәйпен, сонынан 5-6 кісі еттеп, біртіндеп кіреді. Бәріде есік алдында тұрады. Сол кезде Жарылғап аударылып жатады. Бұлар есіктің екі жағына жабысып, бүккән сиякты тұра қалады, бір сыпыра тұрады, Жарылғап кайта корыллады).

- Сәйпен — (Әрбіреуіне сыйырлап сөйлейді). Қазір шамды жағып жібергенде сен кісіні бай-
ла; Сенің колында арқаның бар ма?
Сен екеуін Перизат пен баласын ұста!
- Біреуі — Енді көп тұрма шамды жақшайши!
(Сәйпен шамды жағып жібереді, басқа-
лары бір-біреуіне бас салады).
- Жарылғап — Бұл кім, бұл кім?
- Макыш — Ойбай-ая, бұлары несі? Кім өздері?
- Рамазан — Тағы не пәлеге тап болдық? (Жарылғап
пен Рамазан бір-екі кісімен алысып
жүреді).
- Сәйпен — Кім екенін білгің келсе, мә!... (Қамши-
мен Рамазанды, Жарылғапты ұрады,
тағы біреуі ұрады, аяғында бәрінде
тастайлы. Бәлем, сен құлдар-ақ мас бол-
лындар ғой).
- Макыш — Ойбай, мендей бол, катын-баланның ал-
дына келсін (жылайлды).
- Жарылғап — Әзір істейтіндерінді істе, сонынан көрер-
міз. бұдан бұрын да құштерінді көрген-
біз.

- Перизат** — Ойбай, ағеке мені әурелеме, ел жаққа мені тірі апарма, осы жерде өлтіріп кеткенің жақсы.
- Сәйпен** — Сен, канышқ, өшір үнінді ісім сенімен болсын! (жолдастарына қарап) Неге тұрындар, алып жүріндер.
- Рамазан** — Қалкам, Перизат, кеудемде шыбын жаңым тұрса сені іздеймін, күдай косса, косылармыз, сенің жолында басты байладым!
- Перизат** — Қосағым, сүйгенім, Рамазан, менің де шыбын жаңым кеудемде тұрса сені ұмытпаспын! Сенсіз маған жат төсек арам болсын, я өлермін, я косылармын! Ұмытпа, жаңым, кош! (Сәйпенге қарап), Тас бауыр, ағатай, мені тастап кет, сүйгенімнен айырма. (баласымен ескеін қарап алып жүреді).
- Мақыш** — (жылап). Ең болмаса Жолдыбайымды тастап кет,
- Сәйпен** — Ол түгіл сен өзің тірі қалғаның аз ба? (журе бастайды).
- Жарылғап** — Ендігі қалған өмірім залым байлармен сендердей кара көкіректемен күресумен өтсін).
- Рамазан** — Перизат, Перизат!
Жолдыбайым, Жолдыбайым!
- Перизат** — Рамазан, Рамазан!
- Жарылғап** — Залымдар, залымдар!
- Сәйпен** — Жүріндер, жүріндер!
(Қыстың күні Әлібектің екі бөлмелі үйі, бір бөлмесі кішкене, оның ішінде байдың ылғы жүгі жинаулы, (Сырттан Нұржалғызы терезелі, онда Перизаттың төсегі, сыртқа шығатын есік болмайды, екінші бөлмемен екі арада кішкене есік. Екінші бөлме үлкен терезе, сыртқа шығатын есік, алдында төсеніш, күман, шы-

лапшын, әлгі сыртқа шығатын есік сакнаның екінші жақ шетінде болады.

(Сахна ашылғанда Әлібек төсегінің қасында жантайып жатады). Қасында кемпірі. 10лқын үршық ніріп отырады. Неризат өз өмлесінде катты солқылдан жылап, күрсініп отырады).

Неризат

— (өзінен өзі күйінген дауыспен). Қандай корлық көрсем де шыдан жүредім. Үлкен сүиеншім Жолдыоным еді, залымдар, қара жүректер аямай-ақ жас нәрестені өлтірді! Ұұл корлыққа енді қалаи шыдармын! Торсықтай болып өсіп, кісі болып қалып еді, ән-әдемі еді! Ойшырмай, залымдар неғын қана көздері қыйып өлтірді скен, қап-қарашибым, Жолжаным-ан! (ғағы еңкілдеп жылайды).

Мына залым кемпірдің жүрген жеріне шөп шықпасын, бұл залым, бір күні мені де өлтіреді! Оиласып қайтейн, өлтірсе, өлтірсін! Ұұлай қорлық көріп тірі жүргеннен де мениң өлгенім көп артық кой. (түргелші). Рамазан қайда жүр екен? қешегі біреудің сөзіне қарғанда губерниеге қуынып кетті деп еді әлде қолы қысқалықтан ештеңе бітіре алмай жүр ме екен? Әлде келіп те қалар ма екен? Сүйгеним, Рамазанның төсегінде жатып өлсем, арманым болмас еді, ай тас бауыр, әке-шешем, тумаларым, алмай-ақ осындей азапқа азапқа салдыныз-ayl (Қатты) Қалқам, Рамазан, Рамазан!

(Жылап барып, төсегіне етбетінен жағады).

жан кіреді, төрге жақчы жантайып. отыра кетеді).

Әлібек

— Нұржан қайдан келдің?

Нұржан

— Махамбеттікінен.

Әлібек

— Бөтен кісі қара жоқ па екен? Не айтады?

- Нұржан — Бетен кісі жок! Осында барам деп отырды!
- Толқын — Босқа сенделіп қыдыра бергенше бір уақыт үдеде отырып, шаруашылығыңа карасаң кайтеді? Жалдаған малайларыңың жайы өзіне белгілі емес пе? Біз екеуміз болсақ кемпір, шалмыз деп, саған сеніп үде отырмыз. Жұртты құрткан қатының анау! Бөлмесінен шығайын демейді. Басқа шаруашылық түгіл, бізге шәй қайнатып, дәрет суды да жылтып бермейді! Құйбендең өзім жүрем де коям.
- Әлібек — Қой, кемпір, қайдағыны соға бермей, шай қайнатшы тұр!
- Толқын — Анау әдемі келінің қайнатар! Шәй да қайнатып бермейтін болса, ол сияқты көрінің не керегі бар? Байын бай екен демейді, үлкенді, үлкен демейді, осы заманның жастарын қалай екенін білмеймін. Ондай ерке қатының шашын талдап жұлып, жонынан қайыс алыш қайқандатып қоймас па? Оны қашанғы азулiese қыламызы?
- Әлібек — Ой, кемпір, койсайшы! Қешегі баласы өлгенге қайғырып отырған шығар, әйтеп, осы үйге келді ғой, жүре-жүое үйгепер!
- Толқын — Ойбай-ау! Бетім-ау! Ойнастан тұған баласының өлгеніне жылауға ұялсайшы, адам дегенде бет болсайшы! (айқайлап) келін, а келін тұр.
- Толқын — Мына жаққа шығып шәй қайнатшы (Нұржан тұрып кішкене бөлмеге кіреді).
- Нұржан — Ой, тұр, неғып жатыр өзі? Шәй қайнат деп жатқанын естімісің? Тұр дегесін, тұр енді.

- (Перизат солқылдап жылап, басын көтеріп отырады) Атанның басына жылайсың ба? Байың өліп әлде әкең, өліп отыр ма?
- Перизат — Басқа өлмесе де, балам өліп отыр.
- Нұржан — «Балам» деп отырганың, ойнастан туған бала ма? Ойнастан туған бала түгіл, дұрыс кісіден туған бала да өлеңді! Әңгіменің, түр, түр!
- Перизат — (жылап) Баланың өлгеніне жылаймын, аямай өлтіргендеріңе жылаймын. Құрттай нәрестені, құрттай періштені, неғып кана көздерің қызып, батылдарың барып өлтірдіңіз?
- Нұржан — Ойбай-ау, мына атаңа нәлет не дейді? Өзі казасынан өлген баланы да бізден көрмекіш екен? Әлі сенің дүшпандығың ішінде екен. Саған көрсетейін кім өлтіргенін (бара қамшы астына алды). Ендігәрі ондай сөзді аузыңнан шығарасың ба?
- (Ұра береді).
- Перизат — Өлтірсең де айтатынымды айтам! Баланы тұншықтырып өлтірген сенің залым шешен!
- Нұржан — (Перизатты жызып салып, ішке тепкілеп). Өшір үнінді, тарт тілінді! (Ұрады, тебеді, сүйрейді).
- Перизат — Өлтір, өлтір, тірлігімнен өлгенім көп артық! (тағы ұрады, тепкілейді, Перизат жығылып, әлсіреп, дауысы қатты шығып)
- Перизат — Ойбай өлдім, өлтірді!
- Әлібек — (Алдыңғы сабай бастағанда айқайлады) қой-ай, осы күні қатын сабайтын заман бар ма? Тағы бір пәлелеге қалармыз.
- Толқын — Үндеме, өлтірсін, сабасын барған сайын тасып барады.

- Әлібек** — (Перизаттың соңғы дауысы шыққанда) Эй, кемпір, баршы, айрышы, өлтірді ғой, ана құдай аткан, есалаң балаң, баршы, айрышы.
- Толқын** — Не соғады, таяктан қатын өletін бе еді?
- Әлібек** — Бар дегесін, бар енді! (Айқайлап) Ай, Нұржан, кой енді!
- Толқын** — (бөлмеге кіріп, арашалап) Қой енді болар, өлтіресің бе?
- Нұржан** — (Үрганың қойып) өлсін, атаң нәлет, атаңа нәлет! (Улкен бөлмеге шығады Толқын да есікті жауып шығады, Перизаттың үнсіз қимылдамай қалады). (Есіктен Махамбет кіреді).
- Әлібек** — Ие, Махамбет, аман ба, Бөтен кісі-місі келген жоқ па? Не естіп білдің?
- Махамбет** — Бөтен сөз жоқ, әзір тыныштық. (Бұрылыш караң). Келін қайда, бөлмесінде ме? Не қылды, өзі үйіндей болып үйренисті ме?
- Толқын** — Білмеймін, әйтеуір өз бөлмесінде отырады, кешеден бері. Баласы өлгенге уайдып, жылап жур. Ұялсайшы жылауға.
- Махамбет** — Ой, бала деген сұлтау шығар, ашыу әлі басылмай жүрген шығар. Тым тентек көрінген.
- Толқын** — Өлгенінә өзім қуанып жүрмін, үйде арам ас бар сияқты жеркеніп жүр едім. Ой-бай-ау, өзінің балажандысын? Әнеугіде өзінің шешесі алып кетіп, өзім асырайын дегенде, бермей қалды ғой?!
- Махамбет** — Ол келін басқа кісінің айтқанына болмас, тым тентек, тым жігерлі көрінеді ғой. Әнеугінгіде Ақылбай нашандық болмағанда, кетіп еді ғой. Ой, Ақылбай да жігіт екен! Айтқан жерден шықты! Сәйпен құдан да аянбай кірісті.

- Әлібек — Сәйпен қайбір маған жақсылық істейін деп жүр дейсің? Оның ішін жарып бара жатқан мал фой, шығын менікі. Рас, шын, казақшылығы бар жігіт—Ақылбай. Әлгі соңынан беріп жіберген соғымдық сұр biеге де риза болған шығар. (Күледі).
- Махамбет — Риза болмай, қатты риза болғаны фой, кайта-қайта «картқа сәлем айт» деп айтты дейді фой.
- Толқын — Айттар! Осы қанышқтың жолына малымыз судай шашылып болды. Аяғы жақсылық болса болар еді, білмеймін осы келіндеріңе әліде мен сенбеймін. Қабағы бір ашылмайды, соның мандаійнан шертетін бір жан жоқ.
- Сонда да жақпаймыз.
- Махамбет — Ой, құдай-ай, атасы әйел фой, енді қайда баратын еді, айтқандай, сол Ақылбай жабылыпты дегенді есіттім.
- Әлібек — Ол негіп жабылған? Не туралы, біз тақырыпты емес пе екен?
- Махамбет — Онысы белгісіз, бір себебі болған шығар, оған да бір дүшпан табылған шығар, осы күні газет дей ме, комсомол дей ме пәле көбейді фой.
- Әлібек — Рас, пәле көбейді, мен де сақ бол деп Нұржанға күнде қақсаймын.
(Есіктен сәлем беріп, қолында киіз қабы бар ауылнай кіреді).
- Әлібек — Уа, ауылнаймысың? Жоғары шық!
- Ауылнай — Жоқ, отырмаймын, ісім асығыс, осы жерден кетем,
- Әлібек — Е, немене жайшылық па? Не асығыс жұмыс?
- Ауылнай — Мына Жәкен ауылына Гүбірнеден келген пүркөрер жатыр. Сол мына Маканды тез шақырады.

- Махамбет**
- Неге шақырады, қашан барайын?
- Ауылнай**
- Білмеймін, неге шақыратынын, қазір жылдам барасың.
- Махамбет**
- Ауылнай, сен аптығасың да жүресің-ау, келген жұмысы не екен? Неге шақырады, ол ауылда кімнің әңгімесін қарап жатыр? Былай отырып есіткен білгениңді айтсайшы.
- Ауылнай**
- Ойбай, отыруға уақытым жоқ, өзімді кысып барады. Тағы шақыратын кіслерім бар, әйтеуір қын сызыра арестовайт қылып жатыр, барам десен онынды айт, бармасаң бармайтындынды айт. Осында да келеміз деген сөзі бар.
- Махамбет**
- Қазір барайын, әңгімені айтпадың ғой енді, жаар.
- Ауылнай**
- (Бұрылып есікке қарай жүріп) Біреу асығып жүрсе, бұларға әңгіме керек. (Ауылнай шығады).
- Перизат**
- (Перизат басын көтеріп, күрсініп, ептел таянып тұрып, сүйретіліп төсегіне отырады).
- Әлібек**
- Бұл не жұмыс екен? (орнынан тұрады). Былтырғы арызы болмасын, Жолдан Құрманға жолыға кет. Бәлки былтырғы Сағындықтың атының дауы шығар, сені күәға шақыртып жүрген. Олай болса куәлікке өтпе, ол Сағындық биыл тасып жүр.
- Махамбет**
- (Құліп) ол Сағындықтың атының жәйі болса бұл сапарда Сағындықты жерге қарататын болдық қой. Қосшысымен біріккен немені.
- Нұржан**
- Сізді ақсақал көріп, ұсак дауларды бітіруге шақыратын шығар (құліп). Онда жағалай етке тойып кайтасың ғой. Сүгірден Жұмабектің токтысын алып бер. Жылап жүр.

- Әлібек — Олай болмас, бүгінде іс басындағы жас балалар үлкенді дәулет қылады ғой. Енді не де болса жылдам бар. (ойланып) ауылнайдың сөзі жақсы емес, байқарсың, әңгіменің түрін айтып кісі жібер.
- Махамбет — Не де болса енді жүреін. Сіздер де сақ болыңыз. Бәлки, осында келе қалса қонақ етіп жібересіндер. (шығады).
- Әлібек — Ал, үйдің ішін сыйрып, кілем жәйіп дұрыстандар. (Нұржанға) сен сыртқа шығып, есік алдын қонақтардың аты туратын жерлерді тазалат. Келе қойса алдынан шығып, тік тұрып қызмет ет. Мұндайларда жылмандаپ, араласып, баулап кетсендер қайтеді? (Нұржан шығады).
- Әлібек — (Асығып сөйлеп) Кемпір, тұр, тұр, жылдам үйлеріңнің ішін дұрысташи, қонақ келе қойса асынды дұрыстап саларсың.
- Толқын — Әлгі келін де тұрып, осында жәрдем берейін демейді-ау (тұрып үйдің ішін сыйырады).
- Әлібек — Келінді қайтесің? Қайта ондай әкімдерге араласпағаны жақсы. Енді кісінің көзінше оған ешнәрсе айтуши болма, тағы бір пәлеге калармыз. (Екеуі үйінің ішін тазалап, кілем көрпе салады).
- Толқын — Енді қонақтарға шәйді мен құйып берем бе?
- Әлібек — Бұ да дұрыс екен! Бұл заманның жастарына шәй беріп алдамаса болмайды. Сен барып алдап, арбап, жұбатып тұрғыз.
- Толқын — Ол долы қанышқ тұрса болар еді-ау. (Кішкене бөлмеге кіреді, Перизаттың қасына барып) Келін, қарағым, тұр, беті қолынды жу. Бағыдан бері байы

сабаған жалғыз сен емес, баяғыда ба-
ріміз де байымыздан таяқ жетінбіз,
оны кек қылма түр! Қазір кісі келеді.
Жаман қатындарша сыр беріп жатпа!
(Перизат ундеңей жатады).

Ау, қарағым, тұрсаішы енді, қазір қо-
нақтарға шәй құйып берерсін.
Тұрып беті қолыңды жу. (Үлкен бөлме-
геге шығып Әлібекке) Қой, құрсын тұра-
тын бәле емес!

- Әлібек — Осы сен ит, жок жерде әлгі бір Нұр-
жанды ашуландырып, ашумен әкімдер-
ге бірдене деп жүрсе қайтесің?
- Әлібек — (Кішкене бөлмеге кіреді). Толқын үйдің
ішін реттеп жүреді. Келін, шырағым,
тұр, басыңды көтер, қазір үйге кісі
келеді, жаман кісіше олай жатпа, әлгі
бір Нұржан дегенмен кісі кеткесін
сөйлесермін. Оның орынсыз зәбірлеп
жүргені болса тіке өзіме айт!
- Перизат — (басын көтеріп) Мен сіздерге қызмет
ете алмаймын. Сіздердің маған беріп
жүрген қорлықтарың аз емес. Менен
өш алғыларың келсе, өлтіріп-ақ тыны-
ңыздар. Өзім де өлуге айналдым. Ме-
ниң ендігі тірлігімнен өлгенім артық.
(солқылдан жылайды).
- Әлібек — Қой, шырағым, олай деме, әлі-ақ кісі
болып кетерсің, менің сенен сұрайты-
ным: кісі кеткенше сыр берме, соңынан
ол Нұржанмен сөйлесермін. Жаз шық-
қаннан соң отау көтеріп беремін. (үл-
кен бөлмеге қарап, айқайлап) Ай, кем-
пір, құрғыр құман, шылапшын әкел!
Мына балам көзінің жасын жусын!

- Перизат** — (Өзінен өзі) Кой, мен тұрайын осылар неғып сасып жүр? (Ойланып). Маған неге жалынады? Бұрын бұлай етпеуші еді келеді деген кісілері кім? Әлде іс басындағы адам ба екен? Не де болса мен мұнымды шағайын. Одан ешнәрсе болмаса, өлімге белді байлайын.
- Толқын** — (бөлмеге қуман әкеліп) Э, қарағым, сүйтіп, тұрып отырсайшы, бетінді жуып (колына су құяды, Перизат бетін жуады, Толқын құман шылапшынды алышып шығып кетеді).
- Толқын** — Мен шығып отын-суын қамдатайын. (Әлібек киініп төсегіне отырады. Толқын шығады). (Есіктен сасқалактап Нұржан кіреді).
- Нұржан** — Манағы кісілер шығар деймін, мынау ауыл жактан бөлек-бөлек кісілер келе жатыр.
- Әлібек** — Сірә, солар шығар, сен алдынан шық, берекелді, өздерің басты кісілерді ғана осында түсір. Ал, енді ауыл арасының кісілерін ана Махамбеттікіне түсір.
- Нұржан** — (Сасқалактап) сүйтейін, сүйтейін, сыртка шығайын.
- Әлібек** — Ай, айтқан сөзімді есіттің бе? Түсіндің бе?
- Нұржан** — Есіттім, есіттім, түсіндім! шығады Әлібек бір отырып, бір тұрып, әсіресе есігінен сығалап келіп, орнына отырады. (Перизат бет аузын сұртіп, жағын таянyp орнына отырады).
- Әлібек** — Жарайды, менін сөзімді тындаған екен! Қанша айтқанмен атасы әйел фой. Ақылы шамалы кісіні осылайша алдаң коймаса бола ма? (куледі). (Есіктен сәлем беріп Молдахмет, Сәйпен, Махамбет кіреді).

- Элібек — Иә, құдалар, жоғары шығыңыз, ел, отан амандық па?
- Молдахмет — Шүкір, не еkenін білмейміз, әйтеуір шұбыртып, айдап әкеліп жатыр.
- Элібек — (шошып) Солай ма? Қалай? Не туралы?
- Молдахмет — Губернеден шықкан пуркөрер дейді, не туралы еkenін білмейміз. Адамға жолыктырмайды, ішкіммен де сөйлеспейді. Қазақшылығы жок, бір көрім көрінеді. Қасындағы мелецесін тағы бір жаққа жіберіпті, тағы кімді үстайтынын білмейміз. Мынау Махамбетті де бізге қосып үстады. Бізге ауылнай қосып осында жіберді.
- Арт жағымызда тағы кісілер көрінеді, аяғы не болатынын да білмеймін!
- Махамбет — Бір жап-жас бала түсті, тым сұық. Мениң атымды жазып алды да, айдап жіберді.
- Элібек — Былтырғы сайлаудың кесірі болмаса иігі еді?
(Есіктен апалактап ауылнай кіреді).
- Ауылнай — Сіздерге бұлай отыруға болмайды. Эле-ке, кілтті сарайың бар ма?
- Молдахмет — Сен де бір жағымнан көрше қыспай түрші! Өзіміз тонып келдік, азырак жылынып алайык!
(Үлкен бөлмеге Перизат сығалап қарайды).
- Перизат — (Өзінен өзі) Құдай бірдене берер!
- Ауылнай — Ойбай-ая! Мен ерігіп айтып отыр деймісің? Бұл үйге қазір өздері келеді. Сіздердің көңілдеріне қарап өзімді аріставайт қылдырмаймын.
Бол-бол, кәне, қайда?

- Әлібек — Тұра тұр, өздері келсін, сөйлесе көрейік! (Есіктен Болыс, I-гі милиция қаруысыз, соңғы VI-гі милиция қарулы кіреді).
- Әлібек — Жоғары шығыңыз!
- Милиция — Ауылнайға (Бұларды әлі жапқан жокпаз ба?)
- Ауылнай — Қайда жабамыз? Мына байға бір сарайынды бер десем, өздері келсін деп, болмай отырғаны! (Әлібекке) жаңа айттым ғой.
- Әлібек — Шырағым, бұлар осылай отыра берсе кайтеді? Енді ешқайда кетпейді ғой? Азырак жылынын.
- Милиция — Бұлай отыруға болмайды. Тоңып келген болса, бөтен жылы бөлменіз жок па?
- Ауылнай — Міне, кішкене бөлмесі бар, сол жараса?
- Милиция — (Ауылнаймен кішкене бөлмеге кіріп) Жарайды ғой. (Перизатка) Шырағым, сіз мына бөлмeden шығыңыз! Бұл бөлмеге кісілерді жабамыз. (Перизат бері үлкен бөлмеге шығады).
- Молдахмет — Қарағым, аман ба? Денің сау ма? Экен осындаі күйге түсті. (Жыламсырайды, Перизат шығады).
- Милиция — Айда, айда бөтен сөзді кой, бәрінізге мына бөлмеге (Әлібек пен ауылнайдан басқасы бөлмеге кіреді, милиция сол бөлменің есігінің алдында есігін жауып туралы). (Есіктен сәлем беріп прокурор кіреді).
- Әлібек — (Түрегеліп) Жоғары шығыңыз. Бір колымен көрсетеді. Прокурор папкасын жерге койып, шешініп отырады).
- Прокурор — Е, бай, мал-жаныңыз аман ба?

- Әлібек — Шүкір, шырағым, прокөрел бала сіз боласыз ба?
- Прокурор — Болсақ болармыз, Әлібек бай сіз боласыз ба?
- Әлібек — Я, біз боламыз.
- Прокурор — Милиция, мынаны апарып жап. (Милиция апарып жабады, ауылнай кіреді).
- Прокурор — Нұржанды тауып әкел. (ауылнай шығады).
- Перизат — Жолдас, сізге айтатын арызым бар еді.
- Прокурор — Сіз кім боласыз?
- Перизат — Менің атам—Перизат, Рамазанның келіншегі боламын, ағеке, көрмеген қорлығым жок, осында еріксіз тұтқында отырмын.
- Прокурор — Перизат сіз бе? Сіздің ісіңізге мен қанықпын.
- Перизат — Сіз қанық болсаныз бұрынғы іске қанық шығарсыз. Осы екі күннен бері сіз естімеген дертке үшырадым.
- Прокурор — Ол не дерт, не болды?
- Перизат — (Жыламсырай) Рамазаннан мені айырып тартып әкелгенде бесіктегі баламды бірге алып келіп едім. Сол баламды бүтін екі күн болды, өзім үйіктап жатқанда, тұншықтырып өлтірді!
- Прокурор — (шошып) Баламды өлтірді? Кім өлтірді. Ай, залымдар-ай!
- Перизат — Өз-өзімнен түнде үйіктап жатып шошып кетіп ояна келсем, балам өліп қалған екен, буындырған белбеулерін шешіп жатқанын көрдім. Бір сүмдіктың болғанын біліп, бас салып қарасам, деңесі мұздай әлдекашан өліп кеткен екен. Өзім тұтқында таякпен отырған кісі, менің қолымнан жылаудан басқа

- не келсін. Соның өлгеніне жылайсың деп, жана да ана Нұржан өлтіре сабады.
- Прокурор — (Милиция) Кемпірді алып кел! (Милиция шығады).
- Ауылнай — Нұржанды кашып бара жаткан жері нен алып келдім, жолдас. (Перизат қуанышты пішінмен отырады). Қама аналармен бірге. (Ауылнай қамайды прокурор қағаздарын актарып жатып).
- Перизат — Ағеке, мен арызымды түгел айтайын, мени босата көріңіз!
- Прокурор — Эзірше сабыр ете түр, қарағым! Осының барлығын сіз туралы қамап жағырмыз, Мына істерді қарап алайын. (Делоларды қарайды, кемпірді алып келеді).
- Прокурор — Қама мынаны! (тағы қағаз қарайды).
- Кемпір — (Тарбандалап, бажылдалап) Ойбай, мұнысы несі? Менін не жазығым бар? (жылап барады).
- Әлібек — Қатын-ау, сені де қамағаны ма?!
- Кемпір — Жылаған, долданған күйі Молдахметке) Осының өзінің қызынған қызынның ланы!
(Есіктен Жарылғап кіреді)
- Жарылғап — Сәлем-ағалейкүм! Перизат, қарағым, аман ба?
- Перизат — Шүкір, өзің де аманбысың?
- Прокурор — Сен неғып жүрген адамсын?
- Жарылғап — (сасып) Мен... мен... бір бишара еңбек ақымды ала алмай журмін. Осы ауылға, сондайды тексеретін адам келді дегесін, жәзу-жалпылап, мұнызды шакқалаы келдім. Ол кісі сіз бе?
- Прокурор — Мен, айтыңыз!

- Жарылғап** — Сәйпен дегенде уш жылдай жүріп едім, ақымды бермейді, соны әперсеңіз еді.
- Прокурор** — (жылы жүзбен) Ауылнайдікіне барған соң, арызыңызды жаздырып бер, сонда қарайын.
- Жарылғап** — Жарап, қарағым!
- Перизат** — (Жарылғапқа) Аға, Рамазан қайда?
- Жарылғап** — Келеді, келеді. Кәзір келіп қалар. Келе жатқан шығар. Қарғам, сәбиің шапағатты болсын!
(Есіктен Рамазан кіреді).
- Рамазан** — Ассалам-ағалейкім!
- Перизат** — (жылап, құшақтап алып). Қалқам-ай, сені де көретін күн бар екен гой! Қасқа болып Жолжанымнан айрылып, бишара болды. Жалмауыздар бізге істегеніміз аз деп, сәби нәрестені де өлтірді, қалай шыдайын. (жылайды).
- Рамазан** — Қалқам-ай, қайтейін, есіттім! Бұлардың бізге істеп жүрген қастығы аз ба? Бірак бір кезеңі болар.
- Прокурор** — Жыламандар, бастарын жас, тағы да болар. Бұл жауыздар да жазасын тартар. Неғып кешіктің, жолдас? Атың болдырып қалды ма?
- Рамазан** — Ия, әлгі Степан деген поселкеміздің бір орысынан сұрап мінген ат еді. Арық болғасын болдырып қалғаны. **Жұмысыңызды** не қылып жатырсыз?..
- Прокурор** — Іспен таныстым, керек адамдарды да, қолға алып қамап жатырмын. (Ауылнайға) Бұл жерден сіздердің кенсе неше шақырым болады? Бүгін кешке дейін жете аламыз ба?
- Ауылнай** — Ойбай, кәзір жетеміз, ең көп болғаны 5 шақырым болар.

- Прокурор — Олай болса, мына кісілерді сонда апартып, жауап аламыз. Қазір жүрейік.
- Ауылнай — Солай етелік! Онда мен ілгері бара берсем қайтеді?
- Прокурор — Жок, сен токтай тұр! Бізбен бірге жүресін, милиционер, ана кісілерді бері, мында шақыр! (Перизат, Рамазан, Жарылғап ушеуі бір шетте сыйырласып тұрады, Ауылнай бір жағында тұрады)
- II Милиция — (Бөлменің есігін ашып) Сіздер бәрініз де бері шығыныздар! (Барлығы үлкен бөлмеге шығады, Рамазан Жарылғапты, олардың қасында түрған Перизатты көріп таңданғандай болады).
- Прокурор — (қатты салмакпен) Сіздер бәріңіз де казір мына Ауылнайдың ауылына барасыздар.
- Әлібек — Шырағым, біздердің жазығымыз не? Соны айтшы?
- Молдахмет — Шырағым, не де болса бізді айтып өлтірші.
- Прокурор — Қазір, мына ауылға барғасын жауап аламыз, сонда естірсіз. Сонда да, женин, естіртейін. Сіздер бәрініз де мына Молдахмет қызы Перизатты зорлан алуда, беруде, калың мал беруде, арасында жүруде, арасынан пара-пайда алуда айыптысыздар. Соның үстіне Әлібек үшін айыпталасын!
- Прокурор — Одан басқа да Жарылғап сиякты жалшының ақысын бермеу сиякты істеріңіз толып жатыр. Оларды барғасын естірсіз.
- Толқын — (жыламсырап, шаңқылдап). Айттым фой, сорлы болған екенбіз, осының болатының біліп жүр едім. Молдахмет, сенің қызың ақыры түбімізге жетті.

- Молдахмет — (Кемпірге) Ой, қақбас, менен несін көрсің оны? Өзіңнен көр. Сен адал болатын болсан, баласын неге өлтіресің?
- Элібек — Құтырганнан құтылған—осы пәлден құтылайық, құрсын, дедім. (Махамбетке) «Келін кетті деген не сүмдышк»—деп сен осы бізді пәлеге бет қойған.
- Махамбет — Ой, шайтан! Ойламай айтып тұрған сөзін? Менен неге көрсің? Жазғаным сенің жұмысына жүргенім бе?
- Жарылғап — (құліп өзінен өзі) Бәрекелді, сүйтіп, өзді-өзін ұстасып жатырсындар.
- Болыс — Ойпирма-ай! Мыналар өздерімен де кетпей, бізді де ала кетті-ау. (өзі) Қап! Құдайдың құдіреті әуелде косылмай-ақ коюым керек екен!
- Прокурор — Милиционер, мыналарды шулатпай, алып жөнел! Ал, бөтен сөзді қойып, тез жөнеліндер. Мына Перизаттар, менімен бірге жүрер.
- Милиция — Сөздеріңді қойыңыздар! Айда, айда, жүрініз,
- Толқын — (жылап прокурорға) Шырағым, балам, мені осы, мені осы жерден қалдыр. Өзім кемпір, тоңып та қалармын. Мені осы жерден қалдыр. Екі дүниеде ұмытпаймын, жақсылығынды!
- Прокурор — Жарайды, олай болса, бұл кемпір осы жерде қалса, қалсын. Жауапты соңынан алармыз. Басқаларыңыз енді жүре беріңіз. (Прокурор, кемпір, Ауылнай, Жарылғап басқалары кете бастайды).
- Элібек — (шығып бара жатып) Құдай-ай, сактай гөр, тағы бүндай күйге де тап болдық-ау!

- Прокурор** — (тұрып былай-былай жүріп),
Ал, жолдастар, Перизат пен Рамазан,
енді сіздер казір еркінсіз, сен екеуініз-
ге ешкім бөгет болмайды, жаңа үкімет,
оның әділ заны сіздер сияқты жалши-
ларды, кедейлерді, еңбекшілерді жақ-
тайды. Үкімет сіздердікі, оны көздерініз
көріп отыр. Ал, енді, Перизат киімде-
рінді киіп, бірсызыра төсек-орындарын-
ды алып, жүріндер. Басқа ешкімді са-
нап алыш берер еді, енді күн кеш бо-
лар, жүремін!
 (Кемпір бұрышта жылап отырады).
- Жарылғап** — Рас, рас шырағым. Жаңа үкіметтің ке-
 дей, жалшилардың екенін, оның әділ
 заны біздерді жақтайтына жаңа ко-
 зім жетті. Куатты байлар женілді, біз
 жендей!
- Жарылғап** — Шырағым, бүркөрер бала, сен де нағыз
 жана үкіметтің шын, адап қызметкері
 екенсін. Саған көп рахмет! Енді бұдан
 былай кедейлер үкіметі жасайды. Үкі-
 метімен бірге жалши батырқтар жа-
 сайды! Жүріндер, Перизат Рамазан!
- Рамазан** — Менің әуелден-ақ сенгенім, малым, жа-
 ным емес, жаңа үкіметке, оның адап
 занына сенгенмін! 2—3 жылдай мені
 мұндай әурешілікке салған байлар мен
 оның жалпылдақтары, құйыршықтары
 болса мақсатыма жеткізіп, сүйгенім
 мынау Перизатпен қосып отырған жа-
 на үкімет, мен енді оған ырзамын. Көп
 рахмет жолдас!
- Перизат** — (жыламсырап) Мен мұндай күнді ке-
 рем деп, ойлаған жоқ едім. Бәлкім бу-
 гін өліп кетермін деп ойладап едім. Ар-
 маныма жеттім, енді бүгін өліп кетсем
 де арманым жоқ. Бірақ, Жолжаным
 қайда! (жылап жібереді) Қайтейін ен-
 ді, бұған да шүкіршілік.
- Прокурор** — Шырағым, енді өткен іске өкінбе! Баста-
 рың жас, тағы көрерсіндер. Ол бала-


- ны өлтірген жауыздар әділ сот алдында жазасын тартар.
- Енді көп кідірмейік, жүрейік, шыратым Перизат, киін.
 - Жүр, Перизат, өөлмеге барып киін, жүрейік!
 - Аұылнай, сен шығып, аттарды дайында! (Аұылнай шығады).
 - Көне, киінің! Артық нәрселерінізде мен алыш шығайын. (Прокурор қағаздарын жинаи бастайды, Рамазан Перизатпен кішкене өөлмеге кіреді, Жарылғап есіктен сығалап тұрады).
 - (Бөлmede Перизатқа) Көне, Қалқам, кімдерің қайда? Кеттік бақыт жолына!
 - (Рамазанның мойнына қолын асып тұрып) Қарағым, жаным Рамазан, біз екеуміз осы шынымен қосылдық пайды менің түсім емес пе?
 - (Перизат пен Рамазан өөлмеге кіргендеге кемпір о да кірмекші болады).
 - Ой, сен қайда барасың, орнында отыр.
 - (кемпір) алса өз нәрсесін алсын, мениң нәрсеме тимесін.
 - Сенің нәрсөң түгіл өз нәрсесін де алмайды, қалғаны да түгел саған бұйырып тұрса жетер, отыр, сені жібермеймін.
 - Ойбай-ау, сорым қайнаған екен ғой. Перизат, көктеме-көгерме! Қөзің көріп, қолың ұстамасын. (жылап қайта барып отырады).
 - (күлімсіреп) Қалқам, сүйіктім, Перизат, біз шынымен де қосылдық. Біз екеуміз енді бақытты тыныш жасаймыз. Бізді жаңа үкімет қости. Келші қалқам. Мауқымды бір басайын.
 - (Екеудің құшактасып ұзақ сүйісіп тұрады).
 - (сығалап койып, алақанын шапактап) жасасын батырак, малшылар!
 - (Шымылдық жабылады).

ТІЛШІ

Газет тілшілерінің тұрмысынан алынған.

3 шымылдықты ойын кітабы

Окиға 1925—27 жылдары болған.



I шымылдық.

- І шымылдыкта ойнаушылар
1. Жабай — ұры аттандырушы ақсақал. Семізше, әдемі киімді, шоқша сақалды, қызыл шырайлы. екпіндеп сөйлеуші, үй иесі, 50-лерде.
 2. Жібек — Жабайдың қатыны. Семізше бәйбіше кісі, су мандап, алдаң сөйлейтін, 40-та.
 3. Мақпал — Жабайдың қызы. Әдемі киімде, моншақтары бар, кербезсінген қайқы қызы. 18-де.
 4. Қанай — Жабайдың інісі, пысық, кербез жігіт, атқа-мінер, 30-дарда.
 5. Жігіттер — Жабайдың аттандырып жүрген ұрылары, бәрі де ірі, қайраттарына мас жігіт, кейбіреулері сал, кейбіреулері шамалы киімде, аңқау жас жігіт (Сән-дібек, Ұлықпан, Қасым, Әбіл, Қабыл).
 6. Ұрылар — шет елдің ұрылары, сақа жігіттер (Төлеген, Бөлеген) 30-35-терде.
 7. Майлыйбай — мал ұрлатушы, сақалды, келбетті, сөзшең кісі 40-тарда.
 8. Жаманқұл — Майлыйбайдың жолдасы, 25-терде.
 9. Алдияр, Қасым — мал жоғалтушылар, момын шаруалар 30-40-тарда.
 10. Болыс — семізше, қаба сақалды, әдемі. Шала орысша киімде, 45-те.
 11. Ауылнай — шамалы киімде, жалпылдан сөйлейді. 35-те.
 12. Мелется — қару жаракты, адамсынған жас жігіт. 25-терде.

Сақына

Жабайдың қысқы үйі. Үлкен бір бөлме, есігі біреу. Үй ішінде бай түрмис, тірелген жүк. Есік жақта найза сүйеулі, бір бентобке (винтовка), бір кескен бентобке ілулі тұрады. Жерде төселген кілем, киіз болады. Қыздың киімдері ілулі тұрады. Жабайдың оюлы кірабаты, төсегімен бір жақ басында тұрады.

I көрініс

(Шымылдық ашылғанда, үйде Жабай төсегінде жантайып жатады. Қатыны үршық иіріп, қызы іс тігіп отырады. Сән-дібек домбыра шертіп, Ұлықпан насыбай уқалап отырады).

- Жабай** — Ұлықпан, Сен үйде отыра берме, кыр басына шығып, қарап қой, аттарыңды көзде, жазыкқа шығып кетіп жүрмесін, сай бойына, адырдың қуысына қарай қайырып қой! Жылқыға да көзінді сал. Жылқышылар ішінде жүр ме екен, бөтен біреу аралап жүрмесін.
- Ұлықпан** — Жарайды, міне насыбайды уқалап болғасын атқа қонамын.
- Жабай** — Бұгінде сақ болмаса болмайды, бұрынғы заманда жауымыз біреу-ақ еді, мал иесінен басқа ешкімнің сөзін есітпеуші едік. Бұгінде жау көбейді. Мал иесі бір жау, үкімет екі жау, ел әкімдері де тек бер дейді де тұрады. Қашанғы берумен жағынармыз? Бәрінен де осы күні газет-тілші деген бәлесі-ақ қорлықты берді-ау! Аяғының қыбырлағанын біледі, шауып кетті, талап кетті дең жаза кояды. Қайдан білетінін де білмейсін. Осы бір Ермек баласы Құлбас деген құлдың-ақ қорлығы өтті. Аяғының астынан аңдып отырып жазады да жатады. Соның бізде не жеті атасының құны бар екенін білмейсін. Өзінің әліне қарамай, сонықінің не екенин білмеймін. Осы сапар Қанайжан бірдеме қылып келер. Сөйтіп оған азырақ көрсетіп қоймаса, «не қылайын» дегенінді білетін емес.
- Сәндібек** — Бір ретін тауып, өзін ұстап алып, жоқ қылып жіберсе қайтер еді?
- Жабай** — Ол жоқ қылып жіберу деген оңай болмас. Алыстағы жаудан, үй арасының жауы жаман болады ғой.
- Ұлықпан** — (құліп) Оның иесі киын? Неше кісілік дәрмені бар да дейсің? Оңаша кез келсе жалғыз өзім-ақ ұстап алып-ақ жоқ қылар едім. Соққымен бір салғаниннан қала ма?

- Жабай** — Ай, жігіттер сендердің қайратына ішкімнің шыдамайтынын білмейім бе? Бірақ заманың жайын мен білем фой. Ат үстінде соғысатын жау болса, өзімнің де әлі бір кісілік әлім бар. Бұл ондай емес, түрі басқа жау фой.
- Жібек** — (наразыланып) Білмейім, осыларыңның қалай екенін? Жазы-қысы айналдырган 2-3 уй жалғыз ауыл таудың қуысында, сайдың ішінде, жардың астында отырамыз. Ел қарасын бір көрмейміз. Жүртпен бірге жайлауға да отыра алмаймыз. Қөрінгенге сөз болып, қөрінгеннен корқамыз да жүреміз. Ең аяғы өзіне тен емес, Құлбасқа да мазақ болдың?..
- Мақпал** — Эже. Құлбас деген ана бір қатқан кара ма? Ойбай, шірікті қарай гөр.
- Жабай** — Қой, катын, сөйлемей отыр. Осының бәрі катын-баланың қамы үшін емес пе? Өзіміздің еңбегімізben шашылған несібемізді теріп жейміз.
- Ұлықпан** — Жеңешем кайдан білсін? Оған тек ауыл-ауылда қыдырып, айт-айттап, тойтойлап қыдырса болғаны фой. Біздің түн катып, түсіміз қашып, істеп жүрген еңбегімізді есіне де алмайды-ау!
- Жібек** — Ойбай, қарастарым, оны мен неге білмейім? Тек сендердің дендерің сау болсын!
- Жабай** — Иә, солай, құдайым тек жігіттердің дендеріне саулық берсін де. Біздің Ұлықпандай жігіттеріміз тұрғанда, қандай жау бізге қарсы келуші еді.
- Сәндібек** — (күліп) Ой, бұл Ұлықпандардың ерлігі, қайраты деген адам бендеге біткен емес, жазды күні осы боталы қызыл нар мен қара қасқа атты әкелетін сапарда, ай күндізгідей жарық, ат жа-

— Атын құшып барып атты алып шықты.
Атты бізге тастай беріп, менің ерлігім-
ді көре қойындар деп жаяу, жүгіріп
кетіп, бір қатын айтактап күзетіп отыр-
ғанда ботасы мен нарды алып шықты.
Атқа қонып жөнеліп кеттік. Ұзамай
артымыздан «аттан» шығып, бір-екі
кісі жетіп қалды. Артына кайрыла бе-
ріп, екеуін сокқымен екі ұрып жығып
астарындағы екі атын алып кетеді. Бұ
жігітке осындай-ақ қайрат бітер.

Жабай

— Ой, бұның нағашысы осындағы ер еді.
Тартқан да қойған.

Ұлықпан

— (орнынан тұрып) Мен қырға шығайын

Жабай

— Бөтен кісі қара көрінсе, жолатпай ауыл-
ға кел, өзім жолығармын. Бірақ қыр-
дан аулаға қарай құлама, аргы бетке
қарай құлап, ауылға саймен кел! Жыл-
қышыларға да айтып кой, бөтен кісіге
жылқыны аралатпасың. Көп кісі көрін-
се, наиза шоқының басына шығып атой
берсін! Түсіндің бе?

Ұлықпан

— Жарайды, Жарайды (шығып кетеді).

II көрініс

Макпал

— (Сәндібекке) Құр домбыранды тыңқыл-
дата бергенше, өлең айтсайшы!

Жабай

— Иә, соғып жібер, бұл дүние екі айна-
лып келмес!

Сәндібек

— (Әндетіп, жырлайды)
Жігіттікten не пайда?
Ат мінбесе қатырып,
Шапқан шөптей жапырып,
Жау жеңбесе қашырып,
Домбыра тартып, ырғалып,
Жырламаса әндетіп,
Ер тұрманың жарасып,
Кимесе киім сәндетіп
Ит жүгіртіп, құс салып.

Тұлкі соқсан құмарың —
Әр салғанда бір қанып.
Сұлу сүйсөн дүние-ай,
Нәзік белін бұралтып,
Ақ тамағын аймалап,
Қолаң шашын оралтып.
Бай болғаннан не пайды?
Сар қазыны тілмесе,
Күнде бағлан қозыны
Қонаққа сойып бермесе,
Сейлемесе аңқылдан,
Кейімесе қаңқылдан
Күң мен малай, малшыны
Жұмсамаса шаңқылдан.

- Жібек — Сендер өлеңдерінді айта беріндер, мен сыртқа шығайын (шығады).
Жабай — Иә, пәлі! Соға бер! Дәретке шығып келейін (шығады).

III көрініс

- Макпал — Жырынды қойып, ән салыш!
Сәндібек — (қылжақтап ән салады)
Астыма мінген атым Құлагерден
Сүйейін ак тамағыңнан келші бермен
Мен көрдім үр қызындарай бір сұлуды,
Шаштарын бес жыл тарап, он жыл өрген
Өлеңді осылай айтсам жараса ма? (Құліп, қасына барады).
Макпал — Мениң саған айт дегенім де осындей өлең еді (құледі).
Сәндібек — Мен сенің жайынды білем ғой (омырауын ұстап, сүйіп алады).
Макпал — (шегініп) Қойши тал түсте, әкемдер келіп қалар.
Сәндібек — Тал түсте болмағанда тундегің не? Танымайтын кісіше қасына жолатпадың ғой.
Макпал — (құліп) Ойбай, мен сен екенінді білгеним жок. Ұлықпан ба деп едім.

- Сәндібек — Сонда да мені Қасым мен Қабылдай көрмейсін ғой.
- Макпал — Неге? Маған бәрің де бірдей. Бірдей көрмесем, анау күні қасыма жолатам ба?

IV көрініс

(Есіктен Жабай мен Жібек кіреді. Сәnlібек домбырасын шертіп отырады. Қөп ұзамай есіктен Ұлықпан да кіреді).

- Ұлықпан — Эбіл мен Қабыл шығар деймін, 2 жылды, 2 нар жетегі бар екі кісі келе жатыр.
- Жабай — Анық солар ма? Таныдын ба?
- Ұлықпан — Анық солар, сай бойына түсіп, малдарын таска байладап жатыр.
- Сәnlібек — Олжала ғой өздері.
- Жібек — Олжадан бүрын өздерінің ат лауы мен аман келгенін айтсайшы.

V көрініс

(колдарында найза, мылтық, қамшы бар Эбіл мен Қабыл кіреді).

- Жабай — О, шырактарым, есен-сау келдіңдер ме, дендерің сау ма?
- Қабыл — (шешіп жатып) Шүкір, өздерің де, мәл жандарың аман ба?
- Жібек — Дендерің сау болса болар, аңшының кешіккеніне сүйін деп отырмыз.
- Макпал — Қабыл, сауға? (куледі)
- Қабыл — Ой, карағым, бәріміз сенікі. Саған енші болсың деп бір үрғашы қызыл шұнақ нар әкелдім. Қөруге көз көрек, нағыз шалқұйрық. Өзі қасқа тіс. Жас.
- Жібек — Қарагым, тәңірі жарылқасын, (Макпалға) Құдайым құтты қылсың!
- Жабай — О, қай жерден қайттыңыз, кешіктіңіз ғой.

- Кабыл — Туу қаска жолдан қайттык. Бір көш белден екі нар алдык. Бір ат, бір бие алдык. Бие семіз екен, жетекке журмей екі күн, екі түнде шақ жеткеніміз. Қара сұық тоңайык дедік.
- Жабай — Құдайым, қайырлы қылсын. Макпалжан, мына екеуіне отауға шай қайнатып, тамак істеп бер, тоңып келген фой. Ал енді Сәндібек пен Ұлықпан! Сен екеуің де енді үйде отырмандар. Бұл күзгі қара қатқақта із болмайды. Несін айтасын, Әуелі мына биені семіз болса сойып аламыз, түпкі ашық қорға байладап тастаңыз, кешке соярмыз. 2 наң мен атты сай бойымен апарып «тулкі қазғанның» қуысына байладап тастаңыз!
- Әбіл — Энеугі малдарға қуғыншы келген жок па?
- Жабай — Келгенмен «Көргеніміз жок, Білгеніміз жок» деп жөнелттік.
- Ұлықпан — Онда біз жүрейік! (Сәндібек пен екеуі киіне бастайды).
- Жабай — Жол жабдықтарынды дұрыстап алыңдар. Жолдағы Құрмандардан азыққа бір тоқты ала кетіп, кешке Мақандікіне конып, қуырдақ қылып алындар. Бірақ малды жақын жерден алманыз, неғұрлым алыстан. Қөшпелілерден алыңыз! Өзім де шығып малдарды көрейінші.
- Ұлықпан — Макпалжанның енші нарын көрейікші. (Жабай, Жібек, Ұлықпан, Сәндібектер шығады).
- VI бөлім**
- Кабыл — (Әбілге) Бұл үйге кісі қара келер, бұл жолы отауға барып шешін. Бара бер! (Әбіл шығады). Макпал да шығуға ың-

тыйланады) Мақпал, сен тұра түр екеу міз бірге шығайык. Жатырқап қалған бысың?

Макпал — Неге, шай қайнатайын деп баратыр едім. Болмаса неге жатырқайын?

Кабыл — Мен кайда жүрсем де есіл-дертім сен. Кеше құғыншылармен кездесіп, қолға түсіп қала жаздал сасқан жерде, сені көрмей қалам ба деп қорыктым. Сенің жолына қызыл нарды айттым сосын. (Қасына барып сүйіп алады).

Макпал — Маған еншіге арнағаның шын екен десем, садақаға айтқаның екен ғой.

Кабыл — Ойбай, жок, сасқан жерде де есіме сен түсетінінді айтам.

Макпал — Жарайды, әзілге айтам, отауға барып әңгімелесейік.

Кабыл — Эйтеуір бүгін шаршап келдім, төсегінді кең саларсың.

Макпал — Жарайды, осындаі олжалы келген күні маған қолқа салатын әдетің ғой (Кабыл тағы сүйіп алды. Екеуі шығады).

VII көрініс

(Есіктен Жабай мен Жібек кіреді)

Жабай (түрегеліп тұрып) Ай, сен, сыртқа шық! Мына жақтан әлгі келе жатқан мелется шығар деймін. Құдай ондаң әлгі малдарды көрмей қалды, Сәндібектер қалай тасаға түсті, мелется де көрінді. Ел енді тіке түсіп үйге кірсе, үндемей үйге кір, корана карап, яки сай бойына құласа маған кабар бер! Үйге келе койса, әлгі Макпалжан қайда, үйге шакыр, ондай есерсоктарды Макпалжандардың өтірік күлгенді де есін кетіреді (отырады).

Жібек — Осы пәлесі тағы қайдан тап болды? Түбінде оны алдаң құтылмасақ мазамызды кетірер, қай бізді жарылқайын деп жүр дейсің, бәрінікі бір тамак тағы. Мен шығайын (шығады).

VIII көрініс

(есіктен мелется пормында киінген каруымен мелется кіреді).

Жабай — О, мелетсежан, аман ба шырағым? Жоғары шық!

Мелется — Отаяғасы, мал жаңыңыз аман ба? (Есіктен Жібек пен Макпал кіреді) Қарындастым, есен бе?

Жабай — Макпалжан, мына замандасына шай қайнат. Катын, етінді мол салып, қазан көтер!

Мелется — Жок, ракымет, мاشақаттанбаңыз, жүріп барам, азырақ жұмысым болып бұрылып едім.

Жабай — Олай болса, өзің біл шырағым, ат арқасында жүрген азаматтардан аятыныңыз жок, тым асығыс болсан, коңағасынды тағы бірде жерсін! Онда жұмысынды айта отыр.

Мелется — Отаяғасы әуелі шақшанды тасташы, насыбайым таусылып келе жатыр еді. Жұмысты сосын айтайын.

Жабай — Макпалжан, насыбайын мол етіп, шақшанды берші!

Макпал — Мұндай сыпайы жігіттерге біздің насыбайымыз жараса? (тығынын шашақтаған сыртын кестелеп қаттаған шақша алып мелетсяеге береді. Мелется күліп алады. Айналдырып қарап отырып, атады).

- Мелетсе**
- Сізді біреу екі-үш рет газетке жазған еken, «ұры аттаңдырады, мылтығы бар» деп. Сонын жауабын алғалы келіп едім Ұстап тапсыр деген үйезден қағаз бар. Жұмысым сол еді.
- Жабай**
- Ой, шырағым, ол кәдімгі ағайын арасының өкпе назы ғой. Біздің ондаймен ісіміз жок, мал баккан шаруа екенімізді болыс пен ауылнай да біледі. Аз ғана малдың шаруасына бола осы таудың жырасын панарап отырмыз. Қазактың баласысың ғой, оның ретін өзің тап, Біз ештеңе білмейтін надан, момын ша-руя!
- Мелетсе**
- Ырас, ағайын арасының араздығы екенин анау күні сіздің ініңіз Қанай айтып еді. Оған сенсем де жолына келмеске болмайды ғой. Жана да «котағасының өзіне жолығарсыз» деген сөзі болып еді.
- Жабай**
- Ырыс, жолықсын дегенім ырас еді. Қалық үстіндегі бала ғой, жолаунасы да газ шығар, конак асы жесін, соғымға соятын бір тай арнап койдым, соны берейін деп. Кісіден беріп жіберуге ел көзіне түсеме деп. Заман болса жаман. Иә, солай шырағым. «Келбеті келген-нен кеңес сұра» деп. иман жүзді бала көрінесін, сидігісін өзіне тапсырдық.
- Макпал**
- Неге асыктыныз? Асықпасаңыз мен шай кайнатайын Қонып та кетсеніз болады ғой.
- Мелетсе**
- Ырахмет, құрбым. Бұғін асығыс бір жұмыспен барам, қайтарда ертең ко-нып кетермін.
- Жабай**
- Эбден болад, шырағым, кабылымыз бар.
- Мелетсе**
- Енді мен жүрейін (күліп Макпалға) Құрбым, мына шакшаң сыпайы екен!
- Макпал**
- Ұнаса алыныз, сіздердей құрбыдан оның несін аяйын.

- Жабай**
- Ал, шырағым, алышыз, балам тағы Ыс-теп алар. (мелетсяе тұрады) Қатын, анау үйлегі әйелге айтшы, жылқыдан қысырдың күрен тайын әкеліп берсін! (катын шығады) Макпалжан, кұрбыңды аттанлыр!

- Мелетсяе**
- Отағасы, кош болыныз. (Макпал мен екеуі шығады).

ІХ көрініс

(Есіктен Жібек кіреді)

- Жабай**
- Элгі мелетсяе кетті ме?
- Жібек**
- (күліп) Макпалжанның шакшасын көр-гесін мұлде есі шығып кетті.
- Жабай**
- Ондай есерсоктардың жайы белгілі ғой. (Есіктен Қабыл кіреді).
- Қабыл**
- Бір таймен мелетсяеден де құтылдық па? (күледі).
- Жабай**
- Қалықтын өз малын өзінен аяп қайте-міз?
- Қабыл**
- Айтқандай, мына жактан 5—6 жылкы жетегі бар 2 кісі келе жатыр.
- Жабай**
- Ол кім еken, жаным, бізді біletін та-ныс біреулер шығар. Сен онда алдынан шық (Қабыл шығады).

X көрініс

(Есіктен Қабыл, Төлеген, Бөлекендер кіреді).

- Жабай**
- Да, Төлегенбісің? Жоғары шық. Ел-жұртың аман ба, жаным?!
- Төлеген**
- Шүкір, өздерініз амансындар ма? Жі-гіттердің бәрі де сау ма? (күліп) Тұз-дәм айдал тағы келе жатырмыз.
- Жабай**
- Жарайды, жарайды. Өзім де осы кара қатқакта неғып келмес еken деп отыр едім. Малдарыныз канша? Тасаға бай-тадыңыз ба?

Төлеген — —(күліп) Қабыл оны жайғастырды ғой, көп емес, бес жылқымыз бар.

Жабай — —Қабыл, сен отырма! Бұл үйге келім-кетім кісі болады. Төлегендерді мынау отауға апарып, жайландырып, тамақтандырып, аттарын түпкі қораға байлаң, шөп сал, жем бер. Жылқыларын Жаман адырдын қуысына апарып бекіндір. Одан соң өздерін де атка конып, Әбіл екеуін Төлегендеге шеткі ауылдардан мал шығарып беріп бүгін түнде жөнелтіңіз, тамақтанып алғасын казір шығып кетіп, Құрмандардан бір токты алып, Үкібастардікіне апарып қуырдақ істетіп беріңдер, еліне жеткенше азық болсын. Құрт-сұзбені осы ауылдан әперерсін.

Төлеген — Иә, онаша үйге барып жайланаіық. Ат оттағасын жүріп кетерміз (Жібек, Төле-ген, Бөлекен, Қабылдар шығады)

XI көрініс

(Азырактан соң есіктен Қабыл кіреді)

Қабыл — Құрық сүйреткен бір-екі онды кісі сені сұрап, түсіп жатыр, танымадым.

Жабай — Элгі малдар тасаланып па еді? Мал із-деген кісі болмаса болар еді?

Қабыл — Әбіл оны әлдекашан алып кеткен (Есіктен Майлыйбай мен Жаманқұл кіреді, сәлем береді)

Жабай — Танымадық жаным, жолдарыңыз бола берсін.

Майлыйбай — Танымасаңыз біз Ор бойындағы «Бес-күрек» боламыз. Бүгін 12 күнболды, жек сенбінің кешіне бізден бір үш жылқы алынды. Біреуі—шек танбасы бар құла кер ат. Біреуі—шеміш танбасы бар тарлан ат. Біреуі—акайыл, ак капитал торы бесті. «Алдырган анасының қойнын аша-ды» деп малмызыңың майдайы осы ау-

- Жабай** — Атка мініп жүрген балаларың бар көрінеді, қатеден күрығы түсken шығар, деп келіп отырмыз. Ендігісін ақсақал өзініz білесіз.
- Майлыйбай** — Отаясы, ол сөзің бізге жауап бола алмайды. Бізге дұрыс сөзінді бер.
- Қабыл** — Ай, қос ағасы, мынауын тек «жаптым жала, жақтым күйе» деген фой. Болмаса біздің ақсақал дұрыс сөзін айтып отыр (қызыраңдап). Ондай мал бұл ауылға келген болса, батар күннен бірге батайық. Көзіміз көріп, қолымыз ұстамасын. Осы фой сіздердің ізден отырған сөзініz! Бұл сіздерге шет елдің азаматы фой деп, дұрыс жауап беріп отырмыз. Болмаса анау-мынау кісіге беретін сөзіміз бұлай келмейді.
- Жаманкүл** — Ай, шырағым, сен сөзінді шамалап сөйле, ұрының жайын біз де білеміз. «Басқан ізім артымда калсын» деп өтірік корғануды талай есіткенбіз. Біз анығына жетіп келіп отырмыз. Біздің ауылда да атка мінетін балалар бар. Біз жолығып міндеттен күтылайық деп отырмыз. Болмаса қалай алууды да білеміз. Қәне қалай күтыласың, күтылып көрші көрейін?
- Майлыйбай** — Жігіттер, сендер ондай қызу сөзді қоя тұрыныз, жауапты ақсақал берсін.
- Жабай** — Алаштың азаматы көрінесін, енді сіздерге бөтен сөз айтып болмас, малдарыңыз осы ауылға келді. Тор бестіден басқасының көзі жоқ болып кетті. Төлеуін бере-йік.

- Майлышбай**
- Бәрекелді, жөн білетін кісінің сөзі осы. Бірақ тор бестіні алып калсаңыз да екі аттың көзін қайтарыңыз, ол екеуі өлгендеге атамайтын мал еді.
- Жабай**
- Эйтеуір, сіздерді зиянға қалдырмайын. Сіздер далага шыға беріңіз сөйлесіп берелік.
- (Майлышбай, Жаманқұл шығады, Әлім кіреді)
- XII көрініс**
- Жабай**
- Қабыл, кәне не мал береміз? Төлеуге көнді ғой өздері. Алыстан арып келген ғой.
- Қабыл**
- Өзініз білесіз тағы. Эйтеуір кем төлеу бере алмаймыз ғой.
- Жабай**
- Менің ойлап отырғаным Торының көзін төлеуге кешегі келген сары нарды, әнеуігі өрден келген қара айғыр мен сар биені сүйінші шығыны болса, кер тайды беріп жөнелт. Осыған ырза болар.
- Әбіл**
- (ащуланып) Ылғи төлеуге маған дегенді бересіз. Сар нарды үйге апартып берем бедеп едім. Әнеугідегі менің соғымға арнаған биенмі бердіңіз. Сар нарды бере алмайым.
- Жабай**
- (кейіп) Ой, шірік құл! Тұрғын жерінде жонынды осып салайын ба осы. Мен бол масам, сен күрымына да не бола алмассың. Барлық бәлені маған тастап, сен мал жиғың келеді екен. (Қамшы алып үмтүлады).
- Қабыл**
- (арашалап) Қойыңыз, балалығы шығар. Әбіл, сен бала болма, құдай тағы берер.
- Жабай**
- Олай дейтін болсан, кет сен бізден. Ондай ынтымак бұзар кісінің керегі жоқ. Қабыл, сен әлгі қонақтарды жөнелт. Онымен соңынан сөйлесеміз. (Қабыл, Әбіл шығады).

XIII көрініс

(Есіктен Қанай мен Қасым кіреді)

Жабай — О, неғып кайттыңдар? Бітімге көнетін (емес) бе?

Қанай — Әуелі барып сөйлестік. Жазған мен емес деп басында мойнына алмады. Газетке жазбағанына тәндік бар дедік. Соңынан бәрін де мойнына алып, шалқайп кетті, Ақтап бізді газетіне жаз дедік. Тындалады. Думаның, үкіметтің бәрі менің қолымда деп күш айтты. Така болмағасын кетіп калып, (куліп койып) түнде барып Қасым екі үйін бірдей өртеп қайтам деп жолдан кейін қайтты.

Жабай — Тілті бұларың дұрыс болған екен, өртенсін бәлем. Газетке тілші болғыш неме, газеті жарылқаса көрейін. Енді тістеріңнен шығаруши болма! Қанайжан, әлгі қонактарды жөнелтейік. (Жабай мен Қанай шығады, Макпал кіреді).

XIV көрініс

Қасым — Мақпалжан, денің сау ма? Насыбайыңнан әкелші. Сенің насыбайынды сағындым фой.

Макпал — Шақшамды әлгіде мелетсе келіп, сол алып кетті. Әкем бер дегесін амалсыз бердім. Болмаса ол шақшаны саған берейін деп жүр едім.

Қасым — Ол насыбайың болмаса, сенің маған бетің де насыбай болады (барып сүйіп алады).

Макпал — Мені тек өтірік алдайсың фой. Елден талайдың насыбайын атып жүрген шығар ау.

Қасым — Сендей сұлуды елден көргенім жоқ. Қебіне қарағым да келмейді.

XV көрініс

(Есікten болыс, ауылнай, Жабай, Қанай кіреді) (Қасым мен Макпал шығады)

- Жабай — Қанай, мына болыстарға мал сойдырып, казан көтерт!
- Болыс — Біздердің сонымыздан жел көп болады ғой. Кідіруге болмас. Қазір жүреміз. Әлгі қызметінді айт! Сонын жүрелік.
- Жабай — Болысжан, заманымыз қатар еді. Бұрын ішша десіп көрген жоқ едік. Осы бір Құлбас деген құлдан-ақ қорлықты көрдім. Күнде газетіне жазып басымызға әнгір таяқ ойнатып-ақ болды. Заман болса жаман, әлде қандай күн болады. Ауылнай мен екеуің бізді «үрлых қылмайды, момын шаруа» деп, «кедей» деп, одан соң, Қанай мен екеуміздің еншімізді басқа деп қуәлік берсеңіз екен. Саған бір соғымдық бие, ауылнайға бір қысырдың тайын дайындарып койып едім. Соны алыңыз.
- Болыс — Бұл сөзініздің бөтендігі жоқ. Ол Құлбас бізге де қорлықты беріп жүр. Елді жеді, үрүны сүйеді деп газетке жазып отыр. Әлгі қагаздарыңды ертең Қанайды жібере ғой жаздырып берейін. Жылқыларды кеше бір баладан ауылнайдікіне беріп жібере ғой. Со жерден алармыз. Біз енді жүрейік!
- Жабай — Шырактарым, мәртебелерің үстем болсын! (Болыс, ауылнай, Қанай шығады).

XVI көрініс

(Есікten азырактан соң Қанай, Қабыл, Қасым кіреді. Біраздан соң Алдияр мен Қосым сәлем беріп кіреді)

- Жабай — О, сендерге не керек, баса көктеп кіріп қайда барасындар?

- Алдияр** — Отагасы, сіздің балдар, біздің 1—2 жыл-кымызды алған екен, жұмыс қылып отырған жалғыз көлігіміз еді!
- Жабай** — (акырып) Ойбай-ау, мына енесін үрғандар не дейді? Жылқысы не, жоғалындар?
- Косым** — Қатар ағайынымыз тал түсте малымызды жеп отырасындар ма?
- Қабыл** — Ау, тілінді тартасың ба? Бізді үры дегілерің келе ме? Қалай-қалай сөйлейсің?
- Қанай** — Ондай арыздарынды ана тілші дей ме, Құлбас законшітеріне айт! Газетімен тауып берер.
- Жабай** — (акырып) Олармен сөйлесіп түрганша, киімдерін сыптырып алып, аттарын аударып алып, сабап-сабап коя беріндер. Қімді басынып отыр өздері (Қабыл мен Қасым екеуін сабай бастайды).
- Алдияр** — (жылап) Айналайындар-ай, малымызды екі дүниеде сұрамайын, өзімізге тименіз! (Екеуін есікке қарай сүйрейді). Шымылдақ жабылады.

II шымылдық

Бұл шымылдықта ойнаушылар

1. Құлбас — шамалы шаруа киімді, шоқша сақалды, каткан қара жігіт.
2. Камила — Құлбастың қатыны, шаруа әйел 25-те.
3. Қамаш — Құлбастың баласы, оқып жүрген ерке бала 8-де.
4. Үкібас — Құлбастың ағасы. Қаудыраған аккөніл кісі 50-де.
5. Абдолла — Ауылдағы мұғалім, шала орысша киінген 25-те.
6. Жапабай — Шашын қайырған, шала орысша киінген ауылдағы комсомол 20-да.
7. Бұрынғылар — Қанай, Қасым, Алдияр, Косым, Ауылнай,

Сақына

Құлбастың қысқы үйі. Шамалы бір бөліме. 2 терезе, бір есіргі бар, үйдің бір жақ басында Құлбастың төсегі. 2 терезенің орталығында кісінің қолы жететін жерге бір тактайды екі басынан жіп байлап, көтеріп асып қойған. Үстінде газет, кітаптар жинаулы болады. Үй іші кедей тұрмыс. Жерде сырмак, алаша тәсеулі болады.

I көрініс

(Шымылдық ашылғанда үйде Құлбас етік жамап, қатыны Камила киім жамап отырады. Азырактан соң қолында киіз кабы бар, кініп қолына қамшы ұстап ауылнай келеді)

- | | |
|---------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Құлбас | — Ұза, ауылнай жоғары шық! |
| Ауылнай | — Жок, отырмайым, асығыспын (киіз қабын асып жатып) сенің газеттерің бар еді. Соны бере кетейін деп бұрылып едім. |
| Құлбас | — Газет келді ме? Әкелші, көптен бері келмей сағындырып еді. Өзің неге отырмадын? |
| Ауылнай | — Болыс шақырып, асығыс соған кетіп барадам. Сенің газетің де жаман атыма сор болды. (Алып екі газет, бір хат береді) Құлбас алады./ |
| Құлбас | — (Газеттерді аударып-аударып қарап) О, мынау «Еңбекші казак» мынау өзіміздің газет. Мына «Еңбекші казактың» екі нөмірі. мына газеттің бір нөмірі жоқ кой. Шатастырмай түгел әкеліп тапсырсаң кайтеді? |
| Ауылнай | — Маған келгені осы. Келмегенін мен қайдан әкеліп берейін. Сен мені жалдап койған жоқсың гой. Неге міндетсисің? Өйтеп берсек әкеліп те бермеспін. |
| Құлбас | — Неге? Дұрыс әкеліп беруге міндettісің. Бір газетімізді анаугұні Жұмабайдан, бірсуін Дүйсенбайдан танып алдым. Га- |

зетімді дұрыс бермейді деген кісі көп-ақ. Экеліп бермей-ақ қойшы, өзім барып алайын, бөтен кісіге беріп жібермеші. (хатқа қарап) Ойбай-ау, мына хатты не-ге ашып әкелесің. Бұнымен сен сотқа тартыласың.

- Ауылнай — Құлбас, сен өзің қалайсың? Кісіге жок жерден бәле жапсырғың келеді еken. Жүрттың бәрінің газет, хаттарын түген-деп жүре алмайым.
- Құлбас — Сен түгендеп жүрмейсің, енді оны кім тапсырады?
- Ауылнай — Сендерге мен газет алдыра гөр дегенім жок. Өздерің мен үшін алып отырған кі-сіше қалай-қалай сөйлейсің? Қолыңдан екі келсе, бірін қыл! Маган дегенде ая-май-ақ қойшы, сенімен мылжындастып тұруға уақыттым жок. (Шығады).

II көрініс

(Құлбас газеттерді бір-екі аударып қарап, хатты оқып отырды)

- Камила — Қойшы, осы газет деген неменеге керек. Эркіммен бір жаманатты боласың да жүресің. Ағайынмен ашшы болып не ке-рек?
- Құлбас — Эй, катын, сен газет жұмысын не қыла-сың? Бұдан саған зиян келген жок қой. Газетке алдырушы жинағынан әнеугүні 20 сом алып, үйге керек-жарап әкелдім, үстіндегі көйлегінді де сонымен әкелдім. Налоктен де құтылдым. Ең аяғы газетке жазғаныма да акы алам.
- Камила — Тек әшейін ағайынмен ашшы болып не-ғыласың деп айтам Болмаса мен зиян көрдім деп айтып отырғаным жок қой.
- Құлбас — Осы ауылмайдың-ақ қорлығы, салақты-ғы өтті-ау. Алдымен болыс оңбағасын, ауылнай не онсын? (газеттерді аударып,

бырады). Осы баскарма да ел хабарына салақ карайды. Бір ай болды: Омардың кызын еріксіз қалың малға бергенін, Жабайлардың бұрынғыдан да күшегенін, елге тауар керек екенін, қаперетіп бастығы Қасеннің жеп койғандарын жазып едім Элі басылған жок. Мезгілі өтіп кеткесін басылады да маңызы кетіп қалады. Өздері «жаз, жаз!» деп пошта сайын хат жазады (ойланып) Бәлкім олардың бірсылырасын газетке баспай, тіке тергеуге жіберетін шығар. Осы ауылнайдың газетке салақтығын, мелетсенің газет хабарын дұрыс тергемейтінін тағы бір жазып жіберейін. (тактайдан бір кітап алып астына қойып, қағаз жазып отырады).

III көрініс

(Есіктен бұрынғы порымында Алдияр мен Қосым кіреді, сәлемдесіп отырады)

- Құлбас
- О, малдарынан-жоқтарынан қабар бар ма?
- Алдияр
- Ой, жоғы құрсын. Жоқ болды ғой. Қөп жерге сұрау салдық. Еш нәрсе білінбейді. Жалғыз қоліктеріміз еді, қолдарымыз кесіліп қалды. Қора-азбарымыз ондаусыз. Он шакты күннен бері сарбалданға түсіп әуре болып жүрміз.
- Құлбас
- Әнеугі із деген немене еді.
- Қосым
- Біздің аттар алынатын күні кешке қарай азырак жаңбыр жауып еді. Өш кісі келіп алған ізі шыкты. Ізін кесіп Сарбауырга дейін бардық, тап Бозобаға барған жерде бір із Жаманадырга қарай бұрылды. Біз онымен ісіміз болған жоқ. Қөп ізben кете бердік. Сол күні танға жақын жер катып калған-ды. Былайырақ барғасын із жоғалдды. Сонымен қайтып келдік.

- Құлбас — Мына өзіміздің үрылар емес пе екен? Оны байқадындар ма?
- Алдияр — Біздің аттар алынатын күні кешке Әбіл деген есерсок үрысы Бекбас ауылына кешке қарай келгенін Жұман көріпті. Солар шығарып берді ме деп Ысмайылды жіберіп, үрыларынан сұратып едік, маңына жолатпады дейді. Одан соң әркімдер қатар ауылдан алып не болыпты деп тоқтау берді. Сонымен қойдық.
- Құлбас — Анық болар, шығарып берген ғой.
- Қосым — Солар екені солар. Сөз жоқ олардың шығарып бергеніне, олар қасқыр ғой, обалына қалмайық деуді олар білмейді ғой, бірақ олар бізге тенденция міндеттес.
- Құлбас — Енді маған қайт дейсіндер... Солар екенін өздерің де біліп отырсындар.
- Қосым — Саған айттайық дегеніміз: үкіметтің кеңейді шын жақтайтыны ырас болса, бізге осы Жабайлардан малымызды алып беретін қандай жол бар, әлде газеттеріңе жазамысың? деп сенімен ақылласа-йын деп келіп едік.
- Құлбас — Ол залымдардың елге тиіп отырған зияны аз емес. Оларды жоқ қылмай елге тыныштық жоқ. Солай да болса, әуелі Жабайдың өзіне жолығып алдынан бір өтіңіз. Бәлкі ең болмаса ашығын біліп кайтарсындар. Содан соң көрерміз.
- Алдияр — Сірә, сөйтейік. Мен өзім де солай ойлап едім. Саған ақылласа кетейік деп келгеніміз ғой. Біз жүрейік. (тұра бастайды).
- Құлбас — Өзіне жолығып әбден байқандар, берсе берер, бермесе де айтқан сөзін маған айтып келініші.
- Қосым — Жарайды, жарайды, шырағым, әйтеуір біздің сенетініміз сен (шығады).

IV көрініс

Колында бокшасы бар киініп Қамаш кіреді.

- Камила — Ой, құлдығым, оқып келдін бе? Тоңып жалған жоксың ба? (шешіндіріп жатады).
- Қамаш — Эке-ау, мұғалім газеттер беріп жіберді.
- Құлбас — Ой, айналайын алып келдін бе? Қәне? (Құлбас касына барып бокшасынан 2-3 газет алады) Мұғалім бұларды қайдан алыпты? (Оқып аударып карап тұрады).
- Қамаш — (тілін тәттілеп) Біреуін, біреуін Қалидан, жоқ екеуін ана-ана Қапаштың ағасынан танып алыпты.
- Құлбас — (бір газетке карап тұрып шаттанып) Қатын, міне кара «Енбекші қазакта» Омардың қызы басылыпты «Жұмабике мал орнына сатылды» деп койыпты (күледі) Міне, (бір газетке карап) міне қызық: «Жегі ұры» деп Қасенді жазыпты, па, па! «Қыран көзі қырағының ішіне», «ұрылардың түбесі—Жабай, Қанай» деген хабарым да басылыпты. Ой қызықай! (Басын шайқап) Бірак енді бұларды дұрыс тергейтін болыс пен мелетсе қайда?
- Қамаш — Эке-ау, эке-ау! Мұғалім айтты: «Қалаға кісі жіберейін деп жатырмыз. Беріп жіберетін пошталары болса, казір әкеліп берсін» деді.
- Құлбас — Сөйтсө ме еken, онда мен пакеттер беріп жіберейіп. Айналайын жүгіріп барып беріп келе гой, қатын сен Қамашжанға тамақ берші, (Камила Қамашқа нан береді. Қамаш жеп отырады. Құлбас тактайдан қағаз алып жатады, жазады, актарады, өзі сөйлейді) Мынау калың мал жайы, мынау мектеп, комсомол жайы, мынау ауылнай мен болыстың қиянаттары. Мынау басқармаға хат. Сірә, газе-

тімді поселкедегі Ибан арқылы алғып түрмасам болмас. Мынау газетке жазылғандардың тізімі. Ақшасын енді бірде поштаға өзім барғанда салармын.

- Камаш — Эке, болдың ба? (Тұрып тағы киіне бастайды)
- Камила — Ойбай-ао, сен бұны жіберем деп жатырысын. Күн кеш болып қалды, қайтарда коркар.
- Құлбас — (канберттерді бір қағазға орап, жіппен байлап) мынаны мұғалімге бер. Жапабаймен мұғалімге айт, біздікіне екеуі келіп кетсін. Өзің қайтарда солармен бірге келерсін. Бұрын қайтам деп адастып кетпе! (Қамаш шығады).

V көрініс

(Есіктен Үкібас кіреді)

- Үкібас — (отыруға ыңғайланып) Келін шырағым, не ғып отырсың? Күн кеш болды ғой. Ана бір-екі мошкелерінді байлласайшы!
- Құлбас — Иә, сен шықшы. Мен әлгі біреулерге алданып қалдым. Сен байлай сал. Мен үйге шам жағайын. Күн кеш болды. (Камила істерін тастап киініп шығады).
- Үкібас — Алдиярлар неғып жүр, неге келіпті?
- Құлбас — Олардан не сұрайсың? Жалғыз-жалғыз көліктерінен айрылып, кайтерге білмей жүрген ғой. Барып Жабайларға жолындар деп жібердім.
- Үкібас — Оларға барғанмен олар теңдік бере мә? Есі дұрыс кісі олардан ат-тонын ала қашарға керек. Сол Жабайдың інісі Қанай біздікіне келіп отыр.
- Құлбас — Ол неге келіп отыр, не дейді?
- Үкібас — Сенімен сөйлестір, жұмысымыз бар, ағайын болайық,—дейді.

- Күлбас** — (күліп) Олар кай бір ағайыншыл болып жүр дейсің. Олардың жанына батып ба-ра жатқан газет қой!
- Үкібас** — Ой, жаным-ай, ағайынмен ашшы болып қайтесің? Ағайын болып тыныш отырған жақсы ғой.
- Күлбас** — Келсіп, сөйлесейік не айтар екен?
- Үкібас** — Иә, иә, сөйлес. Құрсын әңгіме деген не керек? (шығады).
- VI көрініс**
- (Күлбас үйге шам жағады. Азырақтан соң үйге Қанай, Қасым, Үкібас кіреді).
- Күлбас** — О, жоғары шығындар! (Келгендер отырады) О, қызметтерінді айта отырыңыз.
- Қанай** — Біз сенімен ағайын болып сөйлескелі келдік. Бізді «Ұрлық қылады, ұры ат-тандырады» деп газетке жазып жүрген көрінесің. Катар ағайынбыз. Ұзында өш, кыскада кегің жок. Біздің саған не зиянмызы тиіп көрген жок.
- Күлбас** — Менен баска колы қалам билетін кісі жок па? Солардың біреуі ұрлықтарынды жазса жазып жіберген шығар. Оны менен көрмей-ақ қойындар. Ұрлықтарынан көр!
- Қанай** — Біз ұры болсақ та, елден мал үрламаймыз, штеттен алыстан үрлаймыз. Алыстан үрлағанымыздан елге зиян келіп көрген жок. Қайта шет елдің үрыларынан елді қорғаймыз. Жазбадым десен, жазбағына бізге тендік бер!
- Күлбас** — Ұрлығымыздан елге зиянмызы тимейді демей-ак койсайшы. Аулымыздан қой, козы күніге үрланады. Соның бәрін се-нің жігіттерің азықта деп үрлап кетеді.

- Қанай — Құлбас, сен ондай үсак дауынды қой, аудыл арасының арканжіп үрлайтын үрларын біз тыя алмаймыз, өзің әуелі ағайын десен тендік берші!
- Құлбас — Тендік деген не, ол қандай тендік?
- Қанай — Тендік сол газетке жазбадым деп, үшата жеріннен ант бер!
- Құлбас — Ондай тендікті біз бере алмаймыз. Қенес заманында «ант» деген қалған. Ол күнэ.
- Қанай — Тендік бере алмасаң, онда жазғаның ырас. Ағайындықтан шыққаныңыз.
- Құлбас — Жазғанда маған не демекші едініз?
- Қанай — Ағайын болатын болсаң, сол газетіңе біз ді актап жаз! Сені «тілші» дейді ғой.
- Құлбас — Сонда сендерді «ұрлық қылмайды» деп жазам ба? Оны мен қалай жазам, ұрлық қылмаймыз деп өздерің қалай айтасындар! Оナン да ұрлықтарынды қой!
- Қанай — (катты ашуланып) Ендеше үры деп жаза бер, сенімен ат құйрығын кесемін.
- Құлбас — Ағайын болмағандағы қылатындарың не! Корқытқаның үрлығың ба? Екі сирымыз бар, көп болса соны үрларсындар, одан артық не қылмақсындар!?
- Қанай — Күшіңе сенсөң жата бер, не қылатынды кезінде көрерміз. «Тілші» неме газетің жарылқаса көрерміз (тұра бастайды).
- Құлбас — (катты) Енді не десендер де, сенен қорқа алмаймыз ғой. Тілегендерінді істей бер! Біз де өлмес камымызды көреміз. Үкіметтің тізгіні үрінің қолында тұрса көрерміз.
- Косым — Ойбай, мынауың тіпті дүниенің төрт бұрышына қолым жетті деп отыр ғой (екеүі шығады).
- Үкібас — Құлбас-ау, бұл залымдармен ұстасып қайтесің, бітісі керек қой.

Құлбас — Ай, Үкібас-ай, сен де бір жағынан үшып-
қонат та отырады екенсің. Оны сен не-
ғыласың?

Үкібас — Ендеше өзің біл, мен қойдым (шығады)

VII көрінісі

(Есіктен Қалима кіріп шешініп отырады. Құлбас шам жары-
ғына газет оқып отырады. Азырақтан соң есіктен Абдолла
мұғалім мен Жапабай, Қамаш кіреді. Бір қолдасып көріседі).

Құлбас — О, жоғары шығыныз, есен-саяу жүрсін-
дер ме?

Абдолла — Шүкір (күліп) Құлбас, газеттерінді
оқып, мәз болып жатырысың ба?

Құлбас — Ырас, мәз болып жатырмын. Ауылнайы
түгел тапсырмай корлықты беріп жүр-
гені. Бүгін басөлкедегі Ибан арқылы
алуға адресімді өзгертіп басқармаға хат
жаздым. Қамашжан әкелген газеттегі
әнеугі қабарларды көрдің бе?

Абдолла — (күліп) «Жегі үрылар» деп Жабайлар-
ды қызық қылып басыпты. Басқарма
құлпыртып қойыпты.

Қамаш — Эже, жатам! Үйкүм келді. Төсек салып
берші!

Камила — Ой, қарғам, шаршағансың шығар, үйк-
тай ғой, төсек салып берейін. (Төсек са-
лып беріп, Қамашты жатқызады. Өзі де
қасына кисаяды).

Құлбас — Жана осында Жабайдың інісі
Қанай келіп кетті. Қасында әлгі бір Қа-
сым деген үрысы бар. Соларды жаңа ға-
на жөнелтіп отырғаным еді.

Абдолла — О, олар неғып саған келіп жүр. Неғып
олармен достасып қалдың?

Құлбас — Олармен достық қайда! Адам дегенде
ар-ұят болсайышы!

- Жапабай — О, айта бер, әңгіменің қызығы сенде екен
гой. Олар кайбір дұрыстықпен келді дей-
сің?
- Күлбас — «Бізді газетке жазыпсын, жазбадым де-
сен, тендік бер, үш ата жеріңнен ант-
бер» дейді. «Тендік бере алмасан, ағай-
ын болайық, бізді актап газетке жаз»,—
дейді. Олардың сөзі осы...
- Абдолла — (куліп) О, газет оларға батайын деген
ғой. Батырларың сасайын деген екен. Ал,
сен не дедің?
- Күлбас — Мен не дейін «Ондай тендікті бере ал-
майым, ұры емес деп сендерді актап га-
зетке де жаза алмаймын»—дедім.
- Абдолла — Олар оған не деді?
- Күлбас — Не десін? «Қырам, жоым, ат құйрығын
кесем, білген қастығымды істейім» деп
мені коркытады. «Екі сиырым бар, қора-
лап ала бер» дедім.
- Абдолла — Ой, залымдар-ай, келіп осы сөзді айтуға
ұялсайыш!
- Күлбас — Шырактарым, сен екеуінді шақыртқаным
да осылардың жайы еді. Біреуің көзі
ашық мұғалімсін, біреуің үкіметтің он
көзі-комсомолсың. Менің сен екеуіннен
жасырын сырым да жок. Менің ағайын-
тумам да, досым да сен екеуің! Бұл ұры-
лар-нағыз қара жүрек залымдар. Мынау
обал болар демейді. Қолынан келген
қастығын да аямайды. Менің «тілші»
екенімді әбден біліп алыпты. Бұлар мені
кудалауға, менің соныма түсуге айнал-
ды. Кім біледі, болыс пен ауылнайлар-
ды да өзіне косып алар. Тағы елдің бай-
лары мен қуларын да косып алуы да қи-
ын емес. Бір жерде өлтіріп тастай ма-
деп те корқам. «Құдайдан қорықпаған-
нан қорық» деп бұл жауыздардан қо-
рықпаса болмайды. Қәне енді осыған
не ақыл айтасындар?

- Адболла** — Қайдан білейін, не ақыл айтатынымды, Эйтеуір біз екеуміздің сенен аятынымыз жоқ. Солай ғой, Жапарқұл.
- Жапарқұл** — Иә, солай болмай, бәріміз де бір тілек-тегі кісіміз гой. Эйтеуір біздің комсомол үясының қолынан келгенін аямаймыз. Бұның ақылын Адболла, сен айт!
- Адболла** — **Бұған** менің ойлап отырған ақылым. Мен басқармаға «тілшіні» кудалауға айналды деп қат жазамын. Оның устіне жиналысына салып үрылардың жауыздығын көрсетіп, байлардың, аткамінерлердің үрыға болысып жүргенін айтып жоғарыға білдіруге керек. Құлбасқа істеген жауыздығын бір күні бізгеде істейді.
- Жанабай** — Осы дұрыс. Тап осылай істелік! Осы пәленің қарабасы, «өзіміздің ауылнай мен болыс ең аяғы газеттерімізді дұрыс бермейді. Бұларды да аямау керек.
- Адболла** — Дұрыс, дұрысын айтасың, Сірә, осылай етіп бір шара көзdemесеніз, олар әлі су-рінетін де емес. Елге де тыныштық бермес.
- Құлбас** — Шырактарым, ыракмет, сендермен бірге адассам, сендермен бірге елге қызмет етсем, бірге өлсем арман жоқ.
- Жанабай** — Айтқандай, әнсугі Алдиярлар жоғын тапты ма?
- Құлбас** — Несі тапсын, оны да солардың үрылары шығарып берген көрінеді. Ізін де көріпті. Байғұстар барып сұрауға бата алмай жүр екен. Барып жолығындар деп жібердім. Не жәрдемін бар деп маган келеді.
- Жанабай** — Осы, атана нәлдеттердің-ақ қорлығы өтті ау, ай, құдай-ай, осыларды кісі шығартып неге жылдам ұстаптайды екен.

Кұлбас — Қалай үстасын, үкіметтің сеніп отырған, осындағы мелетсeler, Жабайдың қызына қырындаш күнде барып қонып үрлықтың етін жейді. Соның шайтан қызының өтірік күлгеніне де есі кетеді.

Абдолла — Ауылдағы кеңес құрылышы онбай, бұн-дай бұзықтық тиылмайды фой. Енді біз қайтайық. Тұннің де біраз мезгілі болған шығар.

VIII көрініс

(Кұлбас жалғыз өзі әр газетті бір алып оқып отырады. Камила мен Қамаш үйіктап жатады. Қөп уақыттан соң есікті тарсылдатып Үкібас шошып жүгіріп кіреді).

VIII көрініс

Үкібас — (даусы бұзылып, ентігіп) Ойбай, сорымыз қайнады, Үй өртеніп барады. Ой, сорлы-сорлы, тұр, шық. «Тілші» дегенді кой дедім болмадың.

Кұлбас — Ойбай-ау, не дейді, ырас па? Малдарды, малдарды далаға шығарындар, тамақ пен киім-кешекті шығарындар, бала-шага өртте қалып жүрмесін (ұшып тұрады) Ойбай-ау, енді неғып тұрмыз, жүгірсейші, мына ауылдарға хабар беретін кісі қайда? (Үкібас шығады).

IX көрініс

Кұлбас — Ойбай, қатын! (Жүгіріп барып жүлкәлап оятып) Қамила, Қамила тұр, тұр! Сорымыз қайнады. Үй өртеніп барады. Жылдам, жылдам! (Өзі киіне бастайды).

Қамила — (ұшып тұрып) А, а? Не дейді? Не дейді?
Кұлбас — Атаниң басы! «не?» Үй өртеніп барады. Өрт! Мен сыртқа шығып үйге жақындашаса, сиырларды далаға шығрайын. Сен нәрселерді шығара бер! (Кұлбас жүгіріп шығады. Қамила да сасып, айнала жүгіріп әр нәрсені бір жинап жүреді).

- Камила**
- Ойбай-ай, өрт қайдан шыкты екен? Бәрінен бұрын киіз үйдің құрымы кете-ді-ау енді (Жылайды).
- Құлбас**
- (жүгіріп кіріп) Ойбай-ай, әлі шығарған жоқпышын, пішен қорадан үміт жоқ кетіпті (екі терезеден от жалт-жалт етеді) Шетінен шығара бер. Екеуі киім-кешек сандыктарды бір-бір шығарып келеді.
- Камила**
- (жылап) киіз үй кетеді-ау, баспанасыз қаламыз-ау енді, сен шығара алсаң, барып соны шығарсайшы. Бұл үйдің ішін мен тасын (сасып жүреді). (Камила да құшақтап шығады).
- Құлбас**
- Қиіз үй құрсын одан үміт жоқ. (Екеуі құшақтап тағы алып шығады. Қайта кіріп Құлбас кітап, газеттерді құшақтап жөнеледі. Одан қайта кіреді).
- Құлбас**
- Бара алсам, барып көрейін. Сен ана Қамашты алып шық, қалғанын тасып шығара бер! (Кітаптардың қалғанын құшақтап жөнеледі).
- Камила**
- (қайта кіріп) Ойбай, Қамаш, тұр, тұр, өрт, өрт (Төсектерді құшақтап) Жүр, жүр! (Шыға жөнеледі, Қамаш үйкесін аша алмай, көзін үқалап жылап үй ішінде жүреді. Әрі-бері жүріп, жанжағына қарайды, терезеден өрт жылтылдайды).
- Қамаш**
- (жылап) Эже, эже, эже! Жүгіріп есікке барады. Кейін қайтып терезеге үмтыхып барады. От жалт етеді. Біресе есікке, біресе терезеге үмтыхып, үйдің ішін айнала жүгіреді, сүрініп жығылып қалады. Ойбай, Эке, Эке! Өлдім, өлдім (бақырып) Эже, эже! (айнала жүгіріп жүгіреді).
- Құлбас**
- (Жүгіріп кіріп, құреткін көзін бір сипап) Ойбай, қарғам-ай, қарғам-ау, жүргегің үшып кеткен жоқ па?

Камаш — (бақырып) Эке, Эке! (жүгіріп барып күшактайды).

Ойбай, Жабай-ай, Жабай-ай! Қылышты қылдың-ау! Тұбіме жеттің-ау! (Камашты күшактап есікке қарай жүгіреді) от жалт-жалт етеді).

Шымылдық түседі

III шымылдық

Бұл шымылдықта ойнаушылар:

1. Қалын — газет редактори, арық, ақ құба, ұзын бойлы, азырақ мұрты бар, шашын шалқасынан қайырған (шашы дударланып тұрған) орысша киімді жігіт 25-те.
2. Садық — Газет хатшысы, Семізше тапалтақтау қара жігіт 30-да.
3. Ниязбек — Басқа кенсе қызметкері әдемі (модный) орысша киімді, толық кісі —40-та.
4. Сакып — Орысша киімді қазақ әйелі 25-те.
5. Қалдыбай, Қиялбай — ел шаруалары.
6. Дүйсен, Қекім — орысша киімді жастар 20, 25-терде.
7. Бұрынғылар — Жабай, Қанай, Алдияр, Қасым, Құлбас, Жапабай.
8. Қали — қағаз тасуышы бала. Шамалы орысша киімді, 15-те

Сақына

Газет басқармасы үлкен бір бөлме. Бір есіргі 3—4 тереңесі бар. Керегеде айнала плакаттар болады. Үлкен Ленин суреті ілулі тұрады. Олардан төменірек әр жерде «Еңбекші қазақ» тағы басқа губернелік газеттер шумақ-шумақ болып ілулі тұрады. Бөлменің ішінде үш жерде үстел. Қастарында орындық тұрады. Есікке жақын бір ыскамейка, шеткі үстелдің қасында бір ышқап тұрады. Оның төбесінде буылған газеттер, қағаздар болады. Төргі үстелдің түсінде «редактор» деген жазу, енді біреуінде «қатыш» деген жазу. Төргі үстелдің қасында керегеде телепон болады. Үстел үстінде бір басында газеттер, бір басында бөлек-бөлек үйілген қағаздар жатыр. Аспаптары.

I көрініс

(Шымылдық ашылғанда Садық өз үстелінде жазу жазып отырады. Қалық бір қағаздан соң бір қағазды қарап үстіне бір-екі тұртіп бір жағына қоя салып отырады. Азырактан соң Қали кіріп бір пакетті Қалыққа береді. Қалық ашып, көп қағазды алып)

Қалық — (куліп) Опымай, Сәкеге! Мына қараши, Жұмалин мына бір нұсқауды жіберіпті. Ең болмаса қазақша жазып жібермейді. Оның үстіне газеттің бүгінгі санына басылысын деп бұйырады (Қалиға) саған іш нәрсе деген жоқ па?

Қали — Бүгінгі нөмірге бассын деп (куліп) оған мен не дейін, болмайды дейін бе?

Садық — Газеттің жайын қайдан білсін, материалы алдымен беріліп қоятынын біледі дейсін бе? Бүгін берсе, ертең өзінен-өзі шыға алады дейді фой.

Қалық — Бұның бәрі газеттің бір нөміріне сыймас. Қазақшаға аударып, әр бөлімін әр нөмірге жіберерсің? (Қали шығады. Садық келіп қағазды алады).

II көрініс

(Есіктен Жапабай кіреді).

Қалық — Да, Жапабай жолдас не қал? (Колдасып көріседі).

Жапабай — Өздерін жақсы тұрасындар ма? Бірсындыра жазылған кісілердің ақшасы мен адресі бар еді, және де өзімнің жазған қабарларым бар еді. Соны берейін деп келіп едім.

Қалық — Бәрекелді, жарайды, сен қабарды жақсы жазасын. Елден қашан келдің?

Жапабай — Қелгенім осы. Құлбас екеуміз келіп едік. Оның бүгін ұрыларының соты боллады екен, мен соған күә едім.

Қалық — Құлбас осында ма? Соты болатын болса, ол бізге нағып жолықпай жур?

Жапабай — Келетін шығар, куәлерін жинап асып жүрген. Маған да жылдам кел деңген. Мына қағаздарымды жіберейін, адресін, ақшаларды берейін (Койныңан қағаздар береді).

Калық — Ақша, адірестерінді Сәкене бер. Бұдан былай қабарды өтіп жатқан әрбір науқаның жайынан көп жаз. (Қалық Садыққа барып екеуі азырақ сөйлескендегі түріп шыға бастайды). Жапабай, Құлбасты көрсөн, келіп кетсін. (Шығады).

III көрініс

(Есіктен сасып, ентігіп Құлбас кіреді).

Қалық — О, Құлеке! жоғары шық. Сәке, мына жерге Құлбасқа орындық әкеп қойшы.

Құлбас — Шырактарым, аман-сау отырмысын, орындық қоймаңыз, отырмайым асығыспын.

Садық — (Бұлардың қасына келіп) Иә, жұмысыңың реті қалай? Бүгін сот болады дейді ме?

Құлбас — Иә, қазір сот болайын деп жатыр. Осы Сапар Жабайлардан теңдік ала алмасам, өмірде де теңдік ала алмасын. Екі үйлі жан үйлеріміз өртеніп баспа-насыз екі жылдан бері сергелденге түсіп жүрміз. Былтыр оларға үш жыл деп үкім кесіліп, 5—6 ай жатып шығып кетті. Соттың кескен мың жарым со-мына жететін түк малым жоқ деп, бо-лысттан өтірік куәлік алып қулыкты асырып отыр. Энеугі сіздердің айтқаны-ңызben Қызылордаға барғанда бұл сот та болмайтын еді. Онда әсіресе «Еңбек-ші қазак» басқармасының жігіттері үлкен қызмет еткен. Айтқандай бұның бәрі де өздерініз есіткен әңгіме ғой.

Мен көп тұрып қалдым. Сотка сіздердің біреуініз жүрініз, пүркөрер біреуі өкіл болып келсін деді.

Қалық — Саған осы сапар мол өндіріп бермесе, тілшіні қорғау деген өтірік болады. Сотка, Сәке, бар. Менің қолым тиетін емес. Қазір телепонмен қофам айыптаушысы қылып ал деп пыракорорға айттын.

Садық — Онда мен мына переботтарды бітіре алмайым, жұмыс тіпті басымнан асып кетті.

Қалық — Бітбесе қайтесін, өз тілшімізді қорғаймыз ба? Құн болса, кешке істерсін.

Құлбас — Иә, шырағым, тез жүре ғой. Эйтеуір осының жолында қорлықты көп көрдім. Шығыным басымнан асып кетті. Енді жүрейік! (Екеуі шығуға ыңғайланды).

Қалық — Сәке! Сөйлейтін сөзді өзің білесін ғой. Бұған таныссың ғой. Қастық қылып бұларды «Г. П. У»-ге жаптырығанын, үйін өртегенін, екеуінің еншісі бір екенін, малдары оған жететін бай екенін, бұл тақырыпты әнеугі газетте жазылғандарды айттарың. Ол қақында өзің газетке материал жазып әкел. (екеуі шығады).

IV көрініс

Қалық — (жалғыз өзі телепонға барып бұрап) сентральный, центральный. Тұб прокорор... прокорор,,, Аткода... кіто... редаксияда... де... да,,, Отарбайыб,,, жолдас Жұманып Әлгі біздің Құлбас деген тілшінің ақысын өндіріп беретін жағын қарарсыз. Жаңа Бәкеніп деген қатышымды айыптаушысы етіп аларсыз... Жарайды, жарайды, қош! (орнына отырады).
(Алдияр мен Қосым кіреді).

- Қалық — Иә, келініз жұмыстарыңызды айтыныз!
- Алдияр — Екеуміздің екі атымызды Жабай, Қанай деген үрылар үрлап, тендік бермей жүр. Өзіміз нағыз қара табан кедейміз. Үкіметтің кедейді жақтайды дегені ырас болса, шырағым әйтеуір...
- Қалық — (сөзін) бөліп Иә, енді оны не қыл дейсің?
- Қосым — Иә, шырағым, содан қолымыз тендікке жетпегенін айтып, мелетселердің дұрыс тергемегенін айтып, газетке беріп едік, сол шықты ма?
- Қалық — Дұрыс, дұрыс. Тоқтаңыз, қазір (Жүгіріп барып үстелден қалың бір журналды ашып қарап) оны біз тексеруге про-корорге жібердік. Сіздер соған барыңыз)
- Алдияр — Рақымет, шырағым. Оның кенесі қайда болады?
- Қалық — Құлбастың соты болып жатқан жерде, білесіз бе?
- Қосым — Білеміз, білеміз. Өзіміз оның куәсіміз.
- Қалық — Білсеңіз соның ар жағындағы екі қабат ак үй. Құлбасқа куә болсаңыз, тез ба-рыңыз. Оның соты болып жатыр. Бәл-кім сіздерді таба алмай жүрмесін. (Екеуі шығады).

V көрініс

(Қалық баяғысында қағаздарды қарап отырады. Азырак-тан соң есіктен Ниязбек портпелімен кіреді. Қолдасып кө-ріседі. Оның соңынан Қалдыбай кіріп кейіп тұрады).

- Қалық — Иә, саламат жүрсөніз, жұмысты айта отырыңыз!
- Ниязбек — Мен сізге косшы тақырыпты бір өзім мақала экеліп едім. Өзі серколар есе-бінде.
- Қалық — Кәне, бәрінің ретіне қарай көрерміз.

- Ниязбек** — Жок реті дегенді қой. Осыны ертеннен қалдырмай бастырасын. Бір елге қосшы деректі кіслер шығарып жатырмыз. Солардың ала кетуіне (телефон шырылдайды).
- Қалық** — Қазір! (телефонға барып құлағына тосып) Аткода? Тепографида, да. Редаксія, кіто? Иә, мен Отарбайыб, Олжабаймысын? Иә, бүгін беріске бітетін бе? Құдай-ай соның менен несін сұрайсын... Сол 4—5 жолдық жер жетпесе, өзіне сәйкес бір ұран жібере сал. Соның үшін газетті тоқтатамыз ба? Жарайды... Жарайды... (орныңыз келеді) Қәне, мақалаңызды беріңіз!
- Ниязбек** — (портпелден бір шумак қағаз алышп өзім перебот етіп едім. Келмеген жерін өзің іреттеп жіберерсін! (қағазды береді).
- Қалық** — (қағазды алышп, ашып көріп) Ойбай-ау, мынау дұрыс қазақша жазу емес қой. Онан да орысшасын бер. Соған қарап өзіміз аударайық.
- Ниязбек** — (тағы бір бөлек қағазды алышп) Мынау орысшасы. Қалай да ертең басылсын.
- Қалық** — Жок, жолдас бұл ертең басыла алмайды. Бұндай асығыс болғасын ертерек неге бермейсіндер, бүгін беріп, ертең шығар дейсіндер. Ертеңгі нөмір бүгін берістайт етіп жатыр. Газет күнде шығатын газет емес.
- Ниязбек** — Сонда да бұндай сырощый нәрсені қыстырып жіберсе болады ғой.
- Қалық** — Міне, өзің көріп отырсын ғой. Жалғыз өзім қайсысын істейім. Садық сотқа кетті. Олжабай бердіскіге кетті. Бұдан басқа да сырощыйлар бар (Ниязбек шығады).

- Қалдыбай — (жақындал) Шырағым, азырақ қызметім бар еді.
- Қалық — (қағаздарына қарап жатып) иә, айтыңыз.
- Қалдыбай — (бір қағазды алып) Мына бір қағазымды әкеліп едім.
- Қалық — (қағазды алып қасына қойып) Жарайды, бара беріңіз, қарапмыз! (өз қағазына қарайды).
- Қалдыбай — Шырағым мен кара табан кедеймін, қағазымды қарасаң екен!
- Қалық — (қағазға қарап) Қос ағасы. Мынауың сотка жазған қағаз арыз фой. Мә, сотка беріңіз! Жазған (телефон шырылдайды, қағазын Қалдыбайдың өзіне беріп, телефонға барады) Да, да! Редакция. Аткода! Топография... материал керек дейсің бе? Рабошилар қарап тұр? Жарайды. Қазір, қазір жіберейін (орнына отырады дауыстал) Қали! (Қали кіреді) Сен казір топографияға бар (үстелден қағаздар алдып, мыналарды апар (Қали шығады).
- Қалдыбай — Шырағым, сол сот қай жерде. Мені сілтеп жіберші!
- Қалық — Көзір осы жерден жүріп, үлкен көшеге түссен, алдында екі қабат үлкен ақ үй. (Қалдыбай шығады. Қалық қағаздарын қарап отырады).

VІ көрініс

- (Есіктен бірінен соң бірі Сақып, Дүйсөн, Қиялбай кіреді).
- Сақып — Мен бір асығыс жұмыспен келіп едім. Бері қараашы!
- Қалық — Иә, айтыңыз! Құлағым сіздे (іс қағаздарына караумен отырады).

- Сақып** — Осы күні елде біздің де легеткерлердің сайлауы жүріп жатыр фой. Соған біздің жен отделің жазған қаты есебінде мынау мақаласы еді. Мұны ертеңгі шығаратын нөмірге бассаныз екен!
- Қалық** — (Сақыптың қағазын алдып) Жок, жолдас мынаны, перебет етуге керек, қысқартуға керек. Ертеңгі нөмірге үлгіре алмайды. Келесі санға жіберейік.
- Сақып** — Бүгінгі нөмірге бассын деп еді, қайтейін енді. Келер нөмірінен қалдыра көрме! (шығады).
- Қалыбай** — Біздің Молдыбайдың газеті шықкан екен. Соған келіп едім.
- Қалық** — Газеті шыққаны не, ол Молдыбай әлде газет алдыратын ба еді. (Дүйсен анау үстелдегі газеттерді оқып тұрады соған қарап) Жолдас, сіз ол газет қағаздарға тименіз, газет оқығыңыз келсе, жазылып, алдырыңыз—Иә, окуданаға барыңыз, болмаса жұмысыңызды айттыңыз.
- Киялбай** — Малдыбай деген менің ағам. Сол қызын қалың малға берді деп біреу газетке берген екен. Сол шықты деп естіп алайын деп келіп едім. Ол әшейін ағайын арасының өкпе назымен жазылған өтірік. Қызын қалың малға берген жок. Өзі қалағаныңа малсыз кетті.
- Қалық** — (шапшаң барып бір газет әкеліп) оның жазылғаны мынау шығар (береді).
- Киялбай** — Ракымет, шырағым бұл кайтеді енді. Бізді сот шақырмай ма? Қазактың баласысың фой. Ақылыңды айтшы! Осыдан калай құтыламыз?
- Қалық** — От ағасы, оны мен білмеймін, қалың алғандарың ырас болса, жазалы боласыңыз, өтірік болса сотка беріңіз? (Киялбай шығады).

- Дүйсен — (Жақындаң қасына бір қағаз алып)
 Мен бір өлең жазып әкеліп едім, соны
 газетке басшы!
- Калық — Мына жерге таста қарармыз. Жараса
 басармыз.
- Дүйсен — Жок, бұл жарайтын өлең. Ылғи өзде-
 ріңнің өлеңдерінді басқанша біздікін
 де бас! Мен өзім оқып берейін! (телефон
 шырылдайды).
- Калық — Газет! (телефонды құлағына тосады).
 Редаксия, Аткода... Гобзем... Иә, мен
 Отарбайып... Иә, ол дұрыс де өзімнен
 басқа кісі жок. Материалды алуға ер-
 тен кісі жіберейін. Жолдас, жолдас!
 Келер нөмірде түгел жерге арнап шыға-
 ра аламыз деп айта алмаймын. Басқа
 да науқан көп. Ертең сөйлесерміз. Жа-
 райды, жарайды... Жарайды.., Қош
 (орнына келеді).
- Дүйсен — Мен оқынын, сен тыңда? (түрегеліп жу-
 ріп, әңгімелеп оқиды).
 Жүргім елжіреп,
 Бойым бусанып,
 Ақылым селдіреп,
 Сені ойлап қуанып!
 Айтпақпын сәулеме
 Бір сөзді көніл жұбанып
 Арқандай есілген
 Бұрымын жок шешілген
 Келте шаш басында!—
 Жарасып түр кесілген.
 Түнін айдай
 Жарасып түр иіліп,
 Шекедегі тарағың!
 Келші қалқам!
 Бір сүйейін,
 Бір сүйейін.
 Айым, күнім, қарағым!
 Сен тәңірімсің,
 Саған ғана табынам

Жарылқасаң,
Мені алсаң,
Ракметің кең падишам,
Атқаз етсем,
Аулақ кетсөн
Мен жолына құрбандык!
Өлдім, біттім!
Өштім, сөндім!
Алдындағы бір ғашык!
Сен еркесің
Сен аспандағы періште
Тілесен үшіп кетесін,
Күттім сені,
Күнім сені
Тілесен жауап бересін!

Қалық

Дүйсен, жоллас! Бұл өленді біз баса алмаймыз. Біздін газет шаруа газеті. Бундай қызды мақтаған макаббат өлендері ылайық болмайды. Және өлшеуі де келмеген. Шаруашылық жайынан жазып көр. Мундайды журналдарға жібер (Өз қағаздарына шұқынады).

Дүйсен

— Менің өлеңімді баспайтын жөнің барғой. Баспасаң баспа! (шығады).

VII көрініс

Қалық

— (жалғыз өзі қағазға қарап отырады. телепон шырылдайды. Барады) редакция, Аткода, губкомол? Иә, мен, Қалық! Келер нөмірде соған арнап шығар дейсін. Материалдарын қайда? Оның үстіне ауран науқан кос қабаттап жатырғой... Жарайды, жарайды. (орнына отырады) Түү, Бәрі дейін шығар, бас дейді. Газеттің қалай шығатынын есептемейді. (Кәкім кіреді) Кәкім, жолдас кел отыр!

Кәкім

— Осы құдайдың құліреті басқармаға келмесем отыра алмаймын. (отырады).

Қалық

— Иә, не жұмыс әкелдің? Сен келешекте ауыл ақыны боласын!

Кәкім

— (куліп) Ақындық қайда? Эйтейір қол-

дан келгенді жазу ғой. Бір өлең жа-
зып әкеліп едім. Өзім оқып берейін.
Кәтесін өзіме айт. Жараса басарсың.

Қалық

— Кәне оқып жібер! (телефон шырылдай-
ды) Токтай тұр, (телефонға барады)
Редаксия! Аткода! Топография? Олжабай-
баймысың? Ой, алдай-ай, шырағым-ай.
Соны реттеп сыйғыза алмағаның ба?
Қысқартта алсаң маңызын өзертпей
қысқарт, болмаса тескесін мында жи-
бер. Жарайды, жарайды (отырады).
Осы топография-ак алып жазғызбады.
(Тағы шырылдайды, барады) О, неме-
не?... Гублит? Ол әлі алынған жоқ па
еді? Жарайды. (тағы отырады).

Қекім

— Оқын ба? (кестелеп, әдемілеп оқиды)

Қалық

— (алақанын шапаттап) Міне, жас ақын,
міне, нағыз шаруа газетінің өлеңі. Ел
кедейлеріне керек өлең осы. Жарайды,
әкел. Бұл өлең сөзсіз басылады. Енді-
гі өлеңдерінді осы қүнгі «Жер белісі»
сиякты науқандарға арнап жаз.

Қекім

— Сен мені асырып мақтап жібердің ғой.
Сейтсе де колдан келсе жазып тұрайын.

Қалық

— Айтқандай, сен білесің бе? Біздің бір
құғын көрген тілшіміз Құлбастың ісі
каралып жатыр. Сол жайында бір өлең
жазарсың.

Қекім

— Қулбас па, оны білем ғой. Ол әлі ма-
лын ала алмай жүрген жоқ па осы?

Қалық

— Бүгін соты болып жатыр, ертең келіп
маған жолығарсың. Мәнісіне қанып
жазарсың.

Қекім

— (тұра бастап) Жарайды, ертең келейін.
«Ауыл тілінде», «Енбекші қазакта» ба-

Қалық

— сылған өлеңдерді көріп өнеге ал!
(Қекім шығады) (телефон шылдырлай-
ды) Осы телефон-ак маза бермеді-ау!
(барып құлағына тосады) Атком... Губ-

ком?... Редакция... Иә, мен Қалық Ә, сіз Жантайып па? Иә, Иә... Жолдас Мен сізге өзім де жолығайын деп отыр едім. Басқарма қызметкерінің. Соны. Өзіңізге мәлім ғой. Осы күні науқан көбейіп кетті. Қосшы, жен атдел, губкомзаматдел, бәрі де газетті бізге арнап шығар деп бұйырады. Бәрі де қөлдей-қөлдей қылыш орысша жазады. Ол газетке сыйлайды. Қысқартсан өкпелейді. Жаррайды... Соныра өзім барып жолығайын. Қош! (орнына отырады).

VIII көрініс

(Есіктен ырсаландап Құлбас, Садық, Жаңабай кіреді).

- Қалық — Қалық (ұшып тұрып) Сот бітті ме?
Көне не қылды, не болды?
- Құлбас — Сұрама, құдай берді! Мың жарым сом ақша мен З жұз сом шығынды бүгіннен бастап өндіресін. Екеуінің еншісі бір деп тапты куанып. Енді кенес заңына газет басқармаларына ырзамын.
- Қалық — Малды қашан өндіретін болды?
- Құлбас — Сот орындаушысы — ыспалнетіл кәзір шығайын деп жатыр. Тек саған рақымет айтқалы келдім, сендер болмағанда бәлкім өртенген үйім сол қалпымен кетіп еді.
- Қалық — (куанып, алақаңын шапаттап) Кенестің баспасөзі оның көмекшісі «тілші» жасасын! (Есіктен Жабай мен Қанай кіреді).
- Жабай — (Қалықтың аяғына жығылып жылап)
Сендер жендініз, біз жеңілдік. Енді бізді шата көрмеңіз, малдарымызды енлі күйдірмей өзің бізді бітістір. Біз күнәлі. Бізге өзің қожа бол!
- Қанай — Ал, шырактарым, бізді! Бітістір!
Құлбас — Ұрылардың туы құлады. Жауыздық жеңілді! Мен—«Тілші!»

Шымылдық жабылады.

25.III.1928.

Қызылжар.

ОРАЗА

(бір шымылдықты құлқілі үгітті ойын кітабы)
(1928 жыл 8 марта Қызылжар қаласында жазылды)

ОИНАУШЫЛАР:

1. Қалман — Үй иесі шал, нашар киімді, діншіл емес, әдепшіл кісі, 60-тарда.
2. Жаңылдық — Қалманның кемпірі, ашулы кісі, шақылданап сөйлейді. 50-лерде.
3. Мырзагұл — Қалманның баласы. Нағыз шаруашыл жігіт, құлығы да бар. 30-да.
4. Жамила — Қалманның келіні, Мырзагұлдың келіншегі, жуастау нашар кісі. 25-те.
5. Ырзагұл — Қатар үйдегі ауыл жігіті. Шаруақол, шамалы киімді. 30-дарда.
6. Жұмағұл — Қалманның оқып жүрген жас баласы. 12-лерде.
7. Жұніс — қатар үйлердің біреуіндегі қызметші бала (малай). 15-терде.
8. Жұмабике — О да бір үйдегі кішкене қыз (шамалы киімді) 14-те.
9. Жарылғап — нашар киімді (кайыршы) жарамазаншы шал. 40-та.
10. Жарас — бұда сондай киімді, жарамазаншы тақылдаған бала. 15-те.
11. Омар — семізше, кап-кара сакалды молда, тәуір киімді. 50-лерде.
12. Оспан — Аксакалды, тәуір киімді арық, Омардың жолдасы. 60-та.

САХНА

Қалманның қысты күнгі үйі. Нашар үй, бір бөлме болады. Казан-аяқ жакта есік сияқты болып пештің тұмсығы болады. Пештің іргесінде кемпір-шал төсегі. Екінші жақ басында Мырзагұлдың төсегі. Кірлеу, нашар шымылдық құрулы болады. Төрдегі терезе, одан күн сәулесі түсіп тұрады. Үй жиһазы кедей үйдегідей болады.

I көрініс

Шымылдық ашылғанда төсегінде Қалман жантайып жатады. Қемпірі Жаңылдық үршық ііріп қасында отырады. Төр алдында астына тулақ салып Мырзагұл қайыс укалас отырады, бір нәрселерді тебенмен тігіп отырады. Қасында төс, балға пышақ, біз сияқты құралдар жатады.

Қалман

— (басын көтере түсіп) Қемпір, күн қай уақыт болды, қарап қойшы! Ауыз ашар істейтін уақыт болса әлгі келін қайда?

Жаңылдық

— Кеш болу қайда, әлі тал түс. Құдайдың күні де үзап кеткен шығар деймін, Шаңқайып аспанда тұрады да қояды.

Мырзагұл

— Сендердің оразаларың да қорлықты берді-ау. Қісінің жүргегі сазып болды. Қісі басына қазан аса беруге шама жоқ. Өйтпесек қарнымыз ашып барады. Бұрынғылар біліп айтқан ғой «Айт аттынықі, той тондынықі» деп. Осы ораза кедейдін не теңі? Ауыз ашарға, сәресіге ішетін түрлі тамақтарың болмаған соң, ораза устап не керек. Ана байларға жарасады.

Қалман

— (басын көтеріп отырып) Ол рас, әйтеуір жүртттан үялғаннан амалсыз жүрміз. Жас болса пайғамбар жасына келіп қалды. Оразаға сойып алатын мал да жоқ. Осы жалғыз сиыр бұзаулағаннан бері төзіп келеміз. Болмаса ораза жанға бататын еді. (Жаңылдыққа) Эй, қемпір-ау, Мырзагұлға сүтінді үйиса беріп қой. Жүргегі сазып отырған шығар. Бұл үзак сарының кезі, қара өзек шақ қой.

Мырзагұл

— Эже, сөйтіші, тіпті қарным ашып отыр.

Жаңылдық

— Әлгі келін келгесін берер. Өзім ораза кісі, аузым ашылып кетер.

Қалман

— Баяғыда бір бай, елдің көшпелі кезі, өлкек жакта байлар отка май жағады екен, сонда әлгі бай «осы жүрт «Қараөзек, қараөзек» дейді. Қайда қараөзек? Таста отқа құйрыкты!» дейді деп әкем марқұм айтып отырушы еді. О, мастық-ау?

- Мырзагүл — Мастық емей не деймін. Бір бай «Ашаршылықты көп көрдім, май жеген кісі аштан өлмейді екен» деп те соғады ғой. Байлардың ісі осылай келеді ғой.

Жаңылдық — Осы күнде біз нан істеуге май таба алмай отырмыз. Жаны бар кісі майды отқа жағар ма?

Калман — Жарықтық наурыз да болып қалды. Мырзагүл, бүгін амалдың нешесі?

Мырзагүл — Бүгін жаңаша 18 ғой.

Калман — Ой, жазған басым! Жанашанды қайдан білейін, біз бұрынғыша нешесі, Наурызға неше күн?

Мырзагүл — Бүгін күн шек.

Калман — Ой, наурыз болып қалған екен ғой. Баяғыда әкем марқұм айтып отыруши еді: Амалдың алтысы күнін күн мен түн алмасады, жетісі күні тенеседі. Тоғызы күн Самарханның көк тасы ериді. Сол күн жерде асықтай-ақ, тобықтай түк қалмайды деп.

Мырзагүл — (куліп) Ой, тас ериді дейсің бе Әшейін-ақ бір сөз тағы. (Бұл кезде сырттан жарамазан айтқан дауыс естіледі. Барлығы терезеге жалт карайды).

Дауыс — Да, байлар жатырмысын үйқылы-ояу? Устіне Қыдыр келді атты-жаяу. Қыдырды күтіп алсан елің бай-ая!

Жаңылдық — Жарамазаншы деген бәлесі тағы қайдан келді? Жүрттың өзі күнелте алмай отырғанда!

Мырзагүл — (тұрып терезеден айқайлап) Ай, жарамазаншы, үйге келіп айт!

Калман — Ой, кемпір, бермесең сенен тартып алар дейсің бе? Қайтесің оны.

II көрініс

(Есіктен қолында бір дорбасы бар жыртық киімді Жа-
рылғап кіріп, есік алдына отыра кетеді).

- Жарылғап — Мінгені пайғамбардың пырак—дейді·ау,
Сарқылар таудан акқан бұлақ дейді·ау.
Бітірін оразаның берген құлдар,
Барғанда о дүниеге шырақ—дейді·ау.
Мұхамед үмбетіне жарамазан.
- Калман — Болар, енді айтпай·ақ қой!
- Мырзагұл — Отағасы айта бер, айта түс!
- Жарылғап — (әндептіп)
Жарамазан айта·айта еш болады.
Әр үйде мұндай тұрсақ кеш болады.
Мұхамед үмбетіне жарамазан.
- Калман — Кой енді, болар, не қыласындар күн кеш
болғанда жолынан қалдырып? Кемпір,
нен бар беретін? Бар болса бірдене бер
де жөнелт!
- Жаңылдық — Ойбай, құдай осы не соғып отыр. Беретін
не болушы еді. Ештең де жоқ. Аузыңа
келгеніңді сөйлемей қарап отырсаңыш.
- Мырзагұл — Отағасы не алып жүрсің? Элде жай ай-
тып жүрсің бе?
- Жарылғап — Жоқ. шырағым. Рамазанның ішінде айт-
қан сауап дегенге айтып жүргенім ғой.
- Калман — Кемпір, онда айран ауыз тигізіп жөнелт!
- Жарылғап — Иә, сүйте ғой, мына ауылға таман ба-
рып қонайын.
- Жаңылдық — Құдай сенің аузыңа тыным бермеді·ау.
Тек бер дейді де отырады. (орнынан тұ-
рып, ана жақтан бір тостаған әкеліп Жа-
рылғапқа ұсынады. Жарылғап та қолын
созады).
- Мырзагұл — Ау, бұл кісі ораза шығар. Жарамазан
айтып жүріп ораза болмай не болыпты.
- Жарылғап — Иә, шырағым, оразамын. Ішпеймін.
(қолын тартып алады).

- Мырзагұл — Онда маған бер!
- Жаңылдық — Ойбай, бетім-ау, қайдан білейін, сүйте
фой дегенге беріп жатыр едім. (Мырза-
ғұлға береді).
- Мырзагұл — (Алып басына көтеріп қағып салып)
Мынау бәрінен маған жақсы болды-ау.
- Жарылғап — (өзінен-өзі тұрып жатып) Оразаның ке-
сірінен ішетүғын тамағымнан қалдым-ау!
(Шығып кетеді).

III көрініс

- Мырзагұл — (Қарқылдап құліп) Байғұс, ішейін деп
отыр еді, мен айтқанға оразамын дей сал-
ды.
- Жаңылдық — (Куліп) Өзім үялыш қалдым. Не дерге
білмей қалдым.
- Қалман — (Куліп) Ол байғұска кім тамақ береді
дейсің? Не қылайын деп айттың?
- Мырзагұл — Тамақ ішкісі келсе жарамазан айтпа-
сын. Өзім үйдегі кісілердің ораза үстаға-
нын көтере алмай отырғанда оның сау-
апшылын қайтерсің?

IV көрініс

(Есіктен Жұніс кіреді).

- Мырзагұл — Е, Жұніс батыр, аман ба? Кеш болғанда
негіп жүрсің?
- Жұніс — Жамал шешем ауыз ашарға бір қайна-
тый шай сұрап кел деп жіберді.
- Жаңылдық — О кесір де шайға жари ма екен? Олар
байыған сайын жарымайды-ау? Сатты-
рар едім шайды да, майды да көп еттіріп
алдырып қояр едім. Мениң айтқаным бо-
ла ма? Оны өзіне айт.
- Мырзагұл — Жұніс айтады, екеуміздің қолымызға он-
дай мал бітсе жұмсаудың ретін білер
едік. Солай ма, Жұніс!

- Жұніс** — (күліп) Қайда көрсек бай кісі онбайды, ылғи, бұзық кісі бай болатын шығар деймін.
- Жаңылдық** — Көп сөйлемей жоғал, ендеше беретүғын шай жок.
- Жұніс** — (күліп) Маған сол бермегенін керек. Сурап кел деген соң сұрап тұрмын, іләй-імда ауыздары неге ашусыз қалмайды.
- Мырзагүл** — Менің тілімді алса ораза ұстамасын. Үйдегі оразамен де кас болып отырмын. (Жұніс шығады). Қолында боқшасы Жұмағұл кіреді).

V көрініс

- Жаңылдық** — Ой, құлдығым, келдің бе? Тоңып қалған жоқсың ба? (Жұмағұл шешінеді).
- Қалман** — (Жұмағұлдан) Құн қай уақыт болды? Эзір бататын емес пе?
- Жұмагүл** — Жок, әлі ерте, кіші бесін.
- Қалман** — Эй, құдайдың күнін де батар дейсің бе? жылдай болып ұзаған екен фой.
- Жұмагүл** — Эже, тамақ берші, карным ашты.
- Жаңылдық** — Үіге келмей жатып тамақ демей тұра тұр. Кешке ауыз ашқанда бірге жерсін,
- Мырзагүл** — Ораза кісілер барлығымызда. Тамақ бермей араз болып отырмыз. Обалың оразаға
- Жұмагүл** — (Мырзагүлдың қасына барып), Аға, осы оразаның не керегі бар. Біздің мұғалім оразаның керегі жок. Надандықпен үстайды дейді фой. Ол дұрыс кой, иә?
- Мырзагүл** — Ол рас, Қарағым. Оразаның зияннан басқа пайдасын көргеніміз жоқ. О мұғалім тағы не айтады?
- Жұмагүл** — Не айтсын, айтқа қарсы ойын істейік деп дайындал жатырмыз. Мен молда болып ойнайтын болдым. (Екі құлағын ұстап) Алла акбар деп тұрам.

- Мырзагұл — (Күліп) Эке, мына балаңның айтып отырганын есіттің бе?
- Қалман — Е, о не дейді. Қайбір жөнді сөз айтады дейсің бұл заманың баласы?
- Жұмагұл — (Мырзагұлдың аузына қарап) Кой, айтпа. Мұғалім үйіне айтпа деген.
- Мырзагұл — (Күліп) Айтпа десе жақсы істеп айтпай-ақ тұрсын.
- Жұмагұл — Аға, мына қайысты бұлай үқалап тігіп кайтесің?
- Мырзагұл — Енді жаз жақындаپ келеді. Ұзамай қар кетеді. Соңсоң жер жыртып, егін сала-мыз. Соның керек құралдары ғой.
- Жұмагұл — Сағындық үйінің де осындаі тіліп-тіліп койған қайыстары көп, о да сол ма?
- Мырзагұл — Е, оныңде сол. Біз екі ұлмыз, бірігіп саламыз. Өлмеген кісілерге жаз болды ғой.
- Жұмагұл — (Күліп) Аға-ау, сонда мен қолыма шыбыртқы алып (қолын сілтеп) «Ой, соп, соп бұразна, бұразна!» деп өгіз айдасам ғой, иә?
- Мырзагұл — Е, мұғалім жіберсе Сағындық екеуің өгіз айдайсындар ғой.
- Жұмагұл — Е, неге? Кеше мұғалімнің өзі сабак бергенде айтты: Жазғытұры үй іштерін жер жыртып егін салғанда сендер де жәрдем беріп, бірге істеулерің керек деді.

VI көрініс

(Есіктен Жарас кіреді. Қолында дорбасы бар. Үй ішін-дегілер жалт карайды)

- Жарас — (әндептіп) Мінгені пайғамбардың бозды дейді,
Пітірі оразаның қозы-лак дейді.
Пітірін оразаның берген құлдар
Барғанда о дүниеге озды дейді.
Иманың, жан жолдасың ерзәза жан,

Оразаң қабыл болсын, эй, ағажан,
Мұхамбет үмбетіне жарамазан.
Шанырағы мынау үйдің шапшак кана,
Женешем ішіндегі аппақ қана.
Женешем ішіндегі аппақ қана.

Пітірін оразаның берген байлар
Ұжмакқа кіре қояды аттап қана.

Иманың, жан жолдасың оразажан,
Оразаң қабыл болсын, эй, ағажан,
Мұхамбет үмбетіне жарамазан.

Бай айттар бір қой берсек не етер дейді,
Шешекем орамалмен кетер дейді.

Пітірін оразаның берген байлар
Төрінде сегіз үжмақ жетер дейді.

Иманың, жан жолдасың оразажан,
Оразаң қабыл болсын, эй, ағажан,
Мұхамбет үмбетіне жарамазан.
Үйіңің айналасы орда болғай,
Баласы ішіндегі молда болғай.

Жаңылдық — (Катты) Кой, әрі! Такылдап бара жаткын бір бәле ғой қаргадай басынан. Бүгін жарамазаншы қаптап кеткен екен, сірә! (Жарас қоя қояды).

Мырзағұл — (күліс) Жарас, бұң не істеп жүргенің жарамазан айтып?

Жарас — Элекемдер жарамазан айтып үн, шайәкел деп болмайды. Болмаса үйге келтірмеймін дейді.

Мырзағұл — Ой, көрім көрінгілер-ай! Малын бактырып, шаруаларын істетіп, енді жарамазан айт деп баланы бұзып жібергенін. Шырағым, мұнынды қой. Басқа біреуге жалдан.

Жұмагұл — Онаң мектепке барып неге оқымайсың?

Жарас — Оқыр едім, қайда жатып оқимын. Үйім, әке-шешем болса менде оқыр едім.

Жұмагүл

— Камас та әркімнің үйіне бір қонып, оқып жүр. Сондай үй жазғытуры егін салуға біреуге жалданарсың. Қазынадан кітап, қағаз береді. Басқа балалар үйіне кезек-пен кондырады.

Жарас

— Ертең барайын, өйтіп оқытатын болса. Молдаларың ұрмай ма? Ұрса оқымаймын.

Жұмагүл

— (құліп) Бұл бұрынғы молда емес қой. Мұғалім ғой, ұрмайды. Ана Мақашты жарын қалаға, қазынадан киім, тамақ беретін жерге оқытамын деп жүр. Сені де сөйтір, ертең кел!

Жарас

— (құліп) Ертең кел, мектепте қызық, ойнаймыз, ән саламыз. (Екеуі шығады).

VII көрініс

(Есіктен Жәмила кіреді. Төсегінің қасына барып шешінеді).

Жаңылдық

— Қелін, шырағым, малдарыңың астын тазалап болдың ба? Сырды саудың ба?

Жәмила

— Болдым. Сырды сауып болдым. Мана алдақашан келетін едім, әлгі сырындаң жас бұзауы, бір қағынғыр екен, ойнактап далаға шығып кетіп, жардан ұшып кете жаздады. Шақ дегенде ұстап алып әкеліп емізгенім.

Жаңылдық

— Ойбай-ау, оны неге бос жібергенсің. Кемер жардың жарығына түсіп кетіп, жазым болар. Бос жіберме! Әлгі Жұмағүл да сондайды қарамайды-ау. Үйге бір бала келіп, сонынан кетеді.

Қалман

— Шырағым, күн қай уақыт болды? Кештетті ме?

Жәмила

— Кеш болды. Қүн тұсау бойындай ғана қалды.

Жаңылдық

— Онда шапшаң ауыз ашар дайында. Шайынды қайнат, нанынды істел

Қалман

— Шырағым, маған құманға дәрет су күйіп берші! Дәрет алайын!

(Жәмила ана жақтан құман әкеліп береді. Қалман құман алып шығып кетеді).

VIII көрініс

(Есіктен киініп Жұмабике кіреді. Есік алдында сүйеніп тұрады).

- Жаңылдық — Е, Қара қыз, неге келдің?
- Жұмабике — Эжем ауыз ашарға бір тостаған үн берсін деп еді.
- Мырзағұл — (өзінен-өзі) Бүгін оразаның бәлесінен-ақ құтыла алмадым-ау!
- Жаңылдық — Тамағы жоқ болса, оразаны үстап қайтеді? Ана бай қайнысынан неге сұрапайды?
- Жұмабике — Олар дым бермейді.
- Жаңылдық — Өзімізге де ұнымыз айтқа дейін жететін емес.
- Мырзағұл — Өзіміз де тамаққа жарымай, бір-бірімізben араздасып отырмыз. Менің тілімді алса, біз сияқты кедейлердің теңі емес, оразаны үстамасын.

(Жұмабике кетеді. Жәмила кіріп-шығып жүреді. Жаңылдық та кіріп-шығып жүреді. Есіктен Қалман кіреді).

IX көрініс

- Қалман — Мырзағұл, тастасайшы енді. Құн кеш болыпты. Малдарды байла!
- Мырзағұл — Өзім де тастайын деп жатырмын. (Нәрселерін жинастырып жатады).

X көрініс

(Есіктен Жұмагұл жүгіріп кіреді)

- Жұмагұл — Сыртта кісі түсіп жатыр! (Бәрі де жалт карайды).
- Қалман — Ол кім кісі?
- Жұмагұл — Омар молда, қасында тағы бір шал бар. Ұлықсат болса ауыз ашып, намаз оқып, жүреміз дейді.
- Мырзағұл — Осы молда-ақ бір тыным таппай қаңғиды да жүреді екен.

- Жаңылдық**
- Құдайдың кісісі де бүгін тыным таппады-ау Тамағымызды да дұрыс ішкізбейтін болды-ау. Байларға түспей, біздікінде оған не бар екен?
- Калман**
- Енді неде болса келіп қалғансын кетдей алмаймыз гой. Бар түссінде. (Жұмағұл шығады) Кемпір, мына жерге киіз сал.
- Жаңылдық**
- Келін, келін! Мында келіп төрдің алдын сыпырши!
 - (Жәмила сыпырады. Екеуі киіз салады).

XI көрініс

(Есіктен Омар, Оспан, Жұмагұл кіреді)

- Омар-Оспан**
- Ассалаумагалейкум!
- Калман**
- Да, таксыр! Жоғары шығыңыз! (Калман, Мырзағұл қонақтармен көріседі. Қонақтар отырады).
- Омар**
- Малжан, ауылдарыңыз аман ба?
- Калман**
- Шүкір, аллаға таксыр, сапарыңыз он болсын.
- Омар**
- Эүмин. Алладан болсын.
- Оспан**
- Таксыр, екінді такалып қалған шығар, намаз оқыңык. (Шешініп киімдерін жайып, белбеулерін сәлде қылып бастарына орайды. Оспан азан айтады. Мырзағұл шығады. Омар имам болып намаз оқиды. Бір-екі рет тұрып жығылып сәлем етеді. Бата қылады. Жұмағұл бокшасын ашып, шоқып отырады).
- Калман**
- (орнында отырған күйі артына қарап) Жұмағұл тұр! Бар, күнді қараши, батқан жоқ па екен. (Жұмағұл шығады) Әй, кемпір, ауыз ашарларынды дайындандар! (Жаңылдық пештің ар жағынан кіріп шығып жүреді. Жұмағұл кіреді. Терезеден жарық келеді).
- Жұмагұл**
- Әке, күннің жартысы кіріпті. Азырак көрініп тұр.

Омар — Ендігі батқан шығар. Азан айта бер!
(Оспан азан айтады. Үшеуі тұрып намаз оқиды. Тез-тез оқиды. 2-3 тұрып жығылады. Сәлем беріп, бата қылады. Сырт жағында Мырзагұл оқшаша тұрып, аналар сиякты тұрып жығылып көреді)

XII көрініс

(Есіктен Мырзагұл кіреді. Жәмила шай жасайды. Айнала отырады. Бір табакпен нан әкеліп қояды).

Омар — Бисмилла рахман рахим! (Аузына нанды шапшаң салады. Бәрі де жей бастайды. Бәрі де алды-артына қарамай асығып жейді. Ұсылдал шайды ішеді).

Қалман — Таксыр, жеп ішініз! Құн үзак, қара өзек шак. Қарныңыз ашқан шығар.

Омар — Е, бүйірғанын алып жатырмыз. Кітапта айтты ғой, ораза кісі аузын бір ашқанда, кісінің аузына түсіп кетем деп шайтан қашып кетеді екен. Ораза ұстағаның сауабы, міне, осында ғой. Ораза бар үйде шайтан тұрмайды. Элбette, үйде шайтан болмаған соң күнәкәр болмайды. (Асығып-үсігіп тағы жеп ішіп жатады).

Оспан — Ой, таксыр! Оразаның басқа сауабынан мынасы жақсы екен,

Омар — Бұрынғыда бір кісі осындай ауыз ашқанда алдына бір табак қызыл бауыр-сақты қойып айтыпты: —Ал нәпсіңе керек болса өзің алып же! Мен алып бермеймін,—деп. Соңсоң нәпсісін жеп қойып: «енді аузынды аш, қайта кірем!» депті әлгі кісі. Сені ішімнен шығара алмай жүр едім, енді сені ішіме кіргізбейін деп аузын ашпапты. Соң-соң Алла тағала отабара содан ауаз келіпті: Аузынды ашпасаң болмайды деп. Соң-соң қайта кіріпті. (Басқалары таңданып қарайды).

XIII көрініс

(Шайларын ішіп бола берген кезде есіктен сәлем беріп Мырзагұл кіреді. Омар, Оспандармен көріседі).

Омар — Е, шырағым, саламат па?

Оспан — Аман ба, шырағым! Ауыл отаның аман ба?

Мырзагұл — Шүкір, өздерің де аман-саусыз ба?
Е, таксыр, сапарыңыз оң болсын!

Омар — Әумиін! Ауылдан шығып келеміз. Құрман қажының баласы құран хатімге шақырған екен. Соған барамыз. Құн кеш болған сон ауыз ашып, намаз оқып жүре-лік деп жаңа түсіп едік.

Қалман — Қажының баласы әкесіне құран шығаруға шақырған екен той. Онысы жақсы екен.

Оспан — Негылса да баласы ерледі. Әкесіне қызмет етейін дегені.

Омар — Жарықтық бұл оразаның ішінде құран хатым еттіргендер садаха бергеннің сауабы әшейіндегіден он есе артық болады. Менің малым аз дегеннің аллаға сылтау болмайды. Малы аз кісі күйінше садаҳасын беруі керек. Байларға салауда, бақырларға қанағат керек деген пайғамбарымыз.

ЕСКЕРТКІШТЕН БІР БӨЛЕК

1

Көңілім алдындағы бір қуанышты сезетіндегі алып ұшып, үмтұлыңқырап, астындағы кара байталдың бөкен желісімен көк жыраның шалғынын жапырып, арғы бетіндегі қырдың басына шыққанда, шаны бұркырап, өлкеге қарай құлап бара жатқан жылқының сонын ғана көріп қалдым. Екі көзім алдында болып, әлгідей болмай кемердің басына келдім. Қуннің азырақ шығырмак ыссылығы мені терлетінкіреген сон жанымнан орамалымды алып мандайымды сүртіп едім, алдынан көрініп қалған кең алаптағы жыбырлап отырган елді көріп, орамалымды қайтадан қалтама салдым. Барлық пікірімді, ойымды, көзімді алдындағы бір нәрсе өзіне тартты ма? Атымды аяң бұлқілінен артық айдамаппын. Сол кезде мен атың үстінде қиялыммен әлгі көрінген алаптың бойын кезіп, жас уақыттағы сол жерлерде өткізген өмірімді есіме алдым; ең әуелі былтырғы үйін жана даң көтерген аппақ шағаладай екі үй, былтырғы жұртына конып отырган ишанды көріп бірден таныдым. Кешікпей-ақ сол ишанды баяғы оқып жүргенім есіме түсіп, сондағы жайлау, мектептің орнын іздей бастадым. Үйінің сырт жағындағы қарайған төбешікті көріп жұрттың ортасынан салынып, құлап қалғанына үш жыл болса да, әр кесегін өзі салған исесіне тасбиық айтып жатқан сол мектептің орны екеніне шубә қылмадым. Одан соң сол мектептен түсте шығып алып, сайдың бойына келіп молладан жасырынып, топтанып-топтанып қымыздық, бұлдірген теруге кететін, анау үлкен тұмсықтың арғы түбіндегі көк қаска жыраны көріп, сол балалық құндерін, құшактаскан құрбыларын, әлгілерді теріп келіп әлгі жыраның сағасындағы терең кара суларды, онда балықша жүзіп ойнайтын неше түрлі ойындарды

есіме алып барып, қызықпен күннің қалай өткенін білмей қалып, кеш болғасын ауылға қайтуларын ойлап барып, үйді есіне түсіріп, өзіміздің үйді қарадым. Оған да ұксас үйді жылдам таба алмадым. Қырдағы жұртты қарап едім, онда бір ауыл отыр; ол ауыл тағы келіспеді. Бергі екі ауылдың аржагындағы жалғыз қоныршалау үйді ойласам да, жалғыз болғасын тағы келістірмедім. Одан соң ауылдың көшіп келген-келмегенін ойлап барып, көгеріп тұрған арғы кемердің көш құлайтын жерлерін ойлап, сол жыралардың арасынан тауып алатын жұмыртқаларды ойлап, бала күндегі тайға мініп, қатар құрбылармен бірге жарысып жүрген күндерді ойлап, тіпті таңмен аралас көшіп келе жатқандағы боз торғайдың бір дауыспен шырылдап, енесін еме алмай шаршап, боздан келе жатқан ботаның даусына қосылуын ойлап кеттім. Құрбылармен бірге баратын малдардың өрісін, анау шаттарды ойлап, тәменгі бұлдыrap тұrғan ауылдарға қымыз ішуге қыдыратындарымды ойлап келе жатып, Ыбырай Алтынсариннің—«Тұған жер» деген өлеңін бір мұнды дауыспен айттып жібердім. Сол уақытта алдымдағы бір ауылға келіп қалып, біреуінен сұрап, жалғыз отырған өзіміздің үйге қарай ат мандайын түзедім.

II

Үйге екі конғасын тоғайда калған әжем үйіне кеттім. Ерте шықсам да жол біраз жер болғандықтан тұс кезінде бір жалтырап жатқан көлді, баяғы елдін жағалай қонып отыратын жерлеріне айдал тастаған егіндерді көрдім. Одан өтіп қонаға, қыстаудың бер жағындағы көлшіктे отырған әжем үйіне келіп қондым.

Ертеңіне шәй ішіп болған соң атка мініп қыстау жаққа кеттім. Әуелі біздің қыстаудың мына жағындағы төбенің ба-сындағы бір шок мола көзіме көрініп, опатына үш жыл болған марқұм шешемнің кабіріне барып сәлем беру ойыма сап ете қалып, атты солай қарай бурдым. Қасына жақындаған барып көнілім бұзылып, ойыма әлденелер түсіп кетіп, аттан ту-сіп кол кусырып сәлем беріп: «Жаның жәннәтта болсын!...» деп дүға қылғасын, мolasына барып асылып тұрғанда, омырауының үстіне шыққан екі шок жас шөп, жел толқытты ма,

білмейім, маған қарап екі қайтара бүгілді. Һәм бас жағындағы тастың арасынан бір әдемі боз торғай ұшып шығып, «шық» етіп мына жағындағы тастың басына бір қонып, «шық» етіп мына жағына бір қонып, аяқ жағындағы тастың бір қуысына кіріп кетті де басын бұрып, бері қарап біраз тұрды да жорғалай әрі кетті. Тағы бір көрініп, бір «шық» етіп жоқ болды. Сол уақытта:

ПЫЛДА НОТТА

«...Қарағым, қарашығым! Аман-есен келдің бе? Үлкен жігіт болып, құрбыларың қатарында жүрсің бе?! О жактағы сен секілді балалар, мен секілді ананың қарашықтары да әкешешесін қуантып, төбесін көкке жеткізуге елдеріне аман-есен адам болып қайты ма?!. Шыбыным! Сен келгенде қараңғы көрім ашылып, жарық дүние кайта келгендей болды ғой... Топыз ай, он күн көтеріп, қабырғамды қайыстырған, омыртқамды майыстырған күнім! Сен келгенде жүйе-жүйем босап, ал-пыс екі тамырым босап, кеуіп қалған екі емшегім бұлақтай болып иіп, отыз омыртқа, қырық қабыртқа, он екі жіліктерім жұмсал кетті ғой! Жас күніндегі үртყың үлкілденеп емген мамаларынды ембейсін бе? Әнеугіден бері сенін елге бет алғандағы иісін жас күніндегі бесігінді ашып жібергендері иісіндегі болып мұрныма келіп, мейірім қанып, төбем көкке жеткендей болды ғой. Қалкам, бетіннен бір сүйдіріп, маманды ембейсін бе? Мына екі шоқ шөп сенің иісің келгендері ііген сүтке шыққан шөп. Қайтесін?! Мейрімсіз жазмыш солай етті! Бар жениңде! Жасаған тілегеніңе жеткізсін!...»—деген сөздерді ызыңдап біреу айтып өткендей болды. Орамалыммен көзімнің жасын сүрте-сүрте «қош!» айтып атқа міндім.

1916

АТ-ТОН АЙЫП

1

—Бүгін айдың ұлы арасы, күн бұлт болып тұр. Арық жылқылар бір жағына ығып кетпесін. Күн жылы дег сеніп үйде отырма! Жылы киініп ішіне бар. Сай-салалар қызыл суға толып тұр. Жығылып қалма, таңға жақын шұбар төбенің күн шығыс жағына сал. Мұндайда қасқыр итің жатпайтын, сақ бол!—деп Құрманбай жылқышысына бар ақылын үретіп, аз жылқысын жыл мойны такалғанда қалай аман шығам деп жатканда байдың улкен катыны сыйырлап:

— Үлкен баланың қызы қашып келіпті.—деді.

— Өзі келіп пе? — деді бай.

— Мана екінді уақытында қайнағаның үйіне ана ауылдағы мырза бала, жылқышы Мырзаның баласы, сол үйлердің өздерінің балалары бәрі жиналдып отыр деп еді. Солар алып келген шығар.—деді.

Бай азырак төмен қарап отырды да:

— Эй, сол жат жүрттық жаратылған баланы бір берген жерінен кайтып әкеліп не қылады? — деді.

— Жаман қожаңың күйеуі үйінен бір күн қонбайды. Ай-сұлудың үйінен шықпайды. Бір нәрсе дейін десе сабайды екен дег айтады еой. Ағаларына айткан шығар...—леді катыны.

Сол уақытта мына жағынан он үш жасар қызы Жәмила да келіп:

— Көзінің алды көкпенбек болып ісіп кетіпті,—деді. Байкызына қарап:

— Қой! Саған не керек? Қарғадай басынан осындайды білгішін кайтерсін, бала болып білмей жүре берсе қайтеді екен.—деп урсып, жекіл тастады.

— Анау күні тойда қыдырып барған біздің ауылдың балаларына бір қайнатым шайды билеп бере алмады деп еді гой! Ана жалмауыз кемпір Балым тұрғанда қалай дұрыс адам болсын?—деді катыны.

— Мен қайта өз шешесінен Балым жақсы асырайды ғой деп бар малын беріп, күнде келіп жылап отырған соң жастықтығына қарамай беруге себеп болған едім. Өзінің жасықтығы-дағы...—деді бай.

— Кашанғы, жасық болмай, болат пышақ болғанда қайтсын? Есалан қүйеуінің сикі анау, енесі Балым анау бір отырған аю, қалай адам болсын?—дейді катыны.

Сол уақытта байдың кіші катыны сырттан кіріп келіп, құшактаған баласын жерге қойып, жамылған шапанын тастап:

— Аяғындағы етігі жыртық, бәшпейі шығып жүр, кейлек-жаулығы қап-кара кір. «Екі күннің бірінде сабайды, атан атаң деп боктайды, өз белдігімен сабайды, енді көне алмаймын, онда жүріп адам бола алатын емеспін, онаң да өзүйімнің босағасында өлгенім жақсы...»—дейді. Үлкен бала да «енді бере алмаспаз, басқасын не қылайын, үй іші болғасын қағыса жүрер, бәрінен де әкен-анаң деп үйде отырған бізге тілін тигізгені өтеді-ау!» деп кейіп отыр,—деді.

— Кой енді, бір келуге келіпті ғой, жүрт өзі жүртшылығын қылар, сумандап сөйлей бермей төсек салыңызы, жаткым келіп отыр,—деп шапанын жайып, кейлекшен намаз окуға кірісті.

II

Жаздың орта кезі еді. Құн ұзарып, жылнып, жұмыс жоқ, үйде тек отырған кісілердің атын көріп яки шұбатылып аспанға тіп-тіке шықкан көк ала түтінді көріп, абыт аңдырыш шалдардың да үйде отыра алмайтын кезі еді. Халықтың да биыл халы жақсы, шебі көп, соғымы семіз. Келген кісілерден бірер омыртқасын аямайтын көнілді жыл еді. Баймұқан да атына мініп, өзінің катар құрбысы Өтегендікіне түстеніп, ауыл арасы жақын болғандыктан қызын беріп отырған құдасы Балымдікіне келіп түстенді. Бурнағы жылы қызын ұзатқанда берген малына, жасауына көnlі бітпей, коңақ асы бермей кайырғаннан бері аралары салқын болып, кезі келгенде бірер омыртқадан артық араларының жақындығы шамалы еді. Бұл келгенде де Балым құдағыны талқы шайы менен құр омыртқадан басқа еш нәрсе көрсетпелі. Айдың аман жылдың есенінде шайына-шекер бермей, бір омыртканы жөндейп бермегеніне Баймұқан недәүір ашуланды. Қетерінде қы-

зы Сарыалтын еріп шығып, атының шылбырынаң үстап жылады.

— Карагым, неге жылайсың, корлық·зорлық көрсөн үялма, айт! Корлыққа түсіріп қоймаймын, белімді сындырмаймын!—деді.

— Усті·басым мынау, өзін көріп тұрсын. Бір нәрсе десем, әкеннің үзатканда берген жасауын киерсін дейді. Әлгі жаман күйеу балан күні·түні үй көрмейді. Айсұлуды айналактап шыға алмайды. Бір нәрсе десем тек сабайды, ата·бабамнан ештеңе қоймай боктайты. Бір катың құрлы болмаған сон қалай жыламайын? Қім болса содан айтып жіберуге ойланам, амалсыз етімнен өтіп, сүйегіме жеткен сон айтып отырганым. Бүйткенше өзіміздің үйдің босағасында өлгенім жақсы,—деп жылап тұрды.

— Қой, карағым, жылама! Олай болса ағаларыңды ертен жіберіп алдырайын, білдірмей киімдерінді киіп, әзірлене тұр. Ауыл жақын ғой, өзім кетем деп жүрме, тонып қаласын. Сені жылатып коя алмаспын,—деп атына мініп ауылдана кайтты.

Ертеңіне ауылдың екі·үш бозбалаларын өзінің үлкен үйіне жинап, осы жайлы айтып, карулы үш жігітті тәуір·тәуір атка мінгізіп, кешке карсы қызын алып келуге жіберді. Жігіттер ак қайын арасында Сарыалтынның үйінің бір жағындағы сайды, жел тасалап тұрды. Біреуі сол үйге барып түсті.

— Каладан кайтып келе жатыр едім, сәлемдесіп кетейін деп келіп едім,—деп азырак отырлы да, ауылға кайтам деп шығып бара жатып Сарыалтынға иек қакты да, сыртқа шықты. Сарыалтын да шығарып салатын кісі болып, былай шыға беріп екеуі міңгесіп ала жөнелді. Қолдарында аттары жоктар шулап кала берді. Алды каранғы һәм ауылдары жақын, зулатып отырып әлгіндей болмай ауылға жетіп келді. Катын·калаштар, бала·шагалар жиналып қалды. Сарыалтын бір барған жерінен мұндай болып келуін өзінің бес жастағы інісінен бастап әрқайсысымен көрісп җылтады, һәм алладан енді мұндаидай бетсіздікті, корлыкты көрсетпе деп жылады. Жақындағы ауылдың бәрінің де қатын·қыздары келіп көрісіп, бұны көріп аяп, әр біреуінің ойында бүл жайында түрлі әнгімелер болды. Мұны көргендерлің бәрі де енді кайтып бермейтінін білді. Һәм өз сүйектерін корлыктан·өлімнен алып қалғандай болып қуанды. Бәрі де күйеуді, құдағиңш жамандады.

Бұгін күн тым жылы болып, күн шыққаннан-ақ жілемік болып, есік алдының сендері еріп іркіліп, қарлар жемтелдесініп жатыр еді. Құрманбайдың үйінің айналасында сәске кезінде көп аттар, шаналар көрінді. Бұ не қылған аттар деп жүрт аң-таң болып тұрғанда. Құрманбайдікінен біреу шығып келіп, әнеугі Сарыалтың жайында жиналған кісі екендігін айтЫП, һәм Баймұқанды шакырта жібергендігін айтты. Бұны естіген соң Баймұқан да, жиналышп тұрған бозбалалар да Құрманбайдікіне барды. Амандасты. Жиналған кісінің семіздеу біреуі:

— Баймұқан! Біздің жиналышп, сені шақырғанымыз бөтен нәрсе емес. Сенің һәм біздің құдағиымыз Балым, ақ шашыменен жылап үйімізден шықпаған соң келіп отырмыз! Балаң қорлық та көрген шығар, әйтеуір келіп қалдық. Бұл жалғызыған сенің баланда емес, әр кімде де болатын. Бірақ жүрт жүртшылығын қылатын. Сол жүртшылығымызды саған айтайық деп отырмыз,—деді.

— Жүртшылық қыламыз деп келуініз де, отыруының да дұрыс. Мен де баламын барған жерінен қайтып келгенін жақсы көрмеймін. Бірақ балам қорлық-зорлық көріп, өзіміз үйіне барғанда кісі есебіне алынбаған соң әкеліп отырмыз. Үстінде киімі жоқ, ана күйеу баламыз үйіне бір қонбайды, үйінде қарал отырған бізді боктайды. Басқасы не, үй-іші болғасын қағысады шығар, біздерге тіл тигізгені өтеді,—деді Баймұқан.

— Киімі жоқ болса жарлы шығар, құдағиың жазығымыз жоқ дейді рой.

— Үйіне барғанда бір қайнатым шайын күліп отырып бермегендей не қылған екемін?

— Дұрыс, олардың себебі бар шығар, бір рет баландағы бізге бер дейміз!

— Маған батып отырғаны; өзіме тілі тигені мен күйеудің үйге қонбағаны, қалай берейін?

— Саған тілі тисе ат-тон айып алышп бітіреміз,—деді. Сол уақытта Құрманбай:

— Баланы біз берген жерден айырмағанды жақсы көрем, тұқымымыз бата бұзып көрген жоқ еді ғой,—деді.

— Ата-бабаның әдетін істейміз деп отырсыз ғой. Біршыныр көпке бермей амалымыз бар ма?—деді Баймұқан.

Күнеудің жалғыз атын Баймұқанға айыпка алып берді. Бір шапанын Құрманбай картқа берді. Сарыалтынды қайта бермек болды. Бірақ су жүріп жатыр, су қайтып жер кепкен соң, ауылға жол түскен соң апарып берерміз, жақын жер ғой,—деді.

Қар кетті. Сарыалтынды бұрынғы орнына қайта апарып берді. Сарыалтын да жақындарынан еш нәрсе болмағанын, (ат-тон) айыпқа сатқанын білді де, ауылын көрмейін деп шыққан жеріне барып, шын бақытсыз екенін білді.

1917

БҮЛ БҮЛ ҚАЛАЙ ОҚУ?

I

Кең жайлауда, үлкен көлдің жағасында көк орай шалғының ортасында, алқа-котан болып қонған көп ауылдың ішінде, үлкен акбоз үйдің он жағында, шағаладай жарқыраған алты қанат ақ үйдің ішінде катар-катар болып ретімен отырған отыз шамалы баланың алдында мұғалім Құлнияз керегенің басында ілуулі түрған үлкен доскеге бір барып. балалардың алдына бір келіп жалғыз өзі даурығып жүр еді. Кітаптарын колтықтап есіктен Қөркем кіріп келіп, солқылдан жылап, бір қолымен көзін сүртіп босағада тұрды. Мұғалім қасына барып:

— Сағындықтан не қып қалдын? Неге жылап тұрсын? Біреу сені үрды ма?—деді.

— Эжем, әжем Сағындық кеткенде мені оятпады...—деп Қөркем даусын шығарыңырап жылады.

— Соған жылап түрғаның ба? Жоқ, біреу үрды ма?

— Жоқ... Апама: «Балалар оқып койды ғой! Мені неге оятпадын?» деп тамақ ішпей-ак кетіп бара жатыр едім, «Тамағынды іш! Окуға бармай-ак қой, мен өлгенде құран оқы-массын»,—деді.

— Ой әженнің сөзін не қыласың, өзі оку білмеген сон саған да білдірмейін дейді, оқи бер! Бар, орныңа барып отыра ғой. Бүгіннен сон Сағындықтан қалмай келерсің!—деп мұғалім Қөркемнің арқасына қағып, жұмсақ сөзбен орнына отырғызды.

II

Майдың аяқ кезі болғандықтан бүгін күн шағырмактау үсіліп ысытып тұр еді. Елдің бәрінің де сол жайлауға шығып,

бастары қосылған шак. Жұмыс жок, уақыт болғандықтан ауылдың бозбалалары да бастарын қосып, ауыл жағалап, қыдырып қымыз ішіп, жылқы байлан суаратын құдық бастарына барып жүр еді. Қымыз андығыш шалдар да ертеңгі шайларын ішіп болар-болмастан қымызы бар үйлерге қарап беттеді, бұл ауылдың карттары, бірсыныра жігіт ағасы адамдары Қожантай ауылына қыдырып бара жатыр еді.

Арқа-құра болып қонған Әлілбек ауылынан Қамила мен Жәмила қолдарына астарын алып осы Қалыпбек ауылындағы Мырзағазы үйінің көлеңкесінде үршық ііріп тұрған Қанымның қасына келді. Бұларды көрген Қалкеңдің үлкен үйінен шығып Алтын да бұлардың қасына келді. Тағы қасындағы үйлерден бұлардың қасына екі-үш қыз келді. Эйтеуір сол үйдің көлеңкесіне он шакты қыз жиналды. Бұлар өздерінің бастарында болған халдерінен сөйлесіп, істеп жүрген істері жайында, былтыр ұзатылған бір апасының аяныш халдері жайынан сөйлесіп тұрды. Басқалардың сөздерін бөліп Жәмила Алтынға қарап:

— Сіздің молданың оқытуы қызық дейді-ау, мен әлі бір балалардың оқып жатканын барып көре алмай жүрмін, распа, окуы қалай?—деді.

— Білмеймін қалай екенін. Эйтеуір көкемдер былтырғы өзіміздің молданы ұстамай «оқуы жақсы» деп осы молданы ұстады ғой. Оқуның несі жақсы екенін білмеймін, балаларға оқытып жатқаны: әлті аяқ-табақ, өлең, жұмбақтар, жаңылпаштар. Тіпті қызық. Отірік өлеңі де бар: «Беріпті бақа қызын көбелекке, журіпті қара шыбын женгелікке...» Ах, ах, ха!...—деп Алтын үйіріліп тұрған қыздардың бәрін ду күлдірді.

Жәмила:

— Осы күні оқытып жатыр ма, жок, ана кіслермен бірге кетті ме?—деді.

— Жок, көкем «ана ауылға қыдырайық» деп шақыртып еді, «балаларды оқытам» деп бармай қалды. Оқытып жатқанда шақырғанға бармайды. Былтырғы өзіміздің молда се-кілді емес, бір түрлі өзі. Және балаларды ұрып қорқытпайды: балаларды оқытқанда ойнап-күліп өзімен сөйлесіп отырады!—деді Алтын.

— Барып, оқытқанын көрсек, молда ашуланбас па екен? Ауылда кісі жок кой,—деді Жәмила.

— Жоқ, былтырғы молда сықылды әйелден қашпайды, біздер барсақ ерек кісімен сөйлескендей сөйлесіп отырады, — деді Алтын.

— Олай болса барып оқуын көрейік, ауылда кісі жоқ кой—десіп, барлық қыздар ауылда кісі жоқтығын пайдаланып, бала оқытып жатқан отауға қарай жүрді. Келіп отауға кіріп, женгесінің төсек жағында, балалардың сыртында тұрды. Мұғалім келген қыздарға біраз сөзбен амандасты да өзінің жұмысымен, балалармен бола берді. Қыздар балалардың біреуінің доскеге шығып жазғанына, оқығанына, бәрінің бірдей қарап, тыңдап, шулап оқымай отырғанына, кейбір сөздеріне, естігеніне анда-санда ақырын құлісіп қойып, істерін істеп отыра берді. Бір-біріне сыйырласып, бір нәрселер айттып қояды. Бір уақытта балаларды ойнауға жіберді. Мұғалім орындыққа отырып, қыздарға қарап:

— Иә, күрбылар. Сіздерге сойып беруге біздің үйдің есегі өскен жоқ, козысы піскен жоқ. Біздің барымыз осы балаларға оқытып жатқан оқу. Оку үйренеміз десеніздер білгенімді аямаймын,—деп күлді.

— Біз сізге қонақ болайық деп келгеміз жоқ; молда деңгей сөйлеуге шебер болады-ау, сіздің оқуыңызды біз оқи алмайтындығымызды білесіз фой, тек біздің сөзбен жұбату үшін, сөзге шеберлігінізді көрсету үшін айтасыз фой!—деді Жәмила. Басқалары төмен қарап күліп отырды.

— Жоқ, мен сіздерді жену үшін, яки кеміту үшін айтпаймын, шын айтамын. Сіздер неге менің оқуымды оқи алмайсыздар, несі бар? Егер оқысаның жылдам-ак білер едініз-ау! Бірак шындаң оқу ойларыңызда жоқ қой. Мына балалар оқығанына бір ай болған жоқ, осы күні кітаптардың аттарын жазып, түрлі жақсы сөздерді өздері оқып жатыр. Сіздер олардан да жылдам білер едініздер, бірақ...—деді мұғалім.

— Өтірік өлең, жұмбак, аяқ-табактар оқу бола ма? Оны біздер оқымай-ақ та білеміз,—деді Жәмила. Басқа қыздар да женгесін күлді.

— Оларды бұл оқып жатқан балалар да біледі. Оларды оқығанда солардың аттарын білдірейін деңгей емес, сол балалардың өздері білетін нәрсесімен оқытып, жылдам жазу танытып, балаларды окуға қызықтыру үшін,—деді мұғалім.

Жәмила қыздарға қарап:

— Жоқ, молдаекемдікі дұрыс. Жылдам жазу танытаты-

ны рас білем. Анау күні молдаекем кісі аттарын, басқа нәр-
селерді Қөркемге жаздырып еді, бәрін де тым жақсы қылып
жазды. Һәм кітаптың әр жерінен ашып оқиды, танып қалып-
ты. Былтыр «құлқу алладан» ала жаздай оқып, «тәбәрәкке»
келіп еді. Онда жазу дегеннен дәнeme білмейтін еді,—деді.

— Дұрыс айтасың, оқыса, молдасы жөндеп оқытса біл-
мейтін кісі болмайды. Татар жүрттарының сіздердей қызда-
ры «Кыз молда» болып ылғи қыз оқытады. Алыста жатып
күнде үйлерімен хат арқылы сейлесіп отырады. Олар сіздер-
ден артық емес, бірақ...—деп мұғалім басын шайқады.

— Молдеке! Хат дегеннен есіме түседі-ау, кеше сізге бір
хат келді деп пе еді? Қайдан келген, не айтады?—деді
Жәмила.

— Қысты күнгі бірге оқыған бір серік, құрдас шәкірттен
келді. Өзінің осындай түрған жайларын айтқан. Бөтен сөз
жок.

— Сіздер қайда айрылып кетсөніз де осындай хатпен
сейлесіп жатасыз-ау!—деді Жәмила.

— Енді қайтеміз? Егер оқысаңыз, жазу білсөніз, сіздер
де көңіл жетер құрбынызben, бір хатта жолаушы жүре қал-
саңыз әке-шешелерінізben осылай сөйлесіп отырап едіңіз.

— Солай екені рас-ау, көзіміз соқыр болған соң ақ пен
қараны танымаймыз. Осындай көріп болмаса, хатпен сөйлесу
жоқ қой! Әліде оқысақ білер едік-ау! Бірақ үй іштеріміз
оқытпайды фой!—деп Жәмила да, қыздар да қайғылы көзben
төмен қарасып отырды. Сол уақытта мұғалім сағатқа қарап,
коңыраумен дауыс беріп балаларды жинап алды. Бір бала
жүгіріп келіп, қыздарға сыйырлап: «көкемдер шығар деймін,
екі-үш кісі келе жатыр»—деді. Қыздар қорқып кеткендей
асырып-үсігіп, істерін ала үйден шыға жөнелді.

III

Шаңырактан керегенің басына түскен күнге бір қараң
қойып, шай құйып отырған Жәмилаға:

— Құй, шырағым! Бүгін күннің өзі ерте бастан-ақ ысыта
бастады, жылқы да ерте құлар...—деп Мақаш шыны аяғын
ысырып жіберді.

Катыны Күміс қаттырақ бір кекіріп қойып, омырауын бір желліп:

— Жылқы суарып, байлауға өздеріңіз барыңыз! Ана үйдің жылқышылары барса болмай ма? Қаратаз үйде қалсын, лак-қозы, бұзаулар бар, бүгін бір күрт кайната қояйын деп едім, отын жок болды. Отын жинатып алайын,—деді.

— Қой, Қаратазды жылқыдан алма! Басында болмаса дұрыстап іше алмай қалады... Үйге кісі керек болса ана Қөркемінді молдаға жіберіп оқытпай-ақ кой. Соны үйге алып қал. Осы молданың оқуынан өзім корқып жүрмін. Мына Сағындық жаңды оқытсақ та болар, заманына қарай не де болса біле берсін. Қөркемге осы оқығаны да болар, өзі жылдам жазу білдіретін көрінеді. Қызымызды бұзып жіберер, намаз сабактарын үйретсін деп едім. әлі еш нәрсе үйретпеген көрінеді. Қызы бала жазу үйреніп, законшік болып жүртқа пайдасы тимес...—деді Мақаш.

— Мен әуелде-ақ оқытпа деп едім ғой, қайнағалар қыздарын оқытып жатыр деп сен ғой болмай беріп жүрген. Молданың киімін көргенде-ақ шошып едім. Қайнағаның өзі де быыл есінен танған ғой: жылдағы молдасын ұстамай...—деді Күміс. Қөркем жамылып жаткан көрпесінен басын шығарып керегенің басына түскен күнге қарады да, ұшып тұрып киініп, сыртқа шығып келіп жуынып болып:

— Эже! Сағындық қайда кеткен?—деді.

Шешесі үндей қоймаған соң Жәмила:

— Мана, шай қайнағанға қарамай, кітаптарын алып, молдасына кетіп қалған,—деді.

— Балалар оқып қойған екен ғой, мені неге оятпадыңдар?— деп жыламсырап Қөркем кітаптарын ала бастады. Күміс ала көзімен қарап:

— Асықпа, баарсың! Әуелі тамағыңды іш. Қалғаны да саған жетер!—деді.

— Ішпей-ақ қоям!—деп Қөркем айтқанды тыңдамай кітаптарын алып есіктің алдына жақындағанда:

— Ау! Айтқанды тыңдамайсың ба? Тіпті барма! Оқып, мен өлгенде құран шықпай-ақ қой! Тамағыңды ішпей не бар? «Молда-молда» деп өледі де тұрады ғой. Молда балалардың

басын айналдырып койған ба өзі?—деді Күміс. Қөркем шыға жәнелді.

— Ау! Естімісің, барма дегенде барма!—деп Құміс сонынан шыға жүгірді. Қөркем жүгіріп, қашып кетті.

— Эй, эй! Қаншық-ай! Үйге келмей кетпессің, шашыңды жұламын! Ой шашың жұлынғыр қаншық! — деп қала берді де, — енді өліп қалмасам, сені жіберсем не қыл дейсің? Құдай бар болса сенің шашыңды жұлармын-ау! Қарашы бұның... — деп үйге келді.

— Болар-болар! Даурығып елді көшірдің ғой! Өз бала-
на өзінің әлің келмей ме?—деп Мақаш шыны аяғын төңкे-
ріп, ішігін жамылып қудық басыча кетті.

1917

Нельзя видеть наружу — гадеты, да беда народу! —
— видите погибший город та летят над
— итак! — как — бывало же на севере тошмá —
— кидай — боя дож искрят энеге, да буж подел айыт —
— не погибши не умриш, погибши умриш низең ытсың!

ЖАЗГЫ САПАРДАН БІР КӨРІНІС

— Қалай жолықсам екен? — деп көп ойланым. Қара бұлттай түнерген қалың ойдың арасынан найзағайдай жарық етіп бір шолақ ой бойымды билеп кетті. Отырған орнынан ұшып тұрдым да сыртка шыкты. Белдеуде байлаулы тұрған өзіміздің күрен касқа атка мініп:

— Мен ана ауылдан түе қайырып келейін... — деп ауылдан шығып кеттім. Құн батып, қара көленке түсे бастаған соң «қайтсем де осы уақытта бір ұшыратармын» деп колымдағы жылан бауыр жуан қамшымен атымды сауырға қаты бір салып, шаба жөнелдім. Қез байланбай кішкене төбенің басына шыға келсем ауылдың үсті айнымаган базар сиякты болып көрінеді. Бірнеше жұз кой қозысымен табысып маңы расып жатыр. Ұмырт жабыла қайткан түйелерден, сырлардан ауыл үсті азан-қазан.

Мал иелері малшылар әлі аттан түспей, өзіне тиесілі малды өз жұртына ііре айдал жүр. Конактардың ауыл сыртында оттап жүрген аттары да жылқымен араласып кетіп, малдың карасын көбейтіп жіберіпті.

Мен коныр самалды кеш тыныштыры мен ауыл үстіндегі көркем көріністі тамашалап келемін. Түйелердің арасында көрші ауылдың қыздары қылан қафады. Мал қайыруды сылтаяу етіп, ауыл қыздарының осы мезгілде бір бой жазып алатын әдеті ғой. Түе іздеген сылтаумен күрең касқаны жорғалатып, ешкімнің көзіне түспестен түе мен жылқының арасына кіріп кеттім. «Әлхамдөлілла, ойлаған ойым теріс кетпеді...» деп қыздардың жанына жакындан келіп қалдым. Эзіл аралас күлкімен жүрген бір топ қыздың ішінен кор қызындағы көркем ырысты көзіме жалт ете түсті. Ол да әлдеңдей сырлы оймен маған көз қырын тастанады да:

— Ногайша оқығандықтан өзіміздің ғадеттерімізді ұмыткан шығар десек те, әлі өзімізден ұзап кетпеген екен ғой,—

деп маған қарап күлді.

— Есен саусындар ма, қыздар,—деп жандарына жақын-
дай тоқтап, ат устінде еңкейінкіреп отырдым.

— Ымырт жабыла не іздеп журсің?—деді Үрысты.

— Түйе іздеп жур ем, көзіңе түскен жок па?—дедім.

Ырысты көзін төңкере тастап, мойнын сәл иіңкіреп, ән ауенінің сазымен ақырын ғана:

— Байқамадым, бөтен түйе көзге түспеді; мүмкін, түйе арасынан іздегеніне тап болған шығарсың.—деді.

— Не дейсін,—деп әдейі түсіне алмай қалған адамша пішін білдіріп ем.

— Касыма ногайдан тілмаш алмасам, саған қалай түсін дірмекпін —леді.

— Мен ондай оспағынызды... — деп бастай берген кезде койдың алдын иіруге шыққан Бекбай картты көріп, жүріп кеттім. Былайырак шыққан соң артыма карасам. Ырысты менен көз жазбай түр екен.

ҚАЙРАН-ЕЛІМ-АЙ!

I

Февраль іші. Күн боран. Жер жұзі аппак. Құнде де, соққан желде де, жауған карда та жылы жұзбен карау жок. Дүнне қабағын түйген — ешбір күлмейді. Темір қазыктан ескен мейірімсіз үскірік жел, соғып түрған қызыл шұнақ боран Аңлағұл үйінін сиқын кетіріп тұр еді. Ішерге — тамақ, жатарға — орын жок, есіктің алдындағы кораның жаппасын отқа жағып койғандастын есіктің босағасынаң жел уілдеп, қырауытып — мұз катып, үйтін ішін сұп-сұық қылып тұр еді.

Андағұлдың қызы — Бәтімәның бұрынғылай ажары жок: қып-қызыл алмадай бетінің каны қашып, айнадай жалтыраған көзінің де нұры қашып—тұнжырап қабағы жабынды еді. Оның үстінен күндеғіден гөрі бүгін қайта-қайта «үй» деп ілгері басқан аяғы кейін кетіп үлкен қайғы басып, бір түрлі байқаған кісіге мұнданып жүдегендігі, бір үлкен күйінішті халғе үшырағандығы сезілетін еді.

Андағұл мәсісін жамап болып киініп, катынына:

— Эй жылдам бол! Бәтімәжанды жылы қылып киін-дір! Мен ат жегіп әзірлене берейін,—дейді, катыны Салиқа көзінің жасын сұргіп койып, мұрнын бір-екі тартып:

— Сендер келгенше біздер не күн көреміз. Мына шиеттей балалар-ак жылап мазамды алады, Казалыдан бірдеңе алып беріп жібере көріңіз,—дейді.

— Өзімнің де ойлап жүргенім сол ғой. Мына Бәтімәжан бір жақсы орынға тап келе койса, қайтып келіп көшіп те баармыз, құдай осындағы күнге әйтеуір тап қылды. Одан басқа бұны лайық деп істеп жатқанымыз жок, амал болмай құдай салды, біз қөндік болып жатыр ғой, оның

ретін енді қарапмыз, бол жылама! Құр жылай бергенмен тоғая алмаспаз, өлмес кам етейік, — деді де Андағұл жылап сыртқа шығып кетті.

Салика да «үх» деп бір-екі күрсінді де мұрынын сіңбіріп Бәтимәның қасына келіп:

— Айналайын қарагым! Қиін, босқа қайғырудан һеш нарсе өнбес, құдайым бақтының ашсың! О жакта өзіміз секілді қазак дейді ғой. Жасаған ием Алдыярдың кызы кусағаннан сактасын, орыска дей ме, сартқа дей ме сатып жіберіпті ғой. Мына өзімізлің Қалмағамбет кызын Актөбе жаққа апарып бір жаксы орынға беріп, сонынан өздері көшіп бір үйлі жан өлімнен қалды. Босқа иіділіп отырғанмен қырыламыз ғой, һеш нарсе калмады. Өзіміз секілді Назарбек те Қазалыға шубырып барып босқа катын-бала-сы қырылып қалыпты. Қудай басқа бермесін, алдеқандай күндер туып кетеді... Бұны жаксы-ақ деп отырғанымыз жок, амал бар ма? — деді де Бәтимәны киіндіріп, нарселерін буа бастады.

— Қайғырып не қылайын, тек бұрынғы бүлғаңдал жігіт тандап жүретін күндер есіме түседі. Енді бақтыма қандай кісі үшырайды, бәріне де амалсыз кетем-ау деймін, көп болса өлім ғой мен сатылып, өлімге кеткенде сіздер тірі қалатын болсаныз, мен-ақ сендердің жолына құрмалдық болайын! — деді Бәтимә. Шешесі Салиқа солқылдан жылап жібереді.

Андағұл сырттан кіріп, нарселерін шығарып келіп төрдің алдына отырып кроватта жаткан шешесіне:

— Ал шеше! Мына балаңа, Бәтимәжанға батанды бер! Күн кеш болар, бүтін Қазалыға жете алмай қалармыз, жетейік! — деді.

Жетпіс жасындағы шешесі басын көтеріп «үх» деп бір күрсініп:

— Қарактарым, журейін деп жатырсындар ма? Жолдарың болсын! Менде не бата болсын, сөйтсе де қолдарыңды жай, — деді.

Бәрі де қолын жайды. Қемпірдің өзі де қолын жайып, жыламсырап отырып дауысын шығарып бата берді:

— А, құдайым ондасын, әулиелер қолдастын, бакта-
расын, қыдырыларысын!

Он екі имам әулие, жиырма сегіз әнбие! Мәдінеде
Мұхамбет, Түркстанда Қожақмет! Қайып — ерен қырық
шілтен арауқты Қожабаудден!

Мына менің қарағымды жарылка да — қолдай гөр!
Қакпалап қойдай бағып жүр!

Адасса жолға салып жүр!

Дүспан шықса алдынан, қайырып кейін басып жүр!

Тамыр-таныс досына барап жолын ашып жүр!

Бәле қаза келтірмей, қиналтып жанын терлетпей ба-
сына қызын іс түссе, көзің қырын салып жүр!

Пірлерім, медет бере гөр! Бұрынғы өткен аталар, ар-
дақты бабалар, қарағыма жәрдем бере гөр!

Жортқанда жолың болсын, жатқанда қойның толсын!

Мінгенің жорға болсын, кигенің торқа болсын!

Алты қанат ак орда үйің болсын!

Алты атанға жүк артқан күйің болсын!

Ойлағанда ойың толсын, меруст-маржанға бойын
толсын!

Үй артына қонақ қонсын, өмір-жасың ұзақ болсын!

Осы барғанда арманың толсын!

Айтқаным келсін!

Құдайым ойнай-куле жолықтырысын! Алда әкбар!

Бәрі беттерін сыйип болған соң Андағұл тұрып:

— Эже, қош бол! — деп шығып кетті.

Бәтімә үлкен әжесіне, одан соң өз шешесіне қайғылы
мұнды сөздермен, өзінің мынадай болып сатылып бара
жатқанын, өзінің баяғы жігіт таңдал жүрген күндерін ай-
тып жылап, аздан соң пештің үстіндегі дірілдеп тоңып
отырған бір інісі, екі сінлісімен көрісіп жылап:

— Қарақтарым, бауырларым! Енді сендерді қашан
көрем, жолдарына құрбандақынын, мен не болсам да, сен-
дер тірі болындар, — деді.

Салиқа солқылдан жылап жүріп:

— Кой қарағым, көп жылама, тоңып қаларсың! Енді
жүр, аған күтіп тұрған шығар! — деп Бәтімәны есікке қа-
рай жетеледі. Бәтімә жағар отын жок болғандықтан сұп-
сұр, сұп-суық болып өні қашып тұрған өзінің үйін, қыра-

уытып мұз катып, жел уілдеп тұрса да өзінің алтын босағасын әрі тамақ жок, әрі киім жок, әрі жанып жатқан от жоқ болып дірілдеп-тоқып отырған бөпелерін қимай мұнды қөзбен артына қарап шыға беріп:

— Қайран өз үйім! Қайран көкемнің алтын босағасы. Қайран өз елім! Әжекем, бауырларым, қош! Қош! — деді.

II

Жұмабек пәтеріне келген адамдарынан кісі басына бір сомнан жиған шайының акшасын — он сомды алып өз бөлмесіне келді. Колына есеп шотты алып кешегі пәтерінен алған жиырма бес сомды, бүгінгі он сомды, төрт бүт бидайдан алған пайдасы алпыс сомды, Ержанның Мұсіребіне алып берген Қазалықтың қызының арасына жүріп тапкан елу сомды — бәрі екі жұз бес сомды бір салып қойды:

— Ассалаумалейком!

— Аликімассалам! Жака, жоғары шық, көптен көрінбей кетіп едін, дәу де болса бір жұмыспен шығар, — деп күліп келген Жақыпқа көрпе салды. Жақып отырып, аман-саяу сұрасты.

Жұмабек:

— Ауылдан жүрсін бе? Мал-жандарыңыз аман ба?

— Шүкір, аман еді, бүгін базарыныңға он шакты пүттары әкеліп едім, ана бір Құрман деген, менен жиырма бес сомнан алып көре көзімше отыз сомнан бір сартка сатты. Апымай, тары деген қымбаттап кеткен екен, — деді Жақып.

— Білмегенсің ғой, маған жолығуың ғой, одан да қымбат сататын едік. Осы күні Қазалының адамы деген сыймай кетті. Құннен-қүнге қымбаттап кетті. Тап кеше тары жиырма бес сом еді, бүгін отыз-отыз бес сом болды...

— Эйтейір үрүлдым...

Азырак отырып Жақып тағы таңданғандай Жұмабек-ке қарап:

— Қазалышы ма, Түркстан ба? Бір-екі жаман әйел көрінді ғой, әлде көшіп келген бар ма? — деді.

— Ойбай, тіпті дым есіткен жок екенсің ғой, Түркстан — Қазалышының көшіп келгенінің есебі жок. Арғы шеті Ақтөбе, бергі шеті біздің арадан көп түсіп жатыр.

— Апрымай. мынау бір сұмдық шығар! Шүкір, біздің елдің астыры шыққан жер ғой!

— Олардың келгені қайта бізге пайда болып тұр, киіз-кілем, бау-басқұр деген орасан көп түседі.

— Осы анаугі Смайылдың баласының алғаны Қазалышының қызы деп пе еді?

— Ah! — деп койып Жақып мұртынан құліп. — Екі катыннан далаға шыға алмай, неш нәрсені білмей жүр екенсің ғой. Бес жұз сом, бір бұзаулайтын сиырға Ыбырай да бір қыз алды. Оны мен алып беріп едім, ит алпыс-ақ сом берді. Біздің пәтерге кіріп жатқаннан Ержанның Мүсіребі де ортаң қолдай бір қыз алды, одан дүние ақиратта сұрамаймын деген соң елу-ақ сом алдым.

— Қазалышының өзі біздің елді катындандырған екен ғой, — деп Жақып құлді.

— Қазалышының көбі алдымен біздің пәтерге келіп, содан соң барып бөтен жерге орналасады. Ал енді қатын керек болса, маған айт! Мен қыз алып берейін, бірақ екі катынның тісі батып қалған шығар?

— Tisi батып екі қатын еш нәрсе етпес еді-ау, бірақ сен арзан қыз тауып бере алмайсың ғой!

— Өзің, шын аласың ба? Айтшы! Мен тап бүгін қыз тауып берейін! Поездың келетін уақыты болды. Келсе, одан да түспес деймісің? — деп Жұмабек терезеден қарады.

— Жаңа бір отарба бақырды емес пе?

— Ойбай, сол екен ғой, шын есіттің бе?

— Шын есіттім.

— Ой бәрекелді-ай! Барып андып түруға керек еді, ендігі түсіп қойған екен ғой, — деп Жұмабек шапшаш киіне бастады.

— Айғайлағалы бір талай болды, ендігі кеткен де шығар, несіне киінесің?

Екеуі де киініп есікten шығуға жүрді. Сол арада тे-
резеден қарап Жұмабектің қатыны:

— Ал, қыз керек болса, бір қыз ба бірдеме ерткен екі-
уш Қазалышы келе жатыр, — деді.

— Қыз деймісің? — деп Жұмабек қайта келді. Жақып
қайта келді. Жақып есік алдында тұрып:

— Эй. Жұмабек, маған арзан қыз болса, қарап қой-
шапаныңды киерсің! Мен мына дүкен жаққа барып ке-
лейің, — деп шығып кетті.

Әлгі келе жатқандар: Андағұл, қызы Бәтімә, тағы бір
жолдасы еді. Жолда төрт күн жүріп, осы арада түсіп тұр-
ғанда отарбаның қасынан аңды тұрып. Жұмабектің үл-
кен баласы Оспан үйін сілтеп жіберіп еді.

Бұлар Жұмабек пәтеріне келіп, жалынып шай қойғызы-
ды. Жұмабек қонақтарға барып жай-жапсарын сұрады.

— Туркестансыз ба, Қазалышысыз ба?

— Қазалылық боламыз, жерімізде астық орасан қым-
бат, халық аш, бұл жақ өзіміздің казак кой деп келе
жатырмыз.

— Е, келуіңіз дұрыс қой, бәріміз де ағайынбыз ғой,
сіздерге ағайыншылық көрсетпейтін, жаны ашымайтын
адам болмас, — деп Жұмабек азырак токтады да, — мына
карындасым өз балаңыз ба? — деді.

— Өз баламыз, амал жок! Алашымыз болмаған сон-
түбінде жат жүрттықка жаратылған бала ғой, бір тәуір
орын болса, орналастырып, өлмес кам етелік деп шығып
едік. «Құлды мактансын десен алысқа сат» деп, мұндай
жер ауып келіп отырып, көне етіктіге бермей, көк етікті
кез кемей жүрген жай бар еді. Бұғінде «құдай салды, біз
көндік» деп келіп отырмыз Ал енді өзіңіз құсаған тәуір
адамдар тәуір орын көрсетер деген дәмеміз бар, — деп
Андағұл күрсініп койды.

— Дұрыс айтасыз, дұрыс айтасыз, дұрыс. Бұл жақтың
жайын біз білеміз, орын тауып берерміз. Осы жақын арада
бір-екі Қазалышының қызына жақсы орын тауып бердім,
олар осы күнге дейін алғыс айтады. Біздін үйге келдініз
ғой, енді оны реттерміз, тоқып келген шыгарсыз, мына
шайларынызды ішініз, — деп шайларын берді. Олар шай
ішті.

Шайдан соң Жұмабек Жақыпты мактап-мактап соған бергізетін қылды. Әуелі бір бұзаулайтын сиыр, жұз сом беріп, сонынан екі жұз сом беріп, ақырында бұзаулайтын бір сиыр, үш жұз сом, үш пүт тарыға келісті.

Андағұл өзінің жайын айтып, қызының қасына көшіп келуді серт қып еді, елу бестегі күйеу Жақып: «енді бір айда жұрт киіз үйге шығады ғой, сонда келерсін, әзір жайым жок» деді. Андағұл соған да көнді.

Жұмабек бұдан жұз сом алды.

Есіткендердің біреуі «бір аттың қақы ғой!», біреуі «арзан ғой!» — десті.

Андағұлды оңаша шығарып алып Жұмабек:

— Түбінде білінбейтін нәрсе емес, сізден жасырып не қылайын, бұл күйеуіңіздің әйелі бар кісі, — деді.

— О баста, жігіт таңдап жүрген күніміз болды. Енді құдайым бұндай күнге тап қылды. Ағеке, сіздің үйіңізге келіп қонақ болып жатырмыз, сізді әрі аға деймін, әрі қайнаға деймін. Қандай жерге қоссаныз да өзіңіз білесіз,—деді.

Ертеңіне Бәтімәні Жақып үйіне алып қайтты.

Қар кеткен соң көшіп келмекші болып Андағұл бес пүт тары алып ауылына қайтты.

Бәтімә:

— Көкем қош... Әжекеме, бауырларыма сәлем де!..— деді.

III

Апрельдің оны. Қар кеткен. Күн кара сұық. Әрбір үйдің ығында басын буган үш ағаштан істелген күркенің ішінде, байлардың астық салу үшін салған терезесіз сарайларының ішінде есігін ашып қойып от жағып бықсытып отырған, қаны қашқан, өні кеткен он екі ай ауру болған кісідей ілбіп ма-саша қацқиған, құрттай қыбырлаған, құмырыскадай жыбырлаған Қазалы-Түркстан адамы. Ана жерде қанғып отын ар-калас келе жатқан жыртық киімді катындар. Терезесіз әрбір қараңғы салқын сарайдың түкпірінде ыңғысып өлім халың-

да жатқан ылғи ауру. Кейбір үй арасында өліп жатқан кісі. Қол моланың өр жерінде жер ошак есебінде қазып жатқан қабыр. Қойып жатқан өлік. Қысты құні боранда бетін жасыра салған өлікті қайта көмү. Қішкентай станция болса да, Қазалы-Түркстанның дүниесімен ажарланған базар.

Жақыптікі де қыстауынан шығып, вокзалға жақындай конып, сабан айдап жатыр еді.

Жақып Бәтімәні алып барғасын катындары ашууланып, үйінде үлкен керістер шығып, қанша қайраттанғанмен қашындар Жақыптан жеңіліп, колдарынан келгені: Бәтімәға жөнді кінім кіңгізбей, дұрыстап тамак ішкізбей, отын-суға, малың бок-сідігіне айрап еді. Бәтімә оған да көніп, сөз шыгармай ауыл-коранды, Жақыпқа жағып бара жатқасын, қатындары Жақып пен Бәтімәның арасына былайша от салды.

Онашада Жақыпқа үлкен қатыны:

— Ана қалап алған тоқалың, жас тоқалың, сені кәрісініп, біздерді қарғап-сілейді де жүреді. «Құдайым кәрі, қара төбетке кез қылды! Құтқара көр...» деп айтады,—деп күнкілдеді.

— Кеше коранын ішінде малдың бок-сідігін алып жүріп ортанышы қайнағаның баласымен сөйлесіп күліп тұр,—деді.

Жақаң мына сөзді естіген соң: «ол мені кәрісініп жүрсе, кім скенімді танытайын, не қылайын деп тимей жүр едім» деп көк-ала қойдай қылып сабап, жығып салып өкпеге тепті. Бәтімә өзі бұрын арық кісі, мұнда келгесін де ауыр жұмысқа түсіп, сүйк өтіп әлсіреп жүрген. Байы сабағаннан бері жүргегіне азырак ауру жабысып жөтеліп, жұденкіреп, кейде жақыпта калып жүретін болды.

Катындары Жақыпқа тағы шағыстырыды.

— Жас тоқалың еркелеп жатады да кояды. Жұмыс істе-гісі келмей біреумен кашып кетейін деп жүр...

Бұны естіген Жақаң ауырып төсекте жатқан жерінде сабап «ал кететін кісінмен кет» деп үйден шығарып тастады.

Шөлдегендеге сусын беретін, қысылғанда иманын айтатын кісі болмады. «Не наукас?» дегенге:

— Ескі ауруы бар білем. Ақшам босқа кетті. Қазалыдан келгендердің бәрі де қунде өліп жатыр,—деп Жақып жүре жауап береді.

Жаңа келген кісінің көзіңе түспесін деп, бір жағына
қозы қамаған кішкене үйдің біріне жаткызып таставды.

Есі бірде кіріп, бірде шығып жатты...

Бір есі кіргенде:

— Иә, жасаған ием! Көп киналтпай ала гөр! Осылардың
корлығынан құтқарсаң ырзамын. Өлгеніме қайғырмаймын...
Өз елімде болсам, су беріп, иман айтпас па еді? Uh! Қайран
слім·ай?—деді.

Осы сөздерден соң, сөзі токталып, қозы құркеде жалғыз
жатып қызғалдақтай есіл жас, мейірімсіз өлімнің алабарлы
құрығына ілініп, қыршынынан қылышып, опасыз бұл дүниеге
кош айтты.

Сол күні отарбадан Андағұл үй-ішімен түсіп. жақын
жерде болғандықтан нәрселерін сонда тастанап, өздері жаяулап
сонда барды.

Ол уақыт Бәтімәнің жас жаны көкке ұшып, мұнда кеу-
десі жатыр еді.

1918

НАГИМА

Танабай ауылының желкесінде шоғырланған топ адам көрінді. Ауылдың артында оқшауырақ жерде, жолаушылардың арбасына ұсаған екі ходок арба тұр. Жаңында сол арбага жеккен аттар екенін білдіріп, уштөрт ат жем жеп тұр.

Танабай ауылына бұрын көп кісі жиылып, тобымен қонақасы ішіп көрмегенге, тұнықтан қараған кісіге, бұл қонақтардың бұл ауылда жатуы ерсі сықылды көрінді.

Танабай ауылы Қайынды көл жағасында; ауылдың түрі тұсынан өткен кісіге шар айналасында тұсаған ат, жайылған бұзаудан басқа көп қара көрінбейтін. Қайынды көл үш жолдың үштасқан жері болғандықтан, егін-пішеннен қайтқан жұмысшылардың нақ жолы еді. Қөліктерін шалдырып, өздері де тынығып, дамылдап кететін еді.

Жайлаудағы елдің қыстауына қатынағандарының да жолы осы Қайынды көл. Бұл ауылдың өз адамдары шамалы болса да, әрі өткен, бері өткеннің көп тұсуі арқасында ауыл кісіден құр болмайтын. Бірақ келушілердің көбі таныс ауылдың адамдары болып, шеттен қос ат жегіп, салтанат түзеп келетін қонақ бұл ауылға жат.

Ауылдың өз адамдары анайы жұмыска арналып жаратылғандай қысы-жазы қыстаудың маңында болып, жұмыстан босамайтын. Қатын-баласына шейін жұмыс қылып, жаздай Қайынды көлдің құрағын орып, кемпірлер де көшкен ауылдың жұртынан тезек теріп, қыстық отындарын жинайтын.

Бұл ауыл баскаларға қарағанда көнілсіз еді. Ауылда қымыздың жок. Адамдары жұмыстан босамайды. Маңында шулаған мал, ойнаған бала сирек. Қысқасы жаздың қызығы бұл ауылда сезілмейтін.

Жалғыз-ақ бұл ауылға көрік беріп, келген кісілердің ықлас аударатыны Нагима еді. Нагима он жетіде, Бекбосын

картын қызы. Жасында әкесі өліп, екі ағасы мен шешесінің қолында өсken. Бір үйдегі жас бала болғандыктan еркелетіп, өстін кайтармайтын. Агалары малайлыққа жалданса да, өздері кимей-ішпей, осы қарындасын киіндіріп, қатарынан кем қылмайтын. Ұұрын бұл ауылда бес қыз, екі келіншек болып, көрші ауылдың бозбалалары қылжақтап осы ауылдан шыкпайтын еді.

Қатындар бұл ауылда «Кіші атам ауылы», «Кіші ауыл» дейтін. Ұұрын «Кіші ауылды» атағанда қыз-келіншек, қыз-ойнақ, бозбала жиналып карта ойнау еске түсетін. Бұл кезде ол қыздардың бәрі кетіп, ауыл бірқатар қөnlсіздікте қалған. Ол кездегі жауалығын пілден жуатын жас келіншектер, бұл уақытта бәсендеп шаруашылыққа айналған.

Нагима сол бес қыздың кішісі еді. Ажары басқаларынан артық болып, өзінің жаксы мінезінің аркасында соңғы кезде жүрт аузына іліне бастаған еді.

Нагиманы агалары құйсуге берді. Құйеуі бай, саудагер. Қалада екі қатарлы тас үйі бар. Белгілі атакты орын. Оған араласқалы бұл үйдіңде күн көрісі тәуірленген. Барса әкелмейтін нәрсесі жоқ. Бас-бас кант, тобымен товар, кейде мал да жетектетіп жіберетін. Бірақ Нагиманың қөnlі толмай, қатың үстіне баруды ар көретін.

Егін, пішеннің науқаны. Жүрт шиеге шапқандай жантасып кәсіппен арпалысып жатқан уақыт. Жазғы ыстық желдің екпіні қайтып, гүлдеген коныр жел соғатын болған. Жер жүзін жұмакқа тенеген жасыл шөп, түрлі жапырактар да солғындал, қуаруға бет алған. Жазғытұрғы көшіп кеткен иесіз қыстауларға жан кіріп, ішінде адамдар көрінетін болған. Жел есіп, дауыл соғып құлатып кеткен кейбір коралардың жапсарын жана да гүзетіп жатқан адамдар қыстаулардың ішінде жиі көрініп, кыбырлаған жан молайған.

Біздін Танекең ауылы қыстауына конбағанмен екі-үш шақырым жерде, Қайынды қөлдің басында отыр.

Ауыл күндеғінен көnlіді. Түс-түстан аттылы-жаяулы шұбырган кісілермен ауыл лық толған. Бекбосын карттың үйіндегі алыстың қонағы онаша үйде, сынайы кісілермен ғана отыр.

Қала киімінше киініп, тықырайған шегір көз, шокша сақалды сары кісі, басқа қонактардың тәменгі жағында, онა-

шалау салған көрпенің үстінде шарт жүгініп отыр.

Бұғінгі қызық, бұғінгі мереке сол үшін болып жатқаның күтында, мұртынан күліп, қатындармен күлмендеп сыйырласқан қалпынан әркім-ақ анғаарлық еді.

Бұл атакты Ысқақ байдың інісі Есжан еді. Қырық жетінің қырқа матап беріп, тоқалдыққа Нагиманы алғалы келіп отырған жолы.

Нагиманың көңілі басқада екенін ауыл-аймағы сезсе де, Есжанның онан хабары жок. Малдың күшімен ағаларының көңілін тауып, әйтеуір алатынына көзі жеткен.

Нагиманың барғысы келмей, сөз шығарып, ағаларының құлағына салса да, өнетін пайда болмайтынын біліп, амалсыздан әзерге көнген. Баратын жері белгілі байдың бірі, аз уы алты қарыс күшті адам. Егер сөз шығарып бармаймын десе, күлін көкке ұшырып, тартып алатынына Нагиманың көзі жетеді.

Ішінен қайғыланып, жылағаннан басқа, ләм-мим деп ешнэрсе айтқан жок. Бір тойғанға мәз болатындар, жұмыстарын тастап, Нагиманың тойына жиналған. Береген күйеу, жомарт құдалардың кәдесіне қарқ болып, қатындар да жүрга жиналған жұрттың даң-дұңымен Танабай ауылына жаңадан рух кіріп, жаңа алып жанданып тұр...

Тұнерген қалың қарағаштың іші... Әуемен таласқан биік ағаштар басын төмен салып, қайғылы қалып көрсетіп тұнжырап тұр. Сартылда жауған күзгі жаңбырдың екпінімен бас сілкіп, жер солқылдатқандай салмақпен сілкініп қояды. Кейде сұс көрсетіп, қаһарын тіккен қалыпты, ашулы түрмен қараған сияқты, көңілге қорқыныш салып тұр. Дамылсыз жауған жаңбыр жан-жәндіктің мазасын алған. Құн кешке айналып, ымырт жабылып, кас қараюға жақындаған барады.

Қалың ағаштың ішіндегі қаражолмен екі ат жеккен бір жігіт, бір жас әйел жүріп келеді. Аттары босаңсып, айдағанға жүрінкіремей, азап көрген қалпы бар.

Жолдың екі жағындағы төніп тұрған биік ағаштардың суылдаған дауысы, жас әйелдің көңіліне біртурлі хауіп кіргізіп, әлденендей ой түсірді.

Алдағы күннің не боларына көзі жетпейді. Басын қаныртқан тұманды қиял оның жүрегін түйткілдеді.

—Күдай-ай, бағымыз ашылып, елжұртқа қосылатын күн болар ма екен,—деді ішінен жас әйел.

Көзіне мөлдіреп жас келіп, жанындағы жігітке қарады. Жанындағы жарының көнілі жабылып, ренжи медеп ойлағандай, басқа сөзбен көніл жұбатпакшы болды.

Қарауытқан қалың нудың ішінен, жылтылдан жанған шамның оты көрініп, үрген иттің даусы естілді. Жанды қара көрінбей, аландап келе жатқан жолаушылар отты көріп көңілденгендей болды. От көрінген жаққа бұрылып, бүгінгі түнде сонда өткізуге ойлады.

Аласалау ағаш үйдің жанына келіп тоқтап, үйдегі адамдармен сөйлесіп, түнеп шығуға рұқсат алды.

Бұл жалғыз үй, орыстың күтуін бағып отырған Мыңбай дегендікі еді. Жасынан қазақ көрмей орыс арасында өсіп, күту бағып күнелтетін. Ержеткен екі баласы бар. Әуелгі кезде елден шұбырып келседе, балаларының еті тірлігі арқасында бай орыстармен араласып, күн көруі жаксы болған.

Мезгілсіз келген қонақтар Мыңбайдікіне түскенде көптен қазақ көрмей, ел адамын сағынғандықтан жылы жүзбен қарсы алды. Мыңбай қонақтарының жайын сұрай отырды.

— Шырақтарым, алыс жолдың адамына үқсайсындар, баратын жол үшін алыс па?—деді.

Жігіт әңгімені шынынан қозғап, жай-мәністерін баяндауға кірісті.

— Отағасы, мен уш ағайынды жігіт едім. Пәлендей ауқатымыз болмағанмен күн көрісіміз тәуір болатын. Жақын жердегі қалада тұратын бай қазақ саудагері болатын еді. Соған жасынан алыс беріс қылып араластым. Бертін келе баймен келісе алмай арамыздығы алыс беріс үзілген еді. Сол байдың жұмысын істеп, сіңісп кеткен бір үйлі жақын ағайынымыз барды. Мен қалаға барған сайын сол ағайындікіне түсіп жүретін едім.

Биыл күз сол ағайындікіне барып жүргенде байдың жаңа түскен кіші әйелімен көңіліміз жақындастып, ол барам, мен алам деген арамызды сөз болды. Мынау отырған жас әйел сол байдың кішілікке алған адамы. Біздің көңіліміз жақындақсанын бай сезіп, әлгі тамағын асырап отырған ағайынымызды жанынан қуып жіберді.

Жүрістүрсымызға бөгеу болып, күні тұні андумен бұл кісіге де еркін уақыт болмады.

Ақырында байдың мәңгілік жолдас болмайтынын біліп, бұл кісі маған бір ногай әйелі арқылы хабарласып, бір тұнде жоқ болуға бел байлағанын айтты.

Байдың бір жакқа кеткенін аңдып жүріп, қалада пәтерде жатып, кешкі абыр сабыр кезінде қаладан шығып жөн тарттық.

Өз елімде паналайтын жер болмады. Өйткені, қалаға жақын манайдың орысы қазағы болын, байдың алыс беріс қылыш, аузына қаратып тастаған адамдары еді. Бірдемес сезсе байға хабар бермей тұра алмайды, бәрі де қорқады. Хатта екі ағам да менің бұл ісіме риза болмады. Байдың қана-рынан қорықты. Қаранды көрсетпе жаным, деп олар қорқып қалған. Сонымен ішкі орыс арасына қарай жылжып, қашан карқыны басылып, ашуы таркағанша төрт-бес жыл елден бе-зіп тұрса да күн кешірмекпін,—деді.

Мыңбай жігіттің қай жөнмен келгенін түсінді.

— Жаным талапты ерге нұр жауар деген, аузы ашық аштай елмес, ептең күн көрерсің. Осында біздің қатынасып жүрген орыстарымыз бар, соларға сені орналастырайын, оған дейін осында жата тұрарсын,—деді.

Бұл Қасымбек деген жігіт еді. Есжанның тоқалдыққа алған Нагимасымен көңілі косылып, алып қашып келіп отырған.

Мыңбай бұларды паналатуды мойнына алып, уәде берді.

— Шырағым, күдай айдан келген шығарсың. Енді ешкім тиे коймас. Елің алыс қой, кім хабар айттар дейсің,—деді.

Қасымбек пен Нагиманың көңілі орнығып, Мыңбайдікінде жата берді. Арада бірнеше күн өтті.

Мыңбайлардың күту бағып отырған қаласынан шабу-ылдаған адамдар көрініп, бірнеше шанаға тиелген кіслер келіп түсті.

Зәйімкедегілер баста корықса да, жолығып тілдескеннен кейін, шүйіркелесіп сойлесе бастады.

Бұлар карулы аскер болғанда, қорлықта, байлардың зорлығында жүргендерді тенектіп, жұмыскерлердің күшімен

пайдаланып, шалқасынан жатып кедейлерді құл орнына жұмсайтын байлардың дүшпаны, жалшылар қамқоры Қызыл әскерлер болып шықты.

Қасымбек оларды үйге кіргізіп, тамактандырды. Өзінің жай-күйін сыйлең, байлардың зордығынан қашып келгендейгін білдірді.

Қасымбекпен үйлесе кетті. Бұлардың да баратын беті Қасымбектің қаласы болды.

Нагиманы Мыңбайдікіне тастан, Мыңбайдың кіші баласы Сүлеймен екеуі әскерге жол бастап жөнелді.

Саулаған сайманды әскер тобымен келіп, Есжандар тұрған қалаға жақын жерден араға кісі салып, қаланың қарсыласпай берілуін сұрады. Қаланың өнкей байлар бастаған үкіметі, қызылдардың дегеніне көнбей, тамшы қаны қалғанша қарсы тұратындығын білдірді.

Қаһарлы Қызыл әскер қаланы камап алды. Ақтардың әскері қарсы шығып, екі жақ қан майданға кірісті. Бірнеше күн ұдайымен соғысып, екпінді Қызыл әскер бұзып қалаға кірді. Ақтардың әскері қаладан қашып шықты. Олармен қатар байлар да зытты.

Қасымбек бірсыпра жолдастарымен қаланы арапап отырып Ысқақ. Есжан байдың үйіне тұра келіп түсті.

Салтанатпен келген сұқты әскердің зардабына шыдамай булар да қашкан. Анырайған үйі, қызметшілері ғана қалған.

Қасымбек қаладан іздел жүріп Ысқакты тауып алды. Ысқақ куып жіберген соң, сол қалада мал соятын қасапшыларға жалданып жүр екен. Үйінің жайын сұрады.

— Шырағым несін сұрайсың. Сендер кеткен соң Нагиманы әкеткен сен екенінді біліп, сенің ағаларыңды айдатып, алып, жаптырып тастанады. Үйіндеңі бар малыңды сыпрып алып, үйлерінді шулатып кетті.

Қасымбек жанындағы басшысына бастан-аяқ түсіндірді. Тұрмеге адам шаптырып, екі ағасын алдырды.

Қалаға қызылдар орнап, Советтер сайлап шуласып жаты.

Қасымбек ағаларымен көрісіп, мәз-майрам бола берді. Сүлейменді кейін қайтарып, Нагиманы алдырды.

Қасымбектің шешесі, женгелері қалаға келіп, шуласып, жылап көрісті.

— Қарағым, бақытың артып, мандайынан жарылқасын, — деп, кемпірлер Нагиманы құшақтап жыласып тұрды. Қуанышпен каланы жаңғырықтырды.

Үйін тастап кашып кеткен бір байдың үйін Совет бұларға тегін берді. Қоңіл орнығып, тендік алып, ойдағы-қырдағысы аман қосылған Қасымбек ағайындарын шакырып ұлы той жасады. Жасырынып күн көрген, тар қыспақтан шығуна мықты себеп болған, еңбекшілер төңкерісінің бас көтерген 25 октябрь (жанаша 7 ноябрь) күнін Қасымбек пен Нагима ұлы күн санағы. Жыл сайын сол күнде той қылыш тұруға өзін міндettі қылды. Бұл күнді еске түсіру үшін өздерінше ат қойды.

Қасымбектің женгелері «Нагима келін түсетін күн» дейтін болды.

— Нагима келін түсетін күн жакындағы, оған дайындағып, той жабдығын қылу керек,—дейтін болды.

Ол күні Қасымбектікі үйлерін тазартып, жаңа киімдерін киіп, көршілерін шакыратын болды.

Бүгінгі күнде Қасымбектікі той қылыш жатқан шығар.

1923

МЕРУЕРТ

Күзді күнгі кара дауыл. Жер қаткан, екі аякты арбамен жүргенде арба торсылдап, әсіресе, желігенде арбаны да, ішіне міңген кісінің үшырып тастап отырады. Керақанның Эбілқасымы қазакы арбаны астына басып, өзі басына салт міңген, жүрісі асығыс, атын борбайлад Аққұлы көлдің бауырнда отырған ауылына карай бет алыш, бір сарынмен желе шоқытып келе жатыр.

Күзді күнгі салқын сүр бұлт біресе күннің көзін түмшалап, жерді қара көленкелеу қылып салқындық ызғарын бетке үрып, біресе күннің көзінен сызырылып өтіп жерге күннің жылылық лебізін жайғызып түрді. Желдіртіп бара жаткан Эбілқасымды да осы қарандылық сәуле кейде оздырып, кейде күнпегін жетіп қайтадан қаптап келеді.

Арбаның ішінде, алдыңғы бір бұрышында отырған Шұбардағы Тарабай дегеннің қызы—Меруерт.

Меруерт биыл он үш жасында, өзі Эбілқасыммен үшінші күйеуге беріліп отыр. Алғаш берілген жері керей Бейсенбай болатын. Жасы елуден асқан кісі, екі катыны өліп Меруертті үшінші ретінде алған. Он екі жасында Бейсенбай келіп айттырып: «дәрет суымды жылтып беріп, әйтеүір қарасын болып қойнымды жылтып жатса болады дағы» деп алыш еді. Жарты жыл отасып тұрған соң Бейсенбай өлген. Меруертті Сағынбай деген немере ағасы барып үйіне алыш келді.

Меруерттің осыдан төрт жыл бұрын әкесі де, шешесі де жүртты қираткан қалың сүзектен өлген. Жоғарғы қалған немере ағасы ие болып үзатқан. Алғашқы берілген күйеуінен көп мал алыш береді. Сағынбай ие болып қыруар мал алса да, Меруертке бір бүтін көйлек кигізіп берген жок. Сол кезде іштің мужықтарының елге алыш шығып, кім болса соған аз бидайға сатып жаткан кенептерінен бөтен елге бара жатқан-

да бір бүтін көйлек алып кигізуді білмеді. Жалаңаш етіне ескі шекпен күпі киіп, бөтен елге ұзатылып барады. Бейсенбай арбаға салып алып барғанда ауылдың ойнап жүрген ұсақ балаларды жиылдып арбадан түспей жатып коршап алып «женгей есесіз бе...» деп ағаш лактырып келемеж қылғаны — он екі жасар Меруерттің бетінен отын шығарып үялтты. Өзінікі деген нәрсеге, өзінікі деген денеге, мүшелеріне көзін түсіруден сактанады. Өз денесі өзіне арам нәрседей-ак жи-рендіріп, көз токтатқызып қаратпады.

Манайылағы, үй ішіндегі нәрселер, далаға шыкса өріп жүрген мал—барлығы да жалғыз-ак соған қарап келемеж қылыш куліп турған секілді көрінеді. Осы айтылған себептерден Меруерт отырса да, тұрса да, жүрсе де аяғының астынан баска жерге көзін түсірмеді. Үйде кісі жок уақытта да тунеру, тәмен карау, ренжу болды...

Әбілқасым үйіне келлі, мұнда да баяғы балалар, баяғы кулу, келемеж, далаға шыкса ағаш лактыры.

Әбілқасым жасы алпыс екіде, катыны өлгелі үш-төрт жыл болған. Содан бері таба алмай жүріп-жүріп тап быыл Меруерттің басы босаған сон келіп килігіп еді.

Әбілқасымның енгезердей алты канат жыртық қара үйі. Үйдің сырт бітіміне сай ішіндегі ебдейсіз үлкен ескірген казан, аяқ-табак, кебеже, кара канылтыр абыралар—тағы сол сиякты үйдің әбзелдері Меруерттің көп соққы жеген жаңына аса киналарлық эсер бере бастады. Мал сауу, маллы жайғастыру, тағы солар секілді ауыр жұмыстар Меруертке жүктелді. Шағуаның Меруертке ауыр болғандығының үстінен сол ауылдың катындары жазғы кештерде жиылдысып кеңесті шертіп тастан, ауылдың барлық бұзауын кайыруға, биелерді желі басына айдан келуге Меруертті ғана жумсайды.

Әбілқасымның казымырлығынан Меруерт есінен адаскан жынды кісі секілденеді. Оның неден мұндай болғанын, не түрлі жан екенін тексеретін, ойлайтын кісі жок. Бір күні Әбілқасым Сағынбайдікіне өзі әкеліп тастанды.

Қыстың орта кезі. Меруерт Сағынбайдікіне келгеніне ай жарым шамасында болды. Сағынбай мырза Менверттің кайтып келгенін ішінен тым-ак жаксы көріп жүр. Тағы кандай катыны өліп, басы қаңырган мал шашатын шал кез ке-

лер екен дейді. Меруерт бишарада баяғы тұнерген кабак, алды-арты тұнғылық қаранғылық, не көрседе, не сезеде сол айныңас, мылқау, қаранғылыктан шығу жок. Ерте де, кеште сол үйдің корасында мал жайлау, үсті-басы баяғыдай, іліп алар бүтін киім жок.

Ауыл кіслерінің бірсыпрыасы Сағынбайдың мандайынан кетпейтін ырысы бар десті. Бірсыпрыасы: «Сағынбай тағы да малға сатады фой, тағы кім кез келер екен. Меруерт мандайының бағы ашылмаған соғры болды-ау» десіп журді. Осы үйде қыстың қалғаны өтті. Жаз болған соң ауыл қыстаудан көктемге шыға бастады. Жан-жануар, өсімліктер жазды қарсы алғып, жылдызына сулулығына есепсіз шаттықта болсада, Меруерттің көnlілі әлі күнгірт, әлі қаранғы түрмисында жарық сезілген жок. Ауыл көшіп шығып кеткен соң, оған екі күндей иесіз корала жалғыз қалува тұра келді. Сағынбайдың жана күліндаған бір-екі кұлық биесі қыстауда қалатын болып, басына күзетшіге Меруертті қалдырыды.

Ағаш үйде жалғыз үйыктап жатканла түсіне өлген шешесі мен әкесі кірді, екеуі ле ренжулі, сұық тусти. Меруертті шакырып жанына алып шешесі катты сездер айтып үрысты. Меруерт шешесін біліп жанына барып еркелегісі келіп, алдына барып сүйенелі. Шешесі сұық жұзбен еркелеп алдына барған баласын бойына жұытпайлы. Сол кезде әкесі де көпінелі Шешесінің жанына келді. Екеуінің де сұық жұздерін көріп Меруерт түсіне алмай, біраз танырқап тұрлы. Соңлай күйлөтүрдіп бір өзгеріс сезе бастады. Бұрынғылай емес, манайна жарық сәүле түскенлей болды Неше заманнан шер болып байланып қалған сездер кеудесінен тербетіліп шыға бастады.

— Сендер менін тоғыз жасымда дүниеден өтіп мен жетім қалғанмын. Сендер кеткен кезлемен ле өлім халінде ауру екемін. Сендердің ашық кескіндепінде мен жазылған соң да айыра алмай келдім. Жазылдып түрған соң да бірсыпрыса лейін есім шала болты. Солан бері ешкім мені жаңы ашып жакын тартпалы. Солан бері ешбір жан жылы жұзбен қарап мандайымнан жұмсак колымен сипаған жок. Ешбір алам айналып бачырына басып жылтқан жок... Үстіме бір бутін киім кигізуші болмады. Мал есебінде катынлары өлген көрі шалладаға шын дет сатыллым. Айналып толғанбақ түгіл өзі секілді кісіге балап, жалғыз Төкен мен Аб-

зан болмаса, бір адам сәйлеспеді де. Осы күйде болғандықтан атанаң кәдірін, ананаң айналып толғануы қандай болатынын білмелім. Ананаң құшагымен жылы бауырының еркелеген баласына қандай асер беретінін сезе алмадым. Тоғыз жасынан бері көрген күнім мал баласының күнінен де жамән болты... Енті уақыт жеткен жок па? Мені бауырына басып, көкірегіннен аймалатып, өспей қалған жүргімді жібітіп, ананаң шексіз рахымын неге сездірмейсің?—деді Меруерт.

Сол кезде үйдін іші жарық болғандай болды, аныктап караса жарық—шешесінін жүзінен шыккан жарық екен. Бұрынғы орнынан қозғалып жылжып Меруертке таман келд... Колынан тартып алдына алды...

Өмірінде ананаң жылышының сезбеген Меруерttін бойын бауырына қысты. «Құлышым осылай ма» деді анасы. «Ие, апа, осылай» деді Меруерт. Меруерttін барлық көрген рахатын осы жалғыз ауызсөзі барлық әлемге үқтырарлық еді. Анасының көзтерінен жас акты... Жастары рахатта балқып жаткан Меруерttін бетіне тамды, жас тамған жері күйдірерлік ыстық еді. Меруерttін бетіне бетін такап «жаным, құлышым» деп тамағынан иіскеді анасы... Бауырына қысып кеп уақыт отырды. Меруерт, күштілігі жер жүзінін рахатына тенелмейтін рахатка батып отырды...

Соске кезінде қыстауға койын жайып, Төленді келді. Меруерttін «Төкен» теген осы Төленді болатын. Сағынбай копа жакка кой жайып барып, сондағы қалған кулық құлыштаған биелерді біл теп тапс操ған сон койын жайып келіп еді. Төкен келісімен биеге бармай, алдымен бірдемені сезген кісіше, Меруерт қалған ағаш үйге келді. Ағаш үйде терезенін алтында Меруерт жатыр. Есі жок, көзі ашық, бірақ көзі тым кең ашылып, төбесіне қараң аударылыңқыраған. Үстіндегі көйтегі бұрынғысынан да кеп жыртылып, мандаған тер шынккан, менегін үстап көрсө еті тұм қызу.

Төкен «бала несіз қыстауға қалған сон пері соқтығой!» — белі. Тілін қалымеге келтіріп, жанына барып «Меруерт» теп шакырып еті, азырак ынырасыған даусы шыкты. Төкен кеп айналмай Меруерttі көтеріп алып, койты қыстатауға тастап, көктемдегі ауылға келді. Төкен келген жерден Сағынбайдың катыны кулық биелердің құлыштарының жайын сұ-

рады. Төкеннің жауабын естіп ыза болды. «Ауырған кісінің сол қыстаудың өзінде күткен дұрыс — кой!»—деді. Қатыннан мынадай сөз естіген соң Меруертті онда қалдырудың керексіз екенін Төкең білді. Сағынбайдың не болды. Кім ауырдымен жұмысы жок, құлындарды айғыр шайнап тастамаса иғі еді деп корага кетті. Мұндағы қалыпты көрген соң Төкен жүргін қайта көтеріп алды. Ауылдың шетіндегі өзінікі деген құрым күркесіне келіп біраз кірмей тұрды. Меруертке қарады, әлі есі кірген жок. Біраз тұрып күркеге кірді, төрдегі өзі жата-тын төсекке ептең апарып жатқызы. Меруерттің майдайын сыйрап, қалтыраған қолымен бетіне жабыскан тал шашта-рын кейін қайырып, демалысын тыңдал, көзін айырмай біраз отырды. Төкенде бұрыннан туған туысқан жок болатын; катын, бала ерте заманда өлген. Сол ауылдың малын отыз жылдан бері қарай бағып келеді. Жас кезінде қыс костаған жыл-кы баккан, берірек келген соң сиыр бағып, соңғы кездекуа-ты азайған соң кой бағуға ғана жарап қалған. Ауылдың ше-тіндегі құрым күркеде, койдан келген соң асын ішіп, тыныс алатын еді. Қысы·жазы шекпен күпі, сірі етік, каткан тери тымақтан басқа киімді білмеген. Жас торсыққа күйіп қан-жығасына байлап жүріп ішетін іркіт·айраннан басқа тамакты білмеген, малдың тілін біліп, малмен адамша сөйлесетін, малдың акылы адамдікінен артық деп сенетін осы Төкен.

Меруертті жатқызып, басында біраз көз айырмай отырды. Баланың есі кірмеді. Даладан Сағынбайдың айғайы ес-тілді. Кой желдең кетіп барады екен. Талып жаткан Меруертті кімге тастап кетерін білмей дағларып біраз тұрты. Ақы-рында Абзанды тауып алып, Меруерттің басына отырғызып кету ниетіне кірді.

Абзан окуда жүретін шәкірт бала болатын, жасынан әке·шешесі жок. Ағасының қолында тұрып, ер жерден ептең оку оқи бастап еді. Өткеп жылы сол ауылда Шегебай деген бір дәүлетті адамның Ұлжан деген кызының дауы болған. Ұлжан күйеуін менсінбей арыз беріп, дуаинан кісі шығартып сүйген жігітіне тиген. Дауды бітіруге келген Асқар деген оқыған азамат болатын. Ұлжаннан жауап алып болып, арты-нан жылып тұрган адамдарға көп өснет айтып кайтқан. Тап сол оқиғаның алдында Меруерт Әбілқасымға сатылып, малының алдын алыш қойып отыр еді.

Абзан бала сол жолда Асқардың әділдігіне, шыны хаки-каттан корықпай, кулыкка салып көлеңкелемей, ашық қылып

айтып берген ерлігіне таң-тамаша қалып, мүлде еліккен болатын.

Сол Абзанды Текен ауылдан жүгіріп жүріп тауып алып, күркесіне сейлеспестен колынан жетектеп келлі. Күркеге кіргізіп төрде ессіз жатқан Меруертті көрсетті. «Кешке мен кайтып келгенше жанында сусын беріп, отыра тұр»—деді.

Абзан істің мән-жайын сурады. Шал Меруерттің кім екенін, жұмыстың қалай болғанын қыска айтып ұғындырыды. Абзанның беті сурланайын деді. «Былтыр Аскар келгенде бұл кайда еді?»—деді Абзан.

«Ол әлгі Ұлжанды сүйгеніне косатын жігіт шығар-аудол келгенде Меруерт осында еді. Соның алдында ғана Әбілқасымға берілмекші болып малынын жартысы алынған еді».

— Алпыстан асқан Әбілқасымға он екідегі бала қалай берілмек? Оны Аскарға неге айтпаған?—деді Абзан.

— Білмесе білмеген шығар, білсе де әке-шешесі жок қызы кім ескереді, жаны ашыр болмаған соң? Қой ұзап кеткен шығар, ит-құска сок болып қалмаса жарап еді, жылдамырак барайын, мен келгенше сусын беріп жанынан шықпай отыра тұр,—деп шал шығып кетті.

Төлендінің косына келген соң, екі күн жатып есі кірмес-тен Меруерт дүниеден кайтты. Жалғыз-ак тап жан шығарда көзін сау калпындағыдай төмен қаратты.

Төленді жаяу су тасылы. Абзан ауылдан бір-екі кемпірді шакырып әкеліп жатқан күркесінде денесін жуғызып, Төлендінің жуылған бір жыртық көйлегіне оратқызы.

Алыстағы, журттың өліктерін коятын зиратка апаруды Сағынбайлар киын көріп, конып отырған жерде бір желенінің астына коя салды. Кыстауға апарып коюға жалғыз Төленді мен Абзанның шамасы келмеді.

Тоғыз жасынан бері жаны бір шаттық сезбей, бір жылы сөз, жылы жуз жолыктыра алмай тумай жатып тұрмыстың кара күніне курбан болып Меруерт сорлы дүниеден біржола кетіп, тыныштық тапты. Меруерттің сүйегін көмгендеге жылаған екі-ак адам болды, ол—Төленді мен Абзан.

Осының артынан Абзан үзак уақыт ауырып жатты. Ауруы катты болмаса да үзакқа созылды. Мұның да жанына

келіп көнілін сұрайтыны жалғыз Төленді болды. Ауырып жатса да Төленді барғанда сұрайтыны баяғы Меруерт тұра-лы болатын. Бір күні Төлендіден Меруерттің туғаннан бер қарайғы көрген күнін сөйле деп сұрады. Өмірінде кісінің тілін қайтарып көрмеген Төкең бастан-аяқ айтып берді. Тоғыз бен он үш жастың арасында Меруерттің көрген қайғысына келгенде Абзанның көзінен тарамданып жас парлап қоя берді. Төкең қанша сөйлесе, Абзан сонша жылады. Осы сияқты әңгімелер Абзанның нәзік көніліне уайым түсіріп, аурудан көтерілуі оңай болмады, ол арада қыстың ызғары қайтып, күн жылынып, қар ери бастады. Ауыл көктемге қонған соң аяңдап таяқ алып Меруерттің зиратына барды. Жан-жағына қалың ұзын шөптер шығып топырағын жасыруға жақын екен.

Июнь айының ішінде сол ауылға бір жұмыспен Асқар келді. Абзанды бұрын танысада, қытай науқас болып жүдегендіктен әуелгі кезде тани алмады. Кешке таман екеуі ауылдан сыртқа серуенге шығысты. Асқарға қытай ауырғандығын, соның себебінен оқуға бара алмай қалғандығын айтты.

Меруерттің оқиғасын сөйледі. Бастан кешкен бейнеттепін бірін қалдырмастан, Төлендіден естіп алғандарын айтты. Бұрынғы жылы өзі келіп Ұлжанды ерікті қылып кеткенде тап сол уақытта он үш жастағы жетім Меруерттің екінші рет сатылып қойылып, одан кейін иесіз қыстауда қалдырылып, есінен айрылып өлгенін айтты. Ұлжан секілді дәулетті кісінің сұлу, сымбатты, кісі қызықтыралық қыздың корғаншысының тезінен табылатынын айтты. Адамгершіліктің күші неғұрлым қорғанышы жоқ, жетілмегендер үшін жұмсалмайтын ба еді? Меруерттің өзі, көрген қорлығы, жанын жеген қайғысы жоқтауды керек қылмайтын ба еді? Ақтықты қоздыратын күшті сипат, көркем тұлға болмасада, азаматтық міндеттін атқаруды оятарлық дәрежеде емес пе еді?—деді Абзан. Осылай деп басын көтеріп алдына қараса Меруерттің зиратына келіп қалған. Осы араға келгенде Абзан даусын шығарып жылап жіберді. Зиратты қолымен көрсетіп: «қорғаузыз, өмірінде ешбір жылы сөз естімей дүниеден кеткен Меруерттің зираты» деді. Абзан жылаудың күшімен аяғын баса алмаған соң, Асқар қолтығынан алып сүйей берді.

— Сен жылама,—деді Асқар,—караңғы өмірдің нағызы түкпіріндегі қалың бір көрінісі екен... Бұл біздің өміріміздің шын бір қайғылы беті, сениң жаның шын күйген екен. Мұндаиды көрмеген, күтпеген табиғаттың көлеңкесінде таза ауа-

мен ғана тәрбиеленген қыршын жас жүректің осылайша қи-
налуы, ауруы маған түсінікті. Осылай қайғырып, осылардай
ауыр көріністерге жантәнім мен әрдайым қарсы болуың ке-
рек. Әділсіздік көретіндер жалғыз Ұлжандар деп жүргеніміз
жок. Осының барлығы сенің айтқаныңдай, көргенідей екені
анық. Бірақ осылардың барлығымен күн демей, тұн демей,
ерте демей, кеш демей алысу керек. Әдіс қылу үшін, жүртты
осындаі пәледен құтқару үшін тиісті ретте ем қылу керек.

Бұлардың барлығының сабағы окуда. Оқып, оқытып ба-
рып жүртты жазбақшымыз ғой. Бір кісінің жылап, қиналып
я болмаса өзін-өзі құрбан қылуымен де керек арманға жет-
пекші емеспіз... Өзің енді қайғырма. Сен менің байқауымша
осы қайғыдан ауырған көрінесің. Онымен біз ұзаққа бара
алмаймыз. Алдымыңда әлі де қанша қызын жолдар бар. Бұдан
басқа алда сынаулар көп, барлығына шыдамдылық, қажы-
мастық керек. Ізден, оқы! Алдыңда әлі әлденеше Меруерттер
бар. Міне, енді соларды аман сактап қалуға даярлан. Осы
күз оқуға келуің керек.

Аскар Абзан екеуі Меруерттің зиратынан кешке жақын-
дағанда қайтып ауылға келді.

1924

КОЙШЫГҮЛ ҚУАНЫШЫ

Көп ауылдың қырманы да ығы-жығы, адам есесін айра алмайтындей көп.

Көп ауылдың шетіндегі бес-алты қараша үйдің қырманы да оқшаулау.

Әрбір қырманда айнала жиналған бес-алты зорат: олардың біреуі үлкен, біреуі кішкене, біреуі биік, біреуі алласа, біреуі таусылуға айналған: қырманның бір жақ шетінде борасын қар сықылды қырманнан шығарылған салом. бір жақ шетіне жақын үйілген қызылдаулы тары болып көрінетін еді. Сол қырмандардың орталығындағы Қойшығүл қырманы еді.

Күн де батты, Қойшығүл да тарысын илеп болды. Басын қара ала арқанмен байлаган үш ағаштан шылапшының түбін тесіп істеген елегін алып жатқанда, қызы Жамилә қызылдаған тарының айналасын сыйрып жатты.

Сол кезде бұлардың қасына Қаражан келіп:

— Уа, қырман тасысын!—деді.

— Айтсын!—деп Қойшығүл тарысын ағаш күрекпен үйе берді...

— Мынауышының қарасы тәуір ғой, қай жердің тарысын еді?

— Ана құмшықтың сыртындағы алпыс таяқ жердің тарысы ғой.

— Қанша түсер?

— Шамалаганым жок, енді қараймыз ғой,—деп Қойшығүл ағаш күректің сабымен шөмелे болып үйілген тарының айналасын бір сзызып, «бисемилда» деп күректің басын тарының төбесінен батырып қарап алты тұтамнан бір елісін артық шығарды.

Қаражан:

— Алпыс пүтқа дау жок,—деді.

— Орып жатқанда ақ өзімнің ойлағаным сол еді, — деп дед Койшығұл айтты.

— Мына екі үлкен зоратың қай жердің тарысы?

— «Тауын жарған» көлшіктің бергі басындағы екі десятнаның тарысы.

— Бергі мына кішкене зоратың ше?

— Жамиләжан былтыр тұқымға деп келдектеп алғаш шашқан ақ-бикеш тары еді.

— Мына үлкен зоратың ше?

— Құрмашжанға енші қылып шашқан ана жердегі сексен таяқтың зораты. Советтің солдаты несібелі бола ма деймін, бауы көп шықты.

— Солдаты несі?

— Солдат болмай қайтер дейсін, мойнына қызыл шүберек байлап, мұғаліммен бірге ойнайды да жүреді ғой.

— Ау, отағасы-ау, ана ақ шұнағың сойылып болды. Шикілей бөліп алатын ба едік, кәйтетін едік? Құн кеш болды, ертең бүттап аларсың тарынды,—деді Қаражан сөзін басқаға бұрып.

— Өзім де сүйтемін, тек айналасын жинап кетейін деп жатырмын. Сернелерің тойғызатын семіз бе екен?

— Отыз пүтқа алынып сойылып жатып семіз болмаса, не болады? Құдай біледі тойғызатын шығар, неше мешкей болсақта жеті кісіміз ғой.

— Қайдан білейін, өңкей топырак жұтып жүрген қара борбай тойса?—деді Койшығұл күргегіне сүйеніп,—бөліп алғасын берекеті бола ма? Тоймай қаласындар ғой, өздерің біл.

— Өздеріміздің де ойлағанымыз сол еді, аксақал макұл көрсө, бір жерде асып, бір жерден желік десіп едік. Сіздің үйдің қасында сойылып жатыр, сіздікіне асылады дағы,—деді Қаражан.

— Асылса асылсын.—деп Койшығұл Жәмиләға:—Қарағым, сыйбырынды таста, әжең сиырын сауып болса, үйге от жағып, қазанды аса берсін де, сиырларды мықтап байласын, қырманға түсіп кетпесін.

Ай жамbastыққа жетіп, көтеріліп келеді. Май қазанның бетіне шығып, Койшығұлдың үйінде ақ-құнақтың еті қайнап жатыр. Мандайлары отқа қызып, қайнап жатқан еттің иісі мұрындарына келген соң жұрт көңілденейін деді білем:

Каражанның төменгі жағында отырған бала жігіт Сырым серпіліп манадан бергі домоыраны тек шертіп отырғанын көніл:

— Баласы егіншінің қара борбай

Жеп кетті егісімізді қара торғай,—

деп әндептің жіберді.

— Үә, пәлі!—десіп бәрі де көңілденіп кетті.

Сол кезде ауылдың сыртынан көп баланың қосылып ән салған дауыстары естілді.

— Әзіден өасқа да «серне» қылып, ән салып жатқандар бар ма? — деді Каражан.

Есік жақтағы шек-қарын аршып болып отырған Күніш:

— Мұғалім балалары ғой, екі-үш күннен бері құндізде, кешке де ән салдырып ойнатады да жүреді.

Көп ауылдың қырманының сыртындағы кең тақырда, Қопа мектебінің мұғалімі Ержанұлы мектеп балаларымен, ауыл жастарымен Қазақстанның бес жылыш тойына әзірленіп жатыр еді. Әлгі Қойшығұлдың аулына естіліп жатқан ән—осылардің еді.

Бұлардың ішіне Қойшығұл қызы Жамилә да қосылған. Ән салушылардың біреуі осы Жамилә.

Ай күндізгідей жарық. Түн желсіз, тынық, жылы. Мектеп балалары—пионерлері, комсомол жастары, ауыл жастары қызу әзірленуде. Жастар көңілді.

Жамилә күндіз әкесімен бірге қырман айдастып, тары елесіп шаршағанын ұмытып, көңілді жүр. Тіпті үйіндегі «серненің» етін де ұмытып еді.

Жамиләны шақырып Күніш келді.

— Ерке қыз, ағаң кейіп жатыр, түн ішінде қайда кеткені деп, жүр үйге!

— Жамилә ойын бітпей бармайды,—деп балалар шулады.

— Жамилә кетсе, біз де кетеміз,—деп Алтын, Құміс, Ұшпат, Қамила, Бәтима, тағы бөтен қыздар шулады.

— Той өткенше кейімес,—деп мұғалім айтып еді, Жамилә қасына барып:

— Эжем кейімese кейімес, әкем кейиді, бұрын білмей жүр еді, өздерің барып сұрап алмасаңыз, мен қорқамын, қайтамын,—деді.

— Ауылдарың жатып қалды ма?

— Жоқ, «серне» қылып жатыр.

— Онда кімдер бар?

— Онда жылқышы қайнағаның баласы, үлкен бала, жалғыз бала, домбырашы жігіт, әйтеуір барлығы жеті-сегіз кісі бар,—деді Құніш.

— Онда жақсы болды, мен Жәмиләны да алып келейін, оларды да мұнда шақырайын. Мен барып келгенше, балалар тарарап кетпейсіндер ме?— деді мұғалім.

— Жоқ, жоқ тарамаймыз, тарамаймыз!

Мұғалім Ержанұлы қасына екі баланы ертіп, Жәмилә, Құніштермен бірге Қойшығұлдікіне кетті.

Сырым «Нар идіргенді» ыллұтып отыр еді.

Құлжан ағаштан істік істеп алды, Қойшұғыл қатынына қалқыған майға кесу ағашты батырып, жандырып жарық қылдырып ақ-шұнақ қойдың етін аударып жатқан.

— Қеш жарық!—деп Ержанұлы есіктен кіріп келді, баскаласы да кірді.

— Ешкің арық, жоғары шық, жоғары шық,—деп Қойшығұл төрден орын әзірлеп жалпылдай қалды.

— Осы ара болады,—деп мұғалім оттың қасына жігіттер арасына отырды.

Амандық сұрасты.

— Қарағым, Құрмашжанның молдасы екен ғой, аман ба қарағым? Гөрге шығып неге отырмадың, мына «серненің» еті пісіп жатыр,—деді Қойшығұлдың қатыны.

— Мен отырмайым, бір қызметпен келіп ем.

— Айта бер, шырағым!

— Біз мектеп балалары, ауыл жастары болып тойға әзірленіп жатыр едік.

Ержан сөзін бөліп:

— Тойың не, жолдас, келіншек алайын деп жатқан жоқ-сың ба?—деді.

— Жоқ, Қазақстанның бес жылдық тойы, ертең жоқ бүр-сікүні жаңаша ақырабтың төрті күні, біздің қазақ елінің ер-кін республика болып, автономия алған күні. Соған, міне, бес жыл толады. Сол күн қазақ кедейінің бақытты күні, тәндік алған күні, оның ішінде биыл Қазақстан үкіметі қазақ елінің ортасы Қызылордаға көшіп барып, ордасын тігіп, туын көтепіп, әрі бес жыл толғанына сол Қызылордада үлкен той бо-

лайын деп жатыр. Сол күні бізде—қазақ кедейі, шаруасы болып, той жасауымыз керек. Бұл той әсіресе, сендердің той-ларын.

Койшығұл сөзін бөліп:

— Қарағым, сол Қызылорданы айтшы. Бұрын шет жақта тұрғаныңа көңілім бітпей жүр еді, анау күні казактың қаңортасына көшіп барды дегенге, үйде отырған жаман шал болсам да көңілім бітіп қалып еді,—деді.

Мұгалім Ержанұлы Қызылорданың жайын, бес жылдық той жайын, өздерінің әзірленіп жатқан реттерін, байлардың бұған қалай қарайтынын, кедейлердің, шаруалардың қалай қуануға тиіс екенін бәрінде түсіндірді.

Жантайып жатқан Қаражан басын көтеріп:

— Бұл дұрыс қой. «Айт аттыныңі, той тоңдыңікі» деген. Бөтен айт-тоймен біздің жұмысымыз жоқ, атымыз, тонымыз жоқ. Анда-санда өңкей кедейлер болып «серне» қылғаннан басқа жерде ернімізге қызыл тиіп көрген емес. Ол айт пен тойды байлар-ақ алсын, біздің тойымыз нағыз мынау той деп сөзін аяктай:

— Жолдас, той күні біз барсақ болады ғой, қайда болады?—деді.

— Е, неге болмасын, менің мұнда келгендегі жұмысым әуелі Жамиләні той өткенде қарттан сұрап алу, екінші—сіздерді де әзірлікке шақыру еді,—деді мұғалім.

— Болады, бәріміз де барамыз, қашан барайық?—деді Қаражан.

Ертең сәскеде біз бәріміз мектепке жиналады, сонда келе қалыңыз, той күні не істеп, не қоятынымызды жобалап қоямыз. Қәне, аксақал, мына Жамиләні жіберініз, далада балалар күтіп отыр?

— Е, олай бара ғой, қарағым, мұндай қуанышты тойдан қалдырып кәйтейін,—деді Койшығұл.

— Ертең, бұрсікүні қырманды қойып, бәріміз де тойға барамыз,—деп жігіттер қалды.

Жамиләні ертіп мұғалім кетті.

Күн түс кезі. Желсіз шуак. Мектеп айналасында балалар шулап толып жүр. Койшығұл жалаңаштанып ұра қазып жатыр. Сырым домбырасың алып, Қаражан күпісін жамылып

бес-алты жігіт болып мектепке кетіп бара жатыр. **Жамилә** орнынан тұрып шешесінің қасына жылап келді.

— Карагым, неге жыладың, ерте тұрып мектепке бара-тының қайда?

— Ертең тойда басыма тартатын орамал жок, Күміс пен Бәтималардың әдемі қызыл орамалдары бар екен,—деді **Жамилә**.

— Ендігі базарға ағаң тары апарып сатады, сонда алып берер. Бұл той кедейлердікі ғой, айыптамас,—деп шешесі жүбатты.

Жамилә мектепке кетті.

Жұрттың бәрі мектептің үлкен бөлмесіне жиналды. Мұғалім Ержанұлы ертең тойды өткізудің жоспарын оқып шығып, қалаға екі кісі. Жалағаш мектебінде екі кісі жіберуі-міз керек, кәне соған кімді жібереміз?—деді.

Бір бала тұрып:

— Уш кісіден жіберуіміз керек, біреуін—окушыдан, бі-реуін —комсомолдан, біреуін—шаруа жастарынан,—деді.

— Бұ да мақұл, кім-кімді жібереміз?—деді мұғалім.

Қалаға окушыдан—Құрмашты, комсомолдан—Ысқакты, шаруадан—Қаражанды жібермекші болды. Жалағаш мектебінде де сондай уш кісі белгіледі. Бұлар айтатын сөздерін көң тақыраға шықкан соң үйренбекші болды. Сырым әншілерге косылатын болды. Қызыл туға жазу жапсыруды **Жамилә** мен Батимага тапсырды.

Ертең той күні ойнайтын ойын, жүретін жүріс, сөйлейтін сөз, салатын әнді қарау үшін барлығы кең тақыраға шықпакшы болды. Ертең әрбір кісі өз ауылының адамын қалдырмай жинап келуді міндеттіне алды.

1925

МУСА АКСАКАЛДЫҢ АУЫЛЫ КӨНІЛДІ ЕДІ

Исабай ауылнайдан шықкан хабар жан-жаққа таралып, лездің ішінде ел ішін шу қылды.

Қайынды көлден шығатын жінішке жолмен сырыйлатып келе жатқан арбалы Жоламан ауылына карай бұрылғанда ауылдің бір адамы калмай үрпісіп, сол арбалының жолын тосып түр еді. Матдайы тершігендегі каба сакалды қара кісі ал-қынып сейлекендегі жұрт жанынан түніліп, есінен айрылғандай болды.

Аузы кемсіген Қазина кемпірдің: «Жасаған-ай! Қараптарым-ай! Не деген сұмдық еді?»—деген сөзі ара-тұра есті-летін.

— ...Суық хабар шынға шыкты. Жан қалмайтын шығар; жұрт не деп жатыр екен? Не кам қылып жатыр екен? Жан-жақпен хабарласу керек, азаматтың басына қын қыстау іс болды. Заман ақыр осы дағы...

Тындаушылардың өні бұзымып, қара тұманның ішінде қалғандай болты. Қайғырған дауыс, әкпеші как жарып шықкан күрсінү мен ауыл іші күніреніп кетті:

— Жасаған-ай, не жаздық!?

— Құдай-ай өзің сакта, қараптарым ай. Қыршындарым-ай!—деген кемпірлердің қайғылы дауыстары үй сайын естіліп тұрды.

Ауыл ішінде үшеу төртеу бас косу, күбір-күбір әңгіме, піш-піш сөздер көбейе берді.

Қалампыр үйіне келіп, бүйірін таянып дауыс қылып жатыр.

Байзақ карт таянын таянып, қырға шығып күбірлеп жылап жүр. Жастар жыларында, қайғырарын да білмей теніздей толқынындай болып кетті.

Сарымсақ байдың бәйбішесі есінен танып қалып, оның үйінің алдында бір талайы топталып қалды. Бозбалалардың бірінен сон бірін құшақтап сүйіп, Қазина кемпір ойбай салды. Ауылдың басына акыр заман төнді.

Ақсак күрең дөненге салт мініп Бұзаубай ауылына ба-рып келген Ораз жаңа хабар әкелді;

— Мына жақтың азаматтары тегіс аттанып, Торғай аспакшы болыпты. Қазак атаулы хан сайлап, патшаға қарсылық көрсетпек. Алдымен адам сайлап Петерборға жібереді екен. О баста қазақты бағындырғанда осы патшаның әкесі ит терісіне жазып, қазақтан солдат алмауға ант берген екен. Әкесінің антын бұзатын болса, ел болып соғысамыз депті. Қазак көп халық екен. Бір шеті Қытайда, бір шеті Бұхарда болса керек. Эр жерде осылай қарсылық қылып, солдат бермейміз деп жатыр екен,—деп сыйқыртты.

Мұны есіткенде жұрт көтеріліп кетті.

— Кетеміз, кетеміз! Бізге кайда болса да өлім, әлде-қайда қаңғып өлгенше, кәпірмен соғысып шайт боламыз!—десіп күпілдеді.

Сәлмендікіндегі құдайыға сойған койдың етін жеп тарағанша бозбалалардың ойы: қырға қарай қашу, орыспен соғысу болды.

Бозбалалар бір-бір аттарын жалақтатып, ауыл-ауылға шапқылап жүрді. Үй сайын кой сойылып, құдайы беріліп жатты. Жылау, лаусы қылу көбейді.

Бірақ Сексенбай сықылды өлеңші жігіт бастаған бозбалалар ойын-құлқісін де тастаған жоқ. Тасыр-тұсыр шабыс, то-пыр-топыр алыс, отырған жерде әр түрлі қалжынмен думан қылып жүрді.

Әншейінде тіл қағысуға ынғайын келтіре алмай жүргендеге еркіндік болып, бозбалашылыққа жол ашылды.

Ысқактың Сабиласына үйдің артында кездесіп қалып Қасымбек тіл қағысты.

— Сәбила, енді не қыласың? Біз болсақ кетейік деп жа-тырмызы, тым болмаса, армансыз болып кетер едім, бір сөзін-ді үстастайшы.

— Кайдан білейін, әжем біліп қалмаса.

— Білсе қайтеді?

- Ойбай, үят кой!
- Үят десе, осы жерде бір сөзінді устат, кешке келепін бе?
- Келсен кел. Бірак жұрт жаткан сон.
- Ой қудай үрган сен мұнда жүр екенсін ғой.—деді біреу Қасымбекке.
- Үнлеме, жөніне жүре бер.

Табак-табак ет тартылып шара-шара кымызға дамыл болмады.

Жетіккен көніл басылып алқынған жүрек орнына түсті.

— Бермеке болмайтынис Орыспен араласып кеткен елтің калғандарының кырып тастайты Елті күйзелтеті.—дес-ти Бірак соғыска барып калатындары та болаты екен.

Таз, аксак, сокыр, котыр, молда, бала оқытатын мұғалім, жылқышы, койцы бір үйтे жалғыз бала калмайтын болды.

Ендігі тірек—алып калу, жүрт осыған кіресті.

Тобылғы сайтын бойшытады қыстауына жайлаудағы Мұсаның ачылы та тегіс көшіп келті Үлгі көше алмай кек ба-сып калған жатактардын атамы ағайындарына косылты.

Жатакта калғандар әнгіменің кызу кезінде жайлаудағы елге тиеліп барып, хан сағынан жакқа кетеміз, байлан ат мінеміз деп елді желіктірғен. Бұлардың бас көтөдер аксакалы—Карсақбай. Бірак көкігендері басылып, жүрт азырак ойға калған сон бұлар кайтып келген

Ел аблан мойынталап, әтам беруге калғанда Мұса акса-калдың бетолімен ачылышаң төпт боланы быладай калтыра-тын болып, он жеті боланы қазынаның етізін бағура кіргіз-ген. Һүл санакта Карсақбайдың бастаған жатактардын баласы жок, олар тегіс кететін болған Сондыктан Карсақбайға ка-дагантар сез шығарды

Ачыл сиртүнлағы жуз қаралы атам жинделған топтың ішінде жаш таңшы шығып сөйлөп жаткан Карсақбайдың:

— Інгеміз бір, бір тобымыздың бетенілігі жок, айлағы ал-емге келғен апат еті Алакула демей, апраттан аман алып ка-луға ет бастаған Мұсекен атальқ қылмас төйтін етік Бізге Караган ат төбеліндей азғана үйті айырып тастап, кара бас-тарынның камын ойлағантарына ренжиміз Ағайын, неге алалайсындар!

Муса аксакал кайсарып отырып алды.

— «Ат басына күн туса ауыздығымен су ішер», — деген емес пе? Эркім өз басымен кайғы, өзі өлмеске кам кылмаса, біреу үшін біреу кайғыра ма? — деп Мусекен күмілжіте салды.

Муса мен Касқабайға ачылнайлас ара ағайын Ермек тобынан да адамдар бар еді. Олардың Калымбет дейтін ақсакалы:

— О, жаным, жаксы айтасын, тобымыз бір екені рас, бірақ біз бір жаман елміз. Өзінің туысканың Қалдар тобына айт. Біз еншімілі алып отырмыз. Бірақ, мынау алышбай калатын торт адамға сендер де ортаксындар, біз оған кірісе алмаймыз.—дегенді айтты.

Мусекен бұған қызырандаш калды.

Олай болса, Казинаның өгізін бағатын он жеті адамның бес орнын сендерге берейік, кісі басы бес жұз сомнан ақшатбындар.

— Мусекенің бул айтып отырғаны өктем. Бізден онлай сома табылмайтынын біліп айтып отыр. Анау кірестігендегендегі ақша алмағанын да естіп отырмыз.—деп Касқабай тобынан біреу сейлед көле жатыр еді, Муса жекідіп тастады.

— Басты катырманнад! Оныңыз ла жүрт ақыллан ала-сып отыр. Солдатка алатын мен емес. Кудайына жыла!

Исабай ачылнай ертегі шайын алдына ала бергенде-ак шілінің сыртына жеті-сегіз арбалы түсіп жатты.

Ачылнай шайын ішіп болғанша олар лалада күтіп отырды.

— Шырағым ачылнай, «жүртпен көрген улы той» дегев гой, айтпесе колдан беру онай ма? Бір ылажын кылуга болмаспа екен деп сізге жолығайык деп келіп едік.—деді. Булар жатактар еді.

— Патшаның әмірінен бас тарту болмайды. Енді киканды көрек.

— Шырағым-ау, шынымен кете ме?

— Колыннан келсе алып кал!

— Бізлің көлымыздан не келсін.

— Сөзді узартуға болмайды, мен казір спискеден айтамын. Олар дайындала берсін.

— Жұмакан Қарсақбайұлы жиырма бірде, Атымтай Қарсақбайұлы он тоғызыда.

— Қарағым, ауылнай тұра-түр, Мұсаның Бекеті нешеде екен, Атымтай сонымен түйедей құрдас еді.

— Онда жұмысын болмасын, мен спикедегі жазуды білем.

Байлар балаларының жасын ілгерілі-кейінді жаздырып, жатактағы сорлылардың балаларың тізіп қойған екен.

Болысқа шапты, басқаға жолықты, ештеге өндіре алмады.

Жайдак арбаға жауыр аттарын парлап жектіріп, тиелін жөнелерде Қарсақбай көп сөз айтты:

— Шырағым, беттеріңнен жарылкасын, сендер тұмасаңдар қайтер едік, азғана күн қызыктарының көрдік, енді бастарыңа мынадай ауыр күн туды. Бұда талаптарыңа болған шығар. Аман жүрсендер бір күндей болмас, оралып келесіңдер. Жалғыз-әк мынау Мұсаның қорлығы жанға батып отыр. Балаларыңың жасын жасырып, көбін алыш қалды. Бірсынырасын ақшамен қалдырыды.

Олардың салмағы бізге түсіп отыр, күдайдың да, патшаның да қорлығынан осы Мұсалардың-әк қорлығы өтті.

Қарсақбайлар тиеліп алыш жөнеліп кетерде ауыллағы қатын-қалаш, кемпір-шал у-шу болып қалды.

Құсайынның әке-шешесі не боларын білмей ойбайлай берді.

Жұмакүл баласын жоктап, дауыс қылды. Ауыл азақазан.

— Басы қорқыныш болса да, тубі сүйініш болды деген осы дағы,—деп бәйбіше шүкір қылды.

Айдың жартысы жарық, жартысы қаранғы дегендей Қарсақбайлар кайғыдан кан ішіп жатқанда, біздің Мұсекен ауылы уайымсыз еді.

1926

«ШАЙДЫҢ ҚЕСІРІ...»

I

Жүрт Ырыстыны аңыз қылышады:

— Мұрны терлеп шайды күніне екі-үш ішпесе, кесеге жүқтырып айрандай қылып ішпесе, отыра алмайды. Қалманға мал бітпей, кедейліктен құтыла алмай жүргені де сол, — деседі.

Ол баяғы Нөкең заманы ғой.

Қалман момын жігіт. Қатынына қарап «ә» деп аузын ашып көрген емес. Қатыны Ырыстының ішем-кием дегеніне барып аяп та көрген емес. Басқа кейбір үйлер шайын таусып отырса да, Қалман үйінің шайы үзіліп көрген емес. Ырыстының шайды тәтті қылып, мұрынның қанындай қою қылып, қаймақ құйып, баптаң ішетіні рас. Қалман да жұмыстан шаршап келгенде қатынының баптаң берген тәтті шайын ішіп бір жасап қалушы еді. Эйтегі Қалманның әкесінен қалған жапырық қараша інгендей, жырық шумек жапырақ қара шәйнек оттан түспейді.

Ол заманда Қалманның да, Ырыстының да жас шағы, қайратты шағы. Қалман кісіге де жүреді, біреумен артелдесіп егінді де көп салады, кей жылдары шойын жол болына көшіп барып кәсіп те қылып қарады. Бірак Қалманға бір бұзаулы сиыр мен бір тұғырдан басқа мал бітіп көрген жок. Табысы қанша көп болса да, көйлек-көншек пен шайдан ауыспайды.

Бұлардың да өзіне боларлық қонағы болады: кейбір пысықша атқа мінген жігіттер, өсекші қатындар қыдырып келіп, өтірік мактап «келін сенің шайың тәтті» деп шай қайнаттырып ішіп кетуші еді.

— Шай таусылып қалды, базарға барып шай әкел!

— Кешегі базардан әкелген жарты қадақ шайдың бір жеті болмай жатып таусылып қалғаны ма?

— Таусылды, әйтеуір мен ешкімге үрлап бергенім жок.

Әне сонда ғана Қалман, тор шолакты ертеп жатып, өз-өзінен:

— Осы шай құрымай бізге жарық жок кой,— деп күнкілдеуші еді. Одан артық сөз де айтпайтын...

II

Патша түсті, төнкеріс болды. Азамат соғысы болып, заман алай-түлей болды. Қалаларда, базарларда бұрынғы кай жер болса, сол жерден ашылған дүкендер жабылды, сан-сапалак қылдырмаши сәудегерлер бітті. Кездеме таусылды, жұрт шекпен, жарғақ килі, қайыс киді. Мұндай заманда шай болышы ма еді? Анда-санда көрінген алма шайлар ілкі кезде Қалмандартын колына түсті мә? Әделгі кезле Қалманның катыны жұртпен бірдей бұрынғы шайты өгейсіп түйе жапырактын тубін, ат құлактың басын шай қылып ішіп журді. Бара-бара оны да қойып, әбден шөлдегендеге ғана су қайнатып ішіп, болмаса ашыған көжениң сүйнін ішіп жүре беретін болды.

Ол заман бәрін еріксіз қасіпке, коланерте үйпеткен заман болып жұмыска легенде Қалман жұртташ кем неге соқсын. Қасіпті бұркыратты кеп Егін салты, сұарма салды, көрші орыс поселкесінен көргенін істеп бағшыла салды. Иші те болды, мор салып, тез күрүп үйші те болды. Онда Ырысты да карап отырмайтын болды. Бұрынғы катыншармен басты біріктіріп алып өсек айтып, күннің көбін шай ішүмен өткізуін орніша, Қалмачға сенсөн тоц, қырықпа шалбар тігіп берлі Алаша, кал токылды. Түйе жүннінен өзінә шилем, бешпент токып килі. Түйенін шұтасынан онкай-солакайлы қылып, құс тандайластырып байына бияз шекпен токығанын көргенде, жұрт «қыл трикоден» кем емес леп мактасып жүрді. Әйтеуір Қалман даладан тапса, Ырысты үйден тапты: Қалманға қаладан кездеме ізлетпелі. Бұрынғы айрандай қою қылып ішетін тәтті шай — «цилон шайы» ойна кіріп те шыкпады.

Не керек, сонымен Қалманның шаруашылығы көтеріллі. Бұрынғы бір бұзаулы сиыр, екі бұзаулы болып, бузаз кашарымен үшеу болды. Бұрынғы жалғыз тор шолак, алмас өркеш сары інгенимен екеу болып, өз алдына сабан айдалды.

Оған да бір талай заман болып қалды.

Марттың іші. Күн шуак. Есік алды, үйдін күн жағы азырақ еріп, кар жөнтектелінкіреп жатыр. Оразаның, іші. Үйінде кемпір-шалы бар бірсыптыра үйлер ораза ұстаган. Қалман сияктылар оразаны не қылсын! Жас жігіттер мен қатын-қыздарлың аузы ашық.

Күн шарыктап төбеге шыбып, терезеден түскен сәуле күле карап үй ішін ажардантырып тұр. Қалман үйде жок еді. Үйінің үлкендері ораза Екі-уш катын жиналышп, Ырысты бәрі баяғы жапырық кара шайнекті ортаға алып, әңгімені соғып шай ішіл отыр. Ортада отырған бір катын, жаулықты кейін қайырып тастап, омыраудың желліп, созып бір кекірді де:

— Адам-ак, осы сенін байынның шаймен ісі жок-ау, біздін үйдегілер ғой шайдың мезгілі ауса, ауырып қалады.

Ырысты мұрнының терін бір сығып алып:

— Иә, оның шаймен ісі жок, ішсе ішеді. ішпесе ішпейлі, журе береді. Мен өзім күніне екі-уш мезгіл ішпесем отыра алмайым — деді. Төменірек отырған бір катын:

— Шешей-ау, сен өзін шайды тәтті қылып ішесін-ау, мына шай жағып, терлетіп барады, шекердің өзі ауыздың дәмін келтірмейді, мәмпаси та бермейсін-ау?

— Ой бу келінде не жок дейсіз, әкелші, осындай оңашада шайды бір тәттілеп ішелік.

· Ырысты турып барып, сандықтан мәмпаси әкеллі.

Әңгіме қызды. Откенлі-кеткенді, бурыны шай жок кездерді, бугінде кім шайды көп ішетінін, кім тәтті қылып ішетінін айтысты. Аяғында кешегі Ақметтін кашып кеткен қызын, оның сот алдында да әке-шешесін аямағанын, оның бетсізлігін әңгіме қылышты. Кешегі каладан шықкан сайлаушының кол салғанын, әнеугі милициямен үй артында сөйлесіп турғанын айтып, әлті жас қатынды мазақ қылып ортаға алып үйді бастарына көтерісті.

Пештің тубінде, топай, асық, таспен ойнап отырған екі-уш жасар Сағындық мұрнына боғы ағып, бірсесе отауланып, боғы аузын жауып келіп Ырыстыдан шай, шекер сұрады, «Койши» деп шынтағымен бір-екі итеріп еді, бала ыңқылдап кетпеді. Ырысты мандайының терін

бір сипырып, жанбасына сурте салды да, алдындағы шекерінен бір тістеп беріп, аузына салды.

— Қісінің иығына асыла бермей, ойнашы барып! — деді. Сағындық шекерді қытыр-қытыр шайнап, пештің аржағына жүгіріп шығып, көгендеулі тұрған екі лактың құлағынан тартып бақыртты.

— Сағынжан, тиме лаққа!

Бырт-бырт күйесеп жатқан сыйның мүйіз сиырдың бұзауының үстіне мініп еді, ол тұрып жығып кетті, жылап қалды.

— Мұнда кел, бұзау аяғынды басып кетеді, асығынды ойна!

Сағындық көзінің жасы мұрнының боғына қосылып, жылағанын қойып, бір жаққа шығып, от басындағы күлді шашып, құманды құлатып ішіне күл толтырып ойнады.

Қара шайнек еңкейе бергенде үйге Қалман кірді.

— Кеке, кеке, мойнымды сүйт! — деп Сағындық өтірік сақауланып, Қалманға жүгіріп барды. Қалман айналып-толғанын мұрның сүртіп, көңілсіз дауспен:

— Баланың бет-аузын жуып, сүртіп тазалап қойса қайтетін еді, үсті-басының бәрі күл, топырак, — деді.

— Жаңа жуайын деп отырдым да, мына бір шайға айналып қалғаным.

— Ой, шайда басың қалсын, осы шайы құрғыр неге құрымайды? «Шай» деген тағы бір пәлеге қалған екенбіз!

Қатындар әңгіменің түрін жаратпай, үйді-үйіне тарасты. Қалман тағы қабағын түйінкіреп, даусын қаттырақ шығарып:

— Бір шай, ертеңінде де шай, кешке де, түсте де, әй-теуір бір шай, шай ішсе болғаны. Мына баласын таза ұстаумен, үй ішін таза ұстаумен, жұмыспен ісі жоқ! Есік алдын, малдың астын, пішеннің алдын мен тазалаймын. Ең болмаса үйінді таза ұстасаң қайтеді? Мынау шашылып жатқан күл, құлап жатқан құман. Ана бұзаудың асты тазалаусыз, үйдің іші сипырусыз, киім-кешекті, төсекті, киіз алашаны осындан күн шуақта далаға жайып, тазалап алсаң қайтеді. Шайнек астына шок қоям деп төрдің ортасы — қынау көл. Жаңа Қойшыбайдікіне бардым. Үйінің іші тап-түйнектай, тап-таза. Сүтке тары салып жеп, артынан ашыған көжені жылтырып беріп еді, шайдан бір кем емес.

Ана жылы шай жокта да жаксы күнелтіп едік қой, осы шай пәле болды. Мал да жиғызбады. Қиім де кигізбеді. Бес ешкінің екеуін қытай шайға саттық. Жалғыз баспақты тағы бермекші болды...

Қалман осындай бір талай сөздерді қаттырак айтты да, қолына күрек алғып бұзау астын тазалай бастады.

Кунасын мойнына алғандай Ырысты үндемей шайды жия бастады. Қалманның момындығы сонша — бұған дейін мұндай сөзді қатынына айтып көрген жоқ еді, қатыны да карсы бір ауыз сөз айтып көрген жоқ еді. Сондықтан Қалманның бұл зілді сөзі Ырыстыға орасан ауыр тиді. Қалманмен он бес жыл отасып мұндай сөз естіп көрмегендіктен таяқ жегеннен кем соқпады. Қөзіне жас келді. Белін буынып алғып үй-ішін су сеуіп сыптырып, киім-кешегін далаға шығарып жайды, баласын шомылдырды.

Күндеңі ортаға алғып жататын Сағындықты бүгін Ырысты от жаққа салды. Қалманды құшақтай түсіп жыламсырап:

— Бүгін маған неге ашуландың? — деді.

— Мені ашуландырган шайдың кесірі. Болмаса сенде де, менде де жазық жоқ. Өмірімше кедейліктен құтыла алмадым. Ана жылғы шай жокта тәуірлене бастап едік, осы шай шыққаннан бері дым шақ келмейтін болды, болмаса сені мен жек көрем бе? — деп, Қалман да қолын Ырыстыға артып, бауырына тартты. Ырысты өксіп кетті. Қалманның бауырына жабысып қалды. Екі құшақ бірін-бірі қысты. Екі ерін бір-біріне жабысты.

1927

«НАУРЫЗДЫҚ»

Жас көженің буы, сүр еттің исі үйдің ішіне тегіс тарап, терезеден күннің жылғы шырай сәулесі түсіп, Қалман үйі көнірсіп тұр. Үйдің іші, киім-кешек, төсек-орын реттеліп жиналған. Төр жакта Ұрысты киіз-алаша төсеп жүр.

Улken тай казанда бұы бүркырап көже қайнап жатыр. Пештің ар жағындағы казықна жас бұззу байланып, біреу се тартылып тәлтіректеп жығылып жатыр.

Сорпа бүркіп қайыс тоқпактап отырған Қалманның иығына асылып тұрған Сағындық:

— Қеке, наурыздық көжені неге асады? Ол «наурыз» деген не? — деді.

— Наурыз деген, қарағым, ол — жана жыл, жыл басы. Бұрын сен бесте едің, бүгін алтыға шықтың. Был енді алтыға шығып атқа мінесің. Бұл сондай қуанышты күн.

— Қеке-ау, былтыр Құрмаштың тайы жығып кеткен. Мен өзіміздің торшолакқа мінем, ол жығып кетпей ме?

— Байлардың тайы тентек болады, біздің торшолақ жуас, жықпайды.

— Наурыз болған соң енді не болды?

— Наурыздан соң күн жылышып, қар кетіп, жаз болады, киіз үйге шығамыз, есігін саламыз.

— Үй, алақай, апа-ау, киіз үйге шығамыз деді, — деп Сағындық Ұрыстыға жүтіріп барды. Ұрысты да көжені бір былғап, қазаңдағы шскені аударып койып «е» деп сөзін қостап, Сағындықтың арқасынан қакты.

Бір жапырак ет пен бүйенге құйып салған уыздың бір белегін ауызға салып жіберіп, шайнап жаткан жаман тоңды Бектеміс карт:

— Бұғінгі наурыз күні Самарқанның көк тасы ериді екен, сонда жерде асықтай ақ, тобықтай тоң қалмайды деуші еді, бұрынғы қарттар, — деп қолын қайта табаққа салды.

Төменгі жақта отырған жас жігіт. Мырзакұл қолындағы омыртқаны мүжіп отырып:

— Ол күні тас ериді дейсің бе, әшейін қар ериді деген сөзі дағы, — деді.

— Ау, балаларға асатындар, баяғыда бәріміз де үлкендерден дәме етіп, мұрнымызды тартып тұратынбыз.

— Уай, олар сүт катқан ақ көжемен болып жатыр.

— Сонда да, кел Сағындық!

— Кел Жұніс!

— Кел Жұсіп, кел Қарабала, кел Шуақбай, кел Қойшыбай, кел келіндер...

Қолын сүртіп жатып Жақып:

— Қалман, сен соқанды реттедің бе? — деді.

— Соқам дайын, бірақ бір көлігім кем, бірігетін бір кісі керек. Мынау қайыска дейін дайын.

— Онда біздің Асан біріксін, кісі таба алмай жүр еді.

— Жақсы.

— Усен ше?

— Жұмаділмен бірігетін болды. Омар Оспанмен бір кос.

Ет желініп, наурыздық көже ішіліп болды. Жүрттың карны бір қампайды. Әлгі жаман тонды Бектеміс қарт бір кекіріп қойып сөзге кірісті.

— Жұрт көжеге тойды, енді шаруалардың басы мұндағы косыла бермейді. Бұғін наурыз, ертең қар кетеді. Өлмеген құлға жаз болып қалды. Алдымында қоян келеді. Оған ерте камданбаса болмайды. Сендер соқа-саймандарынды, бірігетін кісілерінді айтып жатырсындар, «отауын сайламай, ошағын сайлаған» дегендей, алдымындағы өнімді, айдайтын жерімізді дайындау керек. Былтыр осы сайдағы жиырма шакты кедейлер әрқайсымыз әр жерге тозындал кеттік. Мұнымен жүріп оңбаймыз.

— Бұл мақұл!

— Бұл дұрыс!

— Рес, бұл дұрыс, — деді Мырзакұл.

— Рес, бұл дұрыс, кеше мұғалім газетте жазылыпты

деп айтып отыр. Алдымыздағы жазғы егіндік, шабындық қайта бөлінеді, алдымен кедейлерге жақын жерден, тәуір жерден беріледі дейді. Оның үстіне бәріміз де қосшыдамыз. Қосшының, кедейдің айтқаны болатын болса, осы Бозобаның бауырын сұрау керек.

— Бәрекелде, сөйту керек!

— Біз байлардай алысқа да көше алмаймыз, бәріміз Бозобаның татыр көлмегінен қонып алып, малды әрі қарай жаю керек, малды бір кісіге бақтыру керек.

— Дұрыс, дұрыс, біздің Хасен биыл соқа сала алмаймын деп отыр. Ортамыздан егін салып беріп, малды соған бақтырайық. Әрі жәрдем болсын, — деді бір пысықша катын.

— Болсын!

— Сөйтейік!

— Ал енді тарқайық!

— Наурызды көжеге келеміз деп алдағы шаруашылығымызды бітіріп алдық-ау, — деп Хасен куанып қалды.

Жұрт тарауға айналғанда есіктен бір бала ентігіп жүгіріп кірді.

— Немене, асығып кірдің ғой?

— Мені мұғалім жіберіп еді. «Бұғін кешке наурыз мейрамына арналып, шаруалар үшін мектепте сауық кеші болады. Соған барлығы да қалмай келсін» деп еді, — деді бала.

— Эн сала ма, өлең айтыла ма?

— Болады, болады!

— Жақсы, барамыз, — деп еркектер үйден шықты.

— Қатындар, қыздар да бара ма?

— Барады, барады!

Сағындық қолын шапалақтап сыртқа жүгіріп барып:

— Эже, мен де барам ба?

— Қарағым, өзім алып барамын.

— Алқай, — наурыз, бұғін — ойын.

1927

ЕСБИҚЕҢІЦ ӘГІНІ

I

Терезеңің бір көзі жамау, бір көзі бүтін жерлерінен гүсken күн сәулесі, төр алдынан кесе салынған пештің қабырғасын қиялай барып, қазбауыр шарпы **бұлттың** көлеңкесіндегі бір жері анық, бір жері күмілжі мәнер салып тұр еді. Бұлтты күні күнгірттеніп, үй ішін көңілсіздендіріп тұратын сыйырайған жарығы — бүгін шарықта, жоғары көтеріле бастаған сары шуак күннің сәулесімен үй ішін жадыратқанға бұның да көңілі жаңданғандай, көтерілгендей, ыңылдан өлең айтып Қалман етігінің жұлығын таспалап отырды. Қалманның астына екі қабаттаған сырмактың шетін баса талтайып отырып, үш жасар баласы Ермек асық пен топайды бірінің устіне бірін қойып балғамен тарсылдатып үрып отыр еді. Қалман өлеңімнің өнерін бұздың дегендей, Ермекке ажырая қарал:

— Қой дегесін, қой енді! — деп қолынан балғаны жұлып алып, өзінің мына жағына қойды. Шолақ мұрны одан да жоғары көтеріліп, аузы кемсендеп, зорлықпен даусын шығарып жылау араластырып:

— Әже, әже! — деді.

Пештің түбіне тақап қойған көне астаудағы малманы сапсып жатқан Есбике кейінкіреген кісідегі:

— Ой, құдай-ай, балаға жекіріп, үрсып жылатқанша, «колынды үрып аласын» деп алдап-сулап алса! қайтеді? Оны жұлып алып жылатқанша... — деді де қолын астаудың кемеріне сүртіп-сүртіп аналық мейірімді даусымен:

— Ой, құлым, кішкентай Ермегім! Келе гой, айналайын өз қасыма келші. Ағаң ұрады, оның қасында отырма, мында кел! — деді.

Ермек өксіп, міндесіп, талтаңдап Есбикеге келді. Қолының басын тигізбей, қолтығымен бауырына қысып, айналып-толғанып жатып:

— Қарағым, сен кім баласысың? — деді. Ермек әжесіне көңілі біткен кісішे сақауланып:

— Әже бала! — деп күрсінді.

— Ой, айналайын, өзім балам. Мына жерге пештің түбіне отырып ойнай рой! — деді де. Төсектің аяқ жағындағы кебеженің артынан оннан аса асық, топайларды әкеліп берді.

Ермек пештің түбінен қонысы табылғандай жайланды.

Тоғыз жасар қызы төсек алдында түрегеліп тұрып үршық ніріп, балдыրғандай кішкене саусағы майысып шүйкені көтере алмай тұр еді.

— Қарағым Ұлбике, үршығынды тастап, шапаныңды киіп сыртка шық! Жаңа бұзаулаған сиырдың алдында шөбі таусылса, пішеннің куысынан, тоғай шөбінен азырақ сұрырып салып қой. Өгіздің біреуі шешіліп кетіп сүзіп тастамасын, бар, қара! — деді Есбике бір теріні иден шығарып сұлырып жатып.

Ұлбике үршығын тастап, шапанын киіп, белін буынып, пештің аржақ түбінде жатқан жаңа туған жас бұзаудың тұмсығынан ұстап, аузына тілін салып ойнап отырды да далаға шығып кетті.

Есбике алғы иден шығарған теріні қырып, сұлырып, сыйып астаудың кемеріне койды да, оттың алдына жүресінен отырып, колын сабындан жуып жатып Қалманға қарап:

— Енді мына қайысынды далаға бақанға жайып, кептіріп, уқалап ал. Сонын осындағы қол бос уакытта тіліп, өріп дайындалап ал. Тағы да былтырғыдай қайыс болмай арқан біткенді сабанға салып, үзіп жоқ қылып боларсын. Мен мына бір-екі үш қырықпаны илеп, томарбояуға бояп, саған шалбар тігіп бермесем, жазғытуры жұмыс кезінде, қара сұқта киетін шалбарың жоқ, — деп бірталай шаруашылық қамын қоңырлатып айдал шықты.

Қалман катының айтқанына пәлендей қарсы келейін демесе де өзінің ойындағысын айтты.

— Был жүрт егін салар дейсің бе?

— Е, неге?

— Кеше мына байдың ауылы, Алдиярдың қызының

тойында: «Был егін салудың керегі жок, бәрібір салған егінінді қазнага алып кетеді. Оナン да тыныш отырған жақсы...» десіп отырды. Сірә, жүрттың көбі егін салатын түрі жок.

Есбике бұл әңгімені жаратпай, бетін азырак тыржитып, даусын әлгіден гөрі нығыздал:

— Ой, құдай-ай, мен был егін шықпайтын бірдеңе болған екен десем, сол ма айтып отырғаның! Қазынаға алғанда да бар болсаң алады, жок болсаң ненди алады. Қөп болса салған егініміз шыға қойса жартысын алар. Ең болмағанда әйтеуір өзімізге ішерлікті береді ғой. Бірақ кедейден алар дейсің бе, байдан алатын шығар. Олардың сөзіне қарап жолдан калудың керегі жок! — деп оның теріс пікір екенін сыпаттағысы келді.

Қалман тағы қарап отырған жок:

— Е, жүртпен бірдей көреміз дағы, елден ала-бөле қайтеміз. «Елмен көрген ұлы той» деген! — деп езу тарта сөйлеп, күбірлеп өзінің табансыздығын білдірді.

Есбике өршелене түсті. Қабағын кіржитіп:

— Қой, қой! Енді осы жас ортасына келгенде тамақ үшін тағы бір байға қоңсы қонарым жок. Он жыл бойына байға күң болып, сирын сауып, қойын қосып, арқанын есіп көрген қорлығымыз да жетер, есінде ме? Он жыл бойына екеуміз бірдей байға малай болғанда шыр біткен жоқ еді, төрт-бес жылдан бері өз алдымызға түтін түтетіп, өз алдымызға еңбек етіп, кісіге жалынбай егін кәсібіне айналғаннан бері үш-төрт қара жинап алдық. Бәрінен де еңбегінді егінге тәк. Әңгіме егінде екенін көріп отырмыз ғой. Ол балалар айта береді, несі кетіп барады, егін салмаса астықты сатып та алады. Олардың сөзі біз құсаған кедейлерге зияннан басқа түк бермейді. Ал егін салмадық. Ішерлікке жалғыз бұзаулы сирынды сатасың ба? Жалғыз мәстегінді сатасың ба? Азғана майдан айрылсак, тағы бір байға телміру ғой, — деп тағы көп сөздер айтты.

Қалман Есбикенің бұл сөзінің бас жағында-ақ өзінің айтқанының теріс екенін мойнына алып және де оған қарсы айтатын өзінің дәлелі жоқтығын есіне алып, аяқ жағын жөндең тыңдаған да жоқ. Қатынына қарсы бөтен сөз де айтқан жоқ. Етігін жамап болып, жамаған жерін балғаның сабымен ысып, етігіне күздігүні сойған тоқты-

ның күйрыйынан арнап алыш койған аз ғана күйрыйтын
калмышымен майлап, уқалай берді.

Үйге Ұлбике кіріп:

— Әже-ау, далада күн әдемі-ак, шуак, жығ-жылы.
Есік алды сар сідік болып еріп жатыр! Енді кар кетер
ме екен? — леді.

— Е, қарағым, амал тұды. Мезгілі болды ғой, ұзамай
енді кар кетеді. Жаз шыққасын егін саламыз, киіз үйге
шығамыз! — деп Есбике Ұлбикені қызықтыра сөйледі.

Есбике киініп далаға шығайын деп жатыр еді.

— Әже, мен де дала баям! — деп Ермек ыңырысып ор-
нынан түрекелді.

— Ұлбике, Ермекжанды киіндіріп далаға алыш шық-
шы. — Қап, манадан бері шуак уақытта алыш шықпазған
екенсін. Мен отын-су алыш, сиыр сауайын! — деп Есбике
шықты. Ала күпісін кигізіп, ала карғадай талтандатып
Ермекті ертіп Ұлбике шықты. Өзі жамаған етігіне жана
етік киген кісідей куанып мал жайлауға Қалман шықты.
Манағы пешке түсіп тұрған күн сәулесі өні қашыңырап,
жоғарылап барып, үйдің екінші жақ кабырғасына түсіп
тұрды. Терезенің әйшегінс қаймақшып азырак үштаптың
мәнеріндей көркем өрнек пайда болды.

II

Қалман—құшық бетті, шокша сакалты, кішірек көзді
кара кісі. Жасы қырыққа келіп қалған. Бірақ баяғы жиырма
жасындағы Қалман сияқты бір калпында тұрады да
кояды. Экесі Қойбағар байғұо ағайыныңа: бөлініп, жок-
шылық зардабынан Мұқаш деген байға коңып, өмірі
соның малайлығында өткен. Жалғыз баласы осы Қалман
еді. Қалманды жасында сол байдың козысына салды. Одан
көйна, одан жылқысына салып, Қалман ержеткесін барып,
өзі карғайғасын белгілі мал бағудан қалып, кешке анылға
мал келгенде шеттің қаймырып, бие байласып, қауға тартып,
ертеңгіде мал оргізген сияқты шұқымша шаруашылыққа ғана
карап қалды. Бұдан он екі жыл бұрын бар малы жұтап
көші алмай, сол байдың қасын паналап қалған көшпелінің
қызын баласы Қалманға алыш беріп еді. Одан үш жыл соң

Қойғабардың өзі, бес жыл соң кемпірі өлген. Міне, содан бері Қалман Қойбағардың жаман шатбасына ие болып қалып еді. Қалманға жалғыз бұзаулы сиырдан басқа мал бітіп көрген емес.

Қалман қой аузынан шөп алмайтын момын кісі, кісі бетіне қарап бір ауыз сөз айтып көрген емес; байдың сөзін де екі қылыш көрген емес. Өзінің істеген ісін, орындаپ жүрген жұмысын, бағып жүрген малын ғана біледі. Сондыктан байға да жағып еді. Бірақ бір артық жері қайыстан өрім өреді, аркан еседі, түйін түйеді. Ағаш шауып арба, шана ондайды. Етік жамайды. Реті келген жerde темірді де қидың шоғына салып, күрек, шот шегелейтіні бар. Бұның бәрі де байдың кез келген жұмысын істеумен жүріп, өзінен өзі тәжірибемен үйреніп кеткен.

Есбике әлгіде айтқан бір көшпелі табынның қызы еді. Қалманның катыны, Қалманнан бес-алты жас кіші. Зор денелі, бойшандау, түйіртпек мұрын, жарқабақ, шүнгіл көз. Бір үртінда шыккан жарадан қалған ойылған шүнқыр бар, ерні қалындау, аузы улкендеу, айғыз қара, саусақтары бакандай, ереккденелі кісі еді. Аныктап айтқанда сулу емес, ажарсыз кісі. Денесі қандай еркек пішінді болса, даусы да сондай сампылдал сөйлейтін ірі дауысты.

Әлгіде айттық кой көшпелінің қызы еді деп. Сондыктан ерекк істейтін жұмыстың көбін атқаратын еді. Оның үстіне әкесінің ерекк баласы болмай, ерекк бала есебінде мал да бакқан, қауға да тартқан, күрек те ұстаған. Жасында осылай үйренген жұмысын Қалманға келгесін де қойған жок. Кейде байдың үйіне қонақ келіп, мал соятын кісі болмағанда тоқтыны өзі сойып, өзі асып, өзі пісіріп бере беретін. Мен келіншек екенмін деп иба қылыш туруды былай қойып, кейде атқа мініп, мал да қайырып келетін. Ісі осындай болса, міnezі де сондай еді. «Қасым қайын аға», «Досым қайным», «Алтын шешей», «Күміс енем» деп өзінен улкенді-кішілі кісілердің атын атай сөйлеп, ерекктермен әнгімеге катысып, дардай қайын ағаларымен реті келген жerde қалжындастып сала беретін. Бастапқы кезде Есбikenің бұл міnezін ауылдың катын-калаштары теріс көріп өсектеп журсе де сонынан бәрі де үйреніп, ол міnezін айыптауды қойған-ды. Қайта оның орнына: «ереккепен ерекк болады, әйел мен әйел болады. Үй мен тұздің шаруашылығына бірдей» деп соңғы кезде мақтайтын болған.

Қалман мен Есбикенін мінезі екі түрлі болса да, екеуі біріне-бір майдай, тату-ак. «Мен еркек едім, сен кіммен сөйлесіп тұрсын?» дег Қалманда жок та, «байым анандай» деп кім көрінгенге қырындау Есбикеде жок. Екеуі де тек күні-тұні істеп жүрген жұмысын біледі.

Оның үстіне үйдегі, түзделгі шаруашылыкты өзі істеп, өзі келістіріп жүргесін шаруашылык ретінде де басқа ретте де Қалман Есбикенін карсыына шығып көрген емес. Есбике де «байым біледі» деп тұrmайды, өзі істеп, өзі төс-теп жүре береді. Сондыктан алым-салымның реті болсын, үй-акшаның реті болсын, алмаң-бермектің реті болсын, елдің атка мінерлері Қалман кайда темей Есбикемен сөйлесіп, онымен келісіп жүре беретін. Сондыктан ол үйді Қалманның үйі темей «Есбикенін үйі» дейтін.

Бұдан үш-төрт жыл бұрын енбек акы туралы бай-бай-бішемен келісе алмай Қалманның тұмаларының қасына көшіп келіп, бурынғы ата бәйегінің орнынан кішкене қыстау үй салып, кісіге жалдануды қойып, өзіндегі бір ағайындарымен бірігіп егін салу кәсібіне кіріскең. Содан бері бір бұзаулы сиыр, бір ат, бір пар өгіз малы болды. Осы халға жеткеніне Есбике шүкірлік қылғандай қасіпке бұрынғыдан да бетер шүғылданған.

Былтыр шабындық бөлісінде де, Қалманды былай койып, Есбике бөліс болып жаткан жерге өзі барып, өз қыстауының тұсынан шабындықты бөлдіріп алып, пішенді де биыл көп алып азғана малы күйлі еді. Бұзаулаған жалғыз сиыры көжесіне катық болып, акка ауыздары тиіп шаруашылығы ілгері кеткендей еді.

Жоғары егін салу жөніндегі кенесте Есбикенің өршеленіп отырғаны да сол еді.

Сонымен Қалман Есбикенің айтқанынан шықкан жок. Қайсын үкалап, тіліп, өріп сабан құралдарын дайындаі берді. Есбике де терісін илең, сүріп, бояп шалбарын тіге берді. Бұлармен катар күн де күн сайын шарықтап жоғары шығып, қызулы нұрын ақ көрпелі жер бетіне мол түсіре берді. Жер беті де күлімдеген күн нұрына ұялып терлеп, беті айғыздача берді. Күниен қысым көрген карда егіл-тегіл болып жылап, көзінің жасы есік алдына, сай-салаға көл болып іркіле берді.

— Эй, соп-соп, боразда, боразда! — деп анда-санда ақырып койып, жаман тымақты баса киіп, жамаулы шекпен күпісінің етегін тоң-шалбарға алып, шалбарының балағын сұық кіреді деп пе, топырак, шандак кіреді деп пе жіппен байлағ алдып, шыбыртқыны беліне қыстырып, екі колымен сабанның артын баса ұстап, аяғын емпендең басып Қалман келеді. Біреке бір жағына сабанның артын толқытып қойып андап, қадағалап көзін айырмай келеді. Қойлекінің етегін шекпен шалбарға шалбарланып алдып, белін курмен бунап, жаулыгымен аузын түмшалай байлағ, мойнынан орай байлағ «Эй-эй» «шу-шулеп» айдастып Есбике келеді. Алдында жалғыз мықшия тартып торшолақ, оған жалғас сынық мүйіз бен тарғыл қасқа — екі дөнен өгіз мойнындарын жерге сала тартып келеді. Оған жалғас жалғыз тілді женіл сабан шөптегендің тамырларын, түбірлерін күтірлетіп кесіп келеді. Бұлардың екпініне шылай алмай, кара жер как айырылып, бауырша тілініп төнкеріліп боразда артында созылып қалып жатыр.

Осы ретпен булар Есбикенің үйінің артжағындағы, бұрын мал жайылғаннан басқа ештеге көрмей тік жатқан Сартебенің бауырынан өлшеп алған сексен таяқтық жерді тайға баскан таңбадай, ак қағазға салған «әліппей» қызып көсілтіп он шакты рет айналды.

Бір бетінен оралып, екінші бетінен кіріп сабанның тұмсығын жергे тығып қойып өгіздерді тоқтатып, бір жерін байлаған созылып кеткен жана кайысты Қалман қысқартып кайта байлағ жатыр еді. Есбике:

— Енді мен үйге кайтайын, көліктегің журіп кетті ғой. Керек болар десен Ұлбикежанды жіберейін, көліктегің бастықканша касында болсын. Өгіз айдасар, болмаса бір нәрсе керек бола койса үйге жүгіртіп жіберсін! — деді.

— Жарайды, кайта бер, бұрын да булардың көріп жүрген жауы ғой, жүрмей не қылар дейсін! Сен кешегі Федордан карызға сұрап әкелген бір пут бидайды ұшырып тазалай бер, алдымен соны шашамыз ғой.

— Ойбай-ау, ол бір пут бидай қаншаға жетеді, ендігі тұқымды қайдан табамыз?

— Тары ше?

— Тарыны мен білмей тұрмын ба? Тары тұқым қанша

жер болса да жетеді ғой. Бәрінен де бидайды айтсаншы. Мынау мұжықтар бәрі де бидай салады. Қазақ өңкей тары еккенше бидай неге салмайды екен? Орысқа берген құдай қазакка бермеймін деп пе? — деп Есбике ойға қалды. Оған қарсы Қалман мынауың теріс деген де жок. Болмаса «бүйтейік» деп ақыл да қосқан жок. Мұрнынан сұы ағып, ыңқылдаш шиеленіп қалған қайысымен бола берді.

— Эй, соп-соп!

— Эй боразда, боразда!

Қалман жалғыз өзі сабанды жүргізе берді. Жазғытуым қара сұық жел қарсы алдынан жүргізбей Есбике үйге кайты. Қалманға серік болып, тышкан аулап ана жерге бір, мына жерге бір тұмсығын тығып ііскел қарап, айнала жүгіріп ала қашық қалды.

Жүрттың бірсыпрыасы байлардың айтканнына елеңдеп бурынғысындей ала қардан жер жыртуға кірісетін түрі көрінбеді. Қалманмен екі жылдан бері сабандас Алдияр да «көлігім арық, туқымы кем» деді. Әйтеүір сабан айдауға жалқау болды. Бурын Алдиярмен сабандас болғанда атты яки өгізді бос койып тырмаға салатын еді. Енді оны койып. Алдиярдан кудер үзіп Есбике болмай өз көліктерімен сабанды жүргізіп жатқаны еді.

Бурын ел егінді бес шакырымдай жердегі құмактан салатын. Қыстау манын мал жайылады деп, егінді корып алу қын болады деп егіннен аман сактап келген.

Жалғыз үй көшіп бару қын болар деп, әрі ала қардан киіз үйге шыққасын жаман үйден балалар тонып қалар деп, бір жағынан «басында отырып корып алмай несі бар деп, Есбике үйінің артындағы Сартебенің бауырнан сабанды тессетіп жатқаны еді.

Есбике үйіне келгенде кала жақташ келе жатқан, те- менгі жақтағы ауылдың бір баласы жылынып шығайын деп түсіп отыр екен. Есбике оған сүт жатқан тары көже беріп жатып баладан қаланың хабарын сұрады. Бала қалада тұқымға бидай беріліп жатқанын, косышы мен ауылнайдың кедей куәлік берген кісіге беретінін, кейбіреулердің сонынан налогі болар деп қашып, алмай жатқанын, тары толып жатқан реттерін өзінше айтып берді.

Кала дегеніміз, осы жерден он бес шақырым жердегі шойын жолдың станциясы еді.

Күрр, күрр...

Жоғарғы жағы сұрланып, төменгі жағы қап-қара болып, күн батыс оңтүстікten көтерілген бұлт әлгідей болмай-ак жақындаш қалды. Қара бұлт барған сайын қаһарланып, қайкайып қалындаш келеді. Қалың өрттің түтініндей бір бұлттан бір бұлт туып қайнап, өсіп келеді. Анда-санда күр-күр етіп даусын шығарып, қабағын түйсеп, жыланиның тіліндегі жаландатып найзағай оты жарқ-жүрк етіп айбат шегіп те кояды. Жазы жадырап, күні құліп, жерінің беті қырық қулпырып түрған дүнне, әлгінің арасынша сұп-сұр болып, өні қаша қойды. Жаңа ғана құліп түрған ауыл үсті, әлгідей болмай томсара қойлы. Қара бұлттың қаһарынаш корыккандаш өнкей қараша үйлер түндіктерін жауып бүркене қалды. Акка мойнын ұсынғандай, қарға бұлттан қашкысы келгендегі ыкка карай емпен-деп, туырлыктардың етегі жалп-жалп етіп ақырындаш ірге-ге соғып тұрды. Бұны қостағандай гүл-бәйшешек, түрлі есімдіктер де бастарын ыкка карай иіп-иіп жіберді..

Ауыл әбігер. Біреулер тарс-тұрс казықтарын қағып үйлерін арқандап, біреулер тезектерін жинап, үстін бір нәрселермен жауып, біреулер иыктарына қабын салып, ауыл айналасына тергіштеп жүр. Біреулер шаң-шүң сөй-леп, біреулер баласын карғап, біреулердің бөпелері жы-лап, біреулер ана үйден мына үйге жүгіріп өздерінше кара бұлтқа карсы әзірлік жасап камданып жатты. Бәрінің ойындағысы: қара бұлтты жек көргендік емес.

«Ойырмай, даыл болып жаман жаппамызы жырып кетпесе болар еді!»— деген коркыныш еді.

Осылардың катарында қараша үйінің түндігін жауып, үстін арқанмен бастырып, ішінен сырыйспен желге карсы тіреп. Есбике бала-шагасымен үйінде отырған-ды.

Қара бұлт барған сайын қабағын түйіп, жарланып ауылға жақындаш қалды. Алдымен озып келген кейбір үшпа бұлттар ауылдың төбесінен асып та барады. Бір кезде шөптердің басын сұылдатып келді де онша бүркі-рамай шамалап қана бір бөлек жел соғын өтті. Қараша үйлер кішкене компандай түсіп үрпиді де демін алды. Қатын-қалаш, бала-шагалар:

— Э, құдай, э, құдай! — десті. Қара бұлт айналаны тегіс коршап келіп, манағы кап-кара түсін азырак бозартты. Әлгі алдымен жіберген желін тоқтатып, ішін тартып түрді да тысыр-тысыр еткізіп біріндеген ірі тамшыларын тастап-тастап түрді. Үй касындағы біріндеген сырлар, бұзаулар, аттар ыкка караң күржис койды. Сонын арасынша тас төбеден сатыр-сұтыр күн күркірелі де, іле-шала наизәттей отымен жер жүзі, үйі-іші жарқ-жүрк етті. Сол кезде ішін тартып түрган қара бұлт зуыллаған дыбысын анадайдан шығарып келіп жаңбырын күйіп берді. Алдының екпінінде үйлердің жел жағы азырак шайқала түсіп, солқ-солқ етсе де, кілірмей бұнын бекітті.

— Енді ештеге етпес, жаңбыр жауды! — десті.

Жауды келіп, жауды келіп. Біржола шелектеп тамған дай төге-төге салды. Каразша үйлердін жыртығынан тамған тамшы саулап кетті. Жүрт нәрселерін тамшыдан корғап жинастырып жатканда, іргеден кірген су жылт-жылт етіп көрінген бойымен отқа келіп күйілтты. Төрден аккан су босағадан өтіп кетті. Енді жинастырған нәрселерін жүктін үстіне үйді. Бір сүт пісірімдей болған жок, қаһарланған қара бұлт күркіреп, жалтылдап өте шықты. Пышак кескендей жаңбыр толастап ашылып, торғай шырылтап күн көзі көріне бастады. Телегей-текіз кантаган су сарқырап сайларға караң аға бастады. Жүрт ү-шу, манағы үрпиген калпы кетіп, жадыраған жүздері жайнап, мәз-майрам болды да қалды.

Калман етігін тастап, балағын түріп, колына күрек алып үй айналасын жырып, суды ылдия қараң ағызды. Есбике мен қызы Ұлбике үйге кіріп, іркілген суды бакыраштап күйіп, шелектеп талага төкті. Есік алдынтағы іркілген суды кешіп, аяғымен шалпылдатып, Ермек ойналы. Тізесінен су кешіп тұрып:

— Эже, әже! — деді Ермек.

— Не қарагым, не қыл дейсің, Ермегім?! — деп Есбике есіктен қарап:

— Ойбай, қарагым-ау, үстің су болып қалды, ойнаймын деп жығылып қалма! — деді.

Ермек әжесінің соғын сөзіне кулак та койған жок. Арқаға қараң асым бара жаткан қара бұлттың арқасына қызылды-жасылды болып түсекен дәңгелек сәүлемі көрсетіп колын шошайтып:

— Анау не, анау? — деді.

— Ой, айнам, оны қайдан ескеріп көріп тұрсың? Ол «кемпірқосақ» қой, қарағым! — деді. Ермек оның не деген сөз екенін тексеріп тұрган жок, сұны шалпылдатып ойнай берді.

Есбике есіктен шығып Қалманға:

— Қекесі-ая, ана қарашы, егіннің бір түрлі ажарының кіріп қалғанын қарашы, жаңбыр болмай өні қашып тұр еді! — деп Сартөбенің бауырындағы көгеріп құллырып тұрган алқарапек егінін көрсетті.

— Е, күн күркіреп жауды ғой. Бұндай күркіреп жауған жағымды болады, — деп Қалман өзінше қисынын жамап, Есбikenің сөзін костады.

Үйінің айналасын жырып, сұны ағызып Алдияр, күреғіне таянып, дауыстал.

— Да, Есбikenің егінін қарандар, құдайың берді. Есбике. Бана, мен күн жауады деп айтып едім ғой. Бүгін аузымды майлап май жегізесін! — деп күлді. Тағы біреулер де оны костап, құлқі араластырып сөйлем жатты.

Жұрттың егін салғаны да, салмаганы да кара бұлттың артынан ішпей-жемей тойынды.

Ермек еркелеп куанды, Ұлбике ойыннан уанды. Қалман жауынға шаттанды. Есбике енбегімен еккен егініне куанды.

V

Ала қабын арқасына салып. Ермегін соңынан ертіп, күн көтеріле Есбике егінге қарай шықты. Тышкан аулап па, болмаса Есбикеге ергеиді әдет қылғандық па, зәтеуір бұлардың соңынан еріп бүлкілдеп ала қаншық та ауылдан шықты.

Бұл — Есбikenің күндегі әдеті еді. Ертеңді-кеш өзі үйде жұмыс істегендеге егінді Ұлбике мен Қалманға кезек қаратып, жұмысы біткесін әрі мініске барған малды қайтрайын, әрі бақшаның ішіне шыққан арам шоптерді жұлайын деп бір жағынан тезегін тере егінге қарай шығатын. Бүгін де сол дағдысымен шықкан еді.

Жолшыбай Ермектің тілінің тәттілігін қызық көріп, аナンЫ-мынаны сөйлестіп, біріндеген сиырдың көк жапасын қабына салумен егіннің басына жетті. Қешегі қара жанбырдан, бір-екі күнгі күннің тымырысқ ыстық болғаны егінді өзгеше өсіріп тастаған еken. Алдымен бидайдың басына барды.

Бидайлар бәрі де бас алыш, тізеден асып, айырга жақындаپ бойлап, ірімшіктең болып ыргалып тұр еken. Ермектің басы кейде көрініп, кейде көрінбей кетеді. Арапал отырып, саршұнақ тышканың ініне құрып койған Қалманың қақпандағын көрді. Біреуінде түсіп жаткан саршұнақты ала қанышқа шакырып берді де қақпаның кайта құрып кетті. Одан өтіп тары салған жерге жетті.

Тарылар камыстай болып жуандап, қарақұлактанып, қара көк болып, бір-бір түбі бір құшак болып, жана-жаңа бас көрсетуге бет алыш өсіп келеді еken. Есбике қуанғанынан есіріп кетті. Қазір жеп койғандай болып, аузынан сұы акты. Құшактап Ермегін бір сүйді. Арапал келе жатып, өзгеден ала-бөле биіктеп, бас жарып тұрған бір тұп тарыны жұлып тастады. Оны жұлғаның жаратпағандай Ермек:

— Эже, әже, өнеші! — деді.

— Айналайын, ақылыңнан айналайын! «Өнеші» дейді ғой. Бұл, шекір тары деген тарының бір азғыны болады. Соныра піскесін тарыны ластап бүлдіреді. Соның үшін жұлып тастап жатырмын! — деп Есбике Ермекке түсіндіріп, ілгері жүрді. Жағалап отырып қарбыз, қауын еккен бақшаға келді.

Жағалай қақкан қададай болып тізіліп, кісі бойындағ ұзарып бір жапырағы тебінгідей болып, бақшаны айнала қоршап ауыздары сарғайып күнбағыстар тұр. Желісі қозының көгеніндей созылып, әр жерден гүйнектері томпа-йып аскабақтар жатыр. Түйдек-түйдек сары жапырақта-нып қауындар, айнала тырбылып, жана-жаңа желі тартып алақанын жайып қарбыздар жатыр. Әр біреуін бір көр-ген сайын:

— Эже, мынау не? — деп Ермек сұрайды.

— Мынау күнбағыс, мынау аскабақ, мынау қарбыз, мынау қауын, анау картоп, мынау жүгері. Піскесін сен жейсің! — деп Есбике ерінбестен жауап береді.

— Мынау Ермекжанның еншісі! — деп бір түйнекке тырнағымен орак таңбасын салды. Енді біреуіне сынар мүйіз таңбасын салып:

— Эже! — деген дауысты естіп Есбике артына караса Ұлбике келе жатыр екен.

— Неге келдің, қарағым!

— Үйге кісі келді, сені шақырады!

— О кім?

— Ауылнай.

Ала қабы арқасында, екі еркесі екі жағында, ала қаншық соңында Есбике егінцен қайтты.

VI

— Қасым қайнага-ау, менен не дәметіп жүрсің? — деп айран құйып беріп жатып Есбике артына қарады.

— Е, дәметсе несі бар, сен бір тұғырдан түсіп картайып отырмысың! — деп Қасым ауылнай айранды алып жатып өтірік күлгөн болды.

— Менен дәме етіп жүрген сенін де көзің қарайған екен. Сонда мен саған немді берем. Жалғыз мәстек пен жалғыз мөшкенін бірін мен калай берсем, сен оны үялмай калай аласын? Мен егін салмағанда не күн көріп жүр едің? Биыл мені басқадан артық салды деп бәрің бірдей көре калған екенсін. Баска жүртка егін салғызбаган мен емес. Мен салсам ешкімге зорлық қылып, я болмаса біреуден үрлап алып салғаным жок. «Есбике есінен адасты» деп бай қайнаганың қатыны шатады, дейді. Байың бар, ауылнайың бар менде нелерін бар осы сонынан калмайтын? Саған ауылнай болғанда осылай кедейлерді өуреле деп не еді?! — деп сөзді үсті-үстіне түйдектетті Есбике.

— Ой, құдай-ай, қайдағыны сокпай койши. Онан да жайынды айт та койсанышы! — деп Қалман төмен қарады.

— Жоқ-ау, ана байларды көрмей, бізді көргеніне жыным келеді.

— Ендеше өздерін біл! Бәрің жаздырғанда өздеріңе жақсы болатын болса, біз қалдырмай бәрің жазайық. Сұрағанда мен өзім алайын демейім. Қаладан келген кісі

мен хатшы баланы алдайык деп айтып едім. Оны бөтен көрсөндер өз обалдарың өздеріңе! — деп Қасым ауылнай зілсіді.

— Мейлі, бәрін де жаза бер. Құдайдан жасырмағанды қазынадан несін жасырамыз. «Есбике егінін жасырды» деп тағы біреуі мазамды алар. Жаза бер, жаза бер, бірақ артық жазба, барын жазсан өкпем жок, — деді Есбике.

— Шабындық бөлісіне казір жүріндер! — деп ауылнай атына мініп шабуылдан кетті.

Ауылнайдың бұндағы келген жұмысы бөліске шақыру болса да, онай олжа көріп «бәрін жаздырсан налог көп түседі, астығың қазнаға кетеді, кемітіп жаздыр...» деп бір нәрсе алмақшы болып Қалманның басын айналдырып отыр. Қалман оны макұл көрсе де, Есбикені сыртынан билей алмай шақыртып отырғаны еді.

Оның үстіне ауылнайдың Есбикеге азырақ өкпесі де бар-ды. Былтыр бұл ауылнай Алдиярдікіне келіп қонып жатып, Қалман жоқта Есбикеге кол салған-ды. Есбике оны маңына жолатпай, жолағпағанымен тұрмай ертең шай ішіп отырғанда үстіне барып, Алдиярдың көзінше тұндегісін айтып, Қасым ауылнайдың масқарасын шығарған. Содан бері Есбикеге бауырында теңбілденіп жатқан Есбикенің егінін көріп, осыдан бір кегім қайтпаса деп отырғаны еді. Соның үшін айтып отырғаны екенін сезсе де қайта-қайта бетіне салық қылмай-ақ қояйын деп онысын ашпай-ақ, икемге көнбей Есбикенің шалқайып отырғаны да сол еді.

— Эй, бөліске қайсысың барасың? Жүріндер! — деп Алдияр айқайлады. Есбике өзі бармақшы болды.

— Оған мен өзім барып келейін. Мына ауылнайлар кісіні тірілей үйтіп жеп қояр. Сен арбанды ондал, орағынды саптай бер! — деді.

Қалман оған пәлен деп сөз қайырған жок. Торы шолақты әкеліп ерттеп берді. Есбикелерді жөнелтіп жіберіп, шаппашотын алып ағашын шаба берді.

Төрт-бес шаңырақ Қалманның ағайындарының шабындығы кем болатын. Өздері аз, белгісіз атаның ұлы болатын. Баяғы топограф жүріп, тоғай соңғы бөлінгенде Мұқаш болыс әрі байлық, әрі болыстық арқасында Қалманның ағайындарын осы жерге шығарып жіберіп, шұрайлы

шабындықты алып қалған. Бұл шабындық бөлісіндегі жүрттың ең көз тіккен тоғайы сол Мұкаш байдың шабындығы еді.

Жүрт біріне-бірі қарап ештеңе дей алмай түрғанда тіс жарып Мұкаш байды жамандап, әрі онда неше жыл малай болғанын айтып сөйлеген осы Есбике болғандықтан, әрі оның әйелдігін еске алып, бөліске келген өкілдің көнілі бітті. Ауылнай ол-пұл деп байға бұрайын десе де оған қаратпай Есбикеге қалған жерінен шабындық бөліп берді. Бір сыбағаны қыстауының қасынан, бір бөлікті Мұкаш байдың Шұжық тоғайының Тасқұдығы басынан берді. Есбике себеп болып, барлық кедей белсеніп, байдың тоғайын ұлтарақтайдан бөліп-бөліп алды...

Сәрсенбінің сәтіне, өңкей кедейлер жиналып келіп тениздей толқып түрған Мұкаш байдың тоғайының басын жәрменкенің базарындағы қызықты қылып, жарқ-жүрк, шаш-шұң еткізіп оракты салды.

Солардың біреуі болып Қалман да Тасқұдықтың түбінен оракты сермеді..

1929

СӨЗ ӨНЕРІНІЦ ЗЕРГЕРІ

Жиенғали Әділұлы Тілепбергенов 1895 жылы Ақтөбе облысы, Темір ауданының 47-аулында, казіргі Мұғаджар ауданы Жем өзенінің Жем қалашығына жақында пәннелік нілгендегі тұсында, бұрынғы «Қызыл Жұлдыз», казіргі өскери калашық түрған тұста кіндік каны тамған екен. Жиенғали-дың руы—Байдос Жекей. Әділ дейтін әлсіз атадан, қарапайым шаруандың баласы бола тұрса да, «суға шықкан сүйріктей» оқымысты, білімге құштар бол өседі. Оған себеп болған нағашысы—Абдолла Беркінов. Оның әкесі Беркін—оқымасада тілге шешен, заманында беделді кісі болған. Қарапайым адамдар балаларын ұзап сқыта алмайтын кез болса да, осы беделінің арқасында үлкен баласы Абдолланы медресе «Ғалияға», медресе «Хұсайнияға» беріп оқытқан. А. Беркінов окуын бітіріп, елге келіп мұғалім болып жүргенде, «Жиенғали жиенімнің келешегі бар, оны оқытайын» деп, өзі оқыған әуелі Орынбордағы медресе «Хұсайнияға», кейін Уфадағы медресе «Ғалияға» апарып тұсірелі. Жиенғалидың білім жолына тұсіне нағашысы Абдолла ықпал етсе, казак ғылымының жарық жұлдызы, қазак ғалымдарының бірегейі, жерлесіміз Құдайберген Жұбановтың ғылым жолына шырак алыш шығуына ықпал еткен Жиенғали екендігін I. Қеңесбаев жазса, агарту саласындағы көп жылғы тынымсыз енбегі үшін «Ленин» орденімен марапатталған карт үстаз Абдолла Беркінов те өз естелігінде атап өтеді.

Казак тіл білімінің негізін қалаушы ғалым Қ. Жұбанов пен Ж. Тілепбергеновтің жарастықты достығы, ағалы-інілі сыйластығы жайында филология ғылымының докторы, профессор Рабиға Сыздыкова «Азамат-ғалым» деген мақаласында «Күдайберген Жұбановты журналистікке баулыған бір жағынан өмірге ілесіп, оның көкейтесті мәселелеріне үн қосу қажеттігін туғызған жаңа заман болса, екінші жағынан жаңында үлгі-өнеге алатын Жиенғали Тілепбергенов сияқты қалам иесі болды» деп пікір білдіреді.

Жиенғали Тілепбергенов 1915 жылы Уфа қаласындағы медресе «Фалияға» түсіп оқиды.

«Фалияда» оқып жүрген казак шәкірттерінің 1915 жылдан бастап «Садақ» атты қолжазба журнал шығарып тұрғандығы, оның алғашқы шығарушысы Б. Майлин, оның «Шұғаның белгісі» атты повесінің осы журналда тұңғыш жарияланғаны көпке аян. Ал сол қолжазбаның 1915 жылғы № 3 санынан бастап, 1918 жылғы 10 ақпандығы санына дейін Жиенғалидың редакторлық еткені жайында кейінгі үрпақ біле ме?

Жалпы «Садақ» журналының талайлы тағдырын зерттеп, зерделеген—казак әдебиеті тарихының бірегей білгірі, белгілі ғалым, әдебиет зерттеушісі, профессор, Халықаралық жоғары мектептер Ғылым Академиясының Құрметті академигі Тұсынбек Кәкішев Жиенғалидың ғұмырнамасын тізбектей тірлітіп, жазушының шашырап жатқан әдеби мұрасын шашу шығармай жинап, үрпағына ұсынды. Жиенғали өзі редакторлық еткен қолжазба «Садақ» журналына аса жауапкершілікпен қарап, материалдар іріктеуде ыждағаттылық танытып, үлкен талғаммен ең құндысын жариялад отырған. Өз туындыларының алғашқы нұскаларын осы қолжазбада. «Жекей» деген бүркеншік атпен жариялаған. Сол сияқты Зейнелғабиден Имажанов ақсақал Жиенғалидың «Жекейден» баска «Тыныш», «Тілші», «Тыңдаушы», «Биреу» тәріздес бүркеншік аттары болғанын айтқан.

Жиенғали халық ауыз әдебиетіне айрықша дең койған. Ол «Садак» журналының алғы сөзінде тіл сактау мәселесіне айрықша назар бөліп, «өлең, жұмбак, ертең, тақпақ сөз, жаңылтпаштар—халықтың тілін сактап, салып жүретін коржыны, одан айрылып калмайык,—дейді.

Қазақ шәкірттерінің колжазба журналын шарқ үра іздел туаып, зерттеуі нәтижесінде дүниеге келген «Садак» роман-әсесеңде Т. Қекішев: «Әлеумет ісіне ослышама жан-тәнімен беріліп, қиуын таба білуі Ж. Тілепбергеновтің бойындағы қайрат жігерді ғана емес, елі үшін соккан жүректі, алғыр сананы көрсеткендей. Сондай жандардың ынта-жігерімен осындағы ігі дүние мүлік кейінге мұра болып калған, кала бермек. Оған накты дәлел—бүгінгі үрпакпен қауышып отырған «Садак»,—дейді.

1918 жылы «Фалияны» тәмамдалған еліне оралған Ж. Тілепбергенов Қандығашта мұғалім, Конжарда мұғалімдер даярлайтын төрт айлық курста қазақ тілінен және оның методикасынан сабак береді. Темірде уездік бөлімнің инспекторы болады. Медреседе жүрген кездін өзінде мұғалімдер курсын ашып, «Мұғалімдік туралы» ғылыми-методикалық еңбегін жазып, ұстаздық мамандықтың қырсырына үніледі. Туа бітті оқыту, ағарту, мәдениеттің жаршысы Жиенғали уақытпен есептеспей жаңкештілікпен енбек етіп, деңсаулығын нашарлатып алады. Мектепте мұғалім, уездік оқыту бөлімнің менгерушісі болып жүріп, Қызылорда қаласында өткен Қазақстан ағарту қызметкерлерінің бірінші съезіне делегат болып қатысып, 1925 жылдың 1 июнінде «Кедей» газетінде «Қазақстан ағарту қызметкерлерінің 1 тойы ашылды» деген хабарламасы басылады. Съезден кейінгі көnl-күй Жиенғалиды қоғамдық енбекке құлшындыра түскені сөзсіз. Ж. Тілепбергенов 1925 жылдың октябрінен 1926 жылдың декабріне дейін Актөбе губернелік «Кедей» газетінде әуелі редактордың орынбасары, кейін редакторы болып істейді. Газет қызметімен шектеліп қалмай, Актөбе төңірегінің қоғамдық, мәдени өміріне түгелдей араласып, партия совет мектептерінде, педагогикалық техникумда сабак жүргізеді. Сол кундерде әрі қолынан қаламы түспеген жазушылық қызметі және бар. Ж. Тілепбергеновтің баспасөз қызметіне араласуы «Кедейден» басталып, Қызылжардағы «Бостандық туы» газетінде,

кейін Қызылордадағы «Сыр бойы» газетінің, Темірдегі «Социалды майдан» газетінің редакторлығында өмірінің соңғы минутына дейін жалғасты.

Қызылжарда екі жыл қызметте жүрген кезінде қазақ педагогика техникумы директоры ретінде Жиенғалидың ұсынысы бойынша техникум жаңынан «Жойылсын сауатсыздық» қоғамының бөлімшесі күрылып, окушылдардың күшімен демалыс кезеңінде қала төнірегі, алғы ауылдарда сауатсыздықпен күрес жүргізілді. 1928 жылғы «Әйел тендері» журналының № 5—6 санында Жиенғалидың «Әйел оқытушы» атты макаласы осы жайдан хабардар етеді. Педтехникум оқытушысы Гүлзәбира Төлегенқызының демалыс кезінде атқарған қыруар енбегі баяндалады.

1928 жылы Ж. Тілепбергенов астанадағы Қазақ ағарту институтының оку-тәрбие жұмысының басқарушысы, кейін сол институттың директоры болады. Астана Алматыға көшкеннен кейін. «Сыр бойы» газетінде, кейін Алматыдағы Қазақ мемлекет баспасында редакторлық етеді. Осы кезеңде деңсауғы күрт төмөндеп, елге оралады. Темірде шығатын «Социалды майдан» газетінің редакторы болып жүріп, 1933 жылы 11 апельде ауыр науқастан қайтыс болады.

Жиенғали қаламы жүйрік қаламгер еді. Қунделікті өмір тынысын арқау еткен мақалалар, оқшаушалар, науқандық мәлімдемелер, фельетондармен қоса, оның творчествоның дені шағын прозалық шығармалар — повестер, әңгіме, сатиralық суреттемелер.

Ендігі әңгіме Жиенғалидың екі қолжазбасы жайында. Соның бірі — Жиенғалидың медреседе оқып жүрген кезінде жазып, өзі «Атсыз роман» деп атаған туындысы. «Бостандық туы» газетінде қызметте жүрген кезде Жиенғалимен дос, жолдас болған Жақан Сыздықовтың қолында сакталып, кейін баласы Нураш Жиенғалиев өз колында ұстаған. Қолжазба кадимше 48 беттік қалың дәптерге сұлу қолтаңбамен көркем етіп жазылған.

Екінші бір қолжазба — «Ораза» атты пьеса. Қолжазба тәтте жазумен жазылған. Жазық жолды жалпы дәптерді көлденең інен екіге бөліп, койын кітапша тәрізді етіп қифан. Сыртқы беттің он жақ шекесінде «Жиенғали Тілепбергенов» «Ораза» (бір шымылдықты күлкілі үгітті ойын кітабы) деп жазылған.

Бұдан басқа да Жиенғалидың қолжазба күйінде қалған туындылары заманның алмағайып аласапыраны тұсында— қолды болған, жоғалған. Жазушы өснет еткен «екі қап шымшып буылған» қолжазбадан санаулы дүниелер ғана қолымызға тиіп отыр.

Біздің ойымызша, автор еңбектерінің көлшілікке та- нылмай, тасада қалуы заман талабына сай келмеуінен не- месе көркемдігінің жұтаңдығынан емес, барды бағалай білмейтіндігімізден, әдеби мұраларға салдыр салақ қарай- тындығымыздан болар. Су түбіндегі асылды кере білген Т. Қекішев сынды алғыр сана иелері болмаса, жабулы қа- зан жабулы күйінде қалып қояры да сөзсіз-ау.

Жиенғали мұрасы — біз үшін асыл қазына. Сол рухани қазынаның қалтарыс, қырына терең үңіліп, сол арқылы өткен дәуір суретін, кезең келбетін сезіну кейінгі буынға анық олжа.

Ендеше сол олжамызды оқырман қауым колына түгел тапсыру—біздің перзенттік парызымыз.

Файша НИЯЗОВА,
К. Жұбанов атындағы
Ақтөбе Университеті
қазақ әдебиеті кафедра-
сының аға оқытушысы.

ТУСІНІКТЕР

Үстіміздегі ғасырдың басында әдебиет майданына араскан Сәкен. Ілияс. Бейімбет. Аскарлармен катар үзенгі қағыстыра тол әдебиетіміздің туын тігіп, канаты катауына бір кісідей үлес косқан жазушы, ағартушы Жиенғали Әділұлы Тілепбергенов шығармалары 2 томдығының бұл алғашкысына жазушының 1915—1933 жылдар жылдар аралығында дүниеге келген таңдамалы туындылар еніп отыр.

Жазушының көзі тірісінде «Таңбалылар» повесі. «Пери зат—Рамазан», «Тілші» пьесалары жеке кітапша болып араб, латын каріппемен жарық көрген. Сонымен катар «Кедей» (Актөбе). «Бостандық туы» (Қызылжар). «Сыр бойы» (Қызылорда). «Енбекші казак» газеттерінде. «Әйел тендігі». «Жана әдебиет». «Жаршы». «Қызыл Қазакстан» журналдарында шағын прозалық шығармалары жарияланған.

Жиенғали Тілепбергенов туындыларының дені — шағын прозалық шығармалар. Ұфу қаласындағы «Медресе и — Фалияда» оқып жүрген кезінде «Садактын» шығарушысы бола жүріп, өз туындыларының алғашқы нұскаларын осы қолжазбада жариялада отырған. Бір ғана «Ұлу 1916 ж. 4 ноябрь: жұма. 20-санының мазмұнына көз салсақ:

1. Садак оқушыларына	.	.	.	Баскарма
2. Сәлемдесу	.	.	.	Жекей
3. Өтініш	.	.	.	Керей
4. Ескі сөз	.	.	.	Жекей
5. Андамай сөйлеген ауырмай өледі.	.	.	.	Керей
6. Ескерткіштен бір бөлек	.	.	.	Жекей
7. Құтты болсын	.	.	.	Құдайберді
8. Қысасы қыяметке кетпес (құлкі)	.	.	.	Жекей
9. Ашық хат	.	.	.	Есіл
10. Халық өлеңдері. Жалған доска. Намаз батасы.	.	.	.	Жекей
11. Құанышты құн	.	.	.	Бөрте
12. Хабарлар. телеграммалар. басқалар	.	.	.	

Мұндағы «Жекей» — Жиенғали Тілепбергеновтің бүркеншік есімі. «Садакта» қаламы басығып, сол тұстағы «Қазак», «Алаш» газеттері. «Абай» журнallарында хабарлама, алғашқы әңгімелері жарық көре бастайды. Кейінгі басылымдарда жарияланған Жиенғали туындылары Т. Қекішевтік

құрастыруымен «Ізбасар» жинағына еніп. 1969 жылы «Жазушы» баспасынан 224 беттік кітап болып, тұнғыш және соңғы рет оқырмандар қолына тиді. Бұл жинакқа қолға түсken жазушы шығармаларының өркештісі—«Таңбалылар» кірмей қалған.

«Таңбалылар», Ж. Тілепбергеновтің бұл повесі 1930 жылы қазақтың мемлекеттік баспасынан латын әрпімен жеке кітап болып басылып шықкан. Д. Эбілев пен Ж. Саинның құрастырған 1940 жылғы орта мектепке арналған хрестоматиясында повестің шінара қыскартылған нұсқасы беріліп, бағдарлама бойынша мектепте оқытылған. «Биографиялық мәліметтер» деген бөлімінде жазушының өмірі, әдеби, коғамдық қызметі жүйеленіп берілген. Бірак туған, қайтыс болған жылдары (1891—1935) жаңсақ көрсетілген. «Ақтөбе» газетінің 1996 ж. № 25, 26, 27 сандарында повестен үзінді. 1996 жылы «Жалын» журналының № 9—10 сандарында «Таңбалылардың» түгелге жуық нұсқасы жарық көрді.

Бұл «Таңбалылар» атты жинакта повесть толық нұсқасымен тұнғыш жарияланып отыр.

Заманында тиісті бағасын алған, мектеп бағдарламасына еніп, мектептерде оқытылған «Таңбалылар» повесі Жиенғалидың қолға түсken тұндыларының көркемі де көлемдісі. өз кезінде өзекті деп танылған жеке меншікті шаруашылыкты ұжымдық шаруашылыққа бірлестіру науқаны повестегі оқиға желісіне негіз болған. Жазушының жана саясатты қолдан, оның баянды болуын насихаттағаны анық байқалады. Гөнкеріске дейінгі қазақ аулындағы теңсіздік, еңбек адамының сүренисі тұрмысы. «Кедей», «бай» деп бөлінуді таңып отырган саясаттың салқыны повестің өң бойынан сезіліп отырады. Жазушы екі «тап» тартысынан гөрі Тұяkbай мен Қалман арасындағы жеке тартыска мән берген сияқты. 13 бөлімнен тұратын талантты дарынның бұл тұндысы—өзі өмір сүрген доуір тынысын танытатын көркем шығарма.

«Атсыз роман, я Құбаш бақсы». Жазушының өзі роман деп атаған бұл колжазба мұқабасында «Садак» баспаханасы, Уфа. Фалия медресесі. 1915 жылы 10 декабрьде жазыла бастады.—деп жазылған. 11 бөлімнен тұратын колжазба Жиенғалидың «Садакқа» үсінші болмаса үсінбай өндеуге қалдырыған дүниесі ме екен? «Садактың» 1915 жылғы 20 ноңябрьдегі санында жарияланған Жекейдің «Жазғы көші» осы романдағы көш көрінісінің алғашқы эскиzi.

Не де болса Жиенғалидың роман деп атаған бұл туындысы қаламгердің алғашқы талпынысы, үлкен жанрға деген үмтүлісі екені анық. «Атсыз романда» көздесетін кейір сөздерге түсініктеме.

1. Мұмийн — діншіл.
2. Эптиек — әлілпе
3. қауыс — караша
4. нафия — пайдалығылым.
5. Эбжат — алфавит
6. шұруты салам — намаздың шарттары.
7. амал — әқдан.
8. Шерхмолла — кітаптың аты.
9. мұталла — оқып
10. нахив — грамматика.
11. нәмәһрам — арам
12. хаді — шарифтің бойынша таңқ соғу.

«Перизат — Рамазан». Пьеса 1926 жылы Ташкенттен араб қарпімен жеке кітапша болып басылып шыққан. Осы күнгі қаріпке түсірген Т. Қекішев. Бүгінге дейін қолжазба күйінде жүр. Тұнғыш жарықлануы.

1928 жылы февраль айында Қызылорда қаласында режиссер А. Абдуллинің басшылығымен академиялық драма театрында сахналанған. Е. Өмірзаков, Ш. Байзакова, С. Кожамкулов, К. Байсейітов, К. Куанышбаев снякты енер сц-лактары өзара роль беліскең.

1995 жылы караша айында «Перизат—Рамазан» Актөбе драма театрында режиссер Мағзум Бакытжановтың басшылығымен сахнада кайта жаңғырды. Пьеса XX ғасыр басында көп әнгіме болған қыз басын саудаға салып, қызаға тендерік бермей, салт бойынша атастырылған жеріне беріп, сүймесіне косқан суренсіз дастурді ашқерлейді.

4. «Тіаші», Пьеса 1928 жылы Қызылордада «Казиздат» баспасынан араб әрпімен жеке кітапша болып басылып шыққан. Мұқабада «Газет тілшілерінің тұрмысынан алынған, З шымылдықты ойна кітабы. Оқиға 1925—27 жылдары болған» — деп жазылған.

1996 жылға дейін бүгінгі оқырманға танымал араб әрпі мен басылған күйі архивте жатқан бұл пьеса танымал қаріпке түсіріліп, түңғыш рет жарияланып отыр. Баспасөз майданындағы тілшінің жана заман орнату жолындағы қияметті қызметі баяндады.

5. «Ораза» Қолжазба күйінде сакталған пьеса, мұқабада «1928 жыл Қызылжар. «Ораза» (бір шымылдықты құлкілі, үгітті ойын кітабы) деп көрсетілген. Баспа бетінде түңғыш жариялануы.

6. «Ескерткіштен бір бөлек» «Садак» қолжазба журналының 1916. ж. № 20-санында Жекей бүркеншік есімімен жарық көрген 1969. ж. Т. Қекішев құрастырған «Ізбасар» жинағынан алынды.

7. «Ат-тон айып» Қөлбай Төгісов Ташкентте шығарып түрған «Алаш» газетінің 1917 жылғы № 18 санында, «Бұл қалай оку?» № 22-санында жарияланған «Ізбасар» жинағынан алынды.

8. «Жазғы сапардан бір көрініс» «Садак» қолжазбасының 1917. ж. № 1-санында жарияланған. «Ізбасардан» алынды.

Ж. Тілепбергеновтің өзіне сөз берсек: «Төңкеріс кезінде ауылда мұғалім болдым. 1918 жылы Түркістан қазактары ашаршылыққа ұшырады. Актөбе, Орынборға қарай босып кетті. Ашаршылықтан ісіп-кеүіп, қырылып жатты. бір қызын бір тілім наңға сатты... Актөбе төңірегінде мұғалім бол түрған да ток елдердегі байлардың аштарға істеген айуандық өмірінен, қыз-қатынмен алып-сатарлық еткені жайынан бір әңгіме жаздым. Оным Семейде шығатын «Абай» журналында басылып шықты. Баспасөздегі алғашқы шықкан сөзім сол еді. Мұны да бай—құлактар мен саудагерлердің айуандық ызасы еріксіз жаздырып еді». («Жаңа әдебиет» — 1931 ж. № 5—6).

10. «Нагима» 1923 ж № 2, «Мерует» 1924 ж № 4 «Қызыл Қазақстан» журналында жарық көрген. «Ізбасардан» алынды.

11. «Койшығұл қуанышы» 1925. ж. «Кедей» газетінде түңғыш жарияланған. «Ізбасардан» алынды.

Ниязова Файша Мұхамбетқызы.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Таңбалылар (повесть)	9
Атсыз роман	79

ПЬЕСАЛАР

Перизат — Рамазан	113
Тілші	157
Ораза	200

ӘҢГІМЕЛЕР

Ескерткіш бір бөлек	213
Ат-тон айып	216
Бұл қалай оку	221
Қайран елім-ай	229
Нагима	238
Меруерт	245
Койшығұл куанышы	253
Мұса аксақалдың ауылы көңілді еді	259
Шайдың кесірі	264
Наурыздық	269
Есбikenің егіні	272
Сөз өнерінің зергері	288
Түсініктер	293

Жиенғали Тілебергенұлы
Таңбалылар
(таңдамалы шығармалар)

Редакторы: Ниязова Файша Мұхамбетқызы,
Техникалық редакторы: Жаңабергенова Гүлжан Нәсіпқалиқызы
Корректоры: Ұлықпанова Элия
Терушілер: Дәмежан Түймебаева, Майра Ұлмагамбетова.
Беттеуші: Маржан Жолжанова.

Теруге 25.12.96 ж. жіберілді. Басуға 20.02.97 ж. кол қойылды.
Қалпы 60X90 1/16 кітап-журнал қағазы. Есепті баспа табары—18,7.
Таралымы — 2000 дана. Заказы № 3271. Бағасы келісім бойынша.

Ақтөбе облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігі.



Бұл кітаптың демеушісі

Байтөбетов Сейітхан Мұқышұлы — облыстық күріліс архитектура басқармасы бастығының бірінши орынбасары.

1951 жылғы 30 желтоқсанда Мұгалжар ауданының орталығы — Жем қаласында дүниеге келген Руы — Жекей.

Актөбе қаласындағы № 6 орта мектепті бітіргеннен кейін «Актөбеауылмаш» заводында жұмысшы болды. Әскери қызметтің Тынық мұхиты жағалауында атқарған. Одан кейін Актөбе қаласындағы күріліс мекемелеріндегі жұмыс істей жүріп, күріліс техникумын, жогары оку орнан бітірді. Облыстық білім баекармасында, облыс әкімшілігінде жауапты қызметтер аткарды.

Байтөбетонтер оулетінін күрілісмен шұтынданатын жеке «Отау» фирмасында ондаң заңыбы Моншук, баласы Қылдыр жұмыс істейді. Ақыншын мен Ақмарал атты қыздары бар.

ТАҢБАЛЫЛАР

Жиенғали Тілепбергенұлы

